

Н. Қ. Жүсіпов

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ

Филология мамандықтарының студенттеріне арналған
оқу құралы

Павлодар

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Н. Қ. Жүсіпов

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ

Филология мамандықтарының студенттеріне арналған
оқу құралы

Павлодар
Кереку
2012

ӘОЖ 398 (075.8)

КБЖ 82.3 Я 73

Ж 90

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің Ғылыми кеңесімен басуға ұсынылды**

Пікірсауапшылар:

С. А. Қасқабасов – фил. ғылым. докторы, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі;

С. Негимов – фил. ғылым. докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры;

Д. Қамзабекұлы – фил. ғылым. докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры.

Жүсіпов Н. Қ.

Ж90 Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері : XX ғасырдың бірінші жартысы : филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / Н. Қ. Жүсіпов. – Павлодар : Кереку, 2012. – 217 б.

ISBN 978- 601-7157- 45- 6

Еңбекте XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклоры туралы ғылымның жай-жапсары, оның салаларының даму барысын зерттеу, сол тұстағы фольклористиканың қай аспектілері зерттелгені, қандай тұжырымдар жасалып, олардың ғылым мен оқу процесіне қаншалықты енгені сөз болады. Сонымен бірге оқу құралында жарты ғасыр ішінде қазақ фольклоры қалай жарияланды деген мәселелер қарастырылды. Бұлармен қатар өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы фольклортануға өздерінің жинаушылық, жариялаушылық әрі зерттеушілік істерімен айтарлықтай үлес қосқан оқымыстылар мен қайраткерлердің еңбектері талданады.

ӘОЖ 398 (075.8)

КБЖ 82.3 Я 73

ISBN 978-601-7157-45-6

© Жүсіпов Н. Қ., 2012

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

ПМУ

Пфейфер

БЕКІТЕМІН

С. Торайғыров атындағы

ОІ жөніндегі проректоры
_____ Н. _____ Э.

«_____» _____ 2012 ж.

Автор Н. Қ. Жүсіпов

Қазақ филологиясы кафедрасы

Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші
жартысы

Филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы

Кафедра мәжілісінде бекітілді «_____» _____ 2012 ж. №____ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Н. Қ. Жүсіпов

Гуманитарлық-педагогикалық факультеттің оқу-әдістемелік Кеңесінде
мақұлданған

«_____» _____ 2012 ж. №____ хаттама

ОӘК төрайымы _____ Е. Н. Жұманқұлова

КЕЛІСІЛДІ

ГПФ деканы _____ Ж. Т. Сарбалаев 2012 ж. «_____» _____

Жауапты _____ Н. Қ. Жүсіпов

Нормабақылаушы

СЖМБ бастығы _____ Г. С. Баяхметова 2012 ж. «_____» _____

МАҚҰЛДАНДЫ

ОҮЖжӘҚБ бастығы _____ А. А. Варакута 2012 ж. «_____» _____

Кіріспе

«Фольклорды зерттеудің түрлері мен мақсат-бағыттары» – деп аталатын үшінші бөлім «Отарлау мақсатындағы зерттеулер», «Оқу-ағарту мақсаттағы еңбектер», «Ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер» атты үш тараудан тұрады. Қазан төңкерісіне дейін отарлау саясаты әрі ашық, әрі күшпен жүргізілді. Рас, Ресей билеушілері бірте-бірте айлаға көшті. Тікелей – соғыспен алу оңайға түспеген соң, қазақтың тілін, фольклорын, тарихын, мәдениетін білу арқылы отарлау әрі шығынсыз, әрі тереңірек болатынын білген империя соларды зерттеу ісін қолға алды. Олардың бұл саладағы істері бүгінгі таңда біздер үшін ғылым тарихына айналып кетті. Сөйтіп, Ресей билеушілері қазақ даласында әр түрлі мектептер ашты, газет пен журнал шығарды, тілі мен фольклорға қатысты жинақтар, оқулықтар, сөздіктер т.б. шығарды. Отарлау үшін істеліп, жиналған материалдар мен зерттеулер объективті түрде ұлттық фольклортануға негіз қалады. Отарлау мақсатындағы зерттеулер бірнеше бағытта, негізінен тарихи-этнографиялық бағытта жүрді. Мұндай отарлау мақсатындағы фольклорлық зерттеулер сонау XIX ғасырдан келе жатыр.

Қазақ фольклорын таза ғылыми мақсатта, академиялық түрде зерттегендер де болды. Олар фольклорды барынша дұрыс жазып алуға, сұрыптап, жүйеге келтіруге, жарыққа шығаруға, ғылыми түрде талдап, зерттеуге күш салды. XIX ғасырдағы қазақ фольклорын зерттеулер, көбінесе жолжазба мен очерктер түрінде жүргізілді. Мұндағы ғалымдардың фольклор туралы ойлары жалпылама сипат танытып, көбінесе жол бойы жазылғандықтан, басқа елдерге таныстыру мақсатымен шектеліп отырды.

XIX ғасырдағы кейбір жинақтар мен зерттеулер ашық түрде таза отарлық-миссионерлік мақсат көздегені мәлім. Сол үрдіс XX ғасырдың алғашқы ширегінде де байқалды. Айталық, А. Алекторов, Н. Катанов, Н. Пантусов пен А. В. Васильев жарияланымдары ғылымдан гөрі миссионерлік мақсат көздегені аңғарылады.

XX ғасырдың бірінші жартысында фольклорды теориялық тұрғыдан зерттеу жұмысы Қазан төңкерісінен кейін қолға алына бастады. Бұл кезеңде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, сондай-ақ қазақ фольклорының жекелеген жанрларын зерттеуге көңіл бөлу өсті. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысына ерекше назар аударылды. Бұл мәселені зерттеу жұмыстарының негізі сонау 1920-шы жылдары қалана бастады.

Сонымен қатар фольклордың теориялық мәселелері де зерттеле бастады. Мәселен, қазақ фольклорының әр түрлі жанрларының өзіндік ерекшеліктерін ажырату, саралау, сараптау т.б. жұмыстарының негізі қаланды. Көбінесе ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді фольклор жанрлары қарастырыла бастады.

Кеңес кезінде, идеологиялық мақсатта болса да, фольклорды зерттеу ісі кең жолға қойылды, фольклорды зерттеу ең алдымен оқу-ағарту проблемасына бағынышты болды. Бұл қатарда 1920-30 жылдары мақалалар, оқулықтар мен хрестоматиялар жарық көрді (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б.).

Ғалым А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқулығы (Қызылорда-Ташкент, 1926) негізінен алғанда, қазақ әдебиеті қисынына арналғанымен, онда сонымен бірге қазақ фольклортану ғылымына т.б. қатысты материалдар мол қамтылуымен де ерекшеленеді. Бұл кітап мәні хақында белгілі ғалымдарымыз: З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов т.б. сараптаулары жарияланған-ды [1].

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабы әдебиет қисынына арналғанымен, онда қазақ фольклоры алғаш рет оқулық көлемінде зерттеліп, сипатталды. Оқулықта қазақ фольклорының эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді жанрлары алғаш рет іштей жіктеліп, олардың өзіндік ерекшеліктері, анықтамалары бірге берілді. А. Байтұрсынов оқулықтағы фольклорды тек мәтін ретінде ғана қолданбаған, сондай-ақ фольклорлық мәтінді өзінің тұжырымына, анықтамасына мысал ретінде алған [2]. Оқулық ішіндегі 15 тараудың «Ауыз әдебиеті» атты бір тарауы ғана фольклорға арналған. Фольклорға А. Байтұрсынов: «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиет, яки анайы әдебиет деп аталады», - деген дұрыс анықтама береді. Ахмет Байтұрсынов фольклорды сөз өнері деп біледі. Сондықтан ол сөз өнері адам санасының көрінісі болып табылатын ақыл, қиял, көңіл ұғымдарымен байланысты дейді де, соның бәрі тіл арқылы іске асатынын, сол себепті фольклор тілі де өзіндік сипатқа ие екенін айтады. Фольклорды да әдеби де шығарма дей отырып, оның тақырыбы, жоспары, мазмұны, түрі болатынына назар аудартады.

Фольклортанушы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабының «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық

жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы, фольклордағы тарих пен шындықтың арақатынасы т.б. - бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған.

А. Байтұрсыновтың фольклорлық жанрларды жұмсалатын орнына қарай «сауықтама» мен « сарындама» деп 2-ге топтауы, өз кезегінде кейінгі зерттеушілерге осы мәселе төңірегінде әлі де іздену қажеттігін негіздеп бергені сөзсіз. Ал, батырлар жырында кездесетін батырлар бейнесін талдауы, жырдың орындалуы, жыршының рөлі т.б. – мұның бәрі А. Байтұрсынов мән беріп зерттеген аспектілер. Қазақ фольклорын оқулық көлемінде алғаш сипаттаған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – қазақ фольклортану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеп, сипаттау жөнінде 1930 жылдары көп жұмыстар атқарылды. Бастауыш пен орта мектептерге арналған бірнеше оқулық, хрестоматиялар баспадан шықты. Мәселен, осы орайда белгілі ғалымдар М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, Қ. Бекхожин, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б. жазған, құрастырған оқулықтар мен хрестоматияларды атаған жөн. Мәселен, 1941 жылы қазақ ауыз әдебиеті туралы орта мектепке арналған оқу құралы басылды [3]. Бұл оқу құралын құрастырып, баспадан шығарған белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиев пен Ә. Марғұлан еді. Оқу құралы авторлары жалпы фольклордың барлық жанры туралы жалпы түсінік беруді көздегені көрініп тұр. Мұнда фольклордың: тұрмыс-салт жырлары (жар-жар, сыңсу, беташар, қоштасу, естірту, жоқтау), айтыс түрлері (бәдік, жұмбақ т.б.), ертегілер, легендалар, батырлар жыры, лиро-эпос жырлары, тарихи жырлары төңірегінде жалпы мағлұмат берумен қатар, олардың өзгешелігіне, маңызына, ондағы берілген мәтіндердің тақырыбы, мазмұны, образдары, композициясы, стилі, тілі с.с. – бәрі алғаш оқулық көлемінде сипатталып кетеді.

Жалпы мұнда батырлар жырынан «Қобыланды», «Алпамыс», «Едіге» жырлары талданады. Бұлардың көркемдігі мен тілі, образдар жүйесі, композициялық құрылысы т.б. – бәрі де әдебиеттану талабы тұрғысынан қарастырылады. Бұл өзгешеліктер, негізінен, сол тұстағы ғалымдардың фольклорды көркем әдебиеттің бір саласы деп қарастырғанынан туындаған.

Бұл кезеңде тек оқу құралдары ғана шығып қойған жоқ. Сондай-ақ оқу хрестоматиялары да басылым көрді. Мәселен, М.Әуезовтің

орта мектептің 6-класына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» 1937 және 1938 жылдары екі дүркін жеке кітап болып басылған. Бұл екі басылымның арасында айырмашылық бар. Егер алғашында, яғни 1937 жылғы хрестоматияда, бар-жоғы 4 фольклорлық мәтін төңірегінде ғалым пікірі берілсе («Қамбар жырының қысқаша мазмұны», «Алдаркөсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр»), ал, кейінгі 1938 жылғы хрестоматияға тағы да үш нұсқа турасындағы пікірлері қосылып, бар-жоғы 7 сипаттама енген («Қырық өтіріктің мағынасы», «Қамбар жырының мағынасы мен түр ерекшеліктері», «Қобыландының Тайбурылы туралы»). Мұнда ғалым М.Әуезов фольклор ұғымына мынадай анықтама береді: «Фольклор деп- халық әдебиетінің ішіндегі ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ, тақпақ және неше алуан салтқа байланысты жар-жар, беташар, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты жырларды айтады», - дейді. Демек, ғалым фольклорды халық әдебиеті деп дұрыс анықтаған және оның ішкі жанрларын біршама дұрыс ажыратқан. Бұл атаулардың қазірде де қолданыста болуы – жас ғалым М. Әуезов қолданысындағы терминдердің өміршеңдігін көрсетеді.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан. Ә. Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Д. Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады [4]. Бұл зерттеуде Ә. Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской былине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә. Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы [5] белгілі ғалым С. Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтқан [6]. Өзінің мақаласында Ә. Бөкейханов қазақ тұрмысы мен мәдениетіне ислам ықпалының күшеюін, жырдағы әйелдер бейнесін талдау арқылы дәлелдеуге тырысқан. Ең алдымен ол халық шығармашылығын мазмұн мен пішін, түр жағынан әр түрлі болатынын айтады. Бұлардың біразы жиналса да, біразы әлі жиналмағаны, олардың о басында эпикалық пен лирикалық өлеңдерге жататыны сөз болады. Әрбір эпикалық та, лирикалық өлеңдер бойында айтушының субъективті ерекшеліктерін, яғни оның өмірге деген көзқарасы, арманы мен мақсаты т.б. аңғарылатыны да сөз болады. Және де осы қасиеттері үшін қазақтар өз өлеңдерін жоғары бағалайтыны да, бір де бір той, бір де бір ас жыршыларсыз өтпейтініне де автор дұрыс көңіл бөледі.

Одан әрі Ә. Бөкейханов тікелей «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер бейнесін талдаудан бастайды. Мұндағы Құртқаның өзі, оның шешесі Көктен кемпір бейнесінде шамандық түсінік молырақ сақталғандығы сөз болады. Мәселен, Құртқаның алда не болатынын күні бұрын болжай алатын қасиетін көне замандағы шамандық сананың жемісі деп қарастырған. Сонымен бірге Құртқа бейнесінде исламның тағдырға мойынсұну, күйеуіне қарсы шықпау туралы шарты да айқын көрінеді. Ендеше қазақ әйелдері тағдыры арқылы қоғамдағы көне саналардың бір орында тұрмай, өзгеру ерекшеліктерін т.б. алғаш сөз қылу – сол кездегі фольклортану ғылымы үшін үлкен жетістік болды.

Ә. Бөкейханов қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с. – әлі де қазақ фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз. Кеңес үкіметі кезінде фольклорды зерттеу ісі кең жолға қойылды. Мәселен, 1925 жылы РКП(б)-ның Семей губерниялық комитеті Атқару комитетінің органы ретінде шығып тұрған «Таң» журналының 1-санында (119–120 б.) және 2-санында (115–118 б.) Мұхтар Әуезовтың «Қобыланды батыр» деп аталатын көлемді зерттеу мақаласы жарияланды. Мұнда автор эпос дамуында халық қиялы мен арманының атқаратын танымдық, тәрбиелік қызметтеріне баса назар аударған. Одан әрі ғалым жырдың түп негізін тарихи оқиғалармен салыстыра қарауға баса назар аударды. Мәселен, ғалым: «Қобыландының үлкен жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Ел жыры Қобыландыны Қазан қаласымен соғыстырады. Қобыландының батырлық әңгімесі ел өлеңінде осы уақиғаның айналасында болады. Біз ел әңгімесінің осы жерін тарихтың қай кезіне келетінін тексермекшіміз», – дейді [7, 49 б.].

Міне, бұл тараптағы ғалым Мұхтар Әуезов пайымдаулары сол кездегі фольклортану ғылымында орын тепкен «тарихи мектеп» концепциясына негізделген. Бұл «тарихи мектеп» теориясы негізін ХІХ ғасырда ғалым В. Ф. Миллер қалады. Мұнда фольклор шығармаларының түп төркінін тарихтан іздестіру мәселесі тұрды. Біраз эпостық жырларға қарағанда сол тұста «Қобыланды батыр» үлгісі біраз зерттелді. Жоғарыдағы М. Әуезов мақаласынан бөлек, бұл жырды С. Сейфуллин, С. Мұқанов, А. С. Орлов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллиндер де қарастырған [8]. Бұлар өздерінің еңбектерінде, көбінесе жырдың әдебиеттік жағын, – маңызын, көркемдік ерекшеліктерін қарастырды. Сондай-ақ олар жырдағы

оқиға, образдар жүйесі, жер-су аттары т.б. қай кезде, қандай тарихи кезеңге байланысты туды деген мәселелер төңірегіне ерекше көңіл аударды. Бұл мәселе бойынша алғаш пікір айтқан М. Әуезов жоғарыдағы еңбегінде «Қобыланды батыр» жырын XVI ғасырда туды дей отырып, дәлел есебінде, оқиға негізінде орыс патшасы Иван Грозныйдың Қазан қаласын 1552 жылы өзіне бағындыруы жатыр деген ұстанымын белгілейді. Кейіннен бұл пікірді С. Мұқанов пен Қ.Жұмалиев те өз еңбектерінде қолдап шығады. Алайда бұл пікірдің теріс екендігін М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев өздері де кейіннен анықтап берді. Ең алдымен Қобыланды жырындағы Қазан қаласын Иван Грозныйдың алуымен байланысты туды деушілік тарихи шындыққа жатпайтындығы ашылды. Батырлар жырында жер-су, қала аттарын қарап, белгілі бір тарихи дәуірді үнемі іздей беруге болмайды. Мұндай жер-су, қала аттары батырлар жырының қандай тарихи жағдайларға байланысты туғандығын көрсетерлік ғылыми дәлел болмайтындығы және де ондай әдіс халықтық мұраларды тексерудің әрқашан да ғылыми дұрыс жолы еместігі анықталды.

1930 жылдарда қазақ халық ауыз әдебиеті туралы ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер пайда болды. Сол тұста М. Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» (1939). С. Мұқановтың «Батырлар жыры» (1939), Қ. Жұмалиевтің «Халық поэмалары» (1939), Ә. Марғұланның «Қазақ эпосын тудырған мотивтер» (1939), Б. Кенжебаевтың «Қазақтың халық эпосы туралы» (1939) туралы еңбектері жазылды. Зерттеулерде қазақ фольклорының тарихы, даму жолдары ғылыми тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, Мұхтар Әуезовтың «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегі Леонид Соболевпен бірлесе отырып орыс тілінде жазылған. Алғашында Мәскеуде «Литературный критик» журналында (1939, № 10–11; 1940, № 1) жарияланды, кейін «Песни степей» атты кітаптың (Мәскеу. 1940) алғысөзі болып шықты.

Жалпы, М. Әуезов пен Л. Соболев бұл мақаласында халық ауыз әдебиетін негізгі бөлімдерге бөліп, оның әрқайсысын орынды сипаттап өтеді. Олар халық ауыз әдебиетін мынадай негізгі жанрларға бөледі: 1) халық поэзиясының шағын түрлері; 2) ертегі, аңыздар, мақал- мәтелдер, жұмбақтар; 3) батырлар жыры; 4) ғашықтық жырлары; 5) тарихи жырлар; 6) айтыс өлеңдері [9, 158–159 б.]. Негізінен алғанда қазақ фольклорын осылай етіп жанрларға бөлу қалыптасқан қағидаға айналып отыр.

М. Әуезов пен Л. Соболев осы мақалада халық ауыз әдебиетінің поэтикалық тіліне де арнайы тоқталып өтеді. Мақалада «жар-жар» бойында әрі фольклорлық театрдың, әрі айтыстың элементтері бар

екеніне алғаш назар аударылуы авторлар пікірінің құндылығын арттырары сөзсіз. Қазақтың төл ертегілерін сөз еткенде, ғалымдар олардың мейлінше молдығына, бірақ бар нұсқаның ғылыми тұрғыда жазылып алынбағанына назар аудара отырып, оларды сол кездегі қазақ фольклорының ең аз зерттелген саласы деп қарастырады [9, 172–187 б.].

М. Әуезов пен Л. Соболев оларды жіктеп, талдау ісі әлі аяқталған жоқ дейді. Сол себепті мақала авторлары қазақ ертегілерін шартты түрде 5 топқа бөлген: қиял-ғажайып ертегілер, хайуанат жайындағы ертегілер, салт ертегілер, балаларға арналған ертегілер, аңыз ертегілер.

Міне, мұндағы ертегілердің алғашқы үш түрі- қазіргі таңдағы фольклортану ғылымында ертегілердің классикалық түрі болып табылады. Мәселен, бұған дейін ертегілердің қиял-ғажайып түрін қазақ фольклортану ғылымында ешкім ажыратпаған болатын.

Жалпы М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ эпосын іштей дұрыс ажыратқан: а) батырлар жыры, ә) ғашықтық жырлары, б) тарихи жырлар [9, 188–205 б.] деп. Ғалымдардың ой-пікірлерінше, батырлар жыры, көбінесе сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып табылады дейді. Эпостық жырлардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды дегенді де айтады.

XX ғасырдың 30-шы жылдары жазылған бұл еңбек – қазақ фольклорының барлық дерлік жанрларын қамтыған тұңғыш көлемді мақала деуге болады. Әсіресе, қазақ ертегілерін іштей жіктей отырып, оларға алғаш анықтамалар берілуі, ерекшеліктері ескерілуі – бәрі, сөз жоқ, қазақ фольклортану ғылымының дамуына ерекше үлес ретінде бағалануға лайық.

С. Мұқанов та сол кезеңнің өзінде қазақ фольклортану ғылымына үлкен үлес қосқаны даусыз. Мұндағы Сәбит Мұқанов құрастырған «батырлар жырының» жеке жинақ болып шыққаны, жинақтың бір жанрға ғана арналғаны қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі екені сөзсіз. Алғысөз барысында фольклордың барлық дерлік жанрлары жан-жақты талдауға түсіп, өзіндік ерекшеліктері фольклорлық процесс негізінде қарастырылады. Сондай-ақ фольклорлық мәтіндер тарихи зерттеу әдісі негізінде қаралып, олардың эстетикалық қызметтері сараланады. Кейіпкерлері әдеби образ ретінде талдауға түсуі–бәрі, сөз жоқ, С. Мұқановтың қазақ фольклортану ғылымы қалыптасуына қосқан елеулі еңбегі екені анық [10].

1920-1950 жылдар аралығында жазылып, жарыққа шыққан Ә. Диваевтың, Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтің, Х. Досмұхамедұлының, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Б. Кенжебаевтың, Ә. Марғұланның, Ә. Қоңыратбаевтың т.б. еңбектері фольклорды профессионалды талдады. Олардың ұтымды жақтары да, кемшіліктері де болды. Мысалы, фольклорлық шығарманы әдебиет деп ұғу, оны әдебиет талаптарымен талдады, фольклорлық кейіпкерді әдеби кейіпкер ретінде талдады, т.т.

Қазақ оқу орындарында т.б. оқулықтардың жетіспеуін ескеріп, сол олқылық орнын толықтыру мақсатында 1927 жылы Қызылорда қаласында ғалым М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты монографиясы басылды [11]. М. Әуезов фольклорды төртке бөледі: сыршылдық салт өлеңдері; әңгімелі өлеңдер; айтыс-такпақ; ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ деп.

Ғалым тұрмыс-салт жырларын «Сыршылдық салт өлеңдері» деп түсінген. Оларды іштей үшке жіктеген: 1) Ел салтындағы шер өлеңдер (бұған жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту түрлері енгізілген); 2) Дінмен байланысты өлеңдер (бұған наурызды, бақылардың сарынын, жарапазанды жатқызады); 3) Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңі (бұған жар-жар, қоштасу-танысу, бет ашар түрлері алынған) деп. Бұлай тұрмыс-салт жырларын үшке бөлу үлгісі М. Әуезовке дейін А. Байтұрсыновта кездеседі. Тек А. Байтұрсыновта тұрмыс-салт жыры орнына «сарындама» ұғымы қолданылады да, оны іштей «салт сөзі», «ғұрып сөзі» «қалып сөзі» болып өзгеше бөлген (Әдебиет танытқыш. 1926.) Мәселен, А. Байтұрсынов «салт сөзіне» мақал-мәтелмен қатар, әдебиет жанрына жататын мысал түрін де жатқызған. Бұл арада фольклор мен әдебиет жанрларының ара-жігі ажыратылмағаны көрінеді.

Ал, басқа зерттеу еңбектерде кездеспейтін фольклордың естірту түрі осы кітапта алғаш сөз болуы, сөз жоқ, М. Әуезов еңбегінің маңызын арттырады. Осы монографиялық еңбек арқылы ғалым М. Әуезов қазақ фольклорын, оның жанрлық түрлерін алғашқылардың бірі болып жан-жақты талдайды. «Батырлар әңгімесі» деп ғалым ол кезде эпостық жырлады атаған. Эпостың ішінде батырлар жыры, ғашықтық пен тарихи жыр қарастырылған. Мұнда алдымен «Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікұлы Шора батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» тәрізді жырлардың қысқаша қарасөзбен мазмұны берілген. Одан әрі ғалым олардың әрқайсысының мән-маңызына жеке-жеке тоқталады.

М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты монографиясы XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа ғана қалыптасып келе жатқан қазақ фольклортану ғылымында қазақ фольклорын зерттеудің т.б. бастау көзі болғаны анық. Бұл кітап ғалымның қазақ фольклоры тарихын жасау жолындағы тұңғыш талпынысы, әрі осы салада жазылған күрделі еңбек екені сөзсіз.

Белгілі қоғам қайраткері Х.Досмұхамедұлының қазақ фольклортану саласындағы еңбектері назар аударарлық. Х. Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы оқшау тұратын еңбегі– «Қазақ халық әдебиеті» атты (1928) очеркі. Бұл очерк іспетті баяндама көлемі жағынан басқа зерттеу кітаптарына қарағанда аз көрінгенмен, маңыздылығы жағынан көтеретін жүгі мол болғандықтан, монография бөлімінде қарастыруды жөн көрдік. Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» атты баянамасы XX ғасырдың 20-шы жылдары Ташкенттен Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқылды [12, 14–34 б.]. Мұнда ол халық ауыз әдебиетінің 47 түрін ажыратқан. Х. Досмұхамедұлы өзінің алғысөзінде қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған басты мақсат пен міндеттерін айқындап берерлік, қазақ фольклортану ғылымының бай тарихын жүйелі зерттейтін т.б. жоба-үлгісін ұсынады.

Х. Досмұхамедұлы қазақ фольклортанушы ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып қазақ фольклорының басылым көрген мәтіндерінің библиографиялық көрсеткішін жасауға да тырысты, яғни үлгінің қай баспадан, қай жылы, қай жерде және кімнің атынан басылым көрген тәрізді т.б. мағлұматтарды бір арнаға жинап, жүйелеуді мақсат еткенін көреміз. Х. Досмұхамедұлының фольклорды жіктеген кестесінде эпостық шығармалардың батырлық жырлар, тарихи жырлар және тұрмыстық жырлар түрлері дұрыс ажыратылған. Соңғысына, лиро-эпикалық шығармаларға: «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» т.б. жырлары тұңғыш рет жатқызылып отыр.

Ғалым саралаған ырым, түс жору, дем салу, бал ашу, үшкіру тәрізді емшілік әдебиетке қатысты жақтары т.б. ұзақ уақыт фольклорды зерттеушілердің, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келді. Ал, ғалым баянамасында аңыз, шежіре, батырлық жырлар, ғашықтық жырлар мен айтыс ұғымдарына қатысты толыққанды анықтамалар берілмесе де, сол жанрларға мысал ретінде келтірген фольклор үлгілері [12, 26–28 б.] қазіргі фольклортану ғылымы талабымен қарастырғанда, сол фольклорлық жанрларға

дәлме-дәл келуі т.б. – бәрі Х. Досмұхамедұлының өз алдына қойған мақсаты мен түпкі ойының дұрыс екендігін дәлелдейді.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Халел Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» атты очеркісінде алғаш рет қазақ фольклортану ғылымының бай тарихын жүйелі зерттейтін жоба-үлгісін жасады. Ғалым өз еңбегінде өзіне дейінгі еңбектерді міндетті түрде қарастырған. Сол арқылы ғылыми еңбек жазудың алғышартын орындаған. Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетін сөз өнері деп қана қоймай, сондай-ақ халықты танудың әрі этнографиялық, әрі тарихи дерек көзі ретінде дұрыс бағалаған. Ол қазақ фольклортанушы ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып қазақ фольклорының библиографиялық көрсеткішін даярлады. Фольклорды зерттеумен қатар Х. Досмұхамедұлы олардың орындаушыларына да алғаш назар аударды, жүйеледі. Ғалым саралаған ырым, дем салу, үшкіру, бал ашу, түс көру, қарғыс сияқты фольклор түрлері ұзақ уақыт фольклортанушылардың, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келуі, – бәрі ғалым Х. Досмұхамедұлы еңбегінің маңыздылығын арттырады.

Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі дәуірінде 1932 жылы «Қазақстан» баспасынан Сейфолла ұлы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті» атты бірінші кітабы (Билер дәуірінің әдебиеті) шықты [13]. Жалпы С. Сейфуллин бұл кітабында ел басқарған хандар, сұлтандар, билер, байлар, батырларды сол дәуірде көсемдік қылған үстем таптың өкілдері ретінде қарастырды. Сондай-ақ бұл дәуір тудырған деген нұсқаларды билер дәуірінің әдебиеті деп те атайды. Еңбекте С. Сейфуллиннің фольклордың ауызекі даму ерекшелігін дұрыс айқындаған. Жалпы С. Сейфуллин фольклорды: эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. деп жүйелеген. Егер қазақтың тұрмыс-салт жырларын М. Әуезов сыршылдық салт өлеңдері деп қарастырса, С. Сейфуллин салт өлең-жырлар ұғымында алған. Мұндағы қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдеріне М. Әуезов (Әдебиет тарихы, 1927) жар-жар, қоштасу-танысу, беташар үлгілерін жатқызса, С. Сейфуллин зерттеуінде бұлардың қатары, сондай-ақ тойбастар, сыңсыма, жұбату-үгіт, айт келін түрлерімен толықтырылғаны көрініп тұр. Ал, дінмен байланысты өлеңдер деп М. Әуезов бақсы сарынын, жарапазанды атаса, ал С. Сейфуллин бұларды ескілікті дін салтынан туған дей отырып, олардың қатарына, сондай-ақ шақыру, арбау, байлау, күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру, бәдік т.с.с. түрлерін жатқызған. Ал, мұндағы фольклордың шақыру, арбау, бәдік түрлері Х. Досмұхамедұлы еңбегінде (Қазақ халық әдебиеті, 1928) ғана кездесуі т.б. . – бәрі де осы монографиялық еңбекті жазу барысында

С. Сейфуллин жоғарыда аты аталған М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерін бірін-бірі толықтыру үшін алғанға ұқсайды. Дегенмен С. Сейфуллин еңбегінде фольклордың алғаш рет күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру түрлерінің ажыратылуы, сөз жоқ, фольклортану ғылымының жетістігі болып табылады. Сондай-ақ С. Сейфуллин ажыратқан Шопан атаға, Жылқышы атаға, Ойсыл қараға, Зеңгі бабаға, Сексек атаға арналған жануарлар турасындағы жыр үлгілері де – алғаш зерттеушілер назарына ұсынылғаны, сөз жоқ, XX ғасырдың 30–шы жылдарындағы қазақ фольклортану ғылымы жеткен жетістігі болды.

С. Сейфуллиннің жан-жақты қарастырған фольклор жанры . – ол эпос. Мұндағы С. Сейфуллиннің «жырлы әңгімелер» дегені («Қозы Көрпеш-Баян», «Қыз Жібек») қазақтың лиро-эпостық жырларын, яғни ғашықтық эпосты сөз етіп отырған. Ал, батырлар жыры қатарында: «Едіге батыр», «Алпамыс», «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» т.б. үлгілері қарастырылған.

Ғалым С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабының (1932 ж.) қазақ фольклортану ғылымының біртұтас жүйеге келтірілмеген заманында алғашқылардың бірі болып фольклор жөніндегі күрделі ізденістерді әрі тарихи, әрі әдеби жағынан қарастырып, бір жүйеге келтіруге тырысқан еңбектердің бірі екендігі күмәнсыз. Ендеше XX ғасырдың отызыншы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының негізін қамтуда С. Сейфуллин еңбегінің өзіндік орны елеулі екені даусыз.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорын іштей сала-салаға бөле отырып, жанрлық ерекшеліктеріне қарай тұңғыш зерттеу істері осы М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллиндер тарапынан жазылған монографиялық еңбектерде (Әдебиет тарихы, 1927; Қазақ халық әдебиеті, 1928; Қазақ әдебиеті, 1932) алғаш сөз болады. Бұл еңбектерде халық ауыз әдебиетін жанрға бөлу жөніндегі мәселені алғаш рет қазақ халқының тарихымен байланыстырды. Аталған зерттеулерде алғаш рет қазақ фольклорының жанрлық түрлері толықтай ажыратылып, олардың әрқайсысына анықтамалар, сипаттамалар берілді, шамасынша өзіндік ерекшеліктері де сөз болды. Бұларда берілген фольклорлық мәтіндер, негізінен, әдебиеттану ғылымы талабы бойынша қарастырылды. Талдау барысында мәтіннің мазмұнына, кейіпкерлеріне, оқиғасына, көркемдік ерекшеліктеріне назар аударылды. Әсіресе, эпостық жырлар сөз болғанда, көбінесе олардың бойынан жер-су, қала аттарын, тарихи кейіпкерлерді, тарихи оқиғалардың іздерін жалпы тарихтан іздестіру басым болды. Демек

бұл еңбектерде орыс тарихи мектебінің әсері басым болғаны анықталады. Ал, бұлай фольклордан тарихи оқиғаның ізін іздеу дұрыс еместігі, тек оның іздері тарихи жырда ғана сақталатыны кейінгі зерттеулерде ғана айқындалады. Жалпы бұл монографиялық еңбектерде фольклорды қазақ әдебиетінің бір ажырамас бөлімі ретінде қарастыру басым болды, фольклорды, көбінесе сөз өнері деп бағалады.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы дегенде, 1948 жылы Алматыда Қазақ ССР Ғылым академиясы баспаханасында жарық көрген Тіл және әдебиет институты даярлаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1 том, Фольклор) атты ұжымдық еңбекке [14] алдымен назар аудартқымыз келеді. «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы отызыншы-қырқыншы жылдарда халық ауыз әдебиетін жинау, зерттеу саласында істелген жұмыстардың қорытындысы есепті болды. Бұл еңбек осыған дейін жазылған жеке зерттеулерді жинақтай отырып, халық ауыз әдебиетінің көптеген мәселелерін көтеріп, тың пікірлер айтты. Мәселен, бұл кітапта жаңадан историографиялық бөлім жазылды. Көптеген тарауларға библиографиялық көрсеткіштер берілді. Онда маңызды деген қолжазбалар, зерттеу еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институтының қолжазба фондысы барынша қамтылды. Авторлар коллективі бұрын жазылған зерттеу еңбектердің кем-кетігін еркін түрде еске алып, белгілі бір жырдың нұсқаларына сипаттама беріп (батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары жайындағы тараулар), халық ауыз әдебиетінің әрбір жанрындағы шығармалардың тақырыбын, кейіпкерлер тобын белгілеп, басты-басты образдарына талдау жасаған. Кітаптағы тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, айтыс (М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев) жұмбақтар (Ә. Марғұлан), кеңес фольклоры (Е. Ысмайылов) атты тараулар жаңадан зерттеу нәтижелері еді. Ал, шешендік сөздер (Ә. Мәметова) мен қазақтың халық ауыз әдебиетіне қысқаша историографиялық шолу деген бөлімдер жаңадан жазылды.

Еңбекте Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев т.б. еңбектерінің сарапталуы т.с.с. құптарлық іс. Бұлардың әрқайсысының қысқаша өмірбаяндық деректері, қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы, зерттеудегі еңбектері т.б.-бәрі алғаш историография деп қарастырылды.

Кітапта салтпен байланысты өлеңдерді, яғни тұрмыс-салт жырларды. Фольклордың ұсақ түрлері дей отырып, Б. Кенжебаев оны іштей төртке жіктеді. 1) мал шаруашылық туралы өлеңдер; 2) дін салт

өлеңдері (наурыз, бақсы сарыны, бәдік, арбау, жалбарыну, жарапазан); 3) үйлену салт өлеңдері (әдет, салт, тойбастар, жар-жар, сыңсу-жұбату, бет ашар); 4) мұң, шер өлеңдері (қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау) т.б.

Еңбекте ертегілер де қарастырылған. Оның фольклордың қара сөзбен айтылатын ерекше мол түрінің бірі, халықтың ауызша айтылатын көркем әңгімесі екендігі, ертегіні айтушыны ертекші дейтіні; «ерте, ерте, ертеде» деген тәрізді көпке ортақ, ерекше өлеңше бастауымен келетіні; ертегіні жұрт қолы боста, қыстың ұзақ кештерінде тыңдағыш болатыны; ертегінің фольклордың ішіндегі қоғамдық, тарихтық маңызы мол халық шығармасының бір түрі екендігі; ертегіні туғызатын . – халықтық өмір, тірлігі үшін әрекет етуін бейнелейтін өнімді ойы екендігі – бәрі М. Әуезов тарапынан дұрыс қамтылған.

Сонымен қатар фольклорды жіктеуде ғалым М. Әуезов дүние жүзінің фольклористері қолданып отырған бір классификацияны фин фольклортанушысы Антти Аарне жасағанын; бұл сияқты ғылымдық әдіс, ертегіні салыстырып тексеру, талдау жөніндегі өнімді әдіс-әлемдік фольклортану ғылымына ортақ әдіс болып табылатынын; бұл әдістің елеулі кемшіліктері де бар екендігін, әсіресе, ертегі сюжеттерін белгілі жанрларға қосудың даулы пікірлер туғызатынын; сюжет мотивтерінің тек құрылыс ұқсастығы, сыртқы пішіні ғана ескеріліп, ал ішкі мазмұнына бойламау, баға бермеу жағы болатынын дұрыс ескерткен. Бұл қазақ фольклористикасы үшін бірінші рет айтылған үлкен жаңалық болды.

Ғалым Қ. Жұмалиев қазақ халқының ауыз әдебиеті еліміздегі бай әдебиеттің бірі десе, оның ішіндегі ең көбі де, көлемдісі де мол мазмұнды, көркемінің бірі батырлар жыры деп атап көрсетеді. Ғалым батырлар жырын тарих деп қарауға болмайтынын, онда тарихпен бірге халық қиялы тудырған көп жайлар қосылатынын, мұнда көріктеу әдістерінде ақиқат шындықтан гөрі ертегілік әсірелеу, үлгі өрнектер басымырақ болатынын т.б. . – бәрін дұрыс айқындаған.

Ғашықтық тақырыбына құрылған қазақ жырлары сюжеттері көптігіне; бірқатары ерте заманнан бері жасалып, халық аузында сақталып келе жатқанына ғалым М. Әуезов көңіл бөледі. Олардың қазақ елінің шаруашылық, қоғамдық тұрмысының әр дәуірдегі өзгешелігінен туғандығын ескертеді. Жырлардың қысқаша мазмұны берілумен бірге олардың әр нұсқасы өзара салыстырылып, өзгешеліктері мен ұқсастықтары ескеріледі, ондағы бейнелер аздық-көпті талдауға түседі, жыр бойында кездесетін халықтың әдет-салттары т.б. сарапталынады, үлгінің тақырыптық-идеялық жағы

композициясы, көркемдік ерекшеліктері де т.б. сөз болады. Сондай-ақ жырда тұрмыс-салт өлеңдерінің қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу сияқты түрлерінің көп кездесетіні т.с.с. ескертілген.

Жалпы Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халық ауыз әдебиетінің кештеу қарастырыла бастаған саласы шешендік сөздер болды. Халықтың ғасырлар бойы жасаған шешендік сөздерін кім айтқанын, қай заманда пайда болғанын, ол үлгілердің де ауыздан-ауызға көшетінін, олардың халықтың өзімен бірге өмір сүретінін, көбінің ұмытылып жоғалатынын, бірқатары заманына сай жаңа мазмұн, жаңа пішін алып, құбылып өзгеретінін, т.б. – бәрін ғалым Ә. Мәметова дұрыс айтқан.

Сөз жоқ, қазіргі қазақ фольклортану ғылымы тұрғысынан қарағанда, фольклордың әрі жиналу, әрі жариялану, әрі зерттелу тарихына қатысты толып жатқан мәселелері толық шешімін тауып, қамтылмағанын атап өтеміз. Бұлай зерттеу ол заманда мүмкін де емес еді. Оның үш себебі бар: бірі – қазақ фольклортану ғылымының енді ғана қалыптаса бастауы; екіншісі – сол кездегі фольклорды зерттеген ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімінің аздығы; үшіншісі – Кеңес үкіметі тұсында белең алған «кеңестік идеология» құралдарының, яғни «тап тартысы», «әдебиеттің партиялылығы», «маркстік – лениндік», не «лениндік-сталиндік» ұстанымдар бүкіл ғылым, мәдениет т.б. атаулыға тұсау болып, өзіндік дамуына кедергі жасады.

XX ғасырдың алғашқы жартысының соңына қарай қазақ фольклорының барлық жанрлары жан-жақты, жеке-жеке салаларға бөлініп, әрі кең, әрі терең, әрі академиялық түрде талданды. Бұл еңбекте қазақ фольклорының барлық жанры қамтылған. Оларды авторлар тұңғыш рет тарихи шығу мезгіліне қарай орналастырған – бұл сол кездегі үлкен жаңалық еді. Ең көне деп тұрмыс-салтқа байланысты жанрлар есептеліп, мал шаруашылығына, діни нанымдарға қатыстылары қарастырылған. Әсіресе, қазақ фольклорының: ертегі, салт жырлары, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, тарихи жырлары, айтыс т.б. жанрлары бұл еңбекте тек әдебиеттану тұрғысынан емес, сондай-ақ алғаш рет фольклортану тұрғысынан сарапталуы қазақ фольклортану ғылымының түрлі қыспаққа қарамай даму үстінде болғанын дәлелдейді. Демек фольклорлық мәтіннің жиналу, жариялану тарихына қатысты ғылыми түсініктемелердің берілуі; әр тақырып төңірегінде қарастырылатын әдебиеттер тізімі көрсетілуі; мәтін нұсқаларының сюжеті, кейіпкерлері, олардың іс-әрекеттері, тілі, стилі т.б. жағынан салыстырыла қарастырылуы т.с.с. – бәрі де фольклордың

фольклортану тұрғысынан қарастырылғанын танытса, ал әр нұсқаның тақырыптық-идеялық негізі, сюжеті, композициялық құрылысы, бейнелері, көркемдік ерекшеліктері т.б., көбінесе кеңестік жүйе талабына бағындырылып, маркстік-лениндік әдебиеттану талабы тұрғысынан сарапталу да орын алғанын көрсетеді. Ал, еңбектегі қолданылған зерттеу әдістеріне келсек, көбінесе салыстырмалы зерттеу әдісі мен тарихи зерттеу әдісі қатар қолданылғаны ажыратылады. Сондай-ақ фольклордың: әрі фольклортану ғылымының, әрі әдебиеттану ғылымының, әрі лингвистиканың, әрі этнографияның, әрі ономастиканың, әрі география т.б. ғылымдарының дерек көзі ретінде қарастырудың біршама орын алғанын да қазақ фольклортану ғылымының сол кезеңдегі елеулі жетістігі ретінде бағалауымыз керек. Диссертацияда мұның бәрі жан-жақты қарастырылған.

1 Отарлау мақсатындағы зерттеулер

Қазан төңкерісіне дейін отарлау саясаты әрі ашық, әрі күшпен жүргізілді. Рас, Ресей билеушілері бірте-бірте айлаға көшті. Тікелей соғыспен алу оңайға түспеген соң, қазақтың тілін, фольклорын, тарихын, мәдениетін білу арқылы отарлау әрі шығынсыз, әрі тереңірек болатынын білген империя соларды зерттеу ісін қолға алды. Олардың бұл саладағы істері бүгінгі таңда біздер үшін ғылым тарихына айналып кетті. Сөйтіп, Ресей билеушілері қазақ даласында әр түрлі мектептер ашты, газет пен журнал шығарды, тілі мен фольклорға қатысты жинақтар, оқулықтар, сөздіктер т.б. шығарды. Отарлау үшін істеліп, жиналған материалдар мен зерттеулер объективті түрде ұлттық фольклортануға негіз қалады. Отарлау мақсатындағы зерттеулер бірнеше бағытта, негізінен тарихи-этнографиялық бағытта жүрді. Мұндай отарлау мақсатындағы фольклорлық зерттеулер сонау XIX ғасырдан келе жатыр.

XIX ғасырда қазақ жеріне орыс шаруалары қоныстана бастады, қалалар мен селолар саны көбейді, өнеркәсіп өндірісі мен сауда дами түсті, қатынас жолдары, байланыс жүйесі күшейді, егіншілік кең етек ала бастады. XIX ғасырдағы осындай тарихи, саяси-әлеуметтік жағдай Қазақстанның мәдени, оқу-ағарту ісіне үлкен өзгерістер әкелді. Мұның бәрі қазақ халқының қоғамдық-саяси санасының, әдебиеті мен өнерінің дамуына, ғылымның пайда болып, қалыптасуына ықпал жасады. XIX ғасырда Қазақстанның Ресейге түгел қосылуымен байланысты халық өмірін, шаруашылығын, мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дінін толық білу қажеттігі т.с.с. — бәрі де қазақ

фольклоры мен этнографиясын зерттеу жұмыстарының бірнеше бағытта, әр түрлі әдіспен жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызды. Арнайы тапсырмамен келген әскери адамдар, саяхатшылар қазақ жерінің топографиясын жасаумен қатар, чиновниктер мен миссионерлер қазақ тілін зерттеп, қазақша-орысша сөздіктер, орыс әрпінде жазылған оқулықтар даярлағанда т.б.- бәрінде дерлік жергілікті елдің фольклорын пайдаланды.

Қазақ фольклорын таза ғылыми мақсатта, академиялық түрде зерттегендер де болды. Олар фольклорды барынша дұрыс жазып алуға, сұрыптап, жүйеге келтіруге, жарыққа шығаруға, ғылыми түрде талдап, зерттеуге күш салды. XIX ғасырдағы қазақ фольклорын зерттеулер, көбінесе жолжазба мен очерктер түрінде жүргізілді. Мұндағы ғалымдардың фольклор туралы ойлары жалпылама сипат танытып, көбінесе жол бойы жазылғандықтан, басқа елдерге таныстыру мақсатымен шектеліп отырды. Мәселен, М. Киттары орыс тілінде Боғда тауы мен Басқұншақ көлі туралы аңыздың мазмұнын хабарласа [15], 1859 жылы Алматыдан Кеген асып, Ыстықкөлге барған әскери саяхатшы А. Голубев өзінің жазбаларында жол бойы көрген- білгендерімен қатар қазақ аңыздарын сипаттайды [16]. Олар: «Ақсақ құлан», «Жеті қарақшы» жайындағы аңыздар, Ыстықкөлдің пайда болуы туралы әпсана т.б.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуге арналған Қазан төңкерісінен бұрынғы ғылым екі түрлі кезеңді бастан кешірген. Бірі- XVIII ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі; екіншісі – XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі, яғни орыстың түркітанушы ғалымдары мен қазақ оқымыстыларының күш біріктіре отырып зерттеген кезеңдерін қамтиды.

XVIII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі кезеңде қазақ фольклорын зерттеу ісі әлі ғылымның дербес саласы болып бөлінбеген. Сондықтан да бұл кезеңдегі еңбектерде фольклор үлгілері қазақ даласы туралы жазылған тарихи деректерді дәлелдеу үшін ғана келтірілетін-ді. Мәселен, Н. П. Рычковтың «Күнделіктерінде» қазақ арасында өлікті жерлеу ғұрпын сипаттау үшін жоқтау өлеңдерінен мысал келтірілген. Бұл сияқты халық әдебиетін пайдалану әдісін П. С. Палластың, И. Георгидің, Г. Спаскийдің т.б. қолданғаны анық [17].

1864 жылы «Современник» журналында К. Губаревтің Шоқан Уәлихановқа арналған «Қазақ даласы» деген мақаласы жарияланды. Этнографиялық және фольклорлық материалдар арқылы К. Губарев қазақ еңбекшілерінің хал-жағдайы қаншалықты ауыр екендігін көрсетіп, қазақтардың жағдайын нашарлатып жіберген әлеуметтік

кесел ретінде патшаның отарлау саясатын әшкерелейді. К. Губарев қазақтардың оқу-білімге ынтызарлығын атап көрсетіп, халықтың дамуына, жергілікті халықты оқыту-ағарту мәселесіне үкімет орындарының мейлінше кедергі жасап отырғанын айтады [18]. Дегенмен К. Губарев фольклорлық материалдарды қарастырғанда міндетті түрде әлеуметтік мәселелермен байланыстыра бағалаған. К. Губарев очеркінде демократияшыл фольклористиканың негізгі принциптері: халықтың хал-жағдайына көңіл бөлу және оның мүдделерін қорғау т.с.с. дұрыс көрсетілген.

XIX ғасырда тек саяхатшылар емес, қазақ ауылына барған дәрігерлер, қызметкерлер, мұғалімдер, оқыған зиялылар да фольклорды жинаумен қатар, түрлі этнографиялық очерктер жазған. Мұнда қазақтың салты, өмірі, өнері суреттеліп, газет-журналдарда беріліп отырды («Асмолинские областные ведомости», «Семипалатинские областные ведомости», «Тургайские областные ведомости» т.б.).

1846 жылы құрылған Орыс Географиялық қоғамы бүкіл Ресейді мекендеп, қоныстанған халықтардың фольклоры мен этнографиясын зерттеу саласында қыруар жұмыс атқарды. Негізінен бұл қоғамның құрылуы ғалым М. К. Азадовский пікірінше, патша үкіметінің отаршылдық саясатымен байланысты болды [19]

Олар жөнінде Н. С. Смирнова былай деп жазды: «Географиялық қоғамның орталық архивінде өткен ғасырда және осы ғасырдың бас кезінде жиналған қазақ халық творчествосының материалдары әлі күнге дейін өз зерттеушісін күтуде. Оларды Орыс Географиялық қоғамының толық және қызметкер мүшелері Ш. Ш. Уәлихановтың, С. Г. Рыбаковтың, В. Н. Плотниковтың, В.Н. Шнитниковтың, С. Е. Дмитриевтің, тағы басқалардың жеке қағаздарында ұшыратуға болады» [20].

Фольклортанушы Шоқан Уәлиханов қазақ халқының рухани мәдениеті мен ауыз әдебиетін ерінбей үйреніп, зерттеуші алғашқы ғалымдардың бірі. Қазақ мақалдарын зерттеуді алғаш қолға алған да Ш. Уәлиханов еді. Қазақтың халық ауыз әдебиетін, жырларын зерттеуде Ш. Уәлиханов өзі жетік білген орыс әдебиетіне сүйенді. Қазақтың халықтық шығармаларына [21] қорытынды жасау үшін ол орыстың мақалдары, жылнамалары, ертегілері және батырлық жырлары туралы айтылған деректерді пайдаланған. Мәселен, «Жоңғария очерктері» (1861) атты еңбегінде тек славян дүниесімен, [22] араласу арқылы ғана ауысуы мүмкін тақырыптардың ұшырасатынын жазды. Ш. Уәлихановтың тарих, этнография тақырыбына жазған «Жоңғар очерктері», «Қазақтың ата-тегі»,

«Қазақтар арасындағы шамандықтың қалдықтары», «Шона батыр» және басқа еңбектерінде халық шығармалары көптеп кездеседі. Оның халық шығармашылығына көзқарасы қандай екендігін осы тарихтық-этнографиялық еңбектерінде айтылған кейбір қорытындылары мен байымдауларынан, сондай-ақ фольклор материалдарын жазып алу үстінде жасаған түсініктерінен байқауға болады. Халық творчествосының білім берерлік маңызын Ш. Уәлиханов жоғары бағалады. Халық әдебиетіне тән шығармалардың болмысқа дәл келетіндігін көрсетеді. Ол қазақтың халық поэзиясынан «халықтық рух, ұғым, әдет, әдеп, өмірлік кейіп» бейнелерін көре білді [22, 71 б.].

1900 жылы Қазан қаласында белгілі ғалым А. Алекторовтың атақты «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» атты библиографиялық көрсеткіші жарияланған [23]. Бұл кітап XX ғасырдың басында жарияланған аса құнды ғылыми еңбек ретінде бағаланып келеді. Еңбектің алғашқы бетінде мынадай сілтеме бар: «Печатано по определению Совета Общества Археологии, Истории и Этнографии при Императорском Казанском Университете от 9 сентября 1899 года. Секретарь Общества В. Борисов», – делінген [23, 2 б.]. Демек, сонау XX ғасырдың басында да белгілі бір ғылыми еңбектің кітап болып басылуы. – міндетті түрде маманданған ғылыми қоғамның, не кеңестің т.б. пікірінсіз рұқсат етілмегені де анық.

А. Алекторов еңбегінің кіріспесі 52 беттік 2 бөлімнен тұрады. Кіріспеде автор қазақтардың XVI ғасырда белгілі бола бастағанын, Орта Азия жерлерін мекендейтінін, XVII ғасырда Түркістанды билеу жүзеге асқанын сөз етеді. Сонымен қатар онда қазақ елінің XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы кезеңде-Тәуке хан тұсында ерекше күшейгені (оның себебі Ұлы, Орта, Кіші жүздердің бірігуімен түсіндірілген), Абулхаир ханның тұсы, қазақ елінің Ресейге қарай бастағаны, ант ішуі, Абылай хан заманы т.б. бәрі қазақ тарихын қамтуға бағытталған. Мұнда, әсіресе қазақ елін, жерін билеген хандар, сұлтандар тарихы жан-жақты көрсетілген. Сондай-ақ қазақ жерін жайлаған Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де, түрлі кезде шыққан Патша жарлықтары да т.б. бәрі кіріспеде орын алған.

Ал, кіріспенің екінші бөлімінде автор А. Алекторовтың қазақтармен алғаш 1882 жылы Торғай облысында кездескені, ол жерге баруына «Москвалық ведомость» газетінің редакторы М. Катковтың хаты әсер еткені, қазақ елі авторға өте жақсы әсер еткені, 1883 жылы Орынбордан Ташкентке сапар шеккені айтылады. Сонымен бірге автордың 1891 жылы шыққан Алексей Николаевич Харузиннің көрсеткішінің толық еместігін ескертуі, онда сараптау, сын көзбен

қарау жоқтығын сынауы т.б. бәрі де осы библиографиялық көрсеткіштің жазылуына мұрындық болғаны байқалады.

Көрсеткіште 3234 мақала қамтылған. Бұл мақалалардың дені: XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ, орыс, араб әрпінде жазылған кітаптар, журналдар мен газеттер беттерінде жарияланған қазақ елінің тарихы, этнографиясы, әдебиеті, тілі, фольклоры, философиясы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, діні, медицинасы, оқу-ағарту мәселесі, экономикасы, саяси-әлеуметтік мәселелері, сауда-саттық, егіншілік, жер, әйелдер, жер қазбалары, халықтық мектептер, статистика, темір жол, тамақ т.с.с.түрлі мәселелер қамтылған мақалалар, ішкі хабарлар, рецензиялар болып келеді. Демек қазақ өмірін жан-жақты қамтыған, құнды деректерге толы бұл көрсеткіштің қазақ әдебиеті, тілі, тарихы, этнографиясы, фольклористика т.б. ғылымдары үшін маңызы ерекше екендігі белгілі.

Көрсеткіштің 993 бетін қамтыған 3234 мақаланың 263 саны қазақ фольклорына қатысты. Ол үлгілерді фольклордың жанрлық ерекшелігіне қарай жіктесек: қазақ шежіресіне – 18; мақал-мәтелдерге – 17; жұмбақтарға – 4; түрлі эпостық жырларға (қисса-дастандар) – 51; халықтық әндерге – 6; айтысқа – 1; фольклордың бірнеше жанрларын қамтыған түрлі жинақтарға – 6; фольклорды жинау керектігі мәселесін көтергенге – 1 мазмұндамалар берілген. Әсіресе қазақтың аңыз бен ертегілеріне бұл еңбекте көп мән берілуі т.б. . – бәрі қазақ елі турасында көбірек мағлұмат алғысы келген зерттеушілердің танымдық, ақпараттық т.с.с. қызығушылығын тудырғаны сөзсіз. Көрсеткіш соңында мынадай ескерту де бірге берілген: “В заключение должно заметить, что о киргизах говорят также все русские и иностранные путешественники, посещавшие в разные времена Россию и Азию”, - делінген.

Ендеше, сонау XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарыққа шыққан бұл көрсеткіш қазақ елінің әдеби, мәдени, саяси т.б. өмірін бір арнаға жинақтаған, зерттеушілер үшін баға жетпес құнды дерек көзі болумен қатар, отарлау мақсатындағы зерттеулерге де негіз болғаны сөзсіз.

Қазақ фольклорын зерттеу ісі бірнеше бағытта, әр түрлі әдіспен жүзеге асты. Орыс миссионерлері мен зерттеушілері халық шығармаларын қазақша-орысша сөздіктер жасау, орыс әрпімен оқулықтар, әр түрлі хрестоматиялар дайындау үшін де пайдаланды. Мәселен, қазақ фольклорын жинаушы П. П. Мелиоранский 1894 жылы Санкт-Петербург қаласында «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты кітабын бастырды. Ал, орыс зерттеушісі И. Лаптев «Грамматика по казак-киргизскому языку» атты кітабын

1900 жылы Мәскеуде (148 бет) басып шығарды. Сондай-ақ құрастырушысы белгісіз «Орысша-қазақша сөздік» те 1900 жылы Орынбор қаласында жарияланды. Мұның бәрі қазақ даласында орыстандыру саясатының тездетіп жүруіне үлкен септігін де тигізді.

XX ғасырдың алғашқы он жеті жылы ішінде Ресейде болған саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер өз кезегінде қазақ фольклортану ғылымындағы болып жатқан зерттеу жұмыстарына өз әсерін тигізді. Қазақ тілінде шығатын баспасөз, кітап бастыру ісі көбейді. Бұл кезде әдебиет кітаптары ғана емес, сонымен қатар оқулықтар, сөздіктер, хрестоматиялар т.б. да басылым көрді. XX ғасыр басында белгілі орыс түркітанушылары А. Васильев пен Н. Пантусовтың жинақтары басылып [24], алғысөзінде қазақтың халық поэзиясы үлгілерімен таныстыру мақсаты көзделді.

Мәселен, қазақ жұмбақтарын бір жерге топтастырып бастырған А. Васильевтың «Образцы киргизской народной словесности» атты жинағы [25] 127 жұмбақты қамтиды. Олардың ішінде қазақтың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпына т.б. байланысты тақырыптарды қамтитын – 112 жұмбақ, діни тақырыпта – 11 жұмбақ, қыз бен жігіт айтысы түрінде – 4 жұмбақ жауаптарымен орын алған. Бұлардың бәрі дерлік екі тілде, яғни қазақ (кириллица түрінде) және орыс тілдерінде берілген. Жинақтың мазмұны мен алғысөзі орыс тілінде жазылған.

Алғысөзде, негізінен, А. Васильевтың жұмбақтар турасындағы ой-пікірлері келтірілген. Жұмбақтар, көбінесе Торғай жеріндегі қазақтардан тікелей ауызша айтуларынан жазылып алынған. Жұмбақтарды қазақтардың көп қолданатыны, кез-келген жастар отырысы жұмбақ айтыспай өтпейтіні, тіпті жұмбақ айту түрлі топтар арасында да болатыны, әсіресе жұмбақ айту. – қыз бен жігіт арасында тартысты өтетіні, негізінен, жұмбақ айту айтыс түрінде келетіні т.б. . – бәрі де авторды қызықтырған. Жұмбақтардың ұрпақтан ұрпаққа берілетіні, көптеген жұмбақтардың аяқ астынан суырып салма тәсілі арқылы шығарылатыны сөз болады. Сол себепті бұл мәтіндердің қазақ даласының түкпір-түкпіріне тез тарайтыны, сондай-ақ қазақ жұмбақтарының сыртқы пішіні қарапайым келетіні, өзіне тән ұйқасы, шумақ түрі, ырғағы болатыны, сол себепті олардың есте сақталуы жеңіл келетіні т.б. бәрі автор тарапынан назарға алынған. Бұлардың бәрі жинақтың маңыздылығын арттырады.

Сонымен қатар А. Васильев қазақ жұмбақтарының мазмұнын да сөз етеді. Басқа да халықтар тәрізді қазақ жұмбақтарында да белгілі бір жұмбақталатын зат өзара ұқсас келіп, келесі бір заттың қатысы арқылы анықталатынын да байқайды. Мысал ретінде, айды – қалаш

түріндегі нанмен, жұлдызды – тастармен т.б. салыстырады. Мұндай жұмбақтар бойындағы кездесетін қарапайым сезімдер астарында жеңіл күлкі жататынына т.б. бәрі де тыңдаушылардың өзіндік қызығу, қуанышын өсіре түсетініне көңіл бөлінеді.

Кіріспеде автор сондай-ақ кітабының бірінші тарауында кездесетін жұмбақтарды іштей үшке бөлген. Ол бойынша жұмбақтардың біріншісі. – физикалық өмір құбылыстарына; екіншісі-хайуанаттарға; үшіншісі. – адам, оның тұрмыс-тіршілігі, қоршаған ортасы т.б. төңірегіне арналғаны анықтаған. Ал, діни мағынадағы жұмбақтарды өз алдына жеке бөліп қарастырған. Олардың көпшілігін қазақтың діни адамдары мен молдаларынан жазып алғандығын айтып кетеді. Осы орайда жұмбақ айтушылардың есімдері, тұрғылықты жерлері, мәтіндердің қай тәсіл арқылы, қай уақытта қағазға түскендігі тәрізді деректердің ескерілмеуі т.б. бәрі фольклорды зерттеу ғылымының кезеңдік кемшілігі деп бағалаған жөн

Түйіп айтқанда, жинақтың бір жанр төңірегінде басылым көруі, әрі қазақ-орыс тілдерінде берілуі сол кездегі қазақ халқының әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, жалпы мәдениетін зерттеуші орыс шығыстанушы, түркітанушы ғалымдармен қатар, қазақ елін одан әрі отарлау саясатын жүргізуді мақсат еткендер үшін де құнды таным, информация көзі болғаны сөзсіз.

Ал, қазақ тілінің ерекшеліктерін қарастыруды мақсат еткен жинақтарды жариялаған Н. Н. Пантусов та халықтық шығармаларды қолданды [26]. Бірінде мәтін көзі ретінде ертегілер кіргізілсе, келесісінде халық әндері алынған. Жинақ маңыздылығы: келтірілген мәтіндердің түпнұсқасы араб әрпінде, транскрипциясы кириллица әрпінде, ал аудармасы орыс тілінде берілген. Ендеше бұлар әрі оқырман көпшілікке, әрі орыстың шығыстанушы, түркітанушы зерттеушілеріне де арналған. Ғылыми сипатта басылым көрген бұл жинақтар, бір жағынан, қазақтың мәдени мұрасын орыс тілді елдерге насихаттау құралын атқарса, екінші жағынан, қазақ халқына тездетіп орыс тілін үйрену жолын да көрсеткен. Ал, оның ар жағында қазақтарды орыстандыру тәрізді миссионерлік саясат жатқаны да белгілі. Демек бұлар да қазақ елін отарлау саясатына тура болмаса да, жанама түрде қызмет еткен. Бұл жинақтардың алғысөздерін профессор Н. Катанов пен Н. Пантусов жазған. Мәселен, «Қара мерген деген қазақтың бір ғажайып ертегісі» атты үлгі алғысөзінде профессор Н. Катанов ертегінің қысқа мазмұнын орыс тілінде береді. Осы арқылы Н. Катанов мәтінге деген орыс тілді оқырманның қызығушылығын арттыруды көздеген. Ал, сөз басында Н. Катанов бұл ертегінің лингвистикалық сипатымен қатар этнографиялық жағы да

құнды екеніне баса назар аудартады [27]. Ал, «Бір ұры ақырында хан болыпты» ертегісі [28] алғысөзінде Н. Катанов ұрлықты дәріптейтін мұндай ертегілер түркі тектес халықтардың фольклорында кездесетінін, ал кейбір бөліктері Еуропа елдерінің халықтық шығармаларында да бар екеніне көңіл бөледі. Халықтың салт-санасынан көрініс беретін бұл үлгілер этнографиялық сипатымен қатар, басқа да елдің азаматтарына таным көзі болары сөзсіз. Демек бұл орыс тіліндегі алғысөздердің авторлары басқа да орыс тілді халыққа қазақтың халық шығармаларын таныстыру мақсатын көздеген.

Н. Пантусовтың ағартушылық мақсаттағы «Образцы киргизской народной литературы» атты хрестоматиясы 1909 жылы жарияланды [29]. Бұл мәтіндер жинағы екі тілде жарық көруі: бірі – түпнұсқасы араб әрпінде, екіншісі – орыс тіліндегі аудармасы. Жинақта қазақтың 7 ертегісі («Шығайбай мен Алдар көсе», «Момынбай мен жеті қарақшы» т.б.), алғыс, қарғыс т.б. тәрізді тұрмыс-салт жырлары қамтылған. Бұл жинақтың маңыздылығы орысша аудармасы келтірілген әр бет соңында қазақ тілінде кездесетін 40 шақты сөздерге этнографиялық сипаттағы түсініктемелер берілген. Мәселен: «По поверию мусульман, как только похоронная процессия отойдет от свежей могилы на 40 шагов, к покойнику является два ангела Мункир и Накир и требуют от него отчета о земной его жизни. Если покойник был человек праведный, то могила его наполняется светом, и ангелы производят допрос ласково; если же он грешник, то в могиле бывает тесно и темно, и ангелы бьют его дубиною-курзи, причем сыплются искры и слышится ров покойника от боли. Рев этот слышать все существа, кроме человека. В этой муке, называемой «көр азабы»-могильные муки, грешник остается до второго пришествия», - деген тәрізді [29, 44-45 б.]. Мәтіндердің түпнұсқасы араб тілінде, ал аудармасы орыс тілінде берілуі жинақтың ғылыми талапқа сай жарияланғанын танытады. Сондай-ақ бұл хрестоматия үлгісіндегі жинақтың ағартушылық мақсатымен қатар отарлау мақсатын да айқындайды.

Мұндай әрі ағартушылық, әрі отарлау мақсатта жарияланған «Қазақ хрестоматиясы» 1907 жылы А. Е. Алекторов құрастыруымен басылым көрді [30]. Бұл оқулық-хрестоматияда 100 мәтін 96 бетті қамтыса, әр жағындағы 62 беті толықтай қазақша-орысша сөздікке арналған. Мұндағы 100 мәтіннің 24-і ғана фольклорлық үлгілерден тұрады. («Айтыс», «Емші мен қасқыр» т.б. ертегілер). Хрестоматия алғысөзінде автор тарапынан: «... Школе «Хрестоматия» принесла несомненную услугу тем, что содействовала лучшему усвоению

русской речи: семья киргиза доставила удовольствие в длинные, скучные зимние вечера, когда в степи нечего делать и хочется послушать рассказы заезжих людей или почитать дельную книжку», – делінген [30, 1 б.]. Демек, хрестоматияның негізгі мақсаты – орыс тілін меңгеруге арналғандығы.

Міне, жоғарыдағы жарияланымдар жинақ болсын, оқулық-хрестоматия болсын т.б. бәрінде дерлік, ғылыми, ағартушылық мақсаттармен бірге, олардың миссионерлік те, отарлық сипат алғандығын айқындайды.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басында қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазылған кейбір еңбектерден сол кезеңдегі фольклор үлгілерін жинауда, әрі жариялауда, әрі зерттеуде болсын белгілі бір жүйеліліктің, дәйектіліктің нышандары қалыптаса бастағаны әрі отарлау мақсатта, әрі ағартушылық мақсатта жүргізілгені анықталды.

Бұл отарлау мақсатындағы фольклорлық еңбектер, бір жағынан, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын т.с.с. басқа елдерге, әсіресе орыс еліне әрі танытқыштық, әрі ақпараттандыру үлгісінде беріліп отырылды. Екінші жағынан, қазақ елін шығынсыз қалай отарлауға болады деген мәселеге зерттеушілер назарын аудара білді. Үшінші жағынан, қазақтарды тездетіп орыстандыру саясаты, негізінен, тіл арқылы, яғни орыс тілін меңгерту арқылы іске асатынын аңғарды.

2 Оқу-ағарту мақсаттағы еңбектер

2.1 Мақалалар

XX ғасырдың бірінші жартысында фольклорды теориялық тұрғыдан зерттеу жұмысы Қазан төңкерісінен кейін қолға алына бастады. Бұл кезеңде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, сондай-ақ қазақ фольклорының жекелеген жанрларын зерттеуге көңіл бөлу өсті. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысына ерекше назар аударылды. Бұл мәселені зерттеу жұмыстарының негізі сонау 1920-шы жылдары қалана бастады. Бұл кездегі ғалымдар көзқарастарында қарама-қарсы екі пікір қалыптасты: бірі – әдебиетте фольклордың ізі жоқ дегенге табан тіресе, енді біреулері – керісінше, әдебиетте фольклордың элементтері кездеседі дегенді алға тартты.

Сонымен қатар фольклордың теориялық мәселелері де зерттеле бастады. Мәселен, қазақ фольклорының әр түрлі жанрларының

өзіндік жеке ерекшеліктерін ажырату, саралау, сараптау т.б. жұмыстарының негізі қаланды. Көбінесе ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді фольклор жанрлары қарастырыла бастады.

Қазақ фольклортану ғылымы тек Кеңестік дәуірде ғана түбегейлі қалыптасты деуіміз Қазан төңкерісіне дейін қазақ фольклоры жайында жүргізілген кейбір зерттеу еңбектерін жоққа шығармайды. Мәселен, Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, П. Мелиоранский, Ә. Диваев т.б. тәрізді ғалымдар мен ағартушылардың жалпы қазақ фольклоры туралы, оның кейбір жанрлары жайында айтқандары бар. Әрине, мұнда пікірлер үлкен ғылыми зерттеу еңбектерінің міндеттерін атқармаса да, қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына үлкен әсер еткені күмәнсіз.

Мәселен, қазақ халық поэзиясын жинаумен зерттеуде Г. Потаниннің қосқан үлесін бағалағанда, ең алдымен, оның ертегі, эпосты зерттеуге қаншалықты мол еңбек сіңіргені көзге түседі. Г. Потаниннің жиған-тергендерінің арқасында фольклордың құрамы әлемнің жаратылысы, рудың шығуы туралы және қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, мысқыл-сықақ ертегі, аңыздармен толықтырылды. Салыстырмалы әдістің кемшіліктеріне қарамастан Г. Потаниннің қазақ, ұйғыр, монғол және Сібір мен Алтайдағы түркі тілдес халықтардың поэзиясындағы өзара жақындықты анықтауы да аса бағалы [31].

Халық мұрасын қолма-қол жинау арқасында, әрі халықтың өмірі мен әдет-ғұрпын ұзақ жыл бақылаудың нәтижесінде Ә. Диваев өзінің зерттеу жұмыстарына негіз етіп халықтан алынған дәйекті материалға сүйенді. Қазақ халық поэзиясын зерттеуші ғалымдар мен замандастары: В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Васильев, П. Мелиоранский сияқты Ә. Диваев те қазақ поэзиясының ерекшеліктері туралы көп ізденді. Қазақ халық поэзиясының шығармалары басқа да халықтардың фольклоры сияқты «халық көзқарасының сәулесі», оның рухани бейнесі мен ұлттық характері екендігін ол жақсы түсінді [32].

1920-шы жылдардың басында қазақ халқының ауыз әдебиеті жайында көтерілген мәселелер баспасөз беттерінде үлкенді-кішілі мақалалар, зерттеулер түрінде жариялана бастады. Мұнда қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу, бағалау мәселелері көтерілді. Мұның өзі халық ауыз әдебиетін зерттейтін қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына негіз салды. Сол тұста қазақ фольклоры туралы жазылған кішігірім мақалалардан басталған фольклортану ғылымы идеология майданында таптық күрес, фольклордың тарихи

және оның қоғамдағы рөлі жайында көтерілген мәселелерге белсене араласты.

Сол кездегі Кеңес үкіметі қолдауына сүйеніп, үстемдік алған солақай пікірлер Қазан төңкерісіне дейін жарияланған фольклор үлгілеріне:

- 1) шығыстан келді;
- 2) ұлтшыл-буржуазиялық көзқараста деп сынға алды;
- 3) халыққа қатысы аз;
- 4) феодалдық қоғамға бас иеді деп;
- 5) діни-шығыстық шығармаларға ғана назар аударады;
- 6) ғылымға буржуазиялық талап негізінде ғана келді;
- 7) қарапайым халық мәдени бағалықтарды қалыптастыра алмайды;

8) байлар үстемдігі;

9) тап тартысы тұрғысындағы т.б. сыңайдағы сыңаржақ пікірлер үстемдік етіп, фольклордың біржақты ғана зерттелгені де белгілі. Соның салдарынан да фольклорды зерттеу халықтың ұлттық ерекшелігін түсіну үшін қажет деп, сөз жүзінде мойындалған болса да, іс жүзінде фольклорды жинау мәселесіне арнайы қомақты еңбектер жазылған жоқ.

Идеологиялық күрестің негізінде қалыптаса бастаған Кеңестік қазақ фольклористикасы 1920 жылдардың өзінде-ақ төмендегідей мәселелерге айрықша көңіл бөлді:

- 1) ескі мәдени мұраны игеру;
- 2) халық ауыз әдебиетінің тарихын зерттеу т.б.

Ескі әдеби мұраның иесі үстем тап емес, еңбекші халық екенін дәріптеген таптық мақсаттағы мақалалар дені сол кездегі «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» т.б. сияқты газет-журнал беттерінде жарияланды. Мәселен, Сәбит Мұқанов «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай» деген мақаласын «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы № 7—9 сандарында жариялайды. Мұнда халық ауыз әдебиеті әрі бай, әрі әдемі әдебиет дей отырып, оны тудырушы үстем тап емес, еңбекші халық мүддесін жырлаған жыршы-ақындар екенін айтады. Осы ретте С. Мұқанов халық әдебиетінің ең көрнекті өкілдері деп Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Шал, Біржан, Ақан, Ыбырай сияқты ақын, жыршы, әншілердің есімін атай отырып, олардың шығармаларын әрі жинау, әрі жарыққа шығару жайын сөз етеді. Сондай-ақ ғалым Бейсембай Кенжебаев та «Абай өлеңдерінің 1923 жылғы басылуы туралы» мақаласында (Еңбекші қазақ, 1925, № 359—360) халық ауыз әдебиетінің негізгі мұрагері еңбекші қазақ екенін айтады. Демек ескі мәдени мұраны таптық мақсатта халық мүддесіне сәйкес бағалап,

таптық тілекке сәйкес зерттеу, пайдалану туралы мәселелер 1920 жылдардың өзінде-ақ көтерілді. Ал, ескі мәдени мұраның бәрін «халықтық» деп жарияламай, тек олардың ішінен ең асылдарын, идеялық және көркемдік сапасы жоғарыларын тек еңбекші таптың мүддесіне сай келетіндерін ғана тандап алу мәселесіне ерекше назар аударуы т.б. – бәрі сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымында біржақтылық, асығыстық т.б. тәрізді кемшіліктерді тудырды. Қазақ фольклорын таптық тұрғыдан, еңбекші халықтың арман-мүддесі тұрғысынан зерттеп бағалау ісіне С. Сейфуллин [33] кейін 1920 жылдардағы С. Мұқанов, Б. Кенжебаев тәрізді біраз әдебиетші фольклористер назар аударды.

1920 жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының көтерген екінші бір үлкен мәселесі қазақ халық ауыз әдебиеті тарихын зерттеу болатын. Бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген М. Әуезов қазақ фольклоры туралы бірнеше зерттеу жазды: «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922 ж.), «Қобыланды батыр» (1925 ж.), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927 ж.) т.б. Бұл еңбектерде: қазақ әдебиетінің даму жолдары, қазақ жазба әдебиетінің XVIII-XIX ғасырда қалыптаса бастағаны, бұл әдебиеттің алдында халықтың ғасырлар бойы жасаған бай халық ауыз әдебиеті жатқаны, ол кейінгі жазба әдебиеттің бастамасы екендігі т.б. сөз болады. Сонымен қатар М.Әуезов қазақ жазба әдебиетінің кейбір өкілдерінің шығармашылығы халық әдебиетімен тығыз байланыста екендігін дәлелдейді. Қазақ ауыз әдебиетін іштей жанрларға жіктейді, әрбір жанрдың өзіндік ерекшеліктерін сөз етеді. Қазақтың эпостық жырларына арнайы тоқталып, олардың белгілі бір оқиғаларға, әлеуметтік жағдайларға байланысты туғандығын көрсетеді

Қазан төңкерісінен кейін Кеңестік оқу ағарту саласында кадрлардың жетіспеуі өз алдына, тіпті оқу орындарындағы оқулықтардың жұтандығы сол кездегі қазақ зиялыларын толғандырған басты мәселелердің бірі болғандығы анық. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін де белгілі ғалым М. Әуезовтың «Халық ауыз әдебиеті туралы» мақаласы 1924 жылы «Жас қайрат (Ташкент) журналының 4 санында (Б.19) жарияланған [34]. Бұл мақалада автор уақыт өткізбей халық ауыз әдебиеті үлгілерін тездетіп жинап алуға шақырады. Халық ауыз әдебиетін жинауға қолайы бар адамдар, оқыған шәкірттерді тарта отырып, автор оларға қазақ елі тұрмысының ерекшелігіне орай ескі мұраны жан-жақты жинастыру міндетін жүктейді. Ғалым Мұхтар Әуезов халық әдебиетіне өлең, жыр, ертеке, мақал, жаңылтпаш, бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер, жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар,

халық дәрігерлігі, олардың пері, сиқыршылар, албастылар һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасын жатқызады. Демек фольклорды өзінше іштей жіктей отырып, және оның алғаш анықтамасын да береді: «...халық әдебиетінде жоғарғылардың кім айтып, кім шығарғандығы, анық емесі мәлім болмайды. Ескі білетіндерден кім ұғып жаттап айтса, сол ие болып, бірден-бірге тапсырылып жүре береді. Ондай белгілі иесі болмаған сөздер жалпы халыққа ортақ мүлік есебінде қалып отырады.

Сондықтан жоғары айтылған адамның құлқына, тіршілігіне пайдалы, жалпы халыққа ортақ сөздер халық әдебиеті деп аталады», - дейді [34, 42 б.]. Міне, ғалымның бұл пікірлері мақаланың ағартушылық мақсатта жазылғанын көрсетеді.

Сәкен Сейфуллиннің 1929 жылы «Қазақ әдебиеті туралы хат» атты мақаласы [35] да, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жазылған. Автор қазақтың халық әдебиетін жинаушылардың көбейе бастағанын сөз ете отырып, елдің жаңа тұрмыс дәуіріне аяқ басқанын, мектеп, медреселері көбейгенін жазады. Автор қазақтың мәдениет, әдебиет тарихын зерттеу мақсаты Қазақстанның халық ағарту орындарының алдында тұрған ең басты мәселесі болу керектігін айтады. Ол үшін С. Сейфуллин: «Халық тарихын, әдебиет тарихын тәртіптеп жазып шығаруға әдебиет тарихының деректері керек. Болған тиісті мағлұматтар, біраз ескі мағлұматтар, біраз тарихи әдебиет деректері қазір қазақ университеті қарамағында бар. Бұл ескі мағлұматтар дегеніміз, тарихи әдебиет дегеніміз мыналар: ескі сөздер, билер сөздері, ескі батырлар әңгіме-жырлары, қиссалар, ертектері, неше түрлі өлеңдер, әдет-ғұрып жырлары, мәселен: беташар, ау-жар, тойбастар, бесік жырлары, жоқтаулар, айтыстар, ескі әңгіме-жырлар, аңшылық әңгімелері, бақташылық әңгімелері, бақсы әңгіме-жырлары, тағы басқа осы тәрізді әңгіме-жырлар», - деген тәрізді фольклор үлгілері оқулық жазу үшін қажетті мәтін көзі боларын ескертеді. Ал, бұл жиналған фольклор үлгілері, С. Сейфуллин пікірінше, өз кезегінде университетте қазақ әдебиеті тарихынан оқылатын дәрістерге енеді, соңынан жеке оқулық кітап болып басылады. Демек С. Сейфуллин қазақ фольклорының барлық жанрларын бір жерге жинап, бастырудағы мақсаты – ол мектеп, медресе, университеттер үшін қажетті оқулық жазу екендігін анықтадық. Ендеше бұл үгіт-насихат құралын атқарған мақала әсерінен барып, сол кезде жиналған фольклорлық үлгілердің оқу-ағарту сипатындағы зерттеу жұмыстарына негіз қалағаны сөзсіз. Мақала соңында халықтық шығармаларды қайда жіберу керектігін де көрсететін Сәкен Сейфуллиннің Алматыдағы мекен-жайы көрсетілген. Бұл еңбектер

қазақ фольклорын кеңінен, ғылыми тұрғыдан баяндауға арналған алғашқы зерттеулер екені сөзсіз.

Ендеше, 1920 жылдары дүниеге келген Кеңестік қазақ фольклортану ғылымы аз уақыттың ішінде көп жұмыстар атқарды. Қазақ халық ауыз әдебиетін дұрыс пайдалану, ескі мұраны бағалау, қазақ фольклорының тууы мен даму тарихын зерттеу жайында аса маңызды мәселелер көтерді.

1930 жылдары қазақ фольклортанушы ғалымдары көтерген енді бір мәселе – қазақтың жазушылары шеберлікті қазақ фольклорынан үйрену қажеттігі айтылуы. Мәселен, С. Мұқанов «Қазақтың пролетариаттық әдебиеті туралы» (1931 ж.) еңбегінде [36] социалистік жаңа заманды, екпінді құрылыстар, адамдардың еңбегін шабыттана жырлау үшін қазақ ауыз әдебиетіндегі «жыр» өлшемін ұсынады. Демек сол кездің өзінде-ақ С. Мұқанов халықтық әдебиеттен жазба әдебиетінің алары әлі де мол екендігін дәлелдеуге тырысқан. Дәлел ретінде қазақ фольклорының «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырларында батырдың жорық, шабыс, айқас, тартыс кезінде көз ілеспес ерлік қимылдары «жыр» арқылы берілгендігін көрсете отырып, Кеңестік өмірді, ерлік, екпінді қимылды түйдектете жырлауда өлеңнің «жыр» түрі өте мәнді екендігін дәлелдейді. Осы арқылы әдебиетте халық поэзиясындағы «жыр» түрін қолдануды ұсынады.

Халық ауыз әдебиетінен үйрену мәселесін, сондай-ақ С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезовтер т.б. көтерген. Олар : халықтың тіл байлығын, сөз саптау мәнерін; фольклордағы сюжеттер, фольклорлық образдарды пайдалану т.б. мәселесіне назар аударды.

1930 жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының тағы бір көңіл аударған мәселесі – Кеңестік дәуірдегі халық шығармашылығы болатын. Бұл мәселеге сол кезде Одақ көлемінде Кеңестік партия мен үкімет ерекше мән беріп, қамқорлық жасады. Халық арасынан шыққан өнер иелеріне барлық жерде ерекше жағдай жасалғаны тарихтан белгілі. Әдебиетшілер мен фольклортанушылар Кеңестік халық поэзиясының көрнекті өкілдері: Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай сияқты ақындардың шығармасын зерттей бастады, әрі олардың шығармаларын оқу-ағарту мақсатында қолдануды көздеді.

Жалпы әлемдік фольклортануда әр халықтың фольклорын кімдер жинады дегенде, оның ұлттық ғалымдарын алға тарту үстем болса, Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңестер елінде орналасқан партия жетекшілері мұның бастауында орыс ғалымдары тұрды деген біржақты пікірге бағыттап отырды. Кейбір ғалымдар фольклорды – халықтың көркем шығармалары деп те бағаласа, билеуші

қайраткерлер ығымен жүрген енді біраз-ғалымдар Қазан төңкерісіне дейін шыққан фольклорлық еңбектерді маркстік-лениндік негізде қайта жазу керек деген ұйғарымды да күн тәртібіне қойды.

Қорыта келгенде, XX ғасырдағы Кеңес өкіметі тұсында жарияланған біраз мақалаларда, негізінен, фольклорды оқу-ағарту мақсатында мектеп, медресе, университетке қажетті оқулық, хрестоматия үшін пайдалану идеясын дұрыс көтерді. Ал, ескі мұраны бағалау тәрізді сипатта басылған мақалалар дені т.б. халық ауыз әдебиетін тарихын зерттейтін қазақ фольклортану ғылымының негізін қалауда игі әсер еткені күмән тудырмайды.

2.2 Оқулықтар мен хрестоматиялар

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорының жекелеген мәселелері А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, Ә. Бөкейханов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов т.б. зиялылар тарапынан сөз болғаны мәлім [37]. Сондай-ақ бұл кезде орыс зерттеушілері Е. А. Алекторов, В. Бартольд, Н. Я. Бичурин, П. М. Мелиоранский, А. В. Васильев, Н. И. Гродеков т.б. еңбектерінде қазақ фольклоры туралы зерттеулер жүргізді [38].

1920-жылдары қазақ фольклорын зерттеу жұмыстары белгілі аға буын ғалымдары еңбектері негізінде іске асса, 1930-шы жылдары аға буын ғалымдар ісін жас ғалымдар жалғастыра түсті, алайда, олардың зерттеулеріне жаңа идеологиялық ұстанымдардың әсері күшті болды. Тағы бір ескеретін нәрсе, бұл кезеңде ғалым мамандардың жетіспеушілігі, олардың арнайы фольклортанушылық білімі болмауы т.б. – бәрі зерттеу жұмыстарының сапасына да әсер етті. Осының салдарынан да қазақ фольклорының көптеген жанрлары ескерусіз қалып, оның біразы ғана зерттеу нысанына ілініп үлгерді.

1920–1930 жылдардағы фольклортану ғылымы тақырып жағынан болсын, зерттеулердің ауқымы жағынан болсын ілгерілеп дами түсті. Қазақ фольклорын сипаттауға арналған маңызды да көлемді зерттеулер көріне бастады.

1920–1930 жылдары қазақ фольклортану ғылымында қолға алынған басты мәселелердің бірі – оқулық пен хрестоматия жазу болды. Мұндай игілікті істі бастаған, қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихын алғашқылардың бірі болып оқулық көлемінде сипаттауды мақсат еткен А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллиндер еді. Қазақ әдебиеті тарихын, оның ішінде халық ауыз әдебиеті, тарихын оқулық көлемінде баяндауды мақсат еткенін С. Сейфуллин алдымен 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде [39] ашық хат арқылы хабарласа, ал

1932 жылы қазақ әдебиеті тарихына арналған «Билер дәуірінің әдебиеті» деген атпен кітабын жарыққа шығарды.

Ғалым А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» оқулығы (Қызылорда-Ташкент, 1926) негізінен алғанда, қазақ әдебиеті қисынына арналғанымен, онда сонымен бірге қазақ фольклортану ғылымына т.б. қатысты материалдар мол қамтылуымен де ерекшеленеді. Бұл кітап мәні хақында белгілі ғалымдарымыз: З. Ахметов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Ш. Сәтбаева, Р. Нұрғалиев, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов т.б. сараптаулары жарияланғаны белгілі [40]. Бұл дәйектемелерде, көбінесе еңбектің сөз өнері болмысын, бітімін жүйелі саралаған тұңғыш теориялық оқулық ретіндегі маңыздылығы, әдебиет теориясына қатысты терминдік атаулар рөлі туралы т.б. мәселелер көтеріліп, ал фольклортануға қатыстылары: эпостану, ғұрып фольклоры тұрғысынан т.б. зерделеу жағы сөз болғаны да мәлім. Расында, жоғарыда аталған зерттеушілер орынды атап көрсеткендей, еңбектің, әсіресе, көрнек өнері тараулары саласында қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты категориялары мен терминдері түп-түгел осы кітапта қарастырылған.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты оқулық кітабы өзінің құрылымдық ерекшелігіне қарай, негізінен, жоғары оқу орындарына арналған [41]. Оқулық ішіндегі 15 тараудың «Ауыз әдебиеті» атты бір тарауы ғана фольклорға арналған [41, 232-261 б.]. Фольклорға А. Байтұрсынов: «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиет, яки анайы әдебиет деп аталады», - деген дұрыс анықтама береді [41, 231 б.]. Демек автор фольклорды ауызша айтылған шығармалар деп қабылдаған.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі тұтастай өзара дербестенген 15 тараудан тұрады: «Арнау», «Көрнек өнерінің тараулары», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн түрлері», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл қисыны», «Сөз талғау», «Тіл әуезділігі», «Өлең шығару», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Дарынды сөз», «Жазу әдебиеті» мен «Ауыз әдебиеті».

Әйтсе де А. Байтұрсыновтың фольклортанушылық еңбегі өзі аты айтып тұрғандай «Ауыз әдебиеті» тарауында неғұрлым көп сарапталынады десек те, басқа да тараулардағы мысал ретінде келтірілген фольклорлық үлгілерді т.б. назардан тыс қалдырмау керектігіне назар аудартқымыз келеді. А. Байтұрсыновтың осы кітаптағы фольклористік қызметі «ауыз әдебиетіне» (қазақ

фольклорына) қатысты көтерген күрделі де, түрлі де т.б. ғылыми сараптауларының мәні, оның фольклор үлгілерін қолдану, оларды жүйелеу, жіктеу ерекшеліктерін т.б. дәйектеуі ескерілуі қажет.

Зерттеуші көрнек өнерінің тараулары ретінде өнер атаулыны іштей беске бөледі: сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері. Міне, осы орайда: «Өнердің ең алды – сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» –деген қазақ мәтелі бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – деп түйген пікірінен [41, 138 б.], біз ғалымның мақалды (фольклорды)- дайын дәлел, үгіт, мәтін көзі ретінде, филологиялық тұрғыда, сөздің құдіретін, сырын өнер саласында сараптау құралы үлгісінде танытуын көреміз. Фольклорлық материалдарды филологиялық тұрғыдан осылай қолдану үлгісі орыс ғалымы М. В. Ломоносов (1711–1765) еңбектерінде де болған [42].

Ахмет Байтұрсынов фольклорды сөз өнері деп біледі. Сондықтан ол сөз өнері адам санасының көрінісі болып табылатын ақыл, қиял, көңіл ұғымдарымен байланысты дейді де, соның бәрі тіл арқылы іске асатынын, сол себепті фольклор тілі де өзіндік сипатқа ие екенін айтады. Фольклорды да әдеби де шығарма дей отырып, оның тақырыбы, жоспары, мазмұны, түрі болатынына назар аудартады [41, 142 б.]. Мұнда шығарма, яки әдебиет дегенде, ең бірінші болып «ауызша шығарылған сөзді» (яғни халық ауыз әдебиетін) А. Байтұрсыновтың алдымен атауы т.б. – бәрі фольклортанушының жазып шығарған әдебиеттің (жазба әдебиеттің) негізін қалаған фольклор екен деген ойын діттейді. Мұндай пікір үлгісінің ХІХ ғасырда өмір сүрген орыс ойшылы А. И. Герцен (1812–1870) еңбегінде кездесетініне белгілі [43]. Демек әлемдік фольклористика тарихында фольклорды зерттеушілер арасында мұндай үндестік, сарындастық туу себептері десек, ол – дәстүрлілікте, алға қойған зерттеушілік мақсаттың ортақ екендігінде, ағартушы-демократтық көзқарастан туындайтынында. Ауызша туған, тараған, біздің заманға дейін жеткен т.б. халықтық нұсқалардың – бәрін алғашқылардың бірі болып, қазақ әдебиеті, қазақ фольклортану тарихында т.б. ғылыми тұрғыда Ахмет Байтұрсынов әдебиет, асыл сөз деп таныған. Шығарма тақырыбына келгенде: «Әңгімедегі пікір не нәрсе болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады», – дей отырып [41, 142 б.], зерттеуші А. Байтұрсынов өз пікірінің дәлелі ретінде «Айман-Шолпан», «Қобыланды батыр», «Атымтай жомарт» т.б. фольклорлық үлгілердің аттарын келтірген. Демек А. Байтұрсынов ауызша шығарылған фольклорлық нұсқаларды – дәлел көзі, дайын мәтін үлгісінде т.б. сөз өнеріне жатқызған.

Мәселен, бірде тіл тазалығы дегенде, ғалым ана тілдің құнарын сақтау үшін тілді шұбарламау керектігін алға тартса, ал сөз тұтыну қажеттігі туса, халыққа ұнаған, жиі қолданыстағы, жалпыға түсінікті сөздерді алу керек дегенді бөліп көрсеткен [41, 151 б.]. Ал, түсінікті тіл дегенде, дәстүрді сақтау, шығарма халықтығын негізге алу дегенді дұрыс айтқан. Мұның бәрі А. Байтұрсыновтың ана тілінің табиғилығын, тазалығын сақтауда, үлгі, нұсқа ретінде т.б. дайын фольклорлық мәтіндерді (Асан Қайғы, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қобыланды, Жиренше шешен т.б.) келтіре отырып дәлелдеуге тырысқанын көрсетеді. Сөйтіп, фольклор үлгілерінің табиғатына сүйене отырып, ғалым елді мәдениетке үгіттеудегі, кітап жазудағы негізгі мақсат т.б. ағартушылық екенін айқындаған.

Ғалым ел арасында ауызша айтылған: «...Атымтай жомарт, Жиренге шешен, Қаз дауысты Қазыбек...», деген [41, 155-156 б.], тарихи фольклорлық есім-аттарды белгілі бір теориялық ұғымдарды (көріктеуді - эпитетті), пікірлерді айқындау, дәлелдеу үшін де қолданған.

Ғалым теңеуді аңдату үшін дайын мәтін көзі есебінде «Ер Тарғынның астындағы аты – тарланына айтқан сөзінен» 30 жолдық жыр үзінділерін келтірген [41, 156-157 б.]. Сонымен бірге бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мегзеу, әсерлеу (арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу) т.б. тәрізді көркем сөздерді аңдату мақсатында фольклор үлгілерінен мақал-мәтелдер, «Ер Тарғын» жыры, «Қобыланды батыр» жыры, «Ер Сайын жыры» т.б. тәрізді халықтық шығармалардан да үзінді келтіріп отырған [41, 158-177 б.]. Бұл А. Байтұрсыновтың әдебиет қисынына қатысты тұңғыш ғылыми оқулық жазуда болсын т.б. бәрінде де ұлттық сипат рөлін ескеріп, оның жалғыз бастауы төл әдебиетіміз болып табылатынын дұрыс ажыратқан.

Жалпы жоғарыдағы көркем сөзге арналған бөлімдерде белгілі бір әдебиет қисынына қатысты қағиданы келтіргенде, оған дайын дерек, дәлел, мәтін көзі есебінде А. Байтұрсыновтың фольклорды қолдануы көңіл бөлерлік. А. Байтұрсынов фольклорды тек мәтін ретінде ғана пайдаланбаған, әр фольклорлық мәтінді өзінің тұжырымына, анықтамасына мысал ретінде алған. Мұның бәрі фольклортанушы А. Байтұрсыновтың халық шығармаларын әдебиет теориясына, тарихына қатысты келтіріп, ондағы теориялық ұғымдар негізі халықтікі дегенге т.б. назар аудартқанын дәлелдейді. Яғни ғалым фольклордың – филологиялық тұрғыдан әдебиет қисынына, әрі сөз өнеріне қажетті т.б. мәтін көзі ретінде қызмет ете алатынына назар аудартқан. Сонау XVIII ғасырда өмір сүрген орыс ғалымы

В. К. Тредиаковский де (1703–1769) өлең жүйесі негізі халықтікі дегенге көңіл бөлгізе отырып, фольклордың – әдебиет теориясына қажетті материал көзі болатынын дiттеген [44]. Тiл әуездiлiгi тарауына қатысты ғалым еңбегiнде әуездiлiктiң жалпы шарттарын, сөздiң дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралуын т.б. тiлдiк тұрғыдан сараптауы барысында фольклордан: мақал-мәтелдердi, «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» т.б. жырлардан алынған үзiндiлердi т.б. келтiрген [41, 177–186 б.]. Сонымен қатар «өлеңдi сөйлемдер» бөлiмiнде сөздiң қара сөз, әрi өлең түрiнде жасалатынын айқындай отырып, ғалым дәлел көзi ретiнде «Жар-жар» мен «Беташарды» алған [41, 184–188 б.]. Сондай-ақ А. Байтұрсынов фольклорды – өлең шығару үшiн ең қажеттi ырғақ ұйқас, екпiн, буын, бунақ, тармақ, шумақ т.б. түрлерiн ажырату үшiн де қолданған [41, 188–208 б.]. Осы арқылы қазақ әдебиетi тарихында да, қазақ фольклортану тарихында да ғылыми оқулық жазудың ұлттық үлгiсiн жасауда осы терминдердi тапқан, анықтама берген А. Байтұрсынов фольклорды пайдалану маңыздылығын, қажеттiгiн аңғартқан. Мәселен, кiтапта шежiре туралы сипаттама бар: «Шежiре өткеннен дерек беретiн сөздiң түрi. Шежiреде уақиғадан гөрi өткендердiң түсi, туысы көп айтылады. Сондықтан шежiре уақиғаға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе тобына жатады. Шежiре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебiн, мәнiсiн айтпай, тек болғанын айтады да қояды»,– делiнген [41, 213-214 б.]. Мiне, мұнда фольклордың аңыз жанрына жататын шежiренiң өзiндiк ерекшелiктерiн өз заман тұрғысынан жiктеп: өткеннен дерек беретiн, уақиғадан гөрi өткендердiң туысы айтылатын, туыс сарынымен айтылатын әуезе (әңгiме) табиғатына жататын, уақиға себебi айтылмай, тек болғандығы ғана баяндалатыны т.б. сарапталған. А. Байтұрсыновтың шежiреге берген бұл анықтамасы – бұл жанрдың тарихи фольклорға жататын жағын сүйенген. Бұған қоса бiздiң айтарымыз, шежiре қазiргi фольклортануда аңыз жанрының бiр түрi ретiнде қарастырылады. Тарих ғылымы шежiренi – деректанудың көзi деп бiледi де, оны халықтың этногезiн зерттеу үшiн пайдаланады. Бұларды жоққа шығармай, бiз шежiреде мифтiк те мотив болатынын, ол тiптi кейде ежелгi заманғы танымға негiзделетiнiн де ескертпекпiз. Бұл ойды алғаш рет С. Қасқабасов ұсынып, шежiредегi мифтiк сипатты ашып берген болатын [45]. Тарихи әңгiмеге келгенде ғалым : «Тарих жүзiнде белгiлi адамдар, нәрселер, уақиғалар турасында с өйлейтiн әуезелер тарихи әңгiме деп аталады. Тарихи әңгiме тек лақап әңгiмеден мазмұнының шындығымен айрылады. Жұрт аңыз қылып айтып

жүрген әңгімелердің өтірігі көп болады. Тарихи әңгіме сипатына сүйенетін шын әңгіме болады», - деп сараптайды [41, 216 б.]. Яғни ғалым сөз қылып отырған тарихи әңгімесі қазіргі фольклортану ғылымындағы тарихи аңыздар ұғымында берілген.

Зерттеуші ретінде Ахмет Байтұрсынов шешендік сөз жанрына да тоқталған. Ахмет Байтұрсынов бұл жанрды «шешен сөз» деп атаған. Шешендік сөзді айтушының негізгі мақсаты: баяндау, сипаттау, түсіндіру емес, керісінше, өз пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, илан келтіру дегенді айтып, бұл жанрдың басты функциясын жақсы аңғарған. Ал, шешен сөздің негізгі мақсатын: «... Адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру», - деп анықтаған [41, 223 б.]. Сондай-ақ А. Байтұрсынов шешен сөздің түрлерін іштей беске бөлген де, әрқайсысының не себепті, қай кезде, не үшін т.б. айтылатынын, өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған. Мәселен, біріншісі – саясат шен сөзі. Оны билер, шешендер жиналған елді аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатында қолданады дейді. Демек, бұл жерде А. Байтұрсынов шешендік сөздің қоғамдық функциясына мән берген. Екіншісі – билік шешен сөзін шешендердің сотқа айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін кірістіретіні сөз болған. Мұнда шешендік сөздің әлеуметтік қызметі ескерілген. Үшіншісі – қошемет шешен сөзі. Оның халық алдында біреудің еткен еңбегін, өткізген қызметін дәріптеп, қошаметтеу мақсатында келетіні діттелген. Төртіншісі – білім шешен сөзі. Ол білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері дейді. Соңғы бесіншісі – уағыз дейді. Оны дін жайынан сөйлеген ғұламалар, молдалар сөзі деп, тіпті, шешендер қатарына дін иелерін де жатқызғаны көрініп тұр [41, 233 б.]. Демек қазақ фольклортану тарихында тұңғыш рет шешендік өнерді тану жолында шешендік сөздерді ғылыми жүйеге түсіріп, ғылыми сипаттамалар бере отырып, қоғамдағы атқаратын қызметтеріне орай іштей өзінше жіктеуге түсіруі т.б. бәрі А. Байтұрсынұлының зор фольклоршылдық еңбегін айғақтайды.

Ал, халық ауыз әдебиетінің түрлері жазба әдебиеттегідей болмайтынына, іштей айтылу түріне қарай емес, тұтыну орнына қарай бөлінетініне қатысты пікірлері [41, 225 б.] т.б. бәрі ғалымның фольклордың өзіндік ішкі жанрлық ерекшелігі болатынын дұрыс саралағандығын танытады.

Сонымен бірге: «Жазу-сызу жоқ жұртта көсе сөзді (жазумен айтылатын сөзді- Н. Ж.) шығармалар болмайды. Себебі жазу-сызу жоқ жұртта өнер-ғылым болмайды. Ғылым дегеніміз дүниені, яғни

табиғатты дұрыс тану. Ғылым жоқ болса, дүниені тану дұрыс болмайды. Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңлауы дұрыс болмаған соң, табиғаттың күшін, ісін, қасиетін бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған», – деп, [41, 225 б.] А. Байтұрсынов дұрыс айтады. Бұл көне заманда жазба әдебиет жоқ кездегі жағдай. Фольклор – жазбаға дейінгі мәдениет. Одан әрі: «Сондықтан бұрынғылардың ертегі сияқты, жырлар сияқты шығарған сөздері біздерге шып-шылғи өтірік көрініп, біздің ақыл арнамызға жуыспайды. Қай халықтың болса, жазу-сызу білмеген заманы болған. Сондықтан ертегі сияқты өтірік сөздер қай халықта болсын бар», – деген тұжырымы [41, 225 б.] ғалым А. Байтұрсыновтың фольклорға – тарихи-типологиялық зерттеу методологиясы тұрғысынан келгенін танытады. Демек ғалым уақыт пен кеңістіктің халық санасына әсерін, шындық пен қиял арақатынасының диалектикалық категория тұрғысынан қарастырылатынына т.б. дұрыс назар аударған.

Ахмет Байтұрсынов айтыс жанрына да алғашқылардың бірі болып, бұл жанрдың да басты-басты сипаттарын айқындаған. Мәселен, ол «айтыс» сөзінде балуандар күресі тәрізді адамдардың бірін-бірі аңдуы, бағуы, бірін-бірі жығу үшін істелетін түрлі әдіс-амалдар, тәсілдер шоғыры бар екені, олардың бәрі өлеңмен ғана айтыс түрінде қолданылатынын дұрыс айтады [41, 227 б.]. Айтыс өлеңнің тууы үшін ақындықпен қатар айтыскер ақынның әдіс-тәсілі де болуы керектігіне де, түрлі нәрселер жайынан сөз қозғай білуі де, бірін-бірі сөзбен тосуға даярлығына да баса көңіл бөлген. Сондай-ақ айтысқа – халықты тәрбиелеу құралы ретінде қарауына да, адамның келеңсіз мінез-құлықтары сыналуды да, халық алдында орындалатынына да, айтысты – халық өмірінің айнасы деп қарап, айтыстың қазақ ауыз әдебиеті түріне жататынына да т.б. назар аудартуы – бәрі ғалым А. Байтұрсыновтың айтысты зерттеуге қосқан өзіндік үлесі.

Себебі бұған дейінгі зерттеулерде фольклор ішіндегі айтыс жанры жеке бөлініп қарастырылмады. Демек ғалым А. Байтұрсынов алғашқылардың бірі болып, айтысты жеке жанр ретінде алып, оның әрі ғылыми анықтамасын беруші, әрі ерекшеліктерін талдаған т.с.с. зерттеуші ретінде қазақ фольклортану ғылымы тарихында өзіне лайықты орын алатыны сөзсіз.

Ғалым Ахмет Байтұрсынов әуезе жайынан жазған ескертуінде: жер жүзіндегі жұрттардың шығармалары бір-біріне ұқсас келетіні, олардың көргені, өнегесі, үлгісі бір болғандығы, ол заманда қай халық болмасын табиғатқа тәуелді болғаны ; жезтырнақ, жалмауы з кемпір

т.б. тәрізді мифологиялық бейнелердің сол анайы заманда туындағанын түсіну үшін сол замандағы халықтың «балалық күйіне» түсу қажеттігі сөз болады. Ал күндегі керемет көрінген нәрселердің ол заманда табиғат сырын білмегендіктен, қорқыныш сезімімен байланыстырыла туғаны бұл күнде (күннің тұтылуы, дауыл тұруы, найзағайдың шатырлауы т.б.) ғылымның тілімен түсіндірілетіні айтылып, оған назар аудартуы т.б. бәрі А. Байтұрсынұлының фольклорға типологиялық зерттеу әдісі тұрғысынан келгенін, әрі фольклор бойынан көрінетін көне түсініктердің (анинизм, фетишизм, шаманизм т.б.) туу, шығу себебі ол заманда халықтың табиғатқа табынуынан туындағанын, дәлелдеуге тырысқанын көрсетеді [41, 228-232 б.]. Қазақ фольклорында көрініс тапқан халықтың ескі нанымдарын зерттеу – тек қана этнографтар мен тарихшылардың ісі емес. Бұл фольклористер үшін де өте маңызды екенін [46] еске алсақ, ғалым А. Байтұрсыновтың фольклорды тарихилық принцип негізінде зерттеу әдісін өз заманында сәтті қолданғанын көреміз.

Ал, батырлар жырында кездесетін батырлар бейнесін талдауы, жырдың орындалуы, жыршының рөлі (өз қиялына өң беріп, көпіртіп, көркейтетіні) т.б. – мұның бәрі А. Байтұрсынов мән беріп, зерттеген аспектілер [41, 230-231 б.]. Сонымен бірге ғалым А. Байтұрсыновтың жоғарыдағы үлгілердің ауызша туып, айтылып, дамитынына, көп нұсқалылыққа байланысты туындаған ерекшеліктер негізінде фольклорда нақты автор болмайтынына, бүкіл жұрт, ұлт, халық авторы болып саналатынына назар аудартуы да құптарлық. Бұл фольклордың авторлығына байланысты берілген тұңғыш ғылыми анықтама болып табылады. Сондай-ақ: «Сөз ішіндегі (фольклордағы- Н. Ж.) адамдардың жүріс-тұрысы, мінезі өзіне сәйкес келгендіктен әр халық өзінікі деп біледі. Сәйкес келу себебі ауыздан-ауызға көшкенде әркім өзінше өң беріп, өз заманының салтына, сарынына түсіргендіктен», - деуінен [41, 231 б.], біз А. Байтұрсыновтың фольклорды – халықтың мінез-құлығын, әдет-салтын, тұрмыс-тіршілігін танудың т.б. дайын этнографиялық дерек көзі деп қарастырғанын, фольклордың бойында өзіндік ұлттық ерекшеліктің болатынын алғашқылардың бірі болып байыптағанын сараптаймыз.

Фольклортанушы А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабының «Ауыз әдебиеті» атты тарауы бар [41, 232-261 б.]. Мұнда тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық- идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы, фольклордағы тарих пен

шындықтың арақатынасы т.б. бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған.

А. Байтұрсынұлы «ауыз әдебиетін» жұмсалатын орнына қарай, яғни атқаратын қызметіне орай «сауықтама» мен «сарнама» деп екіге бөлген: «...Сауықтама саласына барша сауық үшін айтылатын сөздер кіреді. Сарындама саласына жұрттағы келе жатқан салт сарынымен айтылатын сөздер кіреді», - деп анықтама берген [41, 232 б.].

А. Байтұрсыновтың фольклорлық жанрларды жұмсалатын орнына қарай екіге бөліп топтауы, өз кезегінде кейінгі зерттеушілерге осы мәселе төңірегінде әлі де іздену қажеттігін негіздеп бергені сөзсіз. Мәселен, кейінгі еңбектерде ғалым М. Әуезов ол кезде өзіндік жанрлық ерекшеліктеріне қарай фольклорды 4 үлкен топқа жіктеген, ал Х. Досмұхамедұлы фольклорды 47 жанрға бөлген. Ендеше қазақ фольклортану ғылымында алғашқылардың бірі болып, фольклор жанрларын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтау мәселесін көтерген А. Байтұрсынов екені анықталады.

Сауықтаманың өзін іштей ертектеме, әрі сауықтама деп қарастырған. Ертектемені ермек үшін айтады дей отырып, іштей: ертегі, ертегісімек, ауыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш деп жіктеген. Демек зерттеу еңбегінде ғалым фольклордың осы жекелеген жанрларына алғаш рет тоқталып, олардың әрқайсысына ғылыми анықтамалар берген. Мәселен, ертегіні-халықтың қиялымен қисынын келтіріп, қызықты ету мақсатында шығарылатыны, оның ішіндегі уақиғалар мен нәрселер дүниеде жоқ қиял негізінде туындайтыны, ертегілерді әдебиет тарихшыларының адамның жоққа нанған шағындағы сөзі деп есептеген [41, 232-233 б.].

Сондай-ақ ертегілердің астарлы мағынасы өнегелі, тәлім-тәрбие беру мақсатымен айтылады дей отырып, біріншіден, халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ деп, оның (фольклордың) тілтану жағынан керектігіне баса назар аударуының мәнділігі назар аудартады. Екіншіден, бала рухын, қиялын тәрбиелеуге ертегі керектігі, яғни баланың қиялын дамытуға, сөйлеуге үйретуге қажеттігі дәріптелген. Үшіншіден, бұрынғылардың сана-саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруімен де ертегі мәнділігі көрсетілген [41, 235 б.]. Міне, бұдан біз зерттеуші А. Байтұрсыновтың фольклорды – көненің ізі, дайын тілдік материал, әрі өскелең ұрпақты тәрбиелеу, сөйлету, тілін ұстарту құралы, әрі таным көзі, әрі халықтың өткенінен: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін тарихи-этнографиялық дерек көзі деп те т.б. қарастырғанын көреміз. Сонымен бірге «...елде тұрған адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қам болу борышым деп білу керек», - деген пікірінен [41,

233 б.], ғалым А. Байтұрсыновтың өз оқулығын фольклорды жинаушыларға үгіт-насихат құралы ретінде де ұсынғандығын танытады.

Ертегісімекті ғалым ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ әңгіме деп тапса- бұл оның фольклордағы ертегі жанрындағы танымдық қызметтен гөрі оның эстетикалық жағын көбірек бағалағандығын айғақтайды. Ғалымның «ертегісімек» деп жүргені, өзіндік ерекшеліктері: шынға бейімдірегімен, тұрмысқа жақындығы жағынан сарапталып, шамамен қазіргі кездегі фольклортану ғылымындағы «тұрмыс-салт ертегісі» ұғымына сәйкес келеді. Яғни А. Байтұрсынұлы ертегі жанрын іштей ертегі және ертегісімек (тұрмыс-салт ертегісі) деп екіге жіктегендігі анықталады. Тек хайуанаттар жайындағы ертегі жағы ғана ескерілмей қалған.

Ғалым жұмбақтың аты – жұмудан шыққанын, яғни зейін ұстартуға белгілі бір нәрсені жұмып, оны ұқсас нәрселерге сипаттау, ұқсастығы бойынша табудан туғандығын дұрыс айтады. Ал, жаңылтпаш деген аты жаңылудан басталып, өзіндік сөздердің топтасуынан туған сөздердің күлдіргі сипаты, айту ерекшеліктері т.б. болатынына баса назар аударады [41, 236 б.]. Бұл анықтамалар қазір де өз маңызын жойған жоқ.

Ал, «зауықтама» бөлегінде А. Байтұрсынұлы: «Зауықтама деп көңіл көтеру үшін сөйленетін сөздер айтылады», - дей отырып, оны іштей ертегі жыр (батырлар жыры), тарихи жыр, айтыс, өлең, үгіт өлең, толғау, түрлі терме өлеңдерге жіктеген [41, 236 б.]. Бұл жіктемеде берілген фольклорлық жанрларға да алғаш рет ғылыми анықтамалары осы еңбекте берілгенін есте ұстаған жөн.

«Ертегі жыр» деп бұрынғы өткен батырлар турасында шығарылған өлеңдері, әңгімесі өтірік-шыны аралас келетініне (шыны-батырлардың ел үшін соғысуы, батырлығы, қарат қылуы десе, өтірігі-мінген атына, тұтынған затына, өздеріне бітпеген қасиеттерді тану т.б.) батырлар әңгімесінің құндылығы халықтың жаны, рухы турасында айтылатынына ғалым дұрыс назар аудартады. Сондай-ақ ғалым А. Байтұрсынов батырлар жырының өлең, шумақ, ырғақ, ұйқас, буын, бунаққа т.б. негізделіп, жыр үлгісінде келетінін дұрыс байқаған. Сондай-ақ, жырдың тағы бір құндылығы – халықтың сенім арманынан туындайтын эстетикалық қызметінде екендігін де (яғни жерін, елін қорғау- ол ұлы мақсат, ұлы мұрат екендігін, халықтың жаны, рухы осында жатқандығын т.б.) дұрыс анықтаған. Сонымен бірге батырлар жырының ортақ ішкі ерекшеліктері де: баласыздық зары; әркімнен сол үшін қорлық көріп, таяқ жеуі, сөгіс естуі; зарығып, тарығып

әулиелерге баруы; өлдім-талдым дегенде балалы болуы тәрізді сюжет мотивтері де т.б. сөз болған. Бұл мотивтер әлем фольклорына тән заңдылық. А. Байтұрсынов соны алғашқылардың бірі болып байқаған. Жалпы, А. Байтұрсынов батырлық эпосты халықтың жанын, рухын танытатын дерек көзі және осы арқылы жас ұрпақты ерлікке батырлыққа, отан сүйгіштікке т.б. тәрбиелейтін құрал деп білген.

Осы орайда: «... Өлеңмен айтылған әңгіменің сөзі көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң, батырлар әңгімесіне аталарымыздың сөздері сақталып келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздерін сақтаған әңгімелер құнды болмақ», - деуінен [41, 238 б.], біз ғалымның фольклорды (батырлар әңгімесін) өзінің табиғилығын, тазалығын жоймаған дайын құнды тілдік мәтін көзі деп қарастырғанын көреміз.

Ахмет Байтұрсынов қазақ фольклортану ғылымында алғашқы рет тарихи жырға да өз анықтамасын беріп, оның басты-басты белгілерін де атап кеткен. Тарихи жыр туралы ол тарихта бар мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер деген ғылыми анықтама берген. Ойын дәлелдеу үшін «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары, Наурызбай» жырларын келтірген [41, 239 б.]. Ендеше А. Байтұрсынұлының фольклордың эпос жанрын іштей екі топқа жіктегенін білдік: бірі- «ертегі жыр» (батырлар әңгімесі), екіншісі – «тарихи жыр» деп қарастырған. Топтау барысында аты аталған тарихи жырлар кейінгі еліміздің егемендігін алған дейінгі дәуірлерде зиянды деп табылып, «тап тартысы», «кеңестік идеология», «әдебиеттің партиялылығы» т.б. айдармен тұмшаланғаны белгілі. Бұл аты аталған жырлардың осы күнге дейінгі зерттеу объектісі болмауы себептерінің бірі ғана. Жалпы қазақ фольклортану ғылымы тарихының эпостану саласы дегенде, А. Байтұрсынұлының осы тұрғыдағы еңбегін – эпостанудағы жүйелі сараланған өзіндік тұңғыш ғылыми сараптамасы деп қарастырған дұрыс.

Айтыс жанрын Ахмет Байтұрсынов екі ақын арасындағы бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, қапысын тауып жеңу үшін айтылатын өлеңдер қатарына жатқызады [41, 239 б.]. Ақын әдістеріне ғалым: сөзбен шаншу, қарсыласының осал жерін іздеу, елінде болған кемшіліктерді тізу, сөзбен ұялтып, сөзбен тосу, бөгеп тоқтату, бірін-бірі жайында мағлұмат жинау, міндерін айтып мүдірту, қиын сауалдар бере білу тәрізді т.б. амал-тәсілдерді жатқызған. Сондай-ақ «Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады. Мұның да бәрін жазып қалмасқа, бұ да анайы әдебиеттің өшетін, жоғалатын түрі», - деген пікірі де бар [41, 240 б.]. Міне, бұл да айтыстану тарихына айтыстың ішкі жанрлық ерекшеліктерін саралап, ғалым

А. Байтұрсыновтың өзіндік қосқан үлесі болып табылады. Бұл сонымен қатар зерттеушінің фольклорлық үлгілерге деген жанаршылығын, ел арасынан тездетіп жинақталса деген ізгі тілегін де аңғартады.

Белгілі фольклортанушы ғалым Б. Абылқасымов Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған кітабындағы «ауыз әдебиеті» тарауын әрі сараптай, әрі жіктей т.б. отырып, жалпы фольклористика ғылымында қалыптасқан тұрақты жүйе бойынша фольклор жанрлары іштей әрі көркем фольклоры, әрі ғұрып фольклоры болып екі үлкен салаған бөлінетініне баса назар аудартады. Сондай-ақ кезінде қазақ фольклортану тарихында осындай фольклорды екіге жіктеу үлгісін жасауға тырысқан ғалым А. Байтұрсынов екені дәріптеліп, оның осы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде орын алғанын жазады [47].

Аталған еңбекте ауыз әдебиеті іштей «Сауықтама» және «Сарындама» деп жіктелетіні белгілі. Ал «Сарындамасы» қазіргі түсінігімізде ғұрып фольклоры екендігін ғалым Б. Абылқасымов дұрыс ажыратып берді. Дегенмен ғалым Б. Абылқасымов А. Байтұрсыновтың «Сарындаманы» іштей салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп бөлгенін әлемде қалыптасқан фольклортанушылық ғылыми жүйеге сай келмейтініне де көңіл аудартады. Сөйтіп ғалым Б. Абылқасымов ғұрып фольклорын іштей от басының ғұрып фольклоры, маусымдық ғұрып фольклоры, наным-сенім ғұрпының фольклоры болып жіктелетінін дәлелдеген [47, 10-11 б.].

«Салт сөзі» дегенде, Ахмет Байтұрсынов салт сарынымен, яғни салт жөнімен айтылатын сөздерді келтіріп, оған: мысалдарды, ділмәр сөзді, тақпақтарды, мақалдарды, мәтелдерді жатқызған [41, 246 б.]. Ал, мұндағы мысалдар қатарына жатқызған мәтін атаулары – кәдімгі хайуанаттар турасындағы ертегілер. Мәселен, «Арсыз ит», «Өтірікші тышқан», «Хайуандар таласы», «Бақылдақ теке» т.б. Бұлар әлемдік фольклортану тарихында ертегі жанрына жататыны белгілі. Демек ғалымның хайуанаттар турасындағы ертегілерді мысал деп қабылдауы фольклортанушылық талаптан гөрі, сол тұста үстем болған әдебиеттану мақсатынан туындағанын дәлелдейді. Ділмәр сөз дегенде, ғалым бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден т.б. қалған сөздерді дәлел көзі ретінде келтірсе, бұл жанрлық ерекшеліктері жағынан «салт сөзінен» гөрі фольклордың «шешендік сөздер» топтамасына жатары анық. Сондай-ақ мақалдар да, мәтелдер де фольклордың өз алдына жеке жанрлары есебінде қарастырылатыны т.б., кейде оларды фольклордың ұсақ жанрлары деп те аталатыны белгілі. Дайын мәтін көзі ретінде алынған бұл фольклорлық мұралардың қайдан алынғандығы, т.б. нақты көрсетілмеген. Тек

«ділмәр сөзге» келгенде, ғалым А. Байтұрсынов – Ыбырайұлы Тұрман жинағынан «Дулаттың бір биі мен қоңырат Мырзан биі» арасындағы сөз қактығысы алынды деген сілтемесі бар [41, 247 б.]. Мақал бөлімінде ғалым дайын 29 мәтін үлгісін қолданса, мәтелге – 24 нұсқа, кірістірілген [41, 249-251 б.].

Ал, мақалдың, не мәтелдің ғылыми анықтамасы берілгенде, жанрлық өзгешелігі жіктелуінен гөрі жалпы мағыналық сипаттамасының бір қыры – айтылу ерекшелігі ғана берілген. Мәселен, ғалым: «Мәтел дегеніміз кезінде келгенде кесегімен айтылатын белгілі-білгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады»- деген [41, 250 б.].

«Ғұрып сөзі» тарауында, ғалым А. Байтұрсынов ғұрып сарынымен, яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздерді – ғұрып сөзі дей отырып, олардың қатарына: той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазанды т.б. жатқызады [41, 25 б.]. Мұның бәрі фольклортану ғылымында тұрмыс-салт жырларына, яғни ғұрып фольклорына жататыны белгілі. Мұнда әр жанрдың өзіндік сипаттамалары бар. Мәселен, той бастар дегенде, тойдың кешкі ойыннан біреу өлең бастайды делінсе; жар-жарды қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең деп дұрыс ажыратқан. Ал, неке деп екі арада жүретін екі куәнің – күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерді айтады (әнмен айтылмайды деген ескертпесі де бар) десе, жоқтауды - өлген кісіні жоқтап сөйлеу үшін айтылатынын дұрыс анықтаған. Сондай-ақ, ғалым жарапазанды – ораза уақытында бозбалалардың түнде үйдің тысында тұрып айтатын өлеңі екендігін; бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз екенін [41, 251-256 б.] дұрыс көрсеткен.

Сондай-ақ, ғалым жар-жардың өзіндік ерекшелігіне де тұңғыш пікір айтуымен көзге түседі: жар-жардың жұбату үшін айтылатыны, оның екі жақ болып бастайтыны, соңынан бір жақ кідіретіні, жұбатушының сөзіне жауап қайырылатыны, бір жағында жігіттер, екінші жағында қыздар тұратыны т.б. дұрыс жазылған [41, 252 б.]. Ал, беташарда: қыз-келіншектің бетін көрсетпейтінін, ауылға келгенде алдынан шымылдық тартылатынын, тек қыз-келіншек пен бала-шағалардан басқа ешкімге беті көрсетілмейтінін ескертеді. Одан әрі беташар айтылғаннан кейін беті ашылатынын, оның әндетпей айтылмайтынын, әуел басында нұсқау, жол, ереже түрінде келтіріліп, кейін әдет мағынасына айналып кеткенін т.б. бәрін ғалым А. Байтұрсынов дұрыс сипаттап жазып кеткен [41, 254 б.]. Жоқтаудың, көбінесе белгілі адамдарға арналатыны, оны қайтыс

болған адамның қатыны, я қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен қайтыс болған адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше басына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтылатын жыр түріндегі сөз екендігін дұрыс көрсеткен ғалым, оларды, көбінесе ақындар шығарып беретінін де т.б. сөз еткен [41, 254 б.].

Жарапазан жанры да бұл еңбекте алғаш сөз болады. Жарапазанды ораза уақытында, түнде бозбалалар үйдің тысында тұрып айтатынына, сауап болады деп жарапазан орындаушыларға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек т.б. берілетініне көңіл аудартады. Ал, оны күндіз жүріп айтатындар үлкен адамдар болатынына, айтатындар екеу болып жүретініне т.б. баса назар аудартқан [41, 255 б.]. Мұның бәрі ғалым А. Байтұрсыновтың ғұрып фольклорын іштей жіктеп, оның өзіндік ерекшеліктерін т.б. сараптауға, танытуға келгенде, міндетті түрде тарихи-этнографиялық сипаттамаларын бірге беруді қажет деп санағандығын көреміз. Яғни бұл кез келген халық өзінің өткенін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін т.б. ұмытпасын, мәңгі есте сақтасын деген ізгі ойдан туындаса керек-ті. Демек бұл да ғалымның фольклорды – тарихтың, этнографияның көзі деп қарастырғанын дәлелдейді. Ал, ғұрып фольклоры ішіндегі «Қалып сөзіне» келгенде, ғалым тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді айтқан. Қалып сөзіне А. Байтұрсынұлы жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру т.б. жырын жатқызған [41, 257-261 б.]. Бұлардың біразын кейінірек: белгілі ғалым Х. Досмұхамедов «емдік өлеңдер» десе, М. Әуезов «дінмен байланысты өлеңге» жатқызғаны белгілі. Ғалым С. Сейфуллин «ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар» деп қарастырса, ғалым Б. Кенжебаев «дін салт өлеңдері» деген, ғалым М. Сильченко «діни ұғымдарға байланысты салт өлеңдеріне» кірістірген. Ал, ғалым Б. Уақатов «халықтың ескілікті наным-сенімдерінен туған өлеңдер» деп жіктесе, С. Қасқабасов «діни нанымдарға байланысты жанрларға» жатқызған т.б. [48]. Жалпы айтқанда, жоғарыда аты аталған белгілі ғалымдар пікірлерін сараптай келе фольклортанушы Б. Абылқасымов осы арада ғұрып фольклоры терминін енгізеді [47, 11-15 б.]. Және де Б. Абылқасымов бақсы ұғымы орнына А. Байтұрсыновтың «жын шақыру», арбау орнына «құрт шақыру», бәдіктің орнына «дерт көшіру» тәрізді өзіндік терминдік атауларды қолданғанын да саралаған. Дегенмен бұлардың біразы қазіргі таңда ғылыми термин есебінде қолданыста болса да, біразы қазақ фольклортану ғылымы айналымында кездеспейді. Себебі, А. Байтұрсынұлы жалпы «ауыз әдебиетіне» қатысты

ұғымдарды қолданғанда, олардың ғылыми терминдік қолданысын жете ойластырмаған т.б. тәрізді.

Ал, жын шақыру ерекшелігіне келгенде: бақсының жын шақырғанда сарнап, өлеңше ұйқастырып, түрлі сөздер айтатынын, Алладан, әулиеден, аруақтан т.б. жәрдем тілейтінін, жындардың атын атайтынын, қобызымен серттесетінін т.б. ғалым алғашқылардың бірі болып дұрыс анықтаған [41, 257-258 б.].

Құрт шақыруға берген анықтамасында, ғалым - тісі ауырған адамның тісінен құртты түсіру үшін емшілер айтатын сөздері деп, мәтін көзі ретінде 25 жолдық жыр үлгісін берген [41, 259 б.]. Әдетте кез-келген емшіліктің құдірет-күші, құпиясы т.б. атадан балаға туыстық ізімен ғана берілетін мирас екенін ескерсек, мұндай сирек кездесетін мәтін үлгісінің қағаз бетіне түсіп, ғалым А. Байтұрсынов кітабына енуінің өзі бір жаңалық болды.

Дерт көшіруге берген анықтамасында, ғалым оның малда болатын бәдік деген ауруды, әрі адамда болатын күләпсан деген ауруды өлеңмен емдеу үлгісі деп дұрыс ажыратқан. Сондай-ақ, бәдік болған малды т.б. ортаға алып қоршайтын да, «Көш! Көш!»- деп өлең айтатын да қыз-бозбалалар т.б. екеніне көңіл бөлген [41, 259-260 б.].

Ғалым А. Байтұрсынов еңбегінде «ауыз әдебиеті» ұғымы – қазіргі таңда авторы сақталып, тек шығармалары бізге ауызша жеткен, негізінен, XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы ақын- жырау шығармаларына қатысты қолданылатыны белгілі. Ал, ол кездегі А. Байтұрсынов енгізген бұл «ауыз әдебиеті» терминін қазіргі фольклортану ғылымы қолданысындағы «фольклор» мағынасында берілген деп қабылдағанымыз жөн. Яғни, фольклорды авторы белгісіз халық ауыз әдебиеті ұғымы деп қарастырамыз.

Түйіп айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты кітабы әдебиет қисынына арналғанымен, онда қазақ фольклоры алғаш рет оқулық көлемінде зерттеліп, сипатталды. Оқулықта қазақ фольклорының эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді жанрлары алғаш рет іштей жіктеліп, олардың өзіндік ерекшеліктері, анықтамалары бірге берілді. А. Байтұрсынов оқулықтағы фольклорды тек мәтін ретінде ғана қолданбаған, сондай-ақ фольклорлық мәтінді өзінің тұжырымына, анықтамасына мысал ретінде алған. Ал, батырлар жырында кездесетін батырлар бейнесін талдауы, жырдың орындалуы, жыршының рөлі т.б. – мұның бәрі А. Байтұрсынов мән беріп зерттеген аспектілер. Қазақ фольклорын оқулық көлемінде алғаш сипаттаған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – қазақ фольклортану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

XX ғасырдың 20-шы жылдары белгілі ғалым М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927 ж.) мен Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» (1928 ж.) атты зерттеу еңбектері оқулық сипатында басылғанмен, негізінен, монографиялық еңбектің жүгін арқалаған себепті осы еңбегіміздің кейінгі тараушасында арнайы қарастырылады.

Қазақ ауыз әдебиетін оқулық көлемінде зерттеп, сипаттау жөнінде 1930 жылдары көп жұмыстар атқарылды. Бастауыш пен орта мектептерге арналған бірнеше оқулық, хрестоматиялар баспадан шықты. Мәселен, осы орайда белгілі ғалымдар М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Қаратаев, Қ. Бекхожин, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан т.б. жазған, құрастырған оқулықтар мен хрестоматияларды атаған жөн [49]. Әрине бұл оқулық атаулы қазақ фольклорының барлық жанрын қамтымайды, дегенмен сол кездің өзінде-ақ оқушыларға фольклор турасында біраз мағлұматтардың берілгені мәлім. Ал, оқулық жазу үшін дайын мәтін көздері қажет десек, ол кезде дайын мәтін көзі ретінде фольклорды пайдалану іске асқаны мәлім. Демек, ел арасынан фольклор үлгілерін жинау, баспа арқылы жариялау т.б. басты іс-шаралардың бірі болғаны анық.

Мәселен, 1941 жылы қазақ ауыз әдебиеті туралы орта мектепке арналған оқу құралы басылды [50]. Бұл оқу құралын құрастырып баспадан шығарған белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиев пен Ә. Марғұлан екені белгілі. Дегенмен оқу құралының «Ауыз әдебиеті туралы түсінік» бөлімін М. Бөжеев; «Еңбек кәсіп жайындағы өлең-жырлар» тақырыпшасын Б. Шалабаев; «Жар-жар», «Той бастар», «Айтыс жырлары», «Ертегінің композициясы мен тақырыбы», «Ертегінің композициясы мен стилі», «Ер Төстік», «Аяз би», «Құламерген», ертегілері, «Легендалар» туралы Б. Бисенбин; «Ауыз әдебиетіндегі отан қорғау және патриотизм туралы», «Батырлар жыры», «Лирико-эпос жырлары» туралы Қ. Жұмалиев, ал қалғандарын Ә. Марғұлан жазған.

Ауыз әдебиеті туралы берілген түсінікте, оның ерте заманда жазба әдебиет болмаған кезде туғандығы, фольклордың ауыз әдебиеті деген мағынада қолданатын ағылшын сөзі екені М. Бөжеев тарапынан айтылады. Одан әрі: «Ауыз әдебиеті дегеніміз – жаза-сыза білмейтін кезінде пайда болған халықтық көркем шығарма болады» - делінген анықтамасы да берілген [50,3 б.]. Міне, бұдан біз бұл оқулықта да фольклорды ауыз әдебиеті деп қарастырғанын көреміз. Және де бұған дейінгі А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде ауыз әдебиетінің ғылыми анықтамасы берілмей келгенін ескерсек,

бұл сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болып саналады.

Ал, фольклордың жазба әдебиет шыққаннан кейін де дами беретінін, кейін де халық арасында маңызын жоймайтынын, қоғамның даму сатысына қарай фольклордың да өзгеріп отыратынын дұрыс анықтаған М. Бөжеев пікірі өзінің өміршеңдігімен де бағалы, өзінің құндылығын жойған жоқ.

Халық ауыз әдебиетінің толып жатқан әдебиеттік түрлері бар дей отырып, М. Бөжеев оларды екі үлкен салаға бөледі: бірі – проза жанрына, екіншісі – поэзия жанрына жатады дейді [50, 4 б.] Одан әрі проза жанрына ғалым: ертегілерді, аңыздарды, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, тілек, бата, дұғаларды жатқызады. Ал, поэзия жанрын іштей екі салаға бөледі: бір саласы – әдет-ғұрып істеріне байланысты өлең-жыр десе, екінші саласы – эпикалық және лирикалы өлең-жырлар болады деп ажыратқан. Міне, бұл жіктеме әдебиеттану ғылымы талабы негізінде жасалғаны көрініп тұр.

Сондай-ақ халықтың шығармасында сол халықтың барлық өмірінің шындығы, ойы, талабы, сезімі, жақсы тұрмысқа жету үшін күресі, күші, игі ниеттің түбінде жеңетіндігіне сену тәрізді арманы, мұңы, фольклордың ұжымдық (коллективтік) сипаты т.б. - бәрі оқулық ішінде кеңестік идеология тұрғысынан жазылған. Мәселен: «Хан, билердің, байлардың қорлығынан, зорлығынан құтылуды арман қылған шаруалар қиянатшыл хан, би, бай, манаптарды аузына қарата білетін алғыр, ақылды «Аяз би», «Тазша», «Алдаркөсе» секілді халықтық қаһармандардың образдарын жасайды», - деген М. Бөжеев пікірі, «тап тартысы» талабының айнасы екені белгілі [50, 7 б.].

Ал, ғалымның: «Жазба әдебиет шықпастан әлде қайда бұрын шығып, көркемдік сананың үлкен сатысына жеткен халық творчествосы жазба әдебиетінің дамуына, ұлы-ұлы көркем шығармалардың жазылуына негіз болады», - деген пікірі, фольклор мен әдебиет арасындағы байланыстың өте тереңде жатқанына дұрыс назар аудартқанын көрсетеді.

Дегенмен халықтың шығармалардың қалыптасуына исләм дінінің әсері дегенде, оның ұтымды жақтарының дәріптелуі орнына, керісінше, ишандар мен молдалар тарапынан елді қорқыту, үрейлендіру, қуғындау т.б. тәрізді іс-әрекеттер кең етек жайды деп жала жабылуы да болды.

Ал, халық шығармашылығының дұрыс өркендеп дамуына, бостандық алған халықтың барлық шығармашылық ынта, жігерін өсіру, өнерін артыру үшін керекті жағдай мен мүмкіншіліктердің тек

Кеңес өкіметі тұсында, тек Ленин мен Сталин арқасында ғана мүмкін болды деп дәріптелуі т.с.с. – бәрі кезең ерекшеліктерін танытады.

Сондай-ақ фольклорда Отан қорғау, отаншылдық сезім кең орын алатыны да, елі үшін, жері үшін айнымай шауып қамал бұзған ұлдарын халық ел ардағы етіп жырлайтыны да оқу құралында сөз болады. Демек екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кітап авторларының бұл оқу құралын жазудағы мақсаты: бір жағынан, қазақ халық ауыз әдебиетінің мән-маңызын орта мектеп оқушыларына хабардар етумен қатар, олардың өзіндік бітім-болмысын түсіндіру көзделді. Екінші жағынан, жастар бойында Кеңес өкіметіне деген шексіз махаббат, алғыс сезімін тудыру, қалыптастыру болатын. Осы арқылы ортақ жауға қарсы жастардың бойында Отан қорғау, отаншылдық тәрізді игі қасиеттерді де тәрбиелеу мақсат етілді. Мысал ретінде авторлар фольклор бойында кездесетін батырлықты, ерлікті, отаншылдықты т.б. дәріптейтін қазақтың мақал-мәтелдерінен, батырлар жырларынан т.с.с. үзінділер келтіреді. Ендеше, кітап авторлары фольклордың қоғамдағы халықтың ой-санасын қалыптастырудағы рөлінің ерекше екендігін дұрыс танығанын көрсетеді.

Оқу құралы авторларының жалпы фольклордың барлық жанры туралы жалпы түсінік беруді көздегені көрініп тұр. Мұнда фольклордың: тұрмыс-салт жырлары (жар-жар, сыңсу, беташар, қоштасу, естірту, жоқтау), айтыс түрлері (бәдік, жұмбақ т.б.), ертегілер, легендалар, батырлар жыры, лиро-эпос жырлары, тарихи жырлары төңірегінде жалпы мағлұмат берумен қатар, олардың өзгешелігіне, маңызына, ондағы берілген мәтіндердің тақырыбы, мазмұны, образдары, композициясы, стилі, тілі с.с. бәрі алғаш оқулық көлемінде сипатталып кетеді.

Мәселен, тұрмыс-салт жырлары дегенде, ең алдымен еңбек, кәсіп жайындағы өлең-жырлар деп қазіргі ұстанымдағы жан-жануарлар туралы жырлар қарастырылады. Бұл үлгілердің негізгі тақырыбы малды бағу, мал шаруашылығы, аңшылыққа арналған деп дұрыс ажыратқан. Одан әрі бұл қатарға наурыз жыры жатқызылған. Бұған дейін наурыз жырын М. Әуезов дінмен байланысты өлеңдер тобына жатқызғаны белгілі (Әдебиет тарихы.-Алматы: Ана тілі.-1191.-Б.36). Ал, қазіргі таңда бұл өз алдына жеке ұлыс жыры болып қарастырылып жүр. Ал, оқу құралында кездесетін фольклордың жар-жар, сыңсу, беташар, қоштасу, естірту, жоқтау түрлері – бәрі дерлік бұған дейін шыққан А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде де жан-жақты сипатталғаны мәлім. Негізінен, бұлардың көтерген тақырыбы, мазмұны, берілген мәтін үзінділері әдебиеттану талабы тұрғысынан жазылған. Мәселен, жоқтауға А. Байтұрсынов

1927 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабында мынадай анықтама береді: «Жоқтау өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау, көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз», - десе (Шығармалары.-Алматы:Жазушы.-1989.- Б.254), ал М.Әуезов 1928 жылғы «Әдебиет тарихы» еңбегінде: «Жоқтау өлеңі көпке бірдей жайылған көп қазақтың қолданған салтынан туатын шер өлеңі», - деп ажыратқан (Әдебиет тарихы.-Алматы:Ана тілі.-1991.- Б.23). Ғалым Х. Досмұхамедұлы өзінің 1928 жылғы «Қазақ халық әдебиеті» баяндамасында: «Жоқтау болса қандай да бір жеке басының немесе қоғам алдында еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады», - деп көрсеткен (Аламан. –Алматы: Ана тілі. – 1991.- Б.18). Ал, бұл 1941 жылғы оқу құралында жоқтауға мынадай анықтама беріледі: «Жоқтау лирикалы салт жырдың бір түрі. Бұл жырдың тақырыбы бұрын, көбінесе, өлген адамға арналып, өлген адамды дәріптеп, оны жоқтап айту болатын», - делінген [50, 24 б.]. Демек бұл еңбектерде белгілі бір үндестіктің, сарындастықтың ізі бар екені айдан анық. Бәрінде дерлік берілген анықтамалары, негізінен, жоқтаудың адам қайтыс болғанда айтылатын жыр үлгісі екендігін дұрыс анықтаған. Дегенмен жоқтау жырының мән-маңызын сипаттауда А. Байтұрсынов өз еңбегінің 1 бетін (жарты бетін мәтін алады), М. Әуезов 5 бетін, Х. Досмұхамедұлы 1 бетін арнаса, оқу құралында жоқтау 3 бет көлемінде талданады. Бұлардағы мәтін саны да, жоқтау үлгілері де бірін-бірі қайталамайды. Мәселен, А. Байтұрсынов еңбегінде тек қана 48 жолдан тұратын «Бөпе төренің қарындасы күйеуі өлгенде жоқтағанын» ғана берсе, бұл М. Әуезов кітабында кездескенмен, тілдік жағынан түрлі өзгерістермен ерекшеленеді. Бірінші нұсқада «азалы», «жүре бердім», «жайқалтып», «қанаты», «мөлтілдеген», «бауырың» т.б. сөздері М. Әуезовте «ызалы», «жүре бер ойым», «жалпайтып», «күнәлі», «мөймілдеген», «баурайы» т.с.с. болып өзгертіліп берілген. Ал, М. Әуезов еңбегінде, сондай-ақ Бұқар жырау, Нарманбет ақын шығарған жоқтау үлгілері де бар. Ғалым Х. Досмұхамедұлы зерттеуінде Нысанбай жыраудың Кенесары Қасымовты жоқтаған өлеңнен үзінділер берілген. Ал, оқу құралында Бозжігітті Қарашаш сұлудың, Балғын қызды, Тәті биді, Едіге батырды, Махамбетті, Исатайды т.б. жоқтауларынан үзінділер келтірілген. Демек 1941 жылғы оқу құралында ұлт-азаттық көтеріліс өкілдері болып табылатын Кенесары, Наурызбай т.б. есімдерінің аталуы, сөз жоқ, сол тұстағы кеңестік идеология әсерінің әлсірегенін танытады.

Айтыс дегенде, оқулық авторлары айтыс жанрының өзгешелігіне, онда көтерілетін әлеуметтік тақырыптың маңыздылығына ерекше тоқталып өтеді.

«Ертегілер» тарауында ертегі туралы жалпы түсінік беріледі. Оның анықтамасы: «Ертедегі адамның тәтті қиялынан туып, халық аузында қара сөзбен айтылған, ауыз әдебиетінің бір саласы», - деп дұрыс көрсетілген [50, 35 б.]. Мұнда «ертегі» деген сөз ескі заманда шығып, халық аузында салт болған әдебиеттің бір түрі деп, әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Ертегілер нақты іштей жіктелмейді, дегенмен, қазақ халқының ертегілерінде, әсіресе, мал мен аң көрнекі орын алады, сондай-ақ халыққа көп тараған тұрмыс-салт ертегілері де бар деген дұрыс пікірлер орын алған. Дегенмен олардың әрқайсының анықтамалары берілмеген. Негізінен, ертегілер, көбінесе мазмұн, тақырып жағынан талдауға түсіп отырған. Ертегілердің образдары да қарастырылады: «Ер Төстік алып бейнесінде суреттеледі. Ол қайратты, батыр, қорықпайды, қандай жаумен болса да алыса кетсе алып ұрады», - деген тәрізді [50, 40 б.]. Кітапта аңыздарға тіпті аз орын берілген. Тек олар туралы қысқаша түсінік қана бар. Ал, кітаптың қомақты жері батырлар жыры, лиро-эпос жырлары мен тарихи жырларға арналған. Эпостық жырларды бұлай жіктеп қарастыру үлгісі бұған дейін болмағанын ескеруіміз қажет.

Кітаптың бұл тарауларын белгілі ғалым Қ. Жұмалиев жазды. Мұнда жалпы жырларға тән көп нұсқалылықтың себебі де дұрыс ажыратылған: «Жыршылар өздерінің жаттап алуына қарай, ақындық күшіне, дүние танушылығына, ой-өрісіне қарай, кей жырларға өзінше өзгерістер кіргізген де кездері болған. Жырлардың бірнеше варианттары болуының, оның шешулерінің де әр түрлі болып шығуының бір себебі осы айтушылармен байланысты», - делінген [50, 52 б.].

Сондай-ақ ғалым батырлар жырын поэма ұғымында қарастыра отырып, олардың бірден үлкен поэмаға айналмағанын, бірте-бірте әр батырдың әр кездеге төтенше қайрат, асқан ерлік, елі үшін жасаған зор еңбектерін дәріптеп жырлаған жеке өлеңдердің қосындысы есепті қарастырғанын көреміз. Одан әрі батырлар жырының бәрі де қазақ халқының өмірімен байланысын белгілі тарихи кезеңдермен ұштасып жататыны, онда елін, жерін, отанын жаулардан қорғаған ел азаматтары суреттелетіні сөз болады. Және де батырлар жыры, әуелде осындай ерлік қасиеттерімен көзге түскен тарихта шын болған адамдар жөнінде айтылып, кейіннен халықтың ұлы арманының символы болып, аңыздық образға айналып отыратыны дұрыс

көрсетілген. Сондай-ақ батырлар жырының өзіндік ерекшеліктеріне де баса назар аударылған. Мысалы, Құдайдан тілеген жалғыз бала болуы, асқан күштің иесі болып, 4-5 жасында-ақ жауға аттануы, өзіне серік әйелі мен аты болатыны, жасынан-ақ ел қамын, жұрт пайдасын ойлайтындығы т.б. – бәрі тек қазақ халқының ғана емес, басқа да елдің батырлар жырына тән ерекшелік екенін ғалым Қ. Жұмалиев дұрыс атап көрсеткен. Батырлар жырының эпостық жанрға жататын себептерін түсіндірген ғалым пікірлері әлі де өз маңызын жойған жоқ.

Эпос жанрына батырлар жырын жатқызудың себептерін ғалым Қ. Жұмалиев әдебиеттану талабы тұрғысынан дұрыс түсіндірген: «Батырлар жыры - эпостық жанрға жатады. Шығармада қатысушы адамдардың іс-әрекетін, амал-ерліктерін, олардың өзара қарым-қатынастарының қалпын сақтап баяндау, ақынның өз көзқарасымен, күйініш, сүйінішінің айқындалмауы, бір қарағанда ақын оқиғаға да, геройға да сырттан шолушы адам ретінде болып көрушілік, оқиғаға сәл нәрседен басталып, қашан біткенге шейін тарам-тарам болып өсе берушілік – жалпы эпостық жанрға тән нәрсе. Бұл бір. Екінші, эпостық шығарма сюжеті оқиғаға құрылады. Оқиғаға қатысушы адамдардың өзара қарым-қатынастары суреттеледі, әр түрлі адам образдары, автордың көзқарасынша, жақсы, жаман жақтары қабат көрсетіліп, бір бүтін тұлға есебінде суреттеледі», - делінген [50, 53 б.].

Жалпы мұнда батырлар жырынан «Қобыланды», «Алпамыс», «Едіге» жырлары талданады. Бұлардың көркемдігі мен тілі, образдар жүйесі, композициялық құрылысы т.б. – бәрі де әдебиеттану талабы тұрғысынан қарастырылады. Бұл өзгешеліктер, негізінен, сол тұстағы ғалымдардың фольклорды көркем әдебиеттің бір саласы деп қарастырғанынан туындаған. Мәселен, Қобыланды бейнесі былай талданады: «Батыр бұл жерде үлкен аңғалдық жасайды. Алды-артын ойламай Құртқаны шауып тастай жаздайды. Батыр кейін ғана өзінің оғаш кеткенін біліп, кешілмес күнә жасадым деп, өзін-өзі шенейді», - деп келеді [50, 68 б.].

Ал, мәтіндердің тілі қарастырылғанда, ондағы жыр өлшеміне, буын санына, үлгіде кездесетін дәстүрлі теңеу, эпитет, метафора т.б. түрлеріне де ерекше көңіл бөлінген.

Жалпы оқу құралында, бір жағынан, асқан көркемдікпен жасалған батырлар жырын оқыту арқылы жастар өз елінің өмірінен тарихи мәліметтер алатынын ескерсе, екінші жағынан, осы арқылы олардың да бойында отанын сүйетін, айла, амал және жаудан сескенбейтін ерліктерін өздеріне үлгі етіп, отанын қорғау жолында өздері де солар тәрізді даңқты батыр болуға итермелейтін қасиеттерін тәрбиелеуді мақсат еткенін көреміз.

Қаһармандық эпостардың тақырыбы ерлік, ел қорғау, өз отаны, өз елі үшін шет жерлермен күресу десе, лиро-эпос жырларының негізгі тақырыбы сүйіспеншілік екені дұрыс ажыратылған. Одан әрі бұл жанрға «Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырлары жатқызылып, олардың варианттары, негізгі бейнелері, тілі мен композициясы, мазмұны сипатталады.

Оқу құралының соңы тарихи жырларға берілген сипаттама, талдаулармен аяқталады. Мұнда да тарихи жырдың анықтамасы бар: «Есет, Бекет бастаған халық көтерілісінің бір көрінісі боп, «Бекет батыр» жыры, Кенесары, Наурызбай бастаған халық көтерілісінің бір салпыншағы боп «Қаншайым» т.б. жырлар пайда болды. Міне, бұлар тарихи оқиғалармен нық байланысты. Жырдағы суреттелетін персонаждардың бәрі болмаса да көпшілігі сол тарихи оқиғаға шын қатысқан, тарихта болған адамдар жайлы поэма-жырлар тарихи жырлар боп саналады», - деп дұрыс көрсетілген [50,122 б.] Сондай-ақ ғалым Қ. Жұмалиевтің: «Олардың жырда суреттелетін күрестартыстары да негізінде рас. Бірақ, тарихи жырларды тарих деп ұғуға да болмайды. Тарих әр түрлі нақтылы материалға құрылса, тарихи жыр, поэмалар сол тарихи мәліметке сүйене отырып жасаған ақынның қиял дүниесінің жемісі болып есептеледі», - деуінен-ақ, сол кездің өзінде-ақ көркем шындық пен тарихи шындықтың арасы дұрыс ажыратылғаны анықталады [50, 122 б.].

Одан әрі әдебиеттану ғылымы талабымен тарихи жырлар қатарында «Орақ-Мамай», «Қарсай, Қазы», «Қаншайым», «Бекет батыр» үлгілері талданады.

Түйіп айтқанда, бұл еңбек ХХ ғасырдың алғашқы жартысында орта мектепке арналған, қазақ фольклоры туралы толыққанды ақпарат берген тұңғыш оқу құралы болды. Дегенмен фольклордың ұсақ жанрлары: мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ т.б. түрлері бұл оқу құралына енбей қалған. Жалпы мұнда ауыз әдебиеті туралы түсінік берумен қатар, оның көп нұсқалылығы, ішкі түрлері, анықтамалары, кейбір жанрлық ерекшеліктері, өзіндік даму кезеңдері, ондағы заман көріністері, көркем шындық пен тарихи шындықтың арақатынастары, образдар жүйесі, мазмұны мен пішіні, композициясы мен тілі т.с.с.- бәрі де белгілі дәрежеде фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болып табылады. Негізінен, оқу құралында берілген мәтіндер, көбінесе әдебиеттану ғылымы талабына сай талданған.

Бұл кезеңде тек оқу құралдары ғана шығып қойған жоқ. Сондай-ақ оқу хрестоматиялары да басылым көрді. Мәселен, 1924 жылы Ташкентте Ә. Диваев жинаған әдебиет түрлерінен құрастырылған «Тарту» атты оқу кітабы басылды (Тарту. Әбубәкір Диваев жинаған

әдебиет түрлерінен тізілген оқу кітабы. Тізуші – Мағжан Жұмабайұлы. -Ташкент. 1924.-216 б.) Бұл хрестоматияны құрастырып, Ә. Диваев туралы 3 бет және 1 бет алғысөз жазған белгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабайұлы еді. Жинақта Ә. Диваев жинаған фольклор үлгілері ішінде: тұрмыс-салт жырлары (бет ашар, жар-жар, жарамазан, жоқтау, көңіл айту, бақсы сарыны, бәдік, т.б.), көбінесе қазақ ертегілері (30 ертегі бар), сондай-ақ мақалдар, жұмбақтар алынған. «Әбубәкір ақсақал Диваев» атты кіріспеде М. Жұмабаев ғалымның өмірбаянын, атқарған қызметтерін, әсіресе қазақ фольклортану ғылымы саласындағы еңбектерін қысқаша саралап өткен: «Әбубәкір ақсақалдың еңбегі бір адамның өміріне татырлық. Әбубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайтын әдебиеті, тарихы, жол-жорасы. Қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әбубәкірдің әдебиеті, жол-жора жинау жолына кіруінің мәнісі осы», - деген (4 бет).

Ал, «Тарту туралы» алғысөзде М. Жұмабаев бұл оқулықтың Ә. Диваевтың қырық жылдық еңбек тойына арналғандығын ескертеді. Мәселен: «Ауыз әдебиеті һәм этнография көзінен қарағанда «Тартудың» әжептәуір бағалы болуына күмән қылмаймыз. Бірақ «Тартуға» таза мектеп балаларының оқу кітабы деп қарау керек еді. Алайда мұғалім сайлай білсе, бастауыш мектептің соңғы сыныптарына, әсіресе, әдебиет теориясы оқылатын орта медреселерге һәм жалпы оқи білетін азаматқа «Тартудың» бірталай пайдасы тиер деп сенеміз», - деген автор ой-пікірінен (6 бет), біз хрестоматияның оқу-ағарту мақсатта жазылғанын, және кімге, қай сынып балаларына арналғанын да білеміз. Демек бұл оқу кітабының фольклортану, этнография ғылым салаларына да бағалы дерек көзі боларын Мағжан Жұмабайұлы жақсы түсінген.

Сондай-ақ, М. Әуезовтің орта мектептің 6-классына арналған «Әдебиет хрестоматиясы» 1937 және 1938 жылдары екі дүркін жеке кітап болып басылған [51]. Бұл екі басылымның арасында айырмашылық бар. Екі хрестоматия ішіне белгілі қазақ-орыс ақын-жазушылары Махамбет, Абай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаевпен бірге Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Некрасов, Шевченко турасында кішігірім мақала түріндегі сипаттамалары енген. Сонымен бірге бұл хрестоматияларда қазақ фольклорына қатысты ой-пікірлер де қамтылған. Егер алғашында, яғни 1937 жылғы хрестоматияда, бар-жоғы 4 мәтін төңірегінде ғалым пікірі берілсе («Қамбар жырының қысқаша мазмұны», «Алдаркөсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр»), ал, кейінгі 1938 жылғы хрестоматияға тағы да үш нұсқа турасындағы

пікірлері қосылып, бар-жоғы 7 сипаттама енген («Қырық өтіріктің мағынасы», «Қамбар жырының мағынасы мен түр ерекшеліктері», «Қобыландының Тайбурылы туралы»). Мәселен, зерттеуші М. Әуезов «Алдаркөсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр» туралы ертегілерді әңгіме ретінде қарастырған [52].

Мұнда ғалым М. Әуезов фольклор ұғымына мынадай анықтама береді: «Фольклор деп – халық әдебиетінің ішіндегі ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ, тақпақ және неше алуан салтқа байланысты жар-жар, беташар, жоқтау, естірту, қоштасу сияқты жырларды айтады», - дейді [52, 92 б.]. Демек, ғалым фольклорды халық әдебиеті деп дұрыс анықтаған және оның ішкі жанрларын шамасынша дұрыс ажыратқан. Бұл атаулардың қазірде де қолданыста болуы – жас ғалым М. Әуезов қолданысындағы терминдердің өміршендігін көрсетеді. Одан әрі зерттеуші фольклордың авторы халықтың өзі екенін, фольклор атаулының барлығы әрбір елдің көркем әдебиетіне үлкен ірге, мол қазына есепті болатынын сөз етеді. Және көп ірі шығармалардың фольклордың тілімен, көрікті кестесімен, мазмұн, түр ерекшелігімен тығыз байланысты екенін ескертеді. Осы арқылы ғалым Мұхтар Әуезов сол кездің өзінде фольклордың көркем әдебиетпен байланысатын жіктерін ашып көрсетіп отыр. Ал, М. Әуезовтің: «Дәуірден –дәуір, заманнан-заман өткен сайын алғашқы шыққан заманы, тудырған ортасы да көмескілене береді. Бірақ қай фольклор түрі болса да бертінде көпке жайылып, көп аузына ілініп кеткенмен, өзінің негізгі мазмұны бойынша белгілі бір қоғамдық, таптық ортаның салт-санасынан туған болады», - деген пікірінде [52, 92-93 б.], фольклорды зерттегенде тарихи принцип әдісін қолданудың себептері біршама ашылған. Мәселен, «Алдаркөсе» ертегісін талдау барысында ғалым Алдаркөсе бейнесінің өмірде болғандығына қатысты (туған заманын, туысы, өмірбаяны туралы) деректердің жоқ екендігін ескертеді. Ал, ғалымның: «Ел қиялы Алдаркөсенің басына есепсіз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан жеке дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат (нарицательный ат) болып кеткен», - деген ойлары [52, 92 б.], фольклорлық бейне бойында халықтың ой-арманы жинақталып берілетініне назар аудартуымен бағалы. Бұл жәйіттің фольклорда тұтастану құбылысы деп аталатыны белгілі. Ғалым «Алдаркөсе» ертегісінде халықтың өткір, алғырлықты, сыншыл, ақылды бағалайтынын, дәріптейтінін танытумен қатар, адам бойындағы аңқаулық, аңғарттықты мазақ етенін де көрсетеді. Демек ғалым Мұхтар Әуезов фольклорлық бейнелерді әдеби образ деп талдағанда, үлгінің тәрбиелік қызметіне назар аударып отырған. Ал, «Жиренше»

үлгісін талдау арқылы ғалым шешендікті, шапшаңдықты, тапқырлықты адам бойындағы арамдыққа, зорлықшылдыққа қарсы құрал етіп қолдануды мақсат еткені байқалады. Дегенмен бұл үлгілердің көркемдік ерекшеліктері хрестоматияда сөз болмайды.

Жалпы, хрестоматияға кірген фольклорлық шығармалардың әрі фольклортану, әрі әдебиеттану тұрғысынан жан-жақты талдауға түсуі сәтті шыққан. Сонымен қатар мұның бәрі баланың жас ерекшелігіне сай қарапайым тілмен түсіндірілген. Талдауға түскен халықтық шығармалардың тарихи принцип негізінде қарастырылуы да, сөз жоқ, хрестоматияның маңызын арттырады.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың алғашқы жартысында ағартушылық мақсатта басылым көрген бұл оқулықтар, хрестоматиялар қазақ фольклоры тарихын жасаудағы тұңғыш еңбектер екені сөзсіз. Кеңес өкіметі тұсында жаңадан ашылған оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні тұңғыш рет оқыла бастауы, осы оқулықтарға деген мұқтаждықты күшейткені анық. Бұларда қазақ фольклорының барлық дерлік жанрлары (эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б.) қамтылып, олардың әрқайсысының анықтамалары, ерекшеліктері әрі фольклортану, әрі әдебиеттану талаптары тұрғысынан талдауға түсті. Талдау барысында зерттеудің тарихи-типологиялық әдісі қолданылуы, сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі. Мұндағы берілген халықтық шығармаларды сол кездегі ғалымдар өздерінің тұжырымына, анықтамаларына дәлел ретінде дұрыс қолданып отырған. Негізінен, бұл оқу кітаптарында ғалымдар мән беріп зерттеген негізгі аспектілері фольклорлық бейне, жырдың орындалуы, жыршының рөлі т.б. төңірегінде болды.

3 Ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер

3.1 Мақалалар мен кіріспелер, алғысөздер

XX ғасырдың бірінші жартысындағы фольклор жинау ұлттық сана-сезімнің оянуымен, алғашқы ұлттық зиялылардың қалыптасуымен т.с.с. тығыз байланысты болды. Сондай-ақ демократиялық көзқарастағы орыстың ғылымымен, әдебиетімен, музыкасымен т.б. таныс болған қазақ зиялылары өз халқының тарихына, өзіндік мәдениетіне т.с.с. назар аудара отырып, оны бүкіл әлемге таныстыруды мақсат етеді. Сол себепті тек өздері ғана халық ауы з әдебиетін жинап қоймай, бұл іске олар орыс ғалымдарын да

тартуды мақсат етті. Соның нәтижесінде этнографиялық және фольклорлық материалдардың көп мөлшерде жиналуы іске асты.

Осы орайда баспасөз беттерінде басылым көрген фольклорлық мәтіндердің біразы түпнұсқасыз беріліп, олардың тек орысша аудармасы ғана сақталғанын да айтпасқа болмайды. Аударма жұмысы әрі қазақ тілін, әрі орыс тілін білетіндер тарапынан жүзеге асырылды. Кейбір басылымдардың кездейсоқ тосын мінез бен этнографиялық қызығушылық әсерін мол қабылдағаны байқалады.

Қазан төңкерісіне дейін фольклор үлгілерін жинаумен, әрі жариялаумен, көбінесе жеке ынталы азаматтар айналысқандары, олардың жұмыстары біраз ретте жүйесіз жүргізілгені белгілі. Дегенмен белгілі ғалымдар: Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, Ә. Бөкейхановтың т.с.с. бұл саладағы еңбектері жемісті болды.

Негізінен, зерттеу жұмыстары Мәскеу, Ленинград т.б. қалаларымен бірге орталық ғылыми мекемелерде, жоғарғы оқу орындарында т.б. фольклорды жинаумен айналысатын өлкетану музейлері тарапынан да жүргізіліп келді.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде бұл сала да түбегейлі өзгерістерді басынан кешірді. Жаңа мәдени құрылыстың жолдары айқындала бастады. Халық санасында да өзгерістердің болуы ел өнерінің дамуына өзіндік жаңалық әкелуі т.б. – бәрі де фольклортанушылық жұмыстарға жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіру қажеттігін негіздегені анық. Дегенмен зертеушілік жұмыстарды қайта құруға тұсау болған сол кезеңдегі Сталиннің жеке басына табыну екені де кейін өз бағасын алды. Бұл өз кезегінде фольклортану ғылымының дамуына кері әсерін тигізді. Фольклорға қатысты ғылыми тұжырымдардың өзінің теориялық негізін жоғалта бастауы күрделі кемшіліктерге әкелді. Қазан төңкерісінен кейінгі кеңес дәуірінде шыққан еңбектерде И. В. Сталин бейнесінің маңыздылығы ерекше дәріптелуі, көпірме мақалалардың етек алуы т.б.- бәрі де кеңестік дәуірде фольклорды зерттеуге теріс әсерін тигізгені анық. Сондай-ақ соғыс қарбаластарының да фольклорды жинау, жариялау, әрі зерттеу жұмыстарын көп тежегені күмәнсыз.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды, Әдебиет институты ашылды. Қазақ ауыз әдебиеті мәселесіне арналған зерттеулер негізінде ғалымдар: Ә. Марғұлан, Н. Смирнова, Е. Ысмайылов. М. Ғабдуллиндер докторлық

диссертациясын қорғаса, қырық шақты ізденушілер филология ғылымдарының кандидаты ретінде өсті.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеу саласындағы аса мәнді жетістік - «Қазақ ауыз әдебиеті тарихының» бірінші томының жариялануы болды. Бұл үлкен еңбек қазақ фольклортанушы ғалымдардың қазақ фольклорын, оның әр алуан жанрларын зерттеу саласындағы көп жылғы ғылыми ізденістерінің қорытындысы іспетті болды. Баспасөз бетінде жарық көрген фольклорға қатысты мақалалар ең алдымен алуан түрлі ерекшелігімен көзге түседі. Олардың бірінде – этнографиялық сипат басым болса, екіншілерінде- таза фольклор нұсқасын ғылыми түсініктемесімен бірге жариялау іске асты, ал енді бірінде бұл үлгілерді тек үгіт-насихат, ақпарат көзі ретінде қарастыру басым болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында фольклорды социалистік қоғамның негізін қалауда идеология құралы, үгіт-насихат көзі т.с.с. етіп алуы – бәрі де сол кезеңдегі қазақ фольклортану ғылымы ерекшеліктерін айқындауда алдымен ескерілуі керек деп санаймыз. Қазан төңкерісінен кейін қоғам дамуында жаңа дәуір идеологиясының үстемдік еткені белгілі. Басқа да өнер салалары тәрізді фольклордың дамуында да жаңа кезең басталды. Демек соны сипаттағы кеңестік өнердің қалыптасуына негіз қаланды. Социалистік талаптар өнер бойында жаңа мазмұн мен жаңа фольклордың, кеңес адамдары үлгі тұтуға лайық саналған жаңа бейнелердің т.с.с. тууына әкелді. Коммунистік партия халықты социализм жолындағы күреске жұмылдырумен бірге қоғамның кез-келген саласында, яғни ғылымда, білімде, мәдениетте де т.с.с. соны көзқарас бастаушысы, ақылшысы, кеңесшісі т.б. болып саналғаны тарихтан мәлім. Бұл өзгеріс атаулыларының бәрі бірден Қазан төңкерісінен кейін бірте-бірте экономикадағы, әлеуметтік құрылымдағы т.б. түбірлі өзгерістер негізінде пайда бола отырып, халықтар санасына түбегейлі ықпал еткені анық.

XX ғасыр басында халық ауыз әдебиетін жазба әдебиеттен бөліп қарастырған А. Н. Белослюдов мақаласы басылды [53]. Қазақ халқының жай-күйін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін сипаттаған т.б. А. П. Седельников мақаласы да жарық көрді [54]. Белгілі Қазан университетінің профессоры Н. Ф. Катанов халық әдебиеті үлгілерін жинаған, зерттеген. Сондай-ақ оларды орыс тіліне аударып, түрлі ғылыми түсініктер жазып, бастырған. Әсіресе М. П. Бекимовтың қазақ эпосы, Ә. Диваевтың тарих, этнография, фольклор, Н. Пантусовтың қазақ фольклоры турасындағы зерттеулеріне Н. Ф. Катановтың алғысөз жазып, бастырып шығаруға

ат салысқаны белгілі [55]. Н. Катанов тарапынан жазылған мақалалар дені, көбінесе фольклорлық үлгінің жазылынып алынуына қатысты құнды паспорттық деректерді берумен қатар, әр кітаптағы фольклорлық мәтіннің мазмұнын да жариялауға арналды. Сондай-ақ олар жөнінде баспасөз бетінде мақала-хабарлар беріп отырған.

С. Торайғыров «Айқап» журналында жарияланған мақаласында «Алпамыс» жырында кездесетін ертегіге тән мифтік белгілерге, образдар жүйесіне назар аударады [56]. Мәселен, жырда кездесетін: жетібас, айдаһар, пері қыз, жалмауыз кемпір, дәу т.б. бейнелеріне тыңдаушы халықтың көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып т.б. мүлгісіп отыратыны сөз болады. Әсіресе жыр тілінің тазалығына, бөтен сөзбен былықпағандығына көңіл бөлінген.

Белгілі фольклортанушы Ә. Диваевтың қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу қызметі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталатыны белгілі. Ә. Диваев жүзден аса әр түрлі мақалалар жариялады [57]. Қазақ фольклорына, жалпы әлемдік фольклорға тән басты ерекшелік- бір үлгінің бірнеше нұсқасы болатынын Ә. Диваевтың салыстырмалы зерттеу әдісін қолдану арқылы анықтағаны мәлім [58]. Мәселен, Ә. Диваев эпосты халықтың ұдайы сүйіп жырлап келе жатқандығын жазады. Ол батырлар жайындағы эпикалық жырларды ақындар: «... кешкі мезгілде киіз үйге жиналған көп адамның алдында орындайды. Сонан жыр айтуды таң атқанға дейін созып, жалғасын келесі кеште қайтадан бастайды», - деп жазады. «Қобыланды» сияқты көлемді жырды үш түн бойы айтады екен [59]. Оның халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруының арқасында қазақ фольклорының мол, алуан түрлі екендігі анықталып, «ол халық өмірін, халықтың рухани ерекшелігін жан-жақты білу үшін қажет айғақ болып отырғандығы» белгілі болды [60].

Фольклорды жинау жұмыстары халықтың жаңа өмір құру жолындағы берекелі істерімен тікелей байланысты болды. Ал, көпшіліктің творчестволық өсу белсенділігі фольклористерге ерекше әсер етті. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау жұмыстарымен бірге 1920 жылдары оны зерттеу мәселелері де қолға алына бастады. Мәселен, ғалым И. Чеканскийдің «Қазақ поэмасы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деген мақаласы бар. Мақалада автор жырдың «сюжет параллелін» тексергісі келген. И. Чеканский жырды басқа үлгілермен салыстырып зерттеген. 1920 жылдардағы бұл салыстырмалы әдіс Қазан төңкерісіне дейін халық ауыз әдебиеті жөніндегі еңбектерде де белгілі орын алған жай еді. И. Чеканский өз еңбегінде салыстырмалы әдісті қолдана отырып, халықтық шығарманы іштей кішігірім мотивтерге бөліп-бөліп қарастырған. Біраз мотивтердің бір-біріне

ұқсас келуінен И. Чеканский «Алпамыстың» алғашқы негізі «Қозы Көрпеш» болуы керек деген қорытындыға келеді [61]. Бұл сияқты байымдау қазақ эпосының дәстүрінде бар екі шығарманың мотивтерінің ұқсас болып келуінен туған. Мәселен, «Қозы Көрпештің аты алтын ермен ерттелген» делінсе, «Алпамыс батырдың аты алтын ермен ерттелген» деген сияқты салыстырулар бар [61, 54 б.].

1989 жылғы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының қаулысымен Әлихан Бөкейханов қайта ақталғаннан бері [62], ғалымның қазақтың тарихына, экономикасына, тілі мен әдебиетіне арналған [63] т.б. еңбектері өз алдына жеке сараланып зерттеу нысаналарына айналса да, қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазғандары арнайы зерттелмегені мәлім. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін, Ә. Бөкейхановтың XX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына қосқан өзіндік үлесін айқындауды жөн көрдік.

Ә. Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері [64] ғалым Д. Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады [65]. Бұл зерттеуде Ә. Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской былине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә. Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы [66] белгілі ғалым С. Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтылып: «Бұлар эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мезгілі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-санасының жырда көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі. Осындай ғылыми мәнді проблемаларды автор сол кездегі әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра қарастырған», - делінген [67].

Мақала авторы қазақ тұрмысы мен мәдениетіне ислам ықпалының күшеюін, жырдағы әйелдер бейнесін талдау арқылы дәлелдеген. Ең алдымен автор мақалада халық шығармашылығын мазмұн мен пішін, түр жағынан әр түрлі болатынын сипаттап кетеді. Бұлардың біразы жиналса да, біразы әлі жиналмағаны, олардың о басында эпикалық пен лирикалық өлеңдерге жататыны сөз болады. Әрбір эпикалық та, лирикалық өлеңдер бойында айтушының субъективті ерекшеліктерін, яғни оның өмірге деген көзқарасы, арманы мен мақсаты т.б. аңғарылатыны да сарапталған. Және де осы қасиеттері үшін қазақтар өз өлеңдерін жоғары бағалайтыны да, бір де

бір той, бір де бір ас жыршыларсыз өтпейтініне де автор дұрыс көңіл бөлген. Демек сол кездің өзінде-ақ Ә. Бөкейханов халық шығармашылығының эпикалық та, лирикалық түрлері бар екенін, олардың негізгі белгісі лиризм мен тарихилық екенін, үлгінің қандай жағдайда орындалатынын, кімдер орындайтыны, олардың субъективті көзқарасы болатынын қысқаша түсіндіру жүзеге асқан.

Одан әрі автор тікелей «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер бейнесін талдаудан бастайды. Мұндағы Құртқаның өзі, оның шешесі Көктен кемпір бейнесінде шамандық түсінік молырақ сақталғандығы сөз болады. Сол себепті бұл бейнелер көнелеу болып саналған. Мәселен, Құртқаның алда не болатынын күні бұрын болжай алатын қасиетін көне замандағы шамандық сананың жемісі деп қарастырған. Сонымен бірге Құртқа бейнесінде исламның тағдырға мойынсұну, күйеуіне қарсы шықпау туралы шарты да айқын көрінеді. Ендеше қазақ әйелдері тағдыры арқылы қоғамдағы көне саналардың бір орында тұрмай, өзгеру ерекшеліктерін т.б. алғаш сөз қылу – сол кездегі фольклортану ғылымы үшін үлкен жетістік болды. Белгілі ғалым С. Қасқабасов сөзімен түйіндесек: «Мақаланың авторы қазақ тұрмысын, мәдениетін, әсіресе фольклорын жетік білетін және орыс әдебиеті мен мәдениетін жақсы меңгерген адам ретінде «Қобыланды батырдағы» әйелдер тұлғасын өзінен бұрынғы авторлардан өзгеше талдаған. Ол қоғамдық ой-сана мен әйел тағдырын ұштастыра қарастырған, сөйтіп қазақ фольклортану ғылымда тұңғыш рет эпостағы әйелдер бейнесін жеке адамның бас бостандығы тұрғысынан зерттеген. Бұл, сөз жоқ, ХІХ ғасырдың аяқ кезіндегі ғылым үшін зор табыс», - деген тұжырым, мақала авторы тарапынан Ә. Бөкейхановтың зерттеушілік қызметіне берілген жоғары баға демекпіз [67,141 б.].

Бір қызығы ғалым В. М. Сидельников кітабында осы аты аталған мақала авторы есебінде Ә. Диваев есімі көрсетілген [68]. Шамасы, Кеңес үкіметі тұсында шыққан бұл кітапта Ә. Бөкейханов есімі аталмай, оның орнына Ә. Диваев көрсетілуінің өзіндік себебі ғалым Ә. Бөкейхановтың 1937 халық жауы деген негізсіз үкіммен ату жазасына кесілген КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының қаулысы әсері еді. Сондай-ақ «Туземец» деген бүркеншік атпен шыққан мақаланы Ә. Диваевтікі деп шатастыру да бар. Сондықтан да осы кітаптың басқа да жерлерінде де Ә. Бөкейханов есімі еш аталмайды.

Ғалым Д. Қамзабекұлы Ә. Бөкейханұлының 1915 жылы «Қазақ» газеті бетінде «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жырына жазған пікірін сараптайды: «...бірінші, қаламгер фольклор заңдылығын

ескермегендей көрінгенімен, негізі ауыз әдебиеті шығармаларының тарихилығы мен соған сәйкес (яғни, дәуірдің суретін көрсететін) көркемдігіне жіті назар аударған, ал бұл сол кез үшін әдебиетті танудағы үлкен жетістік еді; екінші, мақала авторлық әдебиет туған кезде жазылғандықтан, Әлиханның аталған жырға қатысты мәселені нақты адамнан сұрағанына бірыңғай «фольклор заңдылығы» тұрғысынан қарауға да болмас; үшінші, қалай дегенде зерттеу иесінің жыр мәтіндеріндегі «саф» пен «қоспаны» саралауын өзіндік эстетикалық тұжырымы болғандығымен түсіндіреміз» [65,72 б.]. Жалпы Ә. Бөкейханұлының жоғарыдағыдай фольклорлық мұраларға пікір айтып, өзіндік талдау-талқысына т.б. салуына, бір сөзбен айтқанда, фольклортану жолына түсуіне себепкер кім десек?! Өмірбаяндық деректерде де [69], кейінгі жазылған зерттеу мақалаларында да [70] белгілі фольклортанушы ғалым Г. Н. Потанин есімі жиі аталуы т.б. – бәрі, сөз жоқ, Ә. Бөкейханұлының фольклортанушы ғалым болып қалыптасуында аталған ғалым еңбегінің әсері мол болғандығын танытады.

Жалпы Ә. Бөкейханұлының XX ғасырдың басындағы қазақ фольклортану ғылымына қатысты жазылған 10 шақты еңбегі бар. Олардың бірі – табиғат құбылысы, жыл мезгілдері туралы космологиялық түсініктер мен жыл басы – наурыз айы туралы жазылған «Жаңа жыл» атты мақаласы [71]; екіншісі – «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты сын-мақаласы [72]; үшіншісі – «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» атты жырларды өңдеп бастырған кітаптары [73]; төртіншісі – белгілі зерттеуші А. Байтұрсынұлының жинап, өңдеп бастырған «Ер Сайын» мен «23 жоқтау» кітаптарын саралап, алғысөзін жазғандары [74] т.б. бұлардың бәрі дерлік Ә. Бөкейханұлының «Қыр баласы» деген бүркеншік атымен жарияланған.

Ә. Бөкейханұлы 1913 жылы «Қазақ» газеті бетінде белгілі фольклортанушы ғалым Г. Н. Потанинге арнап мақала жазды. Мақалада Г. Н. Потаниннің туған жылы, жері, қай жерде, кіммен бірге оқығандығы, қандай қысым көріп, қанша мерзімге сотталғаны, қазақ фольклортану ғылымы үшін атқарған қызметі т.б. турасында берілген бағалы дерек көздері мол берілген. Сондай-ақ XX ғасырдың басында фольклор үлгілерін қай жерлерден жинастырғандығы хақында мәліметтер де келтіріледі: «Осы келер жаз (яғни 1914 ж.-Н.Ж.) Потанин Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын өзені бойына барады. Июнь басында «Қоянды» жәрмеңкесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазақты аралап көрмекші, қазақтың

ертегі, жұмбақ, мақал, ескі жақсыларының сөзін жинамақшы», - делінген [75].

Ә. Бөкейханұлы сонымен қатар Г. Потаниннің қай жанрларды жинайтынына назар аудартумен бірге, осы істе қандай мақсат көздейтініне де көңіл бөлгізеді: «Потанин дүниедегі тілдердің бәрінде айтылған неше жұрттың іргелі мақал, өзге сөздерін қарастырып, сонан қай жұрт қай жұрттан өнеге-үлгі алғанын шығарып отыр» [75, 37 б.]. Демек зерттеуші Г. Потаниннің фольклорды типологиялық тұрғыдан зерттеу әдісін меңгергендігі, түсінгендігі, білетіні т.б. танылады. Одан әрі Ә. Бөкейханов жиналған фольклорлық нұсқаларды әрі жүйелеу, әрі сараптау керектігін де Г. Потаниннің фольклортанушылық еңбегінен мысалға келтіре отырып, басқаларға үлгі-өнеге ретінде ұсынады.

Сондай-ақ қазақтар арасында «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған түрлі аңыздарды моңғолдың Шыңғыс хан төңірегінде өрістеген үлгілерімен салыстыра отырып, түбі бір төркіндестіктің, ұқсастықтың т.б. бар екеніне дұрыс назар аудартады: « ... Осы «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған сөздерді күншығыста неше жұрт неше түрге салып сөйлеп жүр. Бұрынғы уақытта адам баласы аспандағы жұлдызға, күнге, айға табынған. Тегі қазақтың «жеті қарақшы», «ақ боз ат» деген сөздері бұрынғыдан қалған ертедегі сөз ғой. Жылда құрбанға шалып тауыспайтын тәңірі Шыңғыстың «ақ боз» атының ертегісі мен қазақ ертегісі бір тұқымдас ғой», - деуінен [75, 38 б.], Ә. Бөкейханұлының фольклорлық мәтіндерді зерттеу әдістерінің бірі – тарихилық зерттеу әдісімен де таныс болғандығы анықталады.

1914 жылы Қазанда «Үміт» баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жыры басылым көргені, оны Қостанай уезі, Қарабалық болысының қазағы Біржан Толымбайұлының жырлауынан Махмұдсұлтан Тұяқбайұлы қағазға түсіргені белгілі. Міне, осы шыққан кітапқа Ә. Бөкейханұлы «Қазақ» газеті бетінде арнайы сын-мақала арнайды [76]. Сонымен бірге 1914 жылы Троицк қаласы баспасынан «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырының енді бір нұсқасы жарық көреді [77]. «Айқап» журналында (1914, №23, Б. 327-328) бұл жырды ел аузынан жазып алған С. Торайғыров екендігі туралы дерек келтіріледі.

Ә. Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» сын-мақаласы іштей 7 бөлімнен тұрады да, басы Абай Құнанбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңіне көңіл бөлумен басталады. Міне, осы үзіндіден біз Ә. Бөкейханұлының фольклорды сөз өнері деп қарастырғанын сараптаймыз. Еңбектің басы, бірінші бөлімі сәл

мазмұндау үлгісінде бастау алады да, жырдағы Көклан кемпір, Қобыланды, Қараман, Көбікті бейнелері т.б. қысқаша талдауға түседі.

Ә. Бөкейханұлы Қара Қыпшақ Қобыланды батыр бейнесінің «Едіге» жыры ішінде де кездесетінін еске сала отырып, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар» шежіресі мен Ш. Уәлиханов еңбегі негізінде аталған батырдың XIV ғасырда өмір сүргенін дәлелдеуге тырысады: «... Бұл Қобыландының ісі XIV ғасыр ортасы болуға лайық (Қара: Шәкәрім шежіресі, Б. 78). Тоқтамысқа болысқан Литва князь Витовты Воркесла өзені бойында (бұл Полтава губерниясында Днепр саласы) Ақсақ Темірдің қолбасшысы Едіге алған. Бұл соғыс 1399-шы жылы болған (Қара: Шоқан кітабы, 71-б). Бұған қарағанда Едіге Тоқтамыстан кеткен соң Ақсақ Темірге қолбасы болған болса керек. Мұнан көрінеді: Қобыландының Тоқтамыс, Едігелермен замандас болғаны», - делінген [78]. Міне, бұдан біз ғалым Ә. Бөкейханұлының фольклорға тарихи дерек көзі ретінде қарағанын анықтаймыз.

Сонымен қатар «Қобыланды» жырындағы қалмақ ханы Қазанның Қобыландыдан бұрын болғанын Шәкәрім шежіресіне сүйене отырып, екеуінің арасында, яғни қалмақ ханымен соғыстың болуы мүмкін емес деген т.б. түйінге де ойысады: «...Жоғарыда жазғанымнан анық болар: «Қобыландыда» ақын қосқан, тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді», - деуінен [78, 174 б.], біз ғалым Ә. Бөкейханұлының фольклорды (эпосты) кейде тура тарих көшірмесі деп қарастырғысы келгенін де көреміз. Әйтсе де ауызекі шығарма болғандықтан, фольклордың түр жағынан, мазмұн жағынан, формасы болсын т.б. өзгеретінін, түрленетінін, дамитынын, ғұмырнамалық тұтастануды бастан кешіретінін т.б. ескермеген тәрізді [79]. Бұл Ә. Бөкейханұлының арнайы фольклортанушылық білімі болмауынан жоғарыдағы пікірді айтуға себепші болса керек.

Ғалым Ә. Бөкейханұлының фольклорды халықтың мәдениет тарихының көзі деп қарағаны мәлім. Мәселен: «...Бес ауыз өленде жұрт салты айнаға түскендей көрініп тұр. Жеккен арба, болдырған ат, жемтік іздеп ұшқан қарға, өрмек тоқыған қатын, жылаған бала, қайғырған ару- бәрі мұнда бар,- дей отырып, - «Қобыландыда» бұл сияқты дәмді сөз жоқ десек, адасқан болмаймыз. «Қобыланды» кейінгі айтушының тепкісін көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан», - деуінен [78,174-175 б.], біз ғалымның кейінгі айтушылардың нұсқаны өзінше өзгеріске түсіргенін ұнатпағанын аңғарамыз. Демек бұл нұсқаны «Қобыланды» жырының жеке бір нұсқасы деп те қарастырмағанын дәйектейміз.

Ал, ғалымның мына бір пікірінен: «Міне, осындай «тілге жеңіл, жүрекке жылы, теп-тегіс жұмыр келген айналасы» деген Абай сынына жанасатын өлең мынау беттерде, - дей келе, қазақта «Қобыландыны» шығарған кісі тегінде жақсы ақын екен» - деген сөз осы өлеңдерге қарап айтылған болар», - деуінен [78, 177 б.], біз Ә. Бөкейханұлының алғашқылардың бірі болып, фольклордың көркемдік ерекшелігіне де баса назар аудартқанына көз жеткіземіз. Бірде ғалымның: «Қобыландыда» жақсы өлеңдердің қосағына көп дәмсіз өлеңдер қосақталған көрінеді. «Қобыландыны» қайта басқанда, бұл сары-ала сөздерді шығарып тастаған жөн», - деуінен де, зерттеушінің фольклор үлгісін кейінгі түрлі «қоспа» делінгендерден арылту талабы шаң береді [78,177-178 б.] .

Міне, мұнда әлемдік фольклортану ғылымында фольклор үлгілерін бастырғанда, ешбір өзгерістерге, өзгертулерге түсірмей, көркемдігі төмендігіне қарамай т.б. сол қалпында жарыққа шығару керектігі турасында қалыптасқан негізгі принциптеріне сай емес пікір айтуы т.б. – бәрі, сөз жоқ, белгілі бір ғылым саласының түрлі кезеңде түрлі ауытқуларға ұрынуы мүмкіндігін айғақтайды.

Ғалымның енді бірде: «...кітапты қайта басқанда Қобыланды батырдың өзінің суретін де, атының суретін де жырдағы жазуға дәл қылып басу керек. Тайбурылды тяжеловоз боз айғырға айырбастағанға қазақ көзі ұялады», - деуінен [78, 178-179 б.], біз ХХ ғасырдың басында фольклор үлгілерін кітап етіп бастыру ісінде белгілі бір жүйеліліктің, ғылыми көзқарастың т.б. қалыптаса бастағанын көреміз.

Бұлардан бөлек Ә. Бөкейханов 1923 жылы «Темірқазық» журналының №1 санында ғалым Ә. Диваевтың 1922 жылы жарық көрген «Бекет батыр», «Мырза Едіге» жырларын қысқаша талдап кетеді. Бұл эпостық жырларда сөз болатын оқиғаны, бейнелерді қазақтың белгілі бір тарихи кезеңімен байланыстыра, салыстыра қарастырады. Сөйтіп олардың тарихта болғандығын дәлелдейді. Және де бұларды мектепте балалар оқитын кітаптардың қатарына жатқызады.

Сөз соңында, ғалым, Ә. Бөкейханов ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдарымыздың бірі болды. Ол қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с. - әлі де қазақ фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз.

1925 жылы РКП(б)-ның Семей губерниялық комитеті Атқару комитетінің органы ретінде шығып тұрған «Таң» журналының 1-санында (119–120 б.) және 2-санында (115–118 б.) Мұхтар Әуезовтың «Қобыланды батыр» деп аталатын көлемді зерттеу мақаласы жарияланды [80]. Мұнда автор эпос дамуында халық қиялы мен арманының атқаратын танымдық, тәрбиелік қызметтеріне баса назар аударған. Мәселен, ғалым Мұхтар Әуезов: «Қобыланды әңгімесі - ел қиялының сондайлық қылып көтерген, келістіріп суреттеп шеберлеп әңгімелеген сөзінің бірі. Шеберлеп әңгімелегені барлық батыр әңгімесінің ішіне кіретін адамдардың мінез-қалпын толық қылып шығарудан, батыр жорығын сұлу қылып жырлауынан білінеді. Тағы да батыр пішініне ел мінезін сыйғызып, ел тілегі мен үмітін батыр өзінің көлеміне шеберлеп сыйғызғанынан білінеді», – дейді [80, 49 б.]. Демек ғалым Мұхтар Әуезов фольклорды сөз өнері ретінде білген. Одан әрі ғалым жырдың түп негізін тарихи оқиғалармен салыстыра қарауға баса назар аударды. Мәселен, ғалым: «Қобыландының үлкен жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Ел жыры Қобыландыны Қазан қаласымен соғыстырады. Қобыландының батырлық әңгімесі ел өлеңінде осы уақиғаның айналасында болады. Біз ел әңгімесінің осы жерін тарихтың қай кезіне келетінін тексермекшіміз», – дейді [80, 49 б.].

Міне, бұл тараптағы ғалым Мұхтар Әуезов пайымдаулары сол кездегі фольклортану ғылымында орын тепкен «тарихи мектеп» концепциясына негізделген. Бұл «тарихи мектеп» теориясы негізін ХІХ ғасырда ғалым В. Ф. Миллер қалады. Мұнда фольклор шығармаларының түп төркінін тарихтан іздестіру мәселесі тұрды. Яғни эпостық жырлар бойында кездесетін кейіпкерлердің қалайда өмір сүрген дәуірін және прототипін іздеу керектігі айтылды. Мақалада ғалым Мұхтар Әуезов Қобыландыны Алтын Орда заманында жасаған осы аттас тарихи адаммен байланыстыра қарастырады. Ал, мақалада Қобыланды мен Құртқаның тұлғасын кең салыстырып, олардың ұнамды тәрбиелік мәнін ашуы – бәрі ғалымның фольклорлық бейнені әдеби образ ретінде қабылдауынан туғаны анық.

Біраз эпостық жырларға қарағанда «Қобыланды батыр» үлгісі біраз зерттелді. Жоғарыдағы М. Әуезов мақаласынан бөлек, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, А. Орлов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллиндер де қарастырғаны белгілі [81]. Бұлар өздерінің еңбектерінде, көбінесе жырдың әдебиеттік жағын, маңызын, көркемдік ерекшеліктерін қарастырды. Сондай-ақ олар жырдағы оқиға, образдар жүйесі, жер-су аттары т.б. қай кезде, қандай тарихи кезеңге байланысты туды деген мәселелер төңірегіне ерекше көңіл

аударды. Бұл мәселе бойынша алғаш пікір айтқан М. Әуезов жоғарыдағы еңбегінде «Қобыланды батыр» жырын XVII ғасырда туды дей отырып, дәлел есебінде, оқиға негізінде орыс патшасы Иван Грозныйдың Қазан қаласын 1552 жылы өзіне бағындыруы жатыр деген ұстанымын белгілейді. Кейіннен бұл пікірді С. Мұқанов пен Қ. Жұмалиев те өз еңбектерінде қолдап шығады. Алайда бұл пікірдің теріс екендігін М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев өздері де анықтап берді. Ең алдымен Қобыланды жырындағы Қазан қаласын Иван Грозныйдың алуымен байланысты туды деушілік тарихи шындыққа жатпайтындығы ашылды. Батырлар жырында жер-су, қала аттарын қарап, белгілі бір тарихи дәуірді үнемі іздей беруге болмайды. Мұндай жер-су, қала аттары батырлар жырының қандай тарихи жағдайларға байланысты туғандығын көрсетерлік ғылыми дәлел болмайтындығы және де ондай әдіс халықтық мұраларды тексерудің әрқашан да ғылыми дұрыс жолы еместігі белгілі. Сол тұста фольклордан тарихтың ізін, тарихи оқиғаның белгілерін көп іздеу орыстың тарихи мектебінің әсерінен туғаны сөзсіз. Бұл мектептің негізін салушы орыс ғалымы В. Ф. Миллер халық әдебиетін, әсіресе батырлар жырын зерттегенде, сол үлгілерде кездесетін жер-су, қала аттарына сүйеніп, оларды тарихи дәлел етіп алды. Осының негізінде барып, ол жырдың шығу себебін, тарихи дәуірін белгілеуге тырысқан. Демек батырлар жырынан тарихи оқиғаны іздеу дұрыс емес, ол тек тарихи жырда ғана сақталады. Рас, батырлар жырының оқиғасы өмір шындығынан алынады, дегенмен бұл шындықты жыршылар топшылап жырлайды, образдар жасайды. Сол образдар арқылы өмір шындығын елестетуге тырысады. Сонымен қатар жыршылар тарихи деректердің орнын ауыстырып та жібереді. Міне, мұның бәрі фольклордан тарихи оқиғаның іздерін көп іздеу дұрыс еместігін көрсетеді.

Дегенмен, XX ғасырдың 20-шы жылдардағы Мұхтар Әуезовтың бұл мақаласы өз кезі үшін ғылыми методологиялық негізге сүйеніп жазылған алғашқы мақалалардың бірі болды. Сондай-ақ зерттеушінің қазақ эпостану тарихында жырды зерттеудің тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдерінің негізін қалаушылардың бірі болғаны сөзсіз.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортанушы ғалымдары өздерінің фольклоршылдық қызметін 2 бағытта жүргізген: әрі батыстық, әрі ұлттық. Біріншісі, бұл батыстық көзқарастағы фольклортанушылар: В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев т.б. Бұлар, көбінесе өз қызметтерін танымдық, информациялық т.б. мақсатта жүргізді. Және де әркімнің меңгерген мамандықтарына сәйкес фольклорды дерек көзі ретінде қарастыру басым болды. Мәселен,

В. В. Радловтың белгілі тілші, тюрколог екені белгілі [82, 203-204 б.]. Сондықтан ол фольклорды көбіне тілдік дерек көзі ретінде пайдаланды. Ал, Г. Н. Потаниннің орыстың мифологиялық мектебінің өкілі болғандықтан, көбінесе фольклордың ең көне жанры деп қарастырылатын аңыз бен ертегілерді дерек көзі ретінде жинағаны белгілі [83, 224-272 б.]. Ә. Диваев болса, этнограф ғалым болғандықтан, фольклорды көбінесе халықтың тұрмысын, мәдениетін, мінез-құлық ерекшелігін тану үшін жинастырған [84, 317-353 б.]. Екінші, ұлттық бағыттағы ғалымдар: М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов т.б. Бұлар фольклорды қазақ халқы бойындағы ұлттық сезімді, салт-сананы ояту, ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық тарихты, тілді мәдениетті т.б. басқаларға таныту мақсатында еңбек етті. Жалпы фольклортанушылық жұмыстың белгілі мақсат көздеп жүргізілуі т.б. - бәрі де әрі көлемі, әрі мазмұн жағынан бай, ешкімге ұқсамайтын, өте сирек кездесетін, фольклордың барлық жанрларын қамтитын материалдардың қағаз бетіне түсуі мен баспасөз беттерінде тездетіліп жариялануына себепші болды деп айта аламыз.

Кеңес үкіметі тұсындағы фольклортану ғылымында фольклор мен әдебиеттің өзара қарым-қатынасы мәселесін зерттеуге көбірек көңіл бөлінді. Себебі 1920-1930 жылдардағы Ресей жерінде де, қазақ елінде де саяси, әрі идеологиялық күрестің ерекше өршуі әдебиетке де жаңа талаптар қойылуын негіздеді. Осы себептен де жоғарыдағы мәселе ерекше қарастырылды. Мұнда Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеу дәстүрін әрі қарай дамытудан гөрі, саяси-әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты оны түбімен өзгерту мәселесі де туып отырды. Әйтсе де Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда бұл мәселені шешу мүмкін болмады. Сол себепті Кеңестік фольклористика мен әдебиеттану ғылымы тарихында ол кезді «буржуазиялық ағымдардан» әрі арыла қоймаған кезең ретінде қарастыру орын алды. Сондай-ақ ол кезде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеудің қиындығы – маркстік-лениндік ғылыми әдістің меңгерілмеуі деп те түсіндіріледі.

Негізінен алғанда, фольклор өзінің табиғатынан күрделі болып келуіне байланысты оның зерттелуінде де түрлі әдіс-тәсілдер талап етілді. Зерттеу объектісі ретінде фольклордың көптеген ғылым салаларын қызықтыратыны анық (эстетика, социология, мәдениеттану, этнография, тілтану, әдебиеттану т.с.с.) Бұл ғылым салаларына фольклор тек бір қырынан ғана қажет болса, ал фольклорды толыққанды, біртұтас т.б. күйінде зерттеу тек фольклортану ғылымы еншісіне тиетіні даусыз.

Кеңес үкіметі тұсында үстем болған маркстік фольклортану ғылымының ерекшелігі, қоғам дамуын диалектикалық-материалистік тұрғыда қарастыра отырып, шынайы әлеуметтік тарихи жағдайдың фольклорды жасауда, әрі оның дамуына тигізер ықпалын анықтау болса, әрі халықтың шығармашылық күшіне сену, әрі фольклордың ішкі ерекшеліктерінің, заңдылықтарының дамуына т.б. ерекше назар аудару алға шықты. Демек фольклорды зерттеу үшін әрбір ғылым саласы өзіне лайықты зерттеу методологиясымен, әрі зерттеу әдіс-тәсілімен қаруланса, өз кезегінде фольклортану ғылымы да арнайы ғылым саласы ретінде ол зерттеу әдіс-тәсілдерін қабылдаумен қатар, өзіндік зерттеу методологиясын қалыптастыруға мүдделі екендігін де ескерген жөн.

Жалпы әлемдік фольклортану ғылымы өзінің тарихи даму барысында әр түрлі зерттеу әдістерін қолданғаны, ол әдістерді әр түрлі бағыттағы «мектептер»: мифологиялық, миграциялық, антропологиялық, этнопсихологиялық, тарихи т.б. пайдаланғаны белгілі.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы Кеңестік қазақ фольклортану ғылымында, көбінесе фольклорды салыстырмалы зерттеу әдісімен, сонымен бірге тарихи тұрғыдан зерттеу әдісімен қарастырғаны анықталды. Кейінірек фольклортану ғылымында типологиялық пен генетикалық зерттеу әдістері қолданысқа түседі. Фольклорды зерттеу әдісі тек әлеуметтік жағынан ғана емес, сондай-ақ эстетикалық табиғаты негізінде де анықталатыны сөзсіз. Егер де фольклорды этнографиялық тұрғыда зерттеу әдісі сөз болса, онда фольклордың белгілі бір тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, салттық т.с.с. салаларымен, яғни оны зерттейтін институттармен өзара байланысы сөз болады. Дегенмен фольклордың әлеуметтік практикамен, күнделікті өмірмен, мәдениетпен, мінез-құлықпен, кең мағынадағы ғұрыптың ерекшеліктерімен т.б. жан-жақты байланысын зерттеп қарастыру үшін фольклортану ғылымының социология, әлеуметтік психология, дін тарихы, эстетика т.с.с. тәрізді ғылым салаларына да иек артатыны сөзсіз.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ фольклортану ғылымының зерттелу тарихында, көбінесе белгісіздік атаулы басым болса, ал Кеңес үкіметі тұсында қазақ фольклорын әрі іштей жанрларға жіктеу, әрі бір ізді жүйеге түсіре бастау т.б. ісі нәтижелі атқарылған.

1930 жылдарда қазақ халық ауыз әдебиеті туралы М. Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» (1939), С. Мұқановтың «Батырлар жыры» (1939), Қ. Жұмалиевтің «Халық поэмалары» (1939), Ә. Марғұланның «Қазақ эпосын тудырған мотивтер» (1939),

Б. Кенжебаевтың «Қазақтың халық эпосы туралы» (1939) туралы еңбектері жазылды. Зерттеулерде қазақ фольклорының тарихы, даму жолдары ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Мәселен, Мұхтар Әуезовтың «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегі Леонид Соболевпен бірлесе отырып орыс тілінде жазылған [85]. Алғашында Мәскеуде «Литературный критик» журналында (1939, № 10–11; 1940, № 1) жарияланды, кейін «Песни степей» атты кітаптың (Мәскеу, 1940) алғысөзі болып шықты. Белгілі қазақ сыншысы Айқын Нұрқатовтың аудармасы бойынша «Уақыт және әдебиет» жинағына (Алматы, 1962) енді.

Мақалада М. Әуезов пен Л. Соболев: «... Өткен заман жайын шертетін өлмес, өшпес, дана шежіреші – эпос бізге ғасырлар тынысын жеткізгендей, сол кездегі жандар бейне бір тіріліп келіп сыр-сезімін, ойы мен шынын, үзілмес арманы мен бақыт аңсаған тілегін алдымызға жайып салғандай болар еді», – дейді [85, 156 б.]. Міне, осы арқылы мақала авторлары фольклордың адамзат тарихында таным, ақпарат қызметтерін атқаратынын дәлелдейді. Одан әрі авторлар фольклорды орындаушылар турасында ой-пікірлерін білдіреді: «Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің заманымызға дейін жеткен, бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілерінің туып, таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштымыз. «Жол анасы – тұяқтан, сөз анасы – құлақтан», – деп келеді қазақ мақалы. Ақын өз жанынан ғана жыр шығарып қоймаған. Ол қыз бен жігіттің, кәрі-жастың ойын-тойда, қоштасқанда, қаза үстінде айтатын өлең-жырларының бәр-бәріне құлақ тосып та отырған. Сөйтіп, басқа мұраны да зер сала жинайтын кәрі құлақты ақындар өз жырларымен бірге халық арасынан естіген сол жырларды да қоса айтқан. Кім шығарғаны беймағлұм өлең-жыр жалпақ даланың бір түкпірінен бір түкпіріне ғасырдан ғасырға осылай таралып отырған», – дейді [85, 157 б.].

Жалпы, М. Әуезов пен Л. Соболев бұл мақаласында халық ауыз әдебиетін негізгі бөлімдерге бөліп, оның әрқайсысын орынды сипаттап өтеді. Олар халық ауыз әдебиетін мынадай негізгі жанрларға бөледі: 1) халық поэзиясының шағын түрлері; 2) ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар; 3) батырлар жыры; 4) ғашықтық жырлары; 5) тарихи жырлар; 6) айтыс өлеңдері [86, 158-159 б.]. Негізінен алғанда қазақ фольклорын осылай етіп жанрларға бөлу қалыптасқан қағидаға айналып отыр. Тек мұнда ұсақ дидактикалық жанрға жататын мақалдар мен жұмбақтар қазіргі таңда өз алдына жеке

бөлінген. Сондай-ақ мұнда кейінгі жылдары ғана ел аузынан жиналып алынған халық ауыз әдебиетінің кейбір түрлері ескерілмеген. Халық ауыз әдебиетін жанрға бөлумен қатар, сол әрбір жанрға жататын ұсақ формалар да жете зерттелген. Мәселен, «Халық поэзиясының шағын түрлері» деген топта үйлену-салт жырлары қатарында жар-жар, сынсу, беташар және мұң-шер өлеңдері (қоштасу, естірту, жоқтау) жеке берілген [85, 159– 172 б.].

Қазақтың үйлену салтына байланысты туған жырларының ішінде ерекше мол таралғандары жар-жар, сынсу, беташар екенін ескере отырып, одан әрі авторлар олардың ритуальдық-тұрмыстық мән-мағынасына қоса, ойын-тойда, сән-салтанат тұсында да, әзіл-қалжың ретінде де орындалатынын айтады. Оларда жас жұбайларға деген тілек-бата айтылатыны, күлкілі теңеулер, тапқыр ишара, емеуріндер мол ұшырасатыны, қалыңдыққа көз жасыңды көл қылып төкпей аттан дегенге саятын жұбату білдіретіні т.б. авторлар тарапынан сөз болады. Демек фольклордың тәрбиелік мәні М. Әуезов пен Л. Соболевті қызықтырған. М. Әуезов пен Л. Соболев үйлену-салт жырларына жататын «жар-жарды»: «... салт-ғұрыптық мәнін айқындай түсу үшін «жар-жар» деген сөз қайырма ретінде әрдайым қайталанып отырады. Қазақ әдетінде құда түскендегі жайында, құдалық жайында оң жақта отырған қызға көп айта бермейді. Тек ұзатылар кезде туған-туыстарының ортасында, болашақ күйеуінің алдында ғана оған өзінің болашақ талайын аңғартып осындай дәстүрлі жыр айтылады», - дейді [85, 160 б.]. Жар-жарды қыздар мен жігіттердің екі жақ болып, алма-кезек қосылып айтатыны, олардың қалыптасқан мәтіні мен ән, әуені болатыны, жігіттердің көңілді, лепті-хорына қыздар жағы уайым сарынымен жауап қайтатыны авторлар тарапынан дұрыс қарастырылған.

М. Әуезов пен Л. Соболев осы мақалада халық ауыз әдебиетінің поэтикалық тіліне де арнайы тоқталып өтеді: «Жар-жар театрдағы сахналық ойынға ұқсаңқырайды. Жігіттер мен қыздардың ішінде суырып салып өлең шығара алатын ақындары болса, онда олар жаттанды тексті місе тұтпайды. Жырды бастап айтумен бірге олар күйеу мен қалыңдықтың атынан айтысып та қалады», - дейді [85, 162 б.]. Демек мақалада «жар-жар» бойында әрі фольклорлық театрдың, әрі айтыстың элементтері бар екеніне алғаш назар аударылуы авторлар пікірінің құндылығын арттырады сөзсіз.

Ал, қоштасудың мәнін, жай-жапсарын авторлар былай түсіндіреді: «Жоқтау» мен «естуге» қарағанда қазақ фольклорында «қоштасу» әлдеқайда аз сақталған. Жалпы қоштасу түрінде айтылғанымен, бұл жырлардың мазмұны, сыр-сипаты әр алуан болып

келеді. «Қоштасуды» ақындар да шығарады. Оны бүкіл халық болып та айтады. Мұндай жырлар жеке бастың да, бүкіл қауымның да таланына кезіккен оқиғаларға байланысты туады. Мәселен, өмірмен қоштасу, туған жермен қоштасу, ашық жарлардың айрылысуы, жақын достан, жүйрік аттан, қыран құстан айрылу, тағы басқалар», - дейді [85, 167 б.]. Мысал ретінде Кемпірбай мен Сабырбайдың өлер шағындағы айтқан қоштасуларын келтіреді. Естай ақынның сүйген қызымен айрылысар кезінде «Хорлан» әнін шығарғанын айтады.

Қазақтың төл ертегілерін сөз еткенде, ғалымдар олардың мейлінше молдығына, бірақ бар нұсқаның ғылыми тұрғыда жазылып алынбағанына назар аудара отырып, оларды сол кездегі қазақ фольклорының ең аз зерттелген саласы деп қарастырады [85, 172-187 б.].

М. Әуезов пен Л. Соболев оларды жіктеп, талдау ісі әлі аяқталған жоқ дейді. Сол себепті мақала авторлары қазақ ертегілерін шартты түрде 5 топқа бөлген:

- а) қиял-ғажайып ертегілері;
- ә) хайуанат жайындағы ертегілер;
- б) салт ертегілері;
- в) балаларға арналған ертегілер;
- г) аңыз ертегілер, күй аңызы [85, 173 б.].

Міне, мұндағы ертегілердің алғашқы үш түрі – қазіргі таңдағы фольклортану ғылымында ертегілердің классикалық түрі болып табылады. Мәселен, бұған дейін ертегілердің қиял-ғажайып түрін қазақ фольклортану ғылымында ешкім ажыратпаған болатын. Міне, мұнда алғаш рет қиял-ғажайып ертегілерді ғалымдар былай түсіндіреді: «Қазақ халқының «Қиял-ғажайып ертегілерінің» кейіпкерлері әр алуан ғаламаттар болып келеді. Олар: жеті басты жалмауыз, жалғыз көзді жалмауыз (ежелгі грек мифтеріндегі циклоп тәрізді), жалмауыз кемпір (орыстың баба-яғасының сыңары), мыстан кемпір (оны қазық аяқ, қарға тұмсық деп те атайды), айдаһар т.б.», - дейді [85, 173 б.].

Одан әрі ғалымдар қиял-ғажайып ертегілер бойында анимизм қалдықтары жиі ұшырасатынына, ежелгі адамдардың космогониялық ұғым-нанымдары бар екеніне т.б. баса көңіл бөлген. Демек М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ ертегілерін қарастырғанда, зерттеудің типологиялық, тарихи әдіс - тәсілдерін де қатар қолданған. Осы арқылы басқа халықтардан алмасып алынған сюжеттік желілер өңделіп сұрыпталатынын, өзгеретінін, жаңа халықтық негіз табатынын дәлелдейді.

Ал, хайуанат жайындағы ертегілерге ғалымдар: «Халықтың күнкөріс кәсібінің, тіршілігінің тірегі болған үй хайуанаттарының қажеттілігі мен маңыздылығы бұл саладағы ертегілердің мазмұнын ғана емес, молдығы мен алуандығын да белгілеген», - деген анықтама береді [85, 174-175 б.]. Сөйтіп бұл ертегілердің халық арасында пайда болуы мен кең таралуының негізгі себептері деп мал баққан елдің экономикалық тұрмысы мен қоршаған ортаға деген көзқарасынан туындағанын авторлар дұрыс ашып береді.

Салт ертегілері турасында мынадай тұңғыш сипаттамалар да беріледі: «Сірә, бұл топтағы ертегілер қиял-ғажайып ертегілердің тұрмыс-салт ертегілеріне ауысу шағын танытса керек. Нағыз тұрмыс-салт ертегілері көшпелі бақташылық тұрмысты суреттейді, әрі кең жайлау мен көк сеңгір тауларды, жұт болмайтын жасыл алқапты көксеген арманға толы болып келеді», - дейді [85, 176-177 б.].

Халық шығармашылығының келесі түрі ретінде қазақ мақал-мәтелдері, жұмбақтары берілген. Олардың дені өлең түрінде келетінін ескере отырып, ғалымдар оларда ассонанс, аллитерациялар мол ұшырасатынына, мағына-мәні мейлінше терең болатынына, халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мол екеніне т.б. дұрыс көңіл бөлген.

Негізінен, М. Әуезов пен Л. Соболев халық ауыз әдебиетінің әр түрлі жанрларында суреттелетін кейіпкерлер арқылы, қазақ халқы ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін атап көрсетеді (мәселен, Жиренше шешендегі - Жұпардың, Ақсақ құлан жайындағы аңыздағы - күйшінің, сыңсудағы қыздар мен келіндердің, «Ер Тарғын» эпосындағы Ақжүністің, «Айман-Шолпан» жырындағы сұлу, ақылды Айманның кейіптері). Мұндай нәтижені авторлардың қазақ эпосының, құда түсумен байланысты айтылатын өлең-жырлардың өлең құрылысына талдау беруінен де байқаймыз. Міне, мұнда мақала авторлары фольклорлық кейіпкерлерді әдеби образ деп қарастырғанын көреміз.

Жалпы М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ эпосын іштей дұрыс ажыратқан: а) батырлар жыры; ә) ғашықтық жырлары; б) тарихи жырлар [85, 188-205 б.] деген. Ғалымдардың ой-пікірлерінше, батырлар жыры, көбінесе сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып табылады дейді. Эпостық жырлардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды дегенді де айтады. Батыр жорыққа аттанғанда айтылатын «қоштасу» жыры, ол қалыңдық әкелгенде айтылатын үйлену-салт жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жылап-сықтап жеткізетін «жоқтау» жыры сол батыр жайындағы эпостық

жырдың негізін құрамауы мүмкін емес дегенді айтады. Мысал ретінде авторлар «Қобыланды», «Ер тарғын», «Сайын батыр» жырларын дәлел ретінде пайдаланады.

Қазақ халқының батырлық эпосының ішіндегі ең көлемдісі, ең тамашасы деп ғалымдар «Қобыланды батыр» жырын атайды. Жырда Қазан қаласының ауызға алынуын М. Әуезов пен Л. Соболев үлгінің тарихи төркіні барлығын байқатуы ретінде түсіндіреді. Одан әрі жырдың қысқаша мазмұны баяндалады. «Қобыланды батыр» жырының басқа халықтар эпосынан айырмашылығы- онда батырдың ата-анасы, жұбайы, серіктері, тұлпар аты, қару-жарағы ерекше мол суреттелетіні діттеледі. Демек ғалымдарды жырдың көркемдік ерекшеліктері қызықтырғаны сөзсіз. Ендеше авторлар фольклордың эстетикалық жағын да қарастыруды ұмытпаған. Жырдың 7-8 буынды үлгімен келетіні, мағынасына қарай шумақтағы жол сандарының алмасып отыратыны, ұйқасы да айнымалы болып келетіні, бірақ дыбыстың үндестігі мен әуезділігі, қайталаулар, ассонанс пен аллитерация мол ұшырасатыны т.б. – бәрінің қазақ эпосына, оның өлеңдік құрылысына жалпы тұтастай ортақ қасиет екенін М. Әуезов пен Л. Соболев дұрыс айқындаған. Одан әрі жырдың оқиғасы, образдар жүйесі т.б. бәрі де әдебиеттану талаптары тұрғысынан талданады.

Ал, ғашықтық жырларды батырлық эпостан ажырататын басты-басты үш ерекшелікті М. Әуезов пен Л. Соболев былай береді: «Ең алдымен, батырдың халық мүддесі жолындағы күресін негізгі тақырып ететін батырлық эпостай емес, ғашықтық дастандардың өзекті тақырыбы екі жастың бақытқа жету жолындағы тартысы, қасірет-зары, махаббаты.

Екіншіден, батырлық дастандарда шешуші роль атқара бермейтін рулық қарым-қатынастар, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ғашықтық жырлардың фабуласына заңды түрде қабысады.

Бұл дастандардың батырлық жырдан үшінші айырмасы - соларда образдар реалистік түрде сипатталады. Ғашықтық жырларда дастанның оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттері психологиялық жағынан нанымды да терең мотивировка табады», - дейді [85, 196 б.]. Сөйтіп, эпостық жырларды бір-бірінен ажыратуда ғалымдар үлгінің тақырыптық ерекшелігіне баса назар аударса, ал кейіпкерлерін талдағанда фольклорлық ерекшелікті ескермей, тек оны әдеби образ деп қарағанын көреміз.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын талдағанда, авторлар оның бірнеше нұсқасы бар екеніне көңіл бөледі. Жырдағы кейіпкерлердің

мінез ерекшеліктері сөз болса да, мәтіннің көркемдік ерекшеліктері талданбаған.

Тарихи жырларды сипаттаған М. Әуезов пен Л. Соболев ой-пікірлері де бар: «Бұл тарихи жырлардың дәстүрі тереңде, алыста жатыр. Ол бастауын Орта Азия мен Сібір тайпаларының ру аралық тартысы кезінде шабуыл-жорық жайындағы жырлардан алады. XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ-қалмақ соғыстары, соның салдарынан қазақ халқының көп қиындық көріп, Сырдария жағасынан Арқаға көшуі сияқты тарихи оқиғалар «Ақтабан шұбырынды» жайында жыр-аңыздар тудырды. Есімнің, Абылай мен Қабанбайдың, XVI – XVIII ғасырларды өмір сүрген басқа да тарихи адамдардың жорықтары жайындағы тарихи жырлар да мол», - дейді [85, 202 б.]. Сөйтіп, тарихи жырлар негізінде, көбінесе тарихта болған адамдар жататыны дәлелденген. Мұндай тарихи жырға берілген сипаттама түріндегі анықтама қазір де өз мағынасын, мәнін жойған жоқ.

М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Эпос и фольклор казахского народа» атты мақаласынан Қазақстанда халық ауыз әдебиетін зерттеу жұмысының бұрынғыдан әлде қайда тереңдеп, жаңа биікке көтерілгендігін көреміз. Қалың көпшіліктің өмір тәжірибесін жинақтаудан келіп туған халық ақындығының жемісі, аталған мақалада дұрыс шешімін тапқан. Мұның бәрі мақаланың ұтымды жағы болады. Алайда, осындай дұрыс көзқарастармен қатар басқа зерттеулерде де кездескен олқылықтардың мұнда да орын алғанын айта кеткен жөн. Халық ауыз әдебиетінің шығармалары мен жанрларының тарихи дамуы бұл еңбекте жете көрсетілмеді. Сол тұста да, кейін де бар кемшіліктер қатарында, көптеген зерттеу еңбектерде халық ауыз әдебиетінің формасын талдауға көңіл аз бөлінді. Форманы мазмұннан бөліп қарап, белгілі бір жанрды талдауға алғанда, оның поэтикалық тілін, тәсілін атап өтіп, нысанадағы шығармадан тек мысалдар келтірумен шектелушілік кездесті.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 30-шы жылдары жазылған бұл еңбек – қазақ фольклорының барлық дерлік жанрларын қамтыған тұңғыш көлемді мақала деуге болады. Әсіресе, қазақ ертегілерін іштей жіктей отырып, оларға алғаш анықтамалар берілуі, ерекшеліктері ескерілуі- бәрі, сөз жоқ, қазақ фольклортану ғылымының дамуына ерекше үлес ретінде бағалануға лайық.

Сонымен қатар фольклорды зерттеу ісіне тілтану мамандары: Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев т.б. та ат салысады. Мәселен, профессор Қ. Жұбанов 1936 жылы (Из истории порядка слов в казахском предложении) қазақ сөйлеміндегі сөз тіркестері тарихын зерттей отырып, қазақ тілінде кездесетін «сүт кенже», «бір туған»

деген екі сөздің мағынасын анықтау үшін Шалқар мен Тараза дейтін ақындар айтысынан мысал келтіреді [87]. Ал, тілтанушы профессор. С. Аманжолов «Бөгенбай батыр» (1936) жырын баспадан шығарды, қазақ халқының жұмбақтары туралы жинақ құрастырды.

Қысқасы, фольклор – әр түрлі ғылымдардың зерттеу объектісі. Халықтық музыканы – музыкатану ғылымы; халықтық биді – хореография; халықтық шығармашылықтың әдет-ғұрып пен әр түрлі ойын-сауық түрлерін – театртану; халықтық сәндік қолданбалы өнерді – өнертану салалары т.с.с. арнайы зерттейтіні мәлім. Сондай-ақ фольклорға тілшілер, тарихшылар, психологтар және тағы басқа ғалымдар назар аударатыны да анық. Әр ғылым саласы фольклордан өзіне қызықтыратын, қажетті мәліметтерді т.с.с. іздейді.

Фольклорлық шығармалар халық жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп келгенін ескерсек, фольклортанушы ғалымдардың бастапқы міндеті айқындалады: фольклорлық экспедицияларға шыға отырып, фольклорды айтушылар мен таратушыларды тауып, олардан фольклор үлгілерін жинастыру т.с.с. «далалық жұмыстар» болып табылатын жұмыстардың бәрі де мәнді. Ал, фольклортанушы ғалым фольклорды теориялық тұрғыда зерттегенде, көбінесе оның не басылым көрген фольклорлық мәтінді, не архивтерде жатқан жазбаларды пайдалатыны белгілі.

Түйіп айтқанда, фольклордың да өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Мәселен, фольклордың ауызекілік сипаты: ауызша формада тууы, ауызша таралуы, ауызша өмір сүруі т.с.с. бәрі де фольклордың көркем әдебиеттен ажырататын басты ерекшеліктері болып саналады. Мұндай фольклорлық ерекшеліктерге сондай-ақ дәстүрлік синкреттік, көп нұсқалық, импровизациялық т.с.с. қасиеттердің жататыны да мәлім.

Фольклордың түп тамыры ертеден келе жатса да, ол жөніндегі дұрыс, дәлелді, орнықты пікірлер кешірек қалыптасқан. Егер орыс фольклортану ғылымы сонау XVIII ғасырда пайда болып, XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасып үлгірсе [88], ал, қазақ фольклортану ғылымының XVIII ғасырдан басталғанымен [86] өз алдына жеке ғылым саласы ретінде Қазан төңкерісінен кейін қаз тұра бастағаны белгілі.

Сонымен бірге алғашқы фольклорлық жазбаларда әуесқойлық т.с.с. әсері басым болса, кейінгілерде фольклорды тарихи, этнографиялық, әдебиеттану, тілтану т.б. дерек көзі ретінде бағалау алға шыққаны анық.

XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейін өкімет басындағы Кеңестік жүйе тудырған идеология қазақ фольклортану ғылымы

саласында тек фольклордың жиналуы мен жариялану сипатына ғана емес, сондай-ақ фольклордың зерттелу деңгейіне де ықпал етіп, ондаған жылдар бойы шығармашылық ойдың дамуына елеулі пайдасымен қатар біршама кедергі жасап келгені де анық. Мұндай жағдайда, көбінесе жеңіл әлеуметтік зерттеулер ғана қолдау тауып отырғаны мәлім. Фольклортанушы ғалымдар еңбектері міндетті түрде маркстік ойшылдардың идеялары тұрғысынан жазылуы қажет деп саналғаны белгілі. XX ғасырдың 1930-1950 жылдар аралығында кеңестік ғылымда тексерусіз, зерттеусіз соқыр сенімге ғана сүйенген, дәлелденбеген қағидалар, концепциялар үстемдік етсе, мұнда бәрі фольклортану ғылымының да шынайы өрістеуіне үлкен тосқауыл тудырып отырды. Қысқасы, бұл кезеңде «маркстік фольклористика» деген терминнің қалыптасқаны, ал ол өз кезегінде фольклортану ғылымындағы ғалымдардың бұл бағытта фольклордың теориясы мен тарихына қатысты мәселелерді қарастырғанда, міндетті түрде Маркс, Ленин, Луначарский және т.б. маркстік ойшылдардың еңбектерін басшылыққа алу қажеттігін міндеттеді.

Бұл бағыттағы ғалымдар, көбінесе: фольклор мен ұлт-азаттық қозғалыстардың өзара байланысын; әрі халықтың таптық санасындағы өзгерістерін т.б. фольклорды таптық тұрғыда, әрі тұрпайы социология тұрғыда, әрі тек әдебиет түрі деген тұрғыда діттеп, содан шыға алмау төңірегінде қалғаны белгілі. Ал, отандық, әрі шетелдік «маркстік емес» ғалымдардың жетістіктері т.с.с. өз кезегінде ескерілмей, айтылмай, төмендетіліп, тіпті оларды теріске шығару, мойындамау іс-әрекеттері белең алғаны да мәлім. Мәселен, орыс фольклортану ғылымында «маркстік» кезеңге дейінгі белгілі ғалымдар: Б. Буслаев, А. Веселовский, В. Миллер [88,46 б.] т.б. еңбектері біржақты, теріс сынға ұшыраса, ал қазақ фольклортану ғылымында белгілі ғалымдар: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов т.с.с. еңбектері ұр да жық сынға ұшыраумен шектелмей, тіпті олардың аты да аталмай, жазғандары да т.б. ескерілмеген кезең де орын алғаны белгілі.

1950 жылдарға дейін қазақ фольклортану тарихында тарихи-типологиялық зерттеу әдісінің дами түскені; т.б. бәрі де фольклорды тарихи дамудың әр кезеңіндегі эволюциясы мен алғаш шығу, жасалу, даму процесі тұрғысындағы т.б. қарастыруды қамтитыны мәлім. Фольклорлық жанрлардың зерттелуін алсақ, бұл кезде қазақ фольклортанушы ғалымдары көбінесе қиял-ғажайып ертегілерін, хайуанаттар жайлы ертегілерді, аңыздарды, батырлар жырларын, тұрмыс-салт жырларын т.б. қызыға қарастырды.

Ертегілерді зерттеу барысында ең алдымен оны жанрлық тұрғыдан жіктеу мәселесін шешу қажеттігі туады. 1920-1930-шы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымы алдында ертегі жанрын зерттеуде: оны табиғаты мен тегіне, мәтіннің композициялық құрылымына, шығарманың атқаратын қызметіне, туындыдағы шынайылық пен қиялдың арасалмағына т.с.с. қатысты мәселелер көтерілгені белгілі. Бұл мәселелерді шешудің бастауы сонау XVIII ғасырдан бастап XX ғасыр басына дейінгі белгілі ғалымдар: Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, М. Ж. Көпеев, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов т.б. еңбектері негізінде жиналған, жарияланған т.с.с. нұсқалар арқасында іске асу мүмкіндігіне ие болғандығы анық.

1920-1930 жылдардың өзінде-ақ Кеңестік үкімет тарапынан жалпы халықтық шығармашылықтың әдебиет үшін мән-маңызы үнемі ескеріліп, көтеріліп тұрған мәселелердің бірі болғаны белгілі [89]. Сөйтіп, кеңестік дәуірде біртіндеп фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеу мәселесі Ресей, әрі қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған басыңқы бағыттардың біріне айналды [90].

Кеңес заманында езгіге қарсы күрес, әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік т.б. тәрізді мәселелер таптық тұрғыда тек халықтық шығармалар арасынан іздестіріліп, ел арасынан жинастырылып қана қоймай, сондай-ақ көркем әдебиетке де негіз болғаны тарихтан мәлім. Жазушылар өз шығармашылығында, көбінесе фольклордың аңыздар, ертегілер, мақал-мәтелдер т.б. тәрізді түрлерін көп қолданған. Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде фольклорды жазба әдебиетті дамыту мақсатында да қолданғанын ескерген жөн.

Фольклордың негізін анықтау үшін оны көркем әдебиетпен салыстыру қолданылып келген. Расында, екі саланың да сөз өнеріне жататынын ескерсек, әрқайсысының ерекшелігін ажырату үшін, олардың өзіндік сипаттарын сараптау қажеттігі туады. Сөйтіп жеке сала түрін ажырата отырып, олардың өзіндік даму жолдарын т.с.с. айқындау мүмкіндігі туады. Фольклорды саралағанда, оны қатып қалған, өзгермейтін, статистикалық күйде қарастырмай, даму үстінде ғана зерттеу керектігі анық. Тарихтың әр дәуірінде, түрлі қоғам жағдайында фольклор бір қалыпты болмағаны белгілі. Кеңес үкіметі тұсындағы ғалымдар фольклордың табиғатын ғылыми зерттеу үшін таптық қоғамдағы мен таптық қоғамға дейінгі фольклордың өмір сүру ерекшелігін т.б. қарастыруға мәжбүр болды. Яғни феодалдық, капиталистік, сондай-ақ Кеңестік дәуірдегі қалыптасқан фольклордың бойындағы ерекшеліктерді анықтау басты міндетке айналды. Соның нәтижесінде фольклорды зерттеушілер мына ерекшеліктерге баса

назар аударуды мақсат еткен. Бірінші, фольклордың халықтығы мәселесі [91]. Осы орайда бұрынғы кезден ауызша сақталған мұралардың барлығын да халық шығармашылығы деп тану орын алды.

Сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халық ауыз әдебиетіндегі халықтық ұғымдарды қарастырған фольклортану ғылымының жіберген қателіктері мен кемшіліктерінің түп төркіні – ол фольклордың әлеуметтік негізін қарастырмаудан туындаған деп түсіндіру үстем болды.

Екінші, бұл фольклордың көп нұсқалылығы көңіл бөлерлік [92]. Көп нұсқалылық жазба әдебиеттен ажыратылатын, әрі фольклорлық шығарманың бір өзгешелігі ғана. Варианттылық фольклорлық нұсқалардың ауызша ел арасына таралу тәсілдерінің бірі екендігі анық. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер халықтың көзқарасындағы түрлі ерекшеліктерді тудыруы, оның өз кезегінде ауызша шығармалар нұсқаларының мазмұнында да түрлі ауытқуларды негіздегені де сөзсіз.

Үшінші, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі фольклордың бойындағы коллективтік ұғым мәселесі болды. Түрлі фольклорлық шығармалардың нұсқаларын қарастырудағы мақсат – көптеген адамдардың, яғни коллективтің белгілі бір фольклорлық шығарманың тууы мен қалыптасуына т.б. қаншалық әсері, қатысы бар екендігін ажырату екені мәлім. Демек алғашқы мәтіннің сюжетін қалыптастыруда коллективтің қатысу мүмкіндігі, бірлескен авторлық мәселесі, фольклорды таратушылардың, айтушылардың т.б. мәтіннің мазмұнына аз не көп мөлшерде өзгерістер енгізуінің түрлі себептері: мәтін идеясының сол тұстағы халықтың көзқарасына сәйкес келу-келмеуі; мәтінде стильдік, әрі композициялық тұрғыда толықтырулар жүруі; қоғамдық жағдайдың өзгеруі; басқа тарихи, таптық ортадан т.б. мәтіннің өзгерістер қабылдауы т.с.с. қамтылды.

Төртінші, таптық қоғамдағы дәстүрлілік мәселесі сөз болады [93]. Дәстүрлілік ұғымды таптық қоғамдағы халықтық шығармалардың заңды дамуы барысын талдау негізінде ғана түсіндіруге болады деп саналғаны белгілі.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Кеңестік фольклортану ғылымы көп жылдық өзіндік өмір сүру жолын басынан кешірді. Сол кездің өзінде Кеңестік фольклордың өзіндік ерекшелігі, поэтикалық табиғаты, ұғымның қаншалықты көлемді екендігі, тіпті оның даму жолы да т.с.с. түрлі дау-таластарды тудырғаны белгілі. Социалистік қоғамда мәдениеттің жетістігі барлық еңбекшілердің жолына, қызметіне бағындырылғаны да тарихтан мәлім. Ал, кеңестік

адамдардың баспа әдебиеттерін, кино, радионы кең пайдалануы т.б. бәрі қоғамда фольклордың дамуына, өмір сүруіне кері әсерін тигізгені анық. Тіпті фольклорды таратушылардың кеңестік қоғамда өз қабілеттерін жетілдіру үшін түрлі арнайы оқу орындарында оқу мүмкіндігі, ақын, маманданған артист, музыкант т.с.с. бейнесінде қызмет ету жағдайлары да фольклордың ел арасына кең таралу мүмкіндігін шектегені сөзсіз.

Сондай-ақ кеңестік қоғамда фольклордың барлық жанрлары сақталмағаны, оның ішінде дінмен байланысты тақырыптарды қамтитын үлгілердің т.б. не жартылай, не толық жойылғаны да анық [94]. Тіпті кеңестік адамдардың әйтеуір айтылатын саясатсыз сөздің әсеріне, не діни өлеңдерге, не діни аңыздарға т.с.с. деген қажеттілікті керек етпейтіні де сөз болады. Сондай-ақ кеңестік тақырыпқа орай жасалған эпостық жанрдың өзі де социалистік қоғамның талаптарына толық сай келе бермейтініне де назар аудару да орын алды. Кеңестік фольклорды зерттеу ісінің Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдерінен көп өзгешеліктері болуы заңды: белгілі бір нұсқалар, не толықтай жеке жанрлар ұзақ өмір сүру, байқау т.б. нәтижесінде емес, керісінше, «жақсы» дегендерді сұрыптау, өңдеу, олардың қаншалық өмір сүру мүмкіндігін т.б. қарастыру үстемдік етті. Кеңес уақытындағы халық шығармаларының жекелеген жазбалары әр жерде, әр түрлі басылымдарда т.б. жарияланғаны белгілі. Сол уақыттың өзінде біраз фольклорлық материалдар жинақталып, арнайы кітаптарға еніп басылғанымен, әлі де жинақтауды, жариялауды қажет етеді дегенді ескеру қажеттігі сөз болады.

Сол кезде қазақ фольклортану ғылымы алдында кеңестік фольклордың басылым көрген нұсқалары мен ол турасында жүргізілген зерттеу жұмыстарының библиографиялық анықтамаларын жасау міндеті тұрғаны да белгілі. Ол үшін газет, журнал т.с.с. беттерінде жариялымдарды іздестіру, қарастыру, зерттеу т.б. жұмыстары тұрғаны анық. Сонымен қатар кеңестік фольклорды жинау, қағазға түсіру т.б. жұмыстарын әрі қарай жалғастыра беру қажеттілігі; ол үшін арнайы тақырыптар бойынша экспедициялар ұйымдастыру; өнерпаздықты зерттеу мәселесіне, оның мүшелеріне, ұйымына т.б. ерекше назар аудару; фольклорды айтушылардың өзіндік шығармашылығын зерттеу мәселесі т.с.с. бәрі сол кездегі қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған көкейкесті мәселелердің біразы ғана. Сондай-ақ фольклордың жиналып, басылым көрген өзгешелігі бар барлық мөлшердегі мәтіндерді де зерттеу талабын алға шығарды.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы алдында фольклордың әр жанрын зерттеу қажеттігі тұрды: тұрмыс-салт жырларын, аңыздарды, ертегілерді, эпостық жырларды, айтысты, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтарды т.с.с. Мұндағы зерттеушілер алдында тұрған негізгі міндет: әр жанрдың пайда болу, даму тарихын т.с.с. зерттеу; олардың көркемдік табиғатының өзіндік ерекшелігін; қамтылған шындықты бейнелеп көрсету әдіс-тәсілдері мен қоғамда атқарған қызметін т.с.с. жан-жақты анықтау мәселелері тұрды. Мәселен, қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеу жұмысының көлемі күннен күнге кеңейе түсті. Мектепке арналған оқулықтар, ғылыми жинақтарға кіріспе, очерктер, байсалды зерттеу мақалалар жазыла бастады. Оларда халық ауыз әдебиетінің тарихпен байланысы, эпостың образдары [95], айтыстың ерекшеліктері, айтысқа қатысушы ақындардың шеберлігі [96], ертегінің түрлері [97], халық көтерілісі жайындағы өлеңдердің сипаты [98] т.б мәселелер сөз болды. Қазақ фольклорының негізгі өсу бағытын көрсетуге қадам жасалды [99]. Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзара байланысы жөнінде мәселе қойылды [100]. Ақындардың творчествосы зерттеліп [101], историографиялық тақырыптарға мақалалар жазылды. Жоғарыда біз атап өткен мәселелер М. Әуезовтың еңбектерінде, оның Л.Соболевпен бірігіп жазған мақаласында («Эпос и фольклор казахского народа») мұқият қарастырылды [102].

Мәселен, белгілі ғалым Б. Кенжебаевтың «Қазақтың ертегілері туралы» зерттеу мақаласы 1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналының №1 санында басылды (Б.78-86). Мұнда негізінен, мақала авторы басқа да елдермен қатар Қазақстанда да ауыз әдебиеті қазыналарын жинау жөнінде бірталай жұмыстар атқарылып жатқанын сөз етеді. Дегенмен жарық көрген кітаптардағы фольклорлық үлгілерді сұрыптау, зерттеу, оларға түсінік жазу жағы біраз кейін қалып отыр дегенге де назар аударады. Шыққан жинақтардың біреу-екеуінен басқасында сөз басы, түсінік жазылмағанын ескере отырып, ғалым Б. Кенжебаев «Қазақ ертегілері» деген жинақтарды, кітаптарды қарап шыққанын, осылар жөнінде сөз қозғайтынын айтады. Онда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді: жалпы қазақ арасында айтылып жүрген ертегілер қанша, олардың қаншасы қазақтың төлтума, байырғы ертегілері, қаншасы кірме, басқа жұрттан кірген ертегілер екендігін ажырату мәселесі қойылады. Бұған дейінгі зерттеулерде бұл сауалдарға жауап бермегені белгілі. Ал, мұнда қазақ ертегілері қатарында «Алдар көсе», «40 өтірік», «Тазша» т.б. үлгілері сөз болады. Мақалада, сондай-ақ, ертегілердің шығу тегі, қай елдікі т.с.с. деген тәрізді мәселелер де көтеріледі. Мәселен, 1859 жылы

Федор Бенфейдің үндістан халқынан басқа ешбір халықтың өзінің төлтума, байырғы ертегісі жоқ деген сыңаржақ пікіріне Б. Кенжебаев қарсы шығады, келіспейді. Ал, ертегілердің туыстас халықтар арасында ауысып, араласып жатуы, тіпті әбден сіңіп, суретін, сюжетін өзгертіп, әбден өзгеріп кеткен ертегілері болады дей отырып, ғалым Б. Кенжебаев олардың сол халықтардың бәріне де ортақ мұра болатынын да алғаш сараптаған.

Одан әрі қазақтың «Қаңбақ шал» тәрізді ертегілерін, сюжетін, кейіпкерлерін т.б. грек ертегісімен типологиялық жағынан салыстыра отырып, ол ертегілердің бір-біріне ешбір ұқсамайтыны, сол себепті олар өз елінің төлтума ертегісі болатынын дәлелдеп шығады. Сөз соңында Б. Кенжебаев мынадай тұжырымға келеді:

«1) ертегі жасамайтын халық болмайды. Экономикасына, әлеуметтік, қоғамдық өміріне сәйкес әр халықтың өзінің қолтума, байырғы ертегілері болады;

2) ертегілер бір халықтан екінші халыққа ауысып, көшіп отырады: әр халық өзінен өзге халықта болған өнер, ғылым, техника табыстарын үйреніп, қабылдап алған сияқты, ертегілерді де үйреніп, қабылдап алып отырады;

3) бірнеше халықта кездесетін кейбір ертегілер көшпелі, көп халыққа ортақ бір ертегі емес, біріне-бірі ұқсас, түрлі ертегілер.

4) қазақ арасында айтылып жүрген ертегілер түп-түгел қазақтың өзінікі емес, оның ішінде басқа халықтан келген, үйреніп алынған ертегілер де бар. Бұлардың бәрін де жинау, сұрыптау, жіктеу керек», - дейді. Сөйтіп ғалым Б. Кенжебаев тұңғыш рет қазақ ертегілерін типологиялық зерттеу әдісі негізінде бүкіл сюжетін шамасынша сұрыптағанын көреміз. Сондай-ақ ғалым жалпы ертегілердің ауызша даму барысында, түрлі елдің қоғамдағы экономикалық-әлеуметтік жағдайына қарай өзгеру, түрлену ерекшеліктерін де дұрыс анықтаған. Міне, бұл ерекшеліктерді тек бір ертегі жанрына ғана емес, барлық фольклор түріне ортақ деп қарастыруға болады. Одан әрі ғалым ертегілер бойында халықтың дүниеге көзқарасы, түсінігі болатынын, әр елдің тарихынан, тарихи-әлеуметтік дамуының, тұрмысының, салтының бейнесі, суреті бар екеніне де ерекше назар аудартады. Және де ертегіге тән мына белгілері де: ертегілердің басталуы, ұласуы, аяқталысы; көбінесе қара сөзбен айтылатыны; ертегідегі бір оқиға екінші оқиғаға тиіп, бір оқиға екінші оқиғамен ұласып отыратыны т.б. алғаш рет сөз болады.

Демек XX ғасырдың алғашқы жартысында басылған бұл мақалада Б. Кенжебаев қазақ ертегілерінің біраз жанрлық ерекшеліктерін, сюжетін т.с.с. фольклортану талабы тұрғысынан

талдауы - сол кезеңдегі қазақ фольклористикасының жеткен жетістігі болып саналады.

Кеңес өкіметінің халық ауыз әдебиетін дұрыс түсініп, оны зерттей білуде фольклористерге біршама қамқорлық жасап, бағыт сілтеп отырғаны белгілі. Кеңес жазушыларының бірінші съезінде (1934) М. Горькийдің жасаған баяндамасы мен Д. Бедныйдың «Батырлар» (1936) пьесасы жөнінде СССР Халық Комиссарлар Советі жанындағы Искусство істерін басқару комитетінің алған қаулысы кеңес фольклористикасының тарихында елеулі уақиға болып саналды. А. М. Горькийдің баяндамасында халықтың поэтикалық творчествосының негізі болып материалистік концепциясы алынды, халық ауыз әдебиетінің коллективтік ерекшелігі айқын көрсетілді. А. М. Горький халық ауыз әдебиетінің тарихи мәнін, көркемдік қасиетін айта отырып, халық даналылығы арқасында жасалған типтер мен образдарды ашып берді. Сөйтіп халық поэзиясы дүниежүзілік әдебиеттің зор табыстарының негізі, қайнар көзі болып табылатындығын дәлелдеді. А. М. Горький кеңес жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде сөйлеген қорытынды сөзінде кеңес жазушыларына халық ауыз әдебиетін жинаңдар, зерттеңдер, халықтан үйреніңдер,- дей келіп: «Сүлейман секілді поэзия қазынасын жасай алатын білгір адамдарды қамқорлыққа алыңдар. Тағы да айтам: сөз өнері ауыз әдебиетінен басталады. Ауыз әдебиетін жинаңдар, одан үйреніңдер, зерттеңдер. Ауыз әдебиеті Совет Одағының жазушыларына көп материал береді», - деп көрсетті [103].

Отызыншы жылдардың орта кезінен бастап кеңес фольклористикасы өзінің идеялық-теориялық дәрежесінің өсуі жағынан анағұрлым жоғары сатыға көтерілді. Әрбір республикадағы жазушылар одағының жанынан халық творчествосының секциясы, жоғары оқу орындарында халық ауыз әдебиетінің кафедрасы, ғылыми-зерттеу институттарында бөлімдер мен секторлар ұйымдастырыла бастайды.

Қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеуге Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, М. Сильченко. Н. Смирнова т.б. әдебиетші ғалымдар ат салыса бастады. Белгілі орыс фольклористері Ю Соколовтың [104], М. Азадовскийдің [105] мақалаларында қазақ фольклоры жайында бірсыпыра мәнді пікірлер айтылды. Орыс әдебиетінің мәселелерімен шұғылданып жүрген Л. Тимофеев [106], К. Чуковский [107] сияқты әдебиетшілер өздерінің еңбектерінде, әдебиеттану ғылымының жалпы проблемалық мәселелерін сөз еткенде, халық ауыз әдебиетінің жайына да тоқталып өтеді.

Фольклордың қалыптасуы мен дамуы жолында, оның көркем жазба әдебиетпен тығыз байланыста болғанына да көңіл бөлінген. Өнердің осы екі саласының өзара әсері мен өзара байыту процесі кеңестік дәуірде, көбінесе біржақты, яғни әдебиеттану тұрғысынан ғана зерттелді. Бұл мәселе неғұрлым тереңірек зерттеуді қажет етеді дей отырып, кеңес ғалымдары: халықтық шығармашылықтың әдебиетпен байланысын анықтау; кеңестік фольклордағы әдебиеттің заңдылықтарын қарастыру мәні т.б. бәрі фольклорды әрі тарихи, әрі теориялық тұрғыдан зерттеу қажеттілігін де алға шығарған болатын. Мұндағы теориялық мәселелер қатарына: жанрлардың өзіндік ерекшеліктері; болашақта социалистік қоғамда фольклордың даму мүмкіндіктері; фольклор мен әдебиеттің келешекте бірігуі т.с.с. мәселелері сөз болады.

1920-шы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымында социалистік мазмұнды қалыптастыруда Қазан төңкерісіне дейінгі халықтық мұраны пайдалану жүзеге асқаны белгілі: жаңа форма ойлап табу мәселесі, «ескі» жанрдың элементін жаңа тақырыпта қолдану, «ескі» формадан құтылу мәселесі, кеңестік фольклордың жанрлары, құралы және болашақ даму мүмкіндіктері т.с.с. назарда болды. Сондай-ақ ол кезде кеңестік қоғамның жаңа жағдайындағы фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы, жазбаша туған шығармаларды фольклорға жатқызу мүмкіндігі, халықтық шығармалардың коллективтік авторлығы, варианттылық мәселесі т.с.с. қарастырылып отырды.

Сонымен қатар фольклорды айтушылардың социалистік реализм әдісін меңгеруі – кемшілігі десек, ал, типтілік мәселесін басшылыққа алу- ұтымды жағы болады. Қазан төңкерісіне дейінгіге қарағанда кеңестік фольклордағы жинақтау тәсілдеріндегі ерекшелігі: халық поэзиясындағы ұнамды қаһарман бейнесі, оның мінезін т.б. бейнелеуде қолданған жаңа тәсілдер, кейіпкердің халықтық бейнесі, яғни асқақтатылған көсемдер мен қарапайым кеңес адамының, және олардың озық қаһармандарының бейнесі т.б. бәрі де фольклордың қоғамдық-саяси тақырыбын, социалистік мазмұнын т.б. айқындаудың негізгі әдіс-тәсілдері болды [108].

Мұндай кезең ерекшелігі қазақ фольклортану ғылымы қарастырған төмендегідей тақырыптар бойында да кездеседі: а) кеңестік фольклорда коллективтіліктің бастау алу мәселесі; ә) кеңестік фольклордағы ұнамды қаһарман бейнесі; б) кеңестік фольклор мен әдебиет; в) кеңестік фольклордағы социалистік реализм әдісі, болашақта социалистік қоғамда халық ауыз әдебиетінің мүмкіндіктері т.с.с. қаралды.

XX ғасырдың бірінші жартысында аңыздардың зерттелуі барлық басылым көрген мәтіндерді жиыстырудан басталды. Аңыздарды зерттеу: тақырыбы бойынша, қағазға түскен уақыты мен қаһармандары бойынша жіктеу, жүйелеу жұмыстары, идеялық бағыты бойынша қаһармандардың халықтығы, халық кейіпкерінің аңыздағы орны, аңыздағы шындық пен қиялдың арақатынасы, аңыздардағы тарихилық мәселесі, ол үлгілердің ауызша тараған тарих іспетті екендігі; аңыздағы варианттылық мәселесі фольклорлық жанрдың бір көрінісі екендігі, тарихи оқиғалардағы тұлғалардың типтендірілуі мәселесі, аңыздағы көркемдіктің белгілері, аңыздардың сөз өнеріне қатысы, кеңестік аңыз бен тарихи аңыз байланысы; аңыздардың қоғамдық-саяси, тарихи және тәрбиелік маңызы, аңыздардың жанрлық табиғатын анықтау т.с.с. мәселелер сөз болды. Бұлар сол кездегі фольклортану ғылымының ұтымды жағы болды.

Сондай-ақ эпостық жырлардың идеялық-тақырыптық мазмұны; ондағы қиял мен шындықтың арақатынасы; халықтың тарихи санасы мен тарихи көзқарасының эпоста көріну белгілері; эпостың мазмұнындағы негізгі ерекшелік реализм болып табылатыны; эпостың композициялық, әрі стильдік безендірілуі; «ескі» эпостың дәстүрлі көркемдік құралдарын қолдану ықтималдығы; дәстүрдің біраз түрлерін ығыстыру мүмкіндіктері; бейнеліліктің жаңа тәсілдерін енгізу т.б. проблемалар жан-жақты қарастырылған болатын.

Жалпы ертегі ішіндегі қаһармандардың бет-бейнесінің өзгертілуі; қаһарманның іс-әрекетін бейнелеудегі фантастиканың алатын орны; кейіпкерді неғұрлым шынайы көрсету үлгісі; ұнамсыз кейіпкерлердің бейнесіндегі өзгерістерді бақылау; ертегі сюжеті мен кейіпкерін түсіндіруде олардың әлеуметтік жағы басым қарастырылуы; ертегілерді көркейтуге қолданылған көркемдік тәсілдердің де өзгерістерін бақылау; фольклорды таратушылардың ертегіге деген көзқарасының өзгеруі себептерін анықтау т.с.с. бәрі де XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған өзекті мәселелерді негіздегені анық.

Сондай-ақ кезең ерекшелігі болып табылған Кеңес жүйесінің қоғамға енгізген түрлі өзгерістері өз кезегінде: ертегі жанрының өзгеруіне; Кеңес үкіметі тұсында жиналған ертегілердегі ерекше қиял мен шындықтың арасалмағын ажыратуға; сол тұстағы ертегілерде орын алған діни нанымның көріну белгілерін; халықтың дәстүрлі ертегіге көзқарасын, берген бағасын т.с.с. анықтауға әсер еткені сөзсіз [109].

Кеңестік дәуірде жарияланған мақал-мәтелдердің Қазан төңкерісіне дейінгілерден ерекшеліктері: идеясында; тақырыбында;

қоғамдық саясаттың, моральдың, эстетиканың т.б. үлгісіндегі мазмұнында т.с.с. тарихи тұрғыдан келгенде тап тартысының дерек көзі т.с.с. ретінде алынуы – бәрі де социалистік құрылыстың негізін қалаудың бірден-бір насихат құралы есебінде алынғаны да мәлім.

Соғысқа дейінгі кезеңде фольклорға тән өзіндік ерекшеліктерді зерттеу фольклортану ғылымы алдында тұрған басты мәселелердің біріне айналды. Бұл мақсатқа жету үшін ғалымдардың көбінесе фольклор мен әдебиеттің ерекшеліктерін өзара салыстырғаны мәлім. Фольклордың мән-маңызы мен өзіне тән ерекшеліктері дегенде, біріншісі – ондағы ауызекілік сипат, яғни фольклордың ауызша туып, ауызша таратылып, ауызша дамып, ауызша түрленуі т.б. алынды. Себебі осы қасиеті арқасында халықтық шығарма авторлық шығармадан ажыратылды. Сондай-ақ фольклор бүкіл халықтың мұң-мұқтажын, мақсатын т.б. дәріптеуге арналса, ал көркем шығарма индивидуальдық автордікі болғандықтан, субъективті мақсатты қанағаттандыруға тырысатыны да діттелді.

Қазақ фольклортану ғылымы 1940 жылдары, яғни соғыс жылдарында да біраз қызметтер атқарды. Бұл кезде жазылған мақалалар, ғылыми зерттеулер, негізінен бір тақырыпты – халықтың ерлік дәстүрін паш етуге арналды. Халықтың отансүйгіштік дәстүрін дәріптеумен қатар, фольклорлық мұраны жеке-жеке жанрларға жіктеп зерттеуі дами бастады. Мәселен, С. Мұқанов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаевтың, т.б. қазақтың эпостық жырларын, Ә. Мәметованың шешендік сөздерді зерттегені мәлім. Мұндағы қазақ ауыз әдебиеті мәселелері халықтың тарихымен тығыз байланысты қарастырылды. Фольклордың әрбір жанрының өзіндік ерекшеліктері, шығармалардың көркемдік, идеялық, тақырыптық тарихпен байланыстылығы т.б. сол кездегі орта мектепке арналған оқулық, хрестоматиялар ауқымында да (авторлар: Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, С. Мұқанов, Қ. Бекхожин т.б.) зерттеле бастады.

Мәселен, XX ғасырдың 40-жылдары ерекше көзге түсетіні Ә. Марғұланның «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» атты мақаласы (Әдебиет және искусство.-№1.1941.-Б.90-98). Мұнда қазақ тарихы Үйсін-Қаңлы заманынан басталады дей отырып, бұл геройлық жыр шығарудың бірінші дәуірі болды дейді. Оған біздің заманымыздан арғы III ғасыр мен осы заманның VI ғасырлар арасы жатқызылады. Кейін бұл бергі Қыпшақ дәуіріне (VII-XII) ұласатыны да сөз болады. Үйсін-Қаңлы дәуірінде айтылатын геройлық жырларға «Ер Төстік», «Хан мерген», «Хан Бодай», «Ақ Көбек» т.б. үлгілері жатқызылған. Мәселен, «Ер Төстік» нұсқасы ескі замандағы

бақташылық жыры делінсе, мұнда Ер Төстік найза алып қамалға шықпайтыны, көбінесе малды аман өсірудің алпауыты болып суреттелетіні, негізінен, жаратылыс стихиясына қарсы қару көрсететіні т.б. сөз болады. Және де бұл нұсқа сюжеті, кейіпкерлердің іс-әрекеті т.б. гректің «Илиада» мен «Одиссея» тәрізді шығармаларымен салыстырыла қарастырылады. Міне, мұнда жоғарыдағы келтірілген үлгілер Ә. Марғұлан еңбегінде эпос жанрына қатысты талданса, басқа зерттеулерде қиял-ғажайып ертегілер қатарында қарастырылатынын есте ұстаған жөн. Бұл пікірін Ә. Марғұлан «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса» атты зерттеу еңбегінде (Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая.-1946.№2.-С.75-80) тереңдете отырып, эпостық жырларды шығу дәрежесіне қарай топтайды:

- 1) ең көне замандағы эпостық жырлар («Ер Төстік», «Ақ Көбек», «Құламерген», «Шолпан мерген» т.б.);
- 2) Оғыз-Қыпшақ заманында пайда болған эпостар (XI-XII ғ.ғ.) («Қорқыт», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б.);
- 3) тарихи дәуірдегі эпос (XII-XIV ғ.ғ.) («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар» т.б.);
- 4) жоңғар феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығын және оған қарсы күресті сипаттайтын жырлар («Қабанбай», «Бөгенбай», «Олжабай» т.б.);
- 5) феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпос.

Міне, ғалымның қазақ эпосын бұлай жіктеу, үлгінің шығу кезеңін басты талап есебінде, яғни, негізінен, тарихилық ерекшелікті алға қоюмен түсіндіріледі. Демек эпостық жырдың ішкі өзіндік ерекшеліктері ескерілмей қалды. Сол себепті эпостың ішкі жанрлық түрлері, яғни батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар және тарихи жырлардың бір-бірінен айырмашылықтары ескерілмей қалды. Дегенмен қазақ эпосы пайда болған дәуіріне қарай топтастыру үлгісін XX ғасырдың 40-шы жылдары ғалым Ә. Марғұланның ұсынуы, сөз жоқ, сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен деңгейін көрсетеді.

Соғыс жылдары өзінің өмір сүру, әрі идеялық-көркемдік қызметі жағынан қаһармандық эпосқа деген қызығушылық үстем болғанына көңіл бөлген жөн. Дегенмен фольклорлық мұраға тек тұрпайы – әлеуметтік тұрғыда қарау, әрі халық шығармашылығын дамытуда мирасқорлық пен дәстүрлік маңыздылығын немқұрайды бағалау т.б. бәрі де кезең ерекшелігі болып табылатын біржақты сыңаржақ көзқарастар ықпалын танытады.

Ғылыми жұмыстың сәтті өтуі үшін фольклорлық жариялымдарға қойылатын ғылыми талаптарды қисынға келтіру мәселесі де сөз болды. Сондай-ақ болашақта фольклор турасында оқу құралдарын жасау, академиялық жинақтарды шығару, оқу орындарында фольклорлық кабинеттер ашу, фольклорды жинаушыларға түрлі нұсқаулар әзірлеу мәселелеріне де т.с.с. назар аударыла бастады.

Қазан төңкерісінен кейін фольклордың көптеген жанрлары ел арасында өзінің өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Кейбір жанрларда дәстүрлікті (қалыптасқан бейнелер, берілуі формалары, тілі т.с.с.) әрі қарай жалғастыруы байқалса, кейбіреулерінде дәстүрлілікті сақтай отырып, кеңестік тақырыптармен толысу да іске асты.

Ал, енді біраз үлгілерде стилін, тұрмыстық жағын нақтылау, түрлі детальдарды т.б. өңдеумен қатар, тіпті мазмұндық өзгерістер күштеп енгізілгені мәлім. Біраз зерттеушілер тарапынан фольклордың дәстүрлілігі жалпы өзгерістерге ұшырамау керек деп ескертілсе де, ара-тұра социалистік шындық тұрғысынан жаңарту, толықтыру аз болмағанына назар аударған жөн. Сондай-ақ дәстүрлі фольклорды кеңестік фольклормен теңестіруге болмайтыны, оның мәдени мұраның бір бөлегі деп есептелінетіні т.с.с. сөз болуы да орынды.

Кеңестік фольклор мен әдебиеттің байланысына келетін болсақ, барлық уақытта да халықтық шығармалар классикалық әдебиеттің негізі болғаны белгілі. Халықтық шығармалардың жазушылардың көркемдік ой-санасына негіз болғаны да анық. Дегенмен Қазан төңкерісіне дейін өнердің бұл екі саласы арасында үйлесімділік, бірліктің т.б. болмауы, олардың әрі қарай дамуына кедергілер туғызды. Кеңес үкіметі тұсында бұл салалар бүкіл халықтың бірлігі көзқарасын дәріптеуге бағындырылды.

1920 жылдардың соңына қарай елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік өміріндегі түрлі өзгерістер мәдениет пен өнерге де өз әсерін тигізді. Көбінесе тақырыптың көкейкестілігі елдің өндірісінің қалпына келтірілуі мен құрылымдық өзгерістеріне т.б. байланысты туындап отырды.

1930-шы жылдары дәстүрлі фольклор негізінде жаңа үлгілер жасау мүмкіндігі сәтсіздікке ұшырады. Себебі дәстүрлі фольклордың көне тілі мен бейнелеу құралдарының т.с.с. жаңа кеңестік мазмұнмен сәйкес келмеуі байқалды. Дегенмен Кеңестік қоғамда болып жатқан өзгерістердің дұрыстығына дәлел көзі ретінде фольклорды бұрмалап пайдалану, фольклор бойынан жаңа идеологияға тиімді дәлелдерді іздестірумен қатар, сондай-ақ белгілі бір фольклорлық нұсқаларды

кеңестік көзқарасқа орай өзгертуге т.с.с. тырысушылық та белен алды.

Халықтық поэзияны зерттеу Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңестік фольклортанушы ғалымдардың басты міндеттерінің бірі болды. Халықтың рухани өмірін жан-жақты тану, олардың көркем шығармада көріну белгілері, даму заңдылықтарын ашу т.б. бәрі сол дәуірді зерттеушілердің басты міндетіне айналғаны анық. Дегенмен зерттеушілік жұмыстардың сәтті жүргізілуіне партия көсемі И. В. Сталин бейнесіне табынудың кері әсері де аз болмағанын айту керек.

Тарихи шығармашылықтағы халықтың іс-әрекетін т.с.с. бұрмалау фольклор жөніндегі ғылымға да зардабын тигізді. Мәселен: фольклорлық мәтіндерді жариялауда қасақана біржақтылық, таптық тұрғыдан жіктеу үстем болды; толыққанды емес ғылыми басылымдарда тарихи оқиғаларға сыңаржақ баға берілді. Міне, мұның бәрі фольклортану ғылымының сол тұстағы жіберген кемшіліктерін негіздегені сөзсіз.

Ұлы Отан соғысының басталуы осы салада да барлық ғылыми-зерттеушілік жұмысты қайта құруға әкелсе, сондай-ақ фольклор бойындағы халықтың ержүректілік, қаһармандық, батырлық т.б. дәстүрлерін қайта жаңғырта отырып, халықтың рухани, моральдық бейнесін идеология құралы есебінде ортақ жауға қарсы ұйымдастыру қажеттілігіне бағындырылғаны белгілі. Көбінесе фольклордың ішінде қаһармандық тұлғаны әспеттеу дәстүріне көп назар аударылуы халықты сол кезең үшін аса қажет отансүйгіштікке тәрбиелегені анық. Сонымен қатар халық шығармаларын тарихи аспектіде қарастырғанда, мәтіннің идеялық-көркемдік мазмұнын, халықтың рухани өміріндегі маңызы мен мақсатын, мәдениет тарихына қатысын т.б. жан-жақты саралау жүзеге аса бастады.

XX ғасырдың бірінші жартысының соңына қарай фольклорды бір ғылым саласы тұрғысынан ғана емес, комплексті түрде зерттеу нышандары байқала бастады. Яғни фольклорды, әдебиеттану, тілтану, этнография, тарих, философия тұрғысынан қарастыру белгілері көрініс таба бастады.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорына қатысты түрлі ғылыми жинақтар, хрестоматиялар, кітаптар басылым көргені белгілі. Бұлардың бәрінде дерлік кіріспесі мен алғысөздері беріліп, онда қазақ фольклорының жанрлық сипаты, ерекшеліктері, жиналу, жариялану тарихы т.б. сөз болады. Мәселен, ғалым А. Байтұрсынов құрастыруымен Мәскеуден 1923 жылы «Ер Сайын» жырының жеке кітап болып шыққаны мәлім. А. Байтұрсынұлы оны «Ертегі жырлар»

тобына жатқыза отырып, қазақтың әйгілі «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер тарғын», «Едіге», «Қамбар» тәрізді жырларымен бірге қарастырады. Мұндағы ертегі жыр деп отырғаны батырлар жыры екені белгілі. Ал, қалған жырларды («Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары», «Наурызбай» т.б.) «тарихи жыр деп жіктегені де белгілі [110]. Демек, фольклортанушы А. Байтұрсынұлы қазақ эпосы жанрын іштей екі топқа бөліп саралағанға ұқсайды.

Сөйтіп, А. Байтұрсынов бұл кіріспе сөзінде батырлар жырының кейбір жанрлық белгілерін, халықтың жыр тудырудағы рухын т.б. даралап көрсете білді. Бұл сол кездегі үлкен ғылыми ізденістің басы ғана болды. Осы пікірлер негізінде ғана барып, кейінірек фольклортану ғылымында эпостық батырлар жыры, лиро-эпос жырлары, тарихи жырлар тобы өз алдына жеке қарастырылады.

Белгілі ғалым С. Қасқабасов пікірінше, кезінде бұл «Сайын батыр» жырын [111] XIX ғасырдың соңғы ширегінде орыс фольклорист-ғалымы В. В. Стасов назарында ұстаған [112]. Ғалым В. В. Стасов өз еңбегінде орыс былиналарының көбісі шығыстан алынған деген ойын ұстана отырып, пікірінің дұрыстығын дәлелдеу үшін мәтін көзі ретінде көптеген шығыс халықтарының, оның ішінде қазақтардың да фольклорлық нұсқаларын (бірі – «Сайын батыр» жыры) қолдана отырып, өз пікірін дәлелдеуге, сараптауға тырысқаны белгілі. Кезінде В. Стасовтың осы бір еңбегін оң бағалаған пікірлер де баспа бетінде жарияланған: бірі – белгілі орыс фольклортанушысы М. Азадовский болса, екіншісі- фольклорист- ғалым В. Е. Гусев еді [113].

«Ер Сайын» кітабы ішінде алғысөз есебінде жырға қатысты Әлихан Бөкейхановтың жарты беттік ой-пікірі мен белгілі ғалым Г. Потанин өмірбаянына қатысты 6 беттік мақала түрінде еңбегі берілген [114, 85-91]. Мәселен, жыр туралы Ә. Бөкейханов былай дейді: «Ахмет өңдеп өткерген «Ер Сайынның» жыры «Батыр Сайын» деп В. В. Радлов жазған жырмен бір екен. Екеуінің айырмасы мына осы «Ер Сайынның» «аяғы» деп басылған. Өзге жерлер айтушыға қарай өзгеше бола береді. Өзге жырда жырдағы кісілер ғана өлеңдетіп келеді. Өзге әңгіменің бәрі қара сөзбен айтылады. Ер Сайын, Қарақыпшақ Қобыланды (Ташкенте басылған), Манас қана аяғы өлеңмен келеді. Тыңдаушы жаратқан соң жыршылар жырдың қара сөзін де өлеңге аударып жіберген ғой. Манас қырғыз тілінде, мұны да «Күншығыс» баспасы басады», - делінген [114, 85 б.]. Демек Ә. Бөкейханов эпос жанрын әңгіме деп түсінгенін көреміз. Сондай-ақ Ә. Бөкейханов бұл мәтіндердің текстологиясын қарастырып, өзіндік

ұқсастық пен айырмашылықтарын ажыратуға тырысқан. Және де өзгеріс атаулының себебі жырды айтушылардың өзінде жатқанын ескертеді. Ал, ғалым Г. Потанинге арналған беттерде, негізінен, оның өмірбаяны мен қазақ фольклортану ғылымына қосқан еңбектері сараланған. Мәселен, Ә. Бөкейхановтың: «Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе» деген кітабында (Г. Н. Потаниндікі – Н.Ж.). Күнбатыстың әдебиетіне қор болған, үлгі болған Күншығыстың ауыз айтып жүрген ертегі, жыр, мақал, өлеңі деп келеді», - деген ой-пікірлері бар [114, 87 б.]. Міне, осы арқылы ғалым Г. Потаниннің қазақ фольклорын орыс тілді елдерге насихаттаушы қызметінің маңыздылығын атап көрсеткен.

Фольклордағы мәнді бір саланың бірі – жоқтау жырлары десек, А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхановтың бұл тұстағы еңбегі айрықша. Қазақтың жоқтау жырлары – фольклордың тұрмыс-салт жырларына қатысты қаралатыны белгілі. Бұл жанрдың өзіндік ерекшеліктерін А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейханов ізбасарлары, бастапқыда белгілі фольклортанушы ғалымдарымыз: М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин қарастырса, кейінірек ол дәстүрді Б. Кенжебаев, М. Сильченко, Б. Уахатов, С. Қасқабасов, Б. Абылқасымов т.б. [115] жалғастырғаны белгілі.

А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейханов тұрмыс-салт жырларының бір саласы – жоқтауды өз алдына топтастырып, Мәскеуден 1926 жылы жарыққа шығарған «23 жоқтау» деген жинағы [116] т.б. қазақ фольклорын, әдебиетін, тілін, тарихын, жалпы мәдениетін зерттеуші ғалымдар сүйенерлік мәнді мәтін көзі т.б. болып табылады. Бұл еңбек сонымен бірге ел арасынан фольклор үлгілерін жинаушылар, жариялаушылар, зерттеушілер үшін, әрі ғылыми жоба-нұсқа, әрі мақсатты бағдарлама іспетті болды. Сондай-ақ халық мұраларын тездетіп жинау керектігін паш еткен үгіт-насихат құралы болғаны да белгілі. Осы арқылы-ақ А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов есімі қазақ фольклортану тарихында өзіне лайықты орын алатыны сөзсіз. Еңбектің алғашқы мұқаба бетінде: «Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады», - деген ғалымдар сілтемесі келтірілген. Міне, біз бұдан фольклорға тарихи тұрғыдан келу - А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов зерттеушілігінің бір қыры, өзгешелігі деп қарастырамыз. Атап айтқанда, біріншіден, тұрмыс-салт жырлары ішіндегі тарихқа неғұрлым жақын келетіні – осы жоқтау жанры болса, екіншіден, бұл зерттеуші ғалымдар үшін құнды документальды материал көзі демекпіз; үшіншіден. өскелең ұрпақты ұлттық ерлік рухында т.б. тәрбиелеу мақсатында қарастыруы т.б.- бәрі жоқтаулардың тарих үшін маңыздылығына ғалымдардың назар аудартқанын дәлелдейді.

Кітап алғысөзі А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов атынан 1,5 бетті алады. Алғысөзде кітап мақсатын айқындаған мынадай ойлар бар: «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарғаны жоқ та, шығара алмайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» бұл тілді безеп, жолға-жөнге салып, жүйесін айырып өстіреді. Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді, тағы-тағы осындайларды!», - делінген [116, 5 б.]. Кітап құрастырушылар фольклор деп ел аузындағы шығармаларды түсінген. Мұнда фольклордың жоқтау, мақал, жұмбақ, ертегі т.б. түрлері аталады. Ғалымдар пікірінде фольклорды елге насихаттау мақсаты айқындалған. Және де әдебиет негізінде ел аузындағы үлгілер жату керектігі де ескертіледі. Демек, ғалымдар әр тіл мен әдебиеттің негізінде фольклор үлгілері жататынын айқындау барысында, оны филологиялық тұрғыда қарастыра отырып, тездетіп жинау қажеттігін де дәлелдейді.

1923 жылы Мәскеуде шыққан «Ер Тарғын» кітабы ішінде де Ә. Бөкейханов 5 беттік өз пікірін жазған [117]. Мәселен, «Ер Тарғын» Қарақыпшақ Қобыланды, Ер Сайын, Манас қатарлы қазақ-қырғыз жырының бірі», - деуінен, біз ғалымның бұл үлгілердің түркі тілдес халықтарға ортақ мұра ретінде қарастырғанын көреміз [117, 62 б.]. Ал, бұл жырды В. В. Радлов жазып алғанын анықтауы, әрі оны одан алғанын Ә. Бөкейхановтың ескеруі – бәрі кітап шығаруда үлгінің қайдан алынғанын нақты көрсетуді талап еткен ғылыми талаптың XX ғасыр басында орындала бастағанын көрсетеді. Одан әрі Ер Тарғынның барған елі Қырық сан Қырым, төбелескені Торғауыт пен қалмақ делінсе, 1438-нші жылы Қырымның Алтын Ордадан бөлініп, өз алдына хандық болғанына назар аударудан – Ә. Бөкейхановтың эпостық жырлар бойынан халық тарихының ізін іздестіруді мақсат еткені танылады. Одан әрі автор Қырымды алғаш билеген хан Жәнібек Керей (1437-1466) десе, 1783 жылы Қырымды орыс алып, хандық жойылғаны, ал 1437 мен 1783 жылдар арасында 35 хан болғанын ескертеді. Сонымен қатар Ә. Бөкейханов эпостағы Ер Тарғын бейнесіне қатысты тарихта қалған елді мекендерді тізбектеп атап өтеді. Мәселен: «Біздің Бөкейлікте «Тарғын қысымы» деген айлақ бар. Бұлардың жерінде «Үш Тарғын» деген жерлер бар. Бұл жерлер сырттан келген далалар», - дейді [117, 63 б.]. Демек бұл

пікірлер ғалым Ә. Бөкейхановтың эпостық жырларды тарихи зерттеу әдісі негізінде қарастырғанын дәлелдейді. Яғни жырдағы фольклорлық бейненің тарихтағы прототипін іздестіруді мақсат еткенін көрсетеді. Және де бұл тәсіл кейінгі зерттеушілер еңбегінде де жиі қолданылады.

Белгілі қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов 1923 жылы Ахмет Баржақсыұлы жинап бастырған «Мың бір мақал» кітабына 3,5 беттік алғысөз жазды [118]. Мәселен, алғысөздегі мына бір пікірлер назар аударарлық: «Ер қазынасы – ескі сөз, ел қазынасы – ескі сөз, тіл қазынасы – ескі сөз» деген бұрынғылардан қалған мақал. Бұл мақал әншейін әлдеқалай айтыла салған мақал емес, өмір жүзінде ел аузындағы ескі сөздер: мақал, мәтел, такпақ, өлең-жыр секілділердің өте керектігі ащы тәжірибелермен анықталғандықтан айтылған. Оның ішінде, әсіресе тұрмыс тәжірибесінің қорытындысы мақалдар өте-мөте керек. Себебі мақалда айтушы елдің басынан кешірген уақиғалары, тұрмысы, мінезі, тегіс суреттеледі», - дейді [118, 1-2 б.]. Міне, мұнда автор дәстүрлі фольклорды ескі сөз деп қабылдаған. Және де фольклордың мақал, мәтел, өлең-жыр үлгілерін дұрыс анықтаған. Мұнда, ең бастысы халықты танудың бірден-бір қайнар көзі – мақалдарда жатқанын автор дәріптейді. Халықтың ғасырлар бойғы даналығы, тәжірибесі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, тіпті басынан өткен тарихы да – осы мақалдар бойынан табылатыны сараланған. Сөйтіп, автор мақалды таным көзі, дерек көзі, тәрбие көзі деп те бағалаған. Сондай-ақ Нәзір Төреқұлов жаңа есін жиып, тұрмысын түзеп, әдебиетін гүлдендіруге бет алған қазақ халқына таза, әдемі тіл керектігін діттеп, тілдің негізі, жұрнағы ел аузындағы ескі сөз, мақалдарда т.б. жатыр дегенді жазады. Демек, Нәзір Төреқұлов мақалдарды тіл тазалығы үшін күресте насихат құралы ретінде де пайдаланған.

1926 жылы Ташкенте қазақтың ел әдебиетінен алынған үлгілерді жинақтаған «Аламан» кітабы басылды [119]. Бұл жинақты құрастырып, 8 беттік алғысөзін жазған белгілі ғалым Халел Досмұхамедұлы еді. Бұл жинаққа «Қармыс батыр», «Байбоз-Жанбоз», «Әлімұлы мен Байұлының айтысқаны», «Балуанияз» т.б. тәрізді үлгілер енген. Мәселен: «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет-халықтың түрлі қимылдарының айнасы. Жиырмасыншы ғасырға дейін қазақта жазба әдебиет жарытып болмады. Бірақ халық арасындағы ауыз әдебиет қазақта бай болды. Ауыз әдебиетінің көбі- он тоғызыншы ғасырдың мирасы. Алғы әдебиеттен қалған жұрнақ аз. Біздің қолымызда кіші жүз қазақтарының (Орал, Бөкей, Мағыстау) арасынан жиналған он

тоғызыншы ғасырдағы ел әдебиетінің бір бөлегі бар», - дейді автор [119, 3 б.]. Енді бірде Х. Досмұхамедұлы: «Біздің жұмысымыз ел әдебиетінде бадырайып көрініп тұрған «өткен әлеуметшіліктің» бір бұтағын көпке көрсету. Оңды әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-кеткен тұрмысын, бұрынғы болған әлеумет қимылдарын тану керек. Ел әдебиетімен таныспайынша өткеннің көбін де, бардың жарымын да тану қиын», - деген пікірін жазады [119, 10 б.]. Ендеше ғалым фольклорды бірде ауыз әдебиеті десе, бірде ел әдебиеті ұғымында қолданған. Одан әрі автор фольклордың танымдық қызметіне ерекше назар аударады. Онда халықтың тұрмысын, әлеумет қимылдарын тану қажеттігі қарастырылған.

1939 жылы Алматы қаласында С. Мұқанов құрастыруымен латын әрпінде «Батырлар жыры» жинағының бір томы жарық көреді. Жинақ басы «Батырлар жырының әдебиеттегі орны» - деп аталған С. Мұқановтың алғысөзімен басталады. Оның өзі іштей 8 бөлімге ажыратылған, әрқайсысында белгілі бір мақсат көзделгені анық. Мәселен, бірінші тарауда [120, 5-6 б.] Қазақстан халық әдебиетінің ұлттар мәдени қазынасындағы ең қымбат мүліктерінің біреуі екендігін дәлелдеу орын алған.

Міне, мұнда С. Мұқановтың халық әдебиеті дегені фольклор екені анық. Алғысөзде С. Мұқанов фольклордың: ертегі, мақал, жұмбақ, жаңылтпаш, тұрмыс-салт жырлары, эпостық жырлары т.б. тәрізді жанрларын қарастырған. Ал, фольклордың ұшан теңіздей мол екендігіне, ол теңіздегі түрлі қайнар көздері болатынына, ол өз кезегінде қоғамның көп заманғы тарихымен ұштасып жататынына назар аударуы т.б. - бәрі ғалымның фольклорға тарихи көзқараспен қарауынан туындаса керек. Мәселен, ол ертегі жанры туралы мынадай пікір айтады: «Ертегі: құсқа қарап адам ұшуды қиял етеді, балыққа қарап жүзуді қиял етеді, алысқа қарап сөйлесуді қиял етеді, осы сықылды қиялдардан «кілеммен ұшу», «су астына отау тігу», «сиқырлы тіл – сыммен алыстан сөйлесу» тәрізді ертегілер туады», - деуінен [120, 5 б.], ертегі жанрының басқа да фольклорлық жанрлардан басты ерекшелігі халықтың ерекше қиял - арманы мен шындықтың арақатынасында жатқанын дұрыс анықтаған. Сондай-ақ С. Мұқанов ертегінің шыққан дәуірін, оны шығарған адамның кім екенін дәлдеп белгілеу қиындығына, ертегіде адам қоғамының өмір сүру дәуірінің өткен өмірі бар екендігіне т.с.с. назар аудартады. Осы орайда С. Мұқанов фольклорды кәрі әдебиет деп қарастырады. «Кәрі әдебиеттің» бір түрі ретінде мақалада – қоғамның тұрмыс тәжірибесінен тапқан шындығы жатуы жөніндегі құнды пікірі орын алған.

Одан әрі С. Мұқанов қазақтың халық поэзиясына тоқталмас бұрын белгілі ақын Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, // Өлеңмен жер қойнына кірер денең», - деген философиялық өлең жолдарын келтіре отырып, фольклордың бір арнасы ретінде шілдехана үстінде айтылатын ән-күй ерекшеліктеріне тоқталады: мұндай өлеңнің қазақ тұрмысының шындығына сүйеніп шығарылатындығына; бала туған соң үш күн ұдайымен жастардың түнде жиналып, шілдеханада күзете отырып ән-күй айтатынына т.с.с. көңіл бөлген.

Сондай-ақ жоқтау жырларының ерекшеліктері де сөз болады: ескі ауылдың әдетінде өлген кісіні әйелі, қарындасы, шешесі, келіні жоқтайтыны; жоқтау басы өлер адам соңғы демін алмай тұрып, көзін ақтық жұмбай тұрып басталатыны т.с.с. айтылады. Осы туу мен өліктің екі арасы қазақтың фольклорында өлең мен әннен үзілмейтініне назар аударта отырып: қыз ұзатарда «аужар», яғни «жар-жар» орындалатыны; келіншек түскенде «бет ашар», «айт келін» айтылатыны; мал мен адам ауырса бақсылар өлеңмен, әнмен зарнап емдейтіні; өлікке көңіл әнмен, өлеңмен айту да болғаны, бұрынғы заманда жастардың, балалардың ойын-сауығы өлеңмен, әнмен өтетіні де біраз қамтылған. Демек қазақтың тұрмыс-салт жырларына жататын бөбек, жар-жар, бет ашар, айт келін, жоқтау, көңіл айту т.с.с. түрлерінің халық арасында жалпы орындалу ерекшеліктеріне де сипаттама берген.

Жинақта фольклордың ұсақ жанрларына да көңіл бөлген. Фольклордың бұл түрлерін белгілі фольклортанушы: В. Радлов, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ж. Шайхулисламов т.б. жинағандығы сөз болады. Дегенмен бұлардың жинағаны үлкен теңіздің бір құйылысындай дей отырып, жиналып басылған халық әдебиетінен халықтың аузында жиналмай жүргені анағұрлым көп екендігіне баса назар аудартады.

Жинақта одан әрі [120, 7-9 б.] қазақ халық әдебиетінің тек ұсақ жанрлармен ғана бітпейтіні ескертіліп, сондай-ақ ондаған сюжетті ұзақ поэмалар бар екені діттеледі. Оларды іштей үш топқа бөледі. Бұл жерде айтылатын нәрсе «поэма» деген терминнің қазіргі «эпос» деген терминдік атаудың орнына жұмсалғаны. Бұл жағдай ғалымдардың фольклорға әдебиеттанушы тұрғысынан келгенін, «эпос» ұғымы мен әдебиеттегі «поэма» жанры теңестіріліп қолдануы көрінеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі ғалымдар қазақ фольклортану ғылымына қатысты ғылыми терминдерді қалыптастыруды қолға ала қоймаса да, ал Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі тұсындағы фольклортанушы ғалымдар қазақ фольклорына терминдік атауларды

ізвестірумен шұғылданды. Әрине бұл ізденістің бәрі бірдей нәтижелі болмаған. Оның үстіне қазақ филологиясында фольклортану жеке ғылым ретінде көп уақытқа дейін танылмады. Мұның себебі, біріншіден, ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімі болмауымен түсіндірілсе, ал бұл өз кезегінде фольклордың өзіндік ішкі жанрлық т.б. ерекшеліктерінің ескерілмеуіне әкелді. Екіншіден, осы себеп ғалымдардың фольклорды тек әдебиеттану тұрғысынан ғана бағалауға, қарауға, ескеруге, талдауға т.с.с. әкелгені сөзсіз.

С. Мұқанов «әдет-ғұрып поэмалары» қатарына «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларын т.б. қосумен қатар, белгілі «Бозжігіт», «Мұңлық-Зарлық» т.с. қисса-дастандарды да кіргізген. Сондай-ақ С. Мұқанов бұрынғы кездің өзінде батырлар жырын ғылыми тұрғыда зерттемеген күннің өзінде геройлық эпос пен тарихи эпос түрінде екі жүйеге бөлініп келгенін айта отырып геройлық эпостың («Едіге», «Қобыланды», «Сайын», «Тарғын», «Қамбар», «Ер Көкше» т.б.) нақтылы тарихпен байланысы аз, елдің ертегі қиялынан туған деп түйіндейді. Ал, тарихи эпосты («Орақ-Мамай», «Ер Есім», «Қабанбай», «Кенесары-Наурызбай», «Бекет» т.б.) қазақ елінің әлеуметтік тарихының белгілі сатысында болған белгілі тарихи оқиғамен байланысты қарастырған: «Мәселен: Едіге, Қобыланды, Шора, Қамбар, Ер Көкшелер тарихта анық болған, біразының оқиғасы, күресі айқын адамдар боп табылып отыр. Тарихтық жағынан беті айқындалмаған батырлар: Сайын, Тарғын, Алпамыс сияқтылар. Олай болса, ертедегі батырлармен бертіндегі батырлардың арасына шек қою өте шартты болу керек... Ескі дәуірлердің батырлары туралы шығарылған поэмалардың оқиғасы ертегілеу болып айтылады. Мәселен Қобыланды батырдың Тайбурыл деген атының ұшқан құстан жүйрік болуы шындыққа жатпайды. Махамбет пен Бекеттің аттарында мұндай «қасиет» кездеспейді. Махамбет, Бекеттердің батырлығы, аттарының жүйріктігі ақылға сыятын шындыққа жанасатын оқиғалар. Ерте заманның батырларының қайраты шындықтан асыңқырап жатады. Мұндай айырмашылықтың болуы XIV-XV ғасырда Едіге мен XIX ғасырда жасаған Махамбеттің тұсындағы қазақ елінің дүниетануы екі сатыда болғандықтан болуы тиіс», - деуінен [120, 8 б.], біз ғалымның, негізінен, эпос жанрын қарастырғанда тарихи талап тұрғысынан келіп, олардың батырлар жыры мен тарихи жырларға тән өзіндік ерекшеліктерін дұрыс ажыратқанын көреміз.

Одан әрі ғалым: тарихта белгілі болған батырлардың ең кәрісі Едіге екендігіне; одан бұрын болған батырды қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмейтініне; Әзербайжан ғалымдарының «Қорқыт» деген

кісі мен «Көрұғлы» деген батырдың «біздікі» деген тәрізді даулы пікірлерін келтіре отырып, олардың да қазақ еліне ортақ екендігін, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қатысы бар екендігін т.б. дәлелдеуге тырысқан.

Жинақ кіріспесінде [120, 9-11 б.] С. Мұқанов қазақ батырлары туралы шығарылған жырларды қазақ елінің әлеуметтік өміріндегі тарихи төрт кезеңмен байланыстырады. Бірінші кезеңін – Алтын Орда кезеңімен жіптестірсе, оған дәлел ретінде «Едіге батыр» жырын алады. Екінші кезеңді - Ресейдің үлкен мемлекетке айналу барысында Қазан хандығымен жауласуы дей отырып, мысал ретінде «Шора», «Орақ-Мамай» т.б. жырларын келтіреді. Үшінші кезең ретінде «Алпамыс», «Ер Көкше», «Қобыланды», «Ер Сайын» т.с.с. жырларынан көрінетін қалмақпен арадағы жаугершілік заманы алынады. Төртінші кезең болып, Ресей мемлекетінің қазақ даласын отарлау саясатын тура жүргізе бастаған мезгілі алынған. Оған сол кезде аты шыққан батырлар: Сырым, Махамбет, Наурызбай, Бекет т.с.с. есімдеріне қатысты туған жырлар жатқызылған. Сондай-ақ бұл тарихи төрт кезеңде шыққан батырлар жырларының бастапқы үш кезеңін суреттейтін оқиғалар тізбегі бірімен-бірі сапырылысып, араласып жататыны, оларды бір-бірінен айырып алу, арасына шек қою қиындығы да сөз болады. Мұның бәрі халық мұрасына сол кезеңде үстем болған тарихи көзқарастан туындағаны белгілі. Ғалым С. Мұқанов өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу мақсатында, қазақ еліндегі сонау XIV, XV, XVI т.б. ғасырлардағы тарихи оқиғаларды, басты тарихи тұлғаларды (хандар, батырлар т.с.с.), тіпті жер-су, қала т.б.аттарын келтіргенде ондай құнды тарихи деректердің қайдан алынғанына сілтеме жасамайды. Шамасы бұл деректер мамандарға белгілі деп есептеп С. Мұқанов сілтеме бермеген болуы керек. Ал, мұндай жоғарыда келтірілген пікірлердің не дұрыс, не бұрыстығын айқындайтын дерек көздерінің болмауы, ғылыми пікірдің неғұрлым дәлелді болуына күмән туғызары сөзсіз. Сонымен қатар С. Мұқановтың: «Тұрмысы көшпелі, сауатсыз қазақ ауылында батырлар жырын негізінде сақтаушы жыршылар мен адамдар болған. Ақын, жыршылар өздерінен бұрынғы ақын, жыршылар айтатын батырлар жырын жаттап алған. Осы жаттауларды жаңадан жаттаған ақын, заманының тілегіне қарай өзінше редакция жасап отырған. Кейбір поэмалар ауыздан-ауызға көшкенде қысқарып, өзгеріп, кей жерлері ұмытылып кеткен. Мысалға, «Едіге батыр» жырын алсақ, ондағы толық айтылатын оқиғалар: Едігенің балалық күні өкпелеп Сәтемірге кеткен Едігені Тоқтамыстың тоғыз батырға қуғызатын жері; өзге оқиғалар, әсіресе Едігенің Сәтемірдің қызын дәуден айырып

алатын жері, Тоқтамысты хандықтан түсіретін жері, Нұралдының Тоқтамысты өлтіретін жері, тағы сондай жерлері өте қысқа айтылған: поэманың бұл аралары да бір кезде болған ізі поэмадан көрініп тұрады», - деуінен [120, 10 б.] «сауатсыз» деген ұғымның 1917 жылғы Қазан төңкерісі негізінде үкімет басына келген Кеңес үкіметі тұсындағы ғалымдардың, көбінесе орыс елі зиялылары түсінігімен басқа ұсақ ұлттар өкілдеріне ұстанған көзқарасынан туғаны анық. Ондағы мақсат шынайы ғылым, білім мен сауаттылықты ел арасына Кеңес үкіметі әкелді деген сыңаржақ пікірді халық жадында орнықтыру үшін атқарылған іс-шаралардың бірі ғана екені тарихтан мәлім. Мұндағы ғалымның негізгі ойы - фольклорлық процесті көрсету: фольклор үлгілерін бұрынғы жыршылар айтуынан естіп, жаттап, кейінгі ұрпаққа жеткізуші ақын, жыршылар т.б. өздерінің таным-қабілеттеріне қарай бір нұсқаның бірнеше түрлерін тудыратыны ескерілген. Ал, бұл фольклорлық үлгінің ел арасында негізгі өмір сүру формасының бірі екендігі де бізге мәлім. Демек С. Мұқановтың бұларға ерекше көңіл бөлуі т.с.с.бәрі де фольклордың жазба әдебиеттен өзіндік басты ерекшеліктерінің бірі - варианттылық мәселесін, екіншісі – оның ауызекі өмір сүру ерекшелігін, яғни мәтіннің қысқару, өзгеру, ұмытылу, қайта түрлену, даму кезеңдерін т.с.с. қамтитын ауызекі даму ерекшелігі мәселесін алғаш көтергендердің бірі екендігін атап айту жөн демекпіз.

Одан әрі С. Мұқанов батырлар жырларына тән ортақ ерекшеліктерге де тоқталады. Бірінші ерекшелік, бұл батырлардың көпшілігі әке-шешесі қартайған кезде, балаға зарыққан кезде дүниеге келетіні; жырда кездесетін «Қайып-ирен, қырық шілтен, Баба түкті шашты Әзиз, Хазірет, Қыдыр, Ілияс т.б.» сықылды әулиелердің балаға зарыққандарға дұғасы тиіп, есіркеуі, тілегі қабыл болуы т.б. – бәрі Ісләм дінінің әсерінен туындаған деген пікір айтады. Екінші ерекшелік ретінде, батырлардың көпшілігі бала кезінен ақылды, қайратты, өжет т.с.с. боп келетіні ескертіледі. Үшінші ерекшелік-батырлардың көбінің сенімді екі серігі болатынына назар аударылған. Бірі – сүйген әйелі болса, екіншісі – астындағы сенімді тұлпары екендігі аталады. Ал, төртінші ерекшелікке, батырлар жырының, көбінесе оқиға сюжеті бірыңғай болатынына да зерттеуші көңіл бөледі. Батыр жауға аттанғанда, артында қалған үй ішінің басына ауыр қайғы туатыны; сыртқы жауын жеңіп келген батыр нақ қиын жағдай үстінде үй ішін, әсіресе сүйген жарын құтқарып, жыр соңында ішкі, сыртқы жауынан үстем боп мұратына жететіні т.б. сөз болады.

Батырлар жырының, көбінесе батыр мен оның астындағы атының қайраты, ерекше күштілігі, тіпті аттың адамға тіл қатуы,

ақылдылығы т.с.с. бәрі де әсерленіп, дәріптелініп, күшейтіліп берілетіндігі айтылады.

Ал, ғалымның: «Іслам дінінің әдебиеті сықылды халық сүймейтін, халықтың тұрмыс шындығынан шықпаған жолдан қосылған жолбикелердің талайын халық ұмытып кетті»,- деген [120, 13 б.] пікірінен, сол кездегі Кеңес үкіметі тұсында дінді қоғамнан аластату іс-шараларының белең алғанын, әрі дінге қарсы «әділетсіз» науқанның етек алуымен түсіндіруге болады.

Ғалым батырлар жырында сол кездегі «социализм» қоғамында отырған қазақ халқының сана сезіміне түгел үйлесе бермейтінін; батырлар жырында социализм қоғамының тілегіне, принципіне қайшы келетін, ұлт пен ұлттың, халық пен халықтың араздығын тудыратын сәттер барлығын; қанаушы тап үстем заманда, ұлт пен ұлттың, халық пен халықтың арасындағы араздықтың күшті болғанын сөз етеді. Және де «Қазан төңкерісінен» бұрынғы ескі қоғамда қазақ елінің көбірек соқтыққан, көп жауласқан елдері монғол тұқымдас елдері мен Ресей екендігіне де т.с.с. назар аударумен қатар ғалым С. Мұқанов: «... Осындай әрі Россия феодализмінен, әрі өз байларынан екі жақтан қысым көрген қазақ елі әлденеше рет бас көтеріп, Россиямен жауласты. Міне, осы жаугершілік заманда, жауласқан елдерін жаман ел қып көрсету ол заманның саяси сана-сезіміне үйлес жағдайлар еді. Сондықтан батырлар жырында: «Кәпір жаман, қалмақ жаман» деген пікір басым айтылады.

Батырлар жырында жауласқан қарсы жақтың елі де, батыры да осал, мінездері бұзық боп сипатталады. Бұл әрине, жоғарыда айтқандай, ескі антагонистік қоғамның сана-сезімінен шыққан, тұрмыс шындығына жатпайтын жағдай. Батырлар жырындағы жаңа бір ескеретін жағдай, қай елді алсаң да тапсыз, тұтас ел сықылданады. Расында олай емес. Мәдениеттің қандай төмен сатысында тұрса да, қоғамдық өмір сүрген елде қанаушы, қаналатын екі тап болады. Мәселен, арғы кәрі заманда құл мен қожа, одан бері капиталистер мен жұмысшылар, ауыл шаруасының жағдайында кулактар мен батрактар тағы сондайлар. Ел мен елдің өзара тартысуын былай қойғанда, адам баласының барлық дәуірінде де бір елдің ішіндегі қанаушы мен қаналушы таптарының арасы қайшыланып келген, кейде бұл қайшылық ұласқан күреске де айналған.

Қазақ елінің батырлар жырында ел арасындағы бұл қайшылықтардың ұшқыны көрінеді. Мәселен: «Сайын батырда» тоқсан құл Сайынның әкесі Бозмұнайға қорлық көрсетеді, «Алпамыс батырда» Ұлтан құл Алпамыстың әулетіне зорлық істейді, «Қамбар батырда» Қамбар тоқсан үйлі тобырдың жоқшысы болып көрінеді. Бұ

да, әрине тап қайшылығының белгілері. Бірақ, бұл белгі поэмада өте әлсіз, шын тұрмыстағы тап тартысынан анағұрлым үстірт, жеңіл айтылған», - деуінен [120, 14 б.], біз ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Кеңес үкіметі заманында халықтық шығармалар болып табылатын эпостық жырлардың өзіне де «тап тартысы» идеологиясы тұрғысынан қараудың, сол кездегі ғылым, әдебиет пен мәдениеттің қалыптасуына зиянды ықпалын тигізгенін анықтаймыз. Демек бұл кезде тарихи құндылықтарға шынайы объективті баға берілудің орнына, керісінше, идеологиялық, субъективтік көзқарастардың әсерінен, Мәскеудегі орыс ғалымдарына жалтақтай қараудың, тарихи шындықтың не бұрмалануына, не өзгеруіне т.с.с. негіз қаланғанын көреміз.

Ғалым фольклордың келесі жанры ретінде «әдет-ғұрып поэмаларының» өзіндік ерекшелігіне тоқталады. Яғни бұл ғашықтық жырларда адамның әлеуметтік өмірінен гөрі жеке өмірінің оқиғалары көбірек болатынына көңіл бөлумен қатар, әрі мазмұны жағынан, әрі композициясы, әрі сюжет жағынан батырлар жырымен арадағы жалпылық, ұқсастық жерлері де көп болатыны сөз болады. Дегенмен батырлар жырына қарағанда жауға кездесіп, үлкен батырлық, қайрат, кек алысу арқылы кездескен жауын жеңіп, мұратына жету т.с.с. тәрізді белгілердің аздығына да назар аудартады. Керісінше, оларда елдің ішкі әдет-ғұрпын суреттеу жақтарының басымдылығына т.с.с. көңіл бөлінген. Ал, бас бостандығын көксеген жастардың өмірі «қанаушы» таптар қысымында болды дей отырып, олардың бас бостандығы малдай саудаға түскендіктен, әйел де, ерлер де бірімен-бірі ұнатысып, қосылуды арман етуі тәрізді тілегінен ғана «әдет поэмалар» дүниеге келді дегенді айтуы т.с.с. ғалымның біржақты субъективті көзқарасының жемісі. Демек, ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Кеңес үкіметі тұсында тіпті ғылым, білім, мәдениеттің де т.б. саяси күрес құралына айналғандығын, әрі кез келген нәрсеге мейлі ғылыми еңбек болсын, мейлі жазушы қолынан туған көркем шығарма болсын, тіпті авторы белгісіз деген халықтық мұраларға да т.б. «тап тартысы» тұрғысынан қарау белең алғандығын танытады.

С. Мұқанов «ескі» дәуір поэмаларының көркемдік жағынан да өте қымбат екендігін, композициялық жағынан бүгінгі мәдениетті дәуірдің поэтика талабына үйлесетінін, оқиғаның баяндалуы, басталуы, шиеленісуі, шешуі т.б. тәрізді белгілерінің әдебиет заңдылығына сай бағындырылғанын, халықтық үлгілердің композициялық жағынан Еуропалық бағыттағы ақын шығармаларынан кем түспейтінін дұрыс айқындаған. Сондай-ақ халық поэмаларында шала құрылған, көркемдікпен дәлелденбеген

адам кейіпкерлері аз кездесетінін т.с.с. жан-жақты саралауынан – біз, ғалымның нұсқаның көркемдік құндылықтарын анықтауда, көбінесе әдебиеттану талаптары тұрғысынан ғана қарастыратынын байқаймыз.

Сөз соңында С. Мұқанов қазақтың халық әдебиетіндегі «поэмаларының» азшылығы ғана кірген, жинақтың қазақтың орденді халық ақыны қарт Жамбылдың поэзияға 75 жыл сіңірген еңбегіне орай құрастырылғанын атап кетеді [120, 20-21 б.].

Қорыта айтқанда кезең қиындығына, ел билеушілер өктемдігіне, ғылыми таным жетіспеуіне т.с.с. қарамастан, өткен ғасырдың орта тұсында да Қазақстанда басқа да ғылым салалары тәрізді фольклортану ғылымы да өзіндік кідіріс, тоқыраумен бірге тоқтап қалмау, даму кезеңдерін де бастан кешіргенін көреміз. Әр істің өз жетекшілері болатынын ескерсек, А. Байтұрсынов та, С. Мұқанов та сол кезеңнің өзінде қазақ фольклортану ғылымына үлкен үлес қосқаны даусыз. Мұндағы Сәбит Мұқанов құрастырған «батырлар жырының» жеке жинақ болып шыққаны, жинақтың бір жанрға ғана арналғаны - қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі екені сөзсіз. Алғысөз барысында фольклордың барлық дерлік жанрлары жан-жақты талдауға түсіп, өзіндік ерекшеліктері фольклорлық процесс негізінде қарастырылады. Сондай-ақ фольклорлық мәтіндер тарихи зерттеу әдісі негізінде қаралып, олардың эстетикалық қызметтері сараланады. Кейіпкерлері әдеби образ ретінде талдауға түсуі - бәрі, сөз жоқ, С. Мұқановтың қазақ фольклортану ғылымы қалыптасуына қосқан елеулі еңбегі екені анық.

Жалпы, фольклорды зерттеудегі мақалалар, кіріспелер, алғысөздер дегенде, зерттеу жұмыстарының біраз ретте сәтті жүргізілуі фольклортану ғылымына белгілі ғалымдардың келуімен байланысты. Сондай-ақ онда алдыңғы қатарлы фольклортанушы ғалымдардың тәжірибесіне сүйенуінің де әсері болғаны белгілі: Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Мұқанов т.б. Қазан төңкерісінен кейін жаңа Кеңестік заманның орнығуы ықпалымен фольклортану ғылымы халықтық мәдениеттің көтерілуіне, жалпы халықтық шығармашылықтың дамуына, түрлі зерттеу еңбектерінің көбеюіне, фольклортану ғылымын дамытуда белгілі ғалымдардың еңбектерінің сұрыпталуына, зерттеу жұмыстарын жаңа туған қоғамдық қатынастар негізінде қайта жазуға бағытталғаны мәлім. Бұл жұмысқа түрлі ұйымдарды, ғалымдарды, студенттерді, оқушыларды т.б. жұмылдырудың бәрі де түрлі қайшылық, кедергілерді бастан кешірсе де, тұтастай алғанда, фольклорды зерттеу ғылымының өзіндік дамуын негіздеді.

Бұл кезде «тарихи мектеп» концепциясына негізделген мақалалар пайда болды. Сондай-ақ фольклорды салыстырмалы зерттеу әдісі негізінде де сараптау белең алды. Мұнда ғалымдар фольклорды халықтық педагогиканың, танымның, эстетиканың, тәрбиенің т.б. қайнар көзі ретінде қарастырды. Зерттеу барысында фольклорға, оның жанрларына анықтамалар берілді. Және де олардың ішкі ерекшеліктері, өмір сүру жағдайы, орындаушылары, жіктелуі де біраз сөз болды. Дегенмен фольклорлық бейнелер, көбінесе әдеби образ ретінде бағаланды. Міне, бұл баяндама, алғысөз түрінде болсын мақалалар сол XX ғасырдың алғашқы жартысындағы хал-жағдайын анықтайды. Негізінен мақалалар ғылыми-көпшілік мақсатта жазылды.

3.2 Монографиялар

XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан фольклористері халық ауыз әдебиетін сала-салаға бөліп зерттей бастады. Фольклор шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай бөлу, бұрын зерттеу ісінде болып келген кемшіліктердің орнын толтыруға қызмет етті. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бас кезінде М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин сияқты фольклорист ғалымдар халық ауыз әдебиетін жанрға бөлу жөніндегі мәселені қазақ халқының тарихымен байланыстырды. Осы айтылған жайлар 1920 жылдардың соңғы кезінде М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінде [121], 1930 жылдардың бастапқы дәуірінде С. Сейфуллин зерттеуінде [122] тереңірек баяндалды.

Қазақ оқу орындарында т.б. оқулықтардың жетіспеуін ескеріп, сол олқылық орнын толықтыру мақсатында 1927 жылы Қызылорда қаласында ғалым М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты монографиясы басылды. Кітап «Жазушыдан» деген М. Әуезовтің сөзінен бастау алады. Мұнда балаларға арналып ашылған мектептер, оқытушылар дайындайтын техникум, институттар, мұғалімдік курстар, судьялық тергеушілік курстар т.с.с. үшін – бәрінде ана тілінің сабағына келгенде, ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптап жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін таныту керектігі сөз болады [123].

Монографияның кіріспе бөлімінде ғалым М. Әуезов жалпы тарих жолындағы адамзаттың қалыптасуының 4 негізгі дәуірін (тағылық тұсындағы ортақшылдық дәуір, ана қожалығы жүрген дәуір, ата мен ру қожалығы жүрген дәуір, мемлекет негізі құрылған дәуір) алғаш бөліп алып қарастырады [123, 12–16 б.]. Одан әрі әдебиет тарихының міндеті, әдебиет тарихының қолданылатын жолы, қазақ

ескілігінен аз мағлұматы, қазақ әдебиетінің тарихы сөз болады [123, 16-21 б.].

Сонымен қатар ғалым М. Әуезов қазақ әдебиетінің: бір саласын ауызша әдебиет десе, екіншісін - жазба әдебиет деп бөледі. Демек М. Әуезов фольклорды ауызша әдебиет деп қарастырған. Ауызша әдебиетті, яғни фольклорды белгілі ғалым А. Байтұрсынов 2-ге (сауықтама, сарындама деп) бөлсе, Х. Досмұхамедұлы 46-ға жіктегені белгілі. Ал, М. Әуезов фольклорды іштей алғаш рет 4-ке топтайды: біріншісін - сыршылдық салт өлеңдері десе; екіншісін - әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер) деген; үшіншісін – айтыс-тақпақ деп; төртіншісін - ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ дейді. Олардың жалпы мынадай ерекшеліктеріне тоқталады: « ... 1) Ауызша әдебиеттің шығарушысы жалпақ ел дейміз. Ауызша әдебиет жұрнақтарының арнаулы шығарушысы жоқ. 2) Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады.3) Ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдеті туғызады. Сондықтан ауызша әдебиет бірнеше түрге бөлінеді», - дейді [123, 21 б.]. Бұл негізінде А. Байтұрсыновтың халық әдебиетіне берген анықтамасынан әлдеқайда кең берілген. Демек, М. Әуезов фольклорға ғылыми анықтама берумен қатар, фольклордың барлық дерлік жанрын қамтыған, әрқайсысын жіктеп, жекелеп зерттегенін көреміз. Егер жүйелеп айтар болсақ М. Әуезов эпосты да, ертегіні де, тұрмыс-салт жырларын да т.б. арнайы қарастырған. Ал, мұндағы М. Әуезовтың фольклорға берген анықтама түріндегі ғылыми сипаттамасы, яғни авторы халық болып табылатыны т.б. - қазіргі фольклортану ғылымында өз мәнін жойған жоқ.

Ендеше, XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейін фольклордың өзіндік өзіндік ерекшеліктеріне назар аударыла бастауы, жанрларына сипаттамалар мен анықтамалар берілуі - бәрі сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының өз алдына жеке ғылым саласы ретінде жеткен жетістігін көрсетеді. Дегенмен фольклорды іштей жанрлық түрлерге жіктегенде, оның қазіргі қазақ фольклортану ғылымы талаптарына сай келмейтіндігі де байқалады. Әрине, бұл сол кездегі ғылымның деңгейінен туындағаны күмәнсыз. Мәселен, ғалым тұрмыс-салт жырларын «Сыршылдық салт өлеңдері» деп түсінген. Оларды іштей үшке жіктеген [123, 22-55 б.]: 1) Ел салтындағы шер өлеңдер (бұған жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту түрлері енгізілген); 2) Дінмен байланысты өлеңдер (бұған наурызды, бақсылардың сарынын, жарапазанды жатқызады); 3) Қыз ұзату

үстіндегі салт өлеңі (бұған жар-жар, қоштасу-танысу, бет ашар түрлері алынған) деп.

Бұлай тұрмыс-салт жырларын үшке бөлу үлгісі М. Әуезовке дейін А. Байтұрсыновта кездеседі. Тек А. Байтұрсыновта тұрмыс-салт жыры орнына сарындама ұғымы қолданылады да, оны іштей «салт сөзі», «ғұрып сөзі» «қалып сөзі», болып өзгеше бөлінген (Әдебиет танықыш. 1926.) Мәселен, А. Байтұрсынов «салт сөзіне» мақал-мәтелмен қатар, әдебиет жанрына жататын мысал түрін де жатқызған. Бұл арада фольклор мен әдебиет жанрларының ара-жігі ажыратылмағаны көрінеді. Демек ол тұстағы зерттеушілер арасында фольклор әдебиеттің бір саласы ғана деген түсініктің басым болғанын танимыз. Ал, М. Әуезов еңбегінде фольклор терминдер өзгеше аталғанмен, негізінен, фольклор түрлері толықтай сөз болады. Мұнда өз тұжырымдарын дәлелдеу үшін ғалым фольклор үлгілерін келтіреді. Мәселен, «Ай, Таңсықтың қоштасқаны» үлгісі [123, 29-30 б.], бұл «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырының үзіндісі. Бұл үзіндіні ел аузынан жазып алып, «Таң» журналында (1925, №2) Жанақ ақынның айтуынан деп жариялаған М. Әуезовтің өзі екені анық. Демек баспа бетінде фольклор үлгілерін жариялағанда М. Әуезов мәтіннің жазылынып алыну паспортын толтырғаны, яғни мәтіннің қай уақытта, қай жерде, кімнен т.с.с. алынғанына қатысты деректерді бірге берген. Мұның бәрі ғалым М. Әуезовтің фольклорлық мәтінді қағазға түсіруде әлемдік фольклортану талабын орындағанын көрсетеді. Ал, бұл мәтінді өзінің «Әдебиет тарихы» атты кітабында қолдануы ғалым М. Әуезовтің өзінің зерттеуіне қатысты дерек көздерін өзі жинағанын көрсетеді. Ал, мәтіннің қағазға түсу паспортын толтырғаны, әрі фольклорлық мәтінді баспасөз бетінде жариялағаны, әрі оны зерттеу объектісіне айналдырғаны т.с.с.- бәрі де фольклортану ғылымында зерттеу жұмыстарының жүйелі, әрі сәтті жүргізіле бастағанын көрсетеді. Ендеше оқулық жазу үшін бірінші кезекте фольклорды неғұрлым көп жинау қажеттігі туса, екінші кезекте оларды жүйелі сұрыптап, жинақтап т.б. баспа орындары арқылы жариялау міндеті тұрды, үшінші кезекте оларды зерттеу мәселесі туындайтыны анық.

Тұрмыс-салт жырлары арасынан тек бөбек жырлары мен жан-жануарлар туралы т.б. жырлар қарастырылмаған. Шамасы, бұл фольклорлық үлгілердің жетімсіздігі, яғни ел арасынан жиналып үлгермегендігі, сондай-ақ ол жөніндегі ғылыми зерттеулердің мардымсыз аздығы себеп болса керек.

Ғалым М. Әуезов кітапта тұрмыс-салт жырларының бір бөлегі шер өлеңдеріне анықтама береді: «Шер өлеңдері, кейде көп елдің басына келетін қайғы, шерден туады, кейде үй ішінің қайғысынан,

жеке адамның қайғылы күйінен туатыны да болады. Бұл өлеңдердің бәрі де көңілдің қайғылы қаралы сезімдерін білдіретін сөздер», - дейді [123, 22 б.]. Ал, осы ел салтындағы шер өлеңдерін іштей: жоқтау, естірту, көңіл айту деп дұрыс жіктеген. Бұл жіктеме үлгісі қазіргі фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ. Мұндағы «жоқтау» термині сол кездегі Ахмет Байтұрсынов оқулығында [123, 254 б.] кездескенмен, ал («көңіл айту», «естірту» ұғымдары тек М. Әуезов кітабында бар болуы - бәрі ғалым М. Әуезовтің терминдік атауларды қалыптастырудағы еңбегінің маңыздылығын көрсетеді.

Мәселен, жоқтау өлеңіне келгенде ғалым: «...көпке бірдей жайылған қазақ салтынан туған шер өлеңі: жүрек қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде күймен шығару ескіліктің сүйген түрі болған», - деген анықтама береді [123, 22 б.]. Одан әрі ғалым жалпақ елдің жоқтауын ақын-жырау айтатыны, сондай-ақ үй-ішінің, ауыл-аймақ, ру ішінің жоқтауы болатыны; тек оның ұзақ болмайтыны; қайғының, көбінесе аз сөзбен көп мағынаны қамтып, тиімді айтылатынына дұрыс назар аударған [123, 22-27 б.].

Ал, басқа зерттеу еңбектерде кездеспейтін фольклордың естірту түрі осы кітапта алғаш сөз болуы, сөз жоқ, М. Әуезов еңбегінің маңызын арттырады: «Ескі қазақ салтында көп елді күйзелтетін қайғыны арнаулы өлең естіртетін әдет болған», - дейді [123, 27 б.]. Қазақтың өмірінде қуанышын ұлғайтып, қайғысын серпілтуге бағындырылған қайғы үстіндегі сүйеу сөз, көңіл айтып жұбатқан сөз болады десе, сондай-ақ адамды қайғыға дайындау үшін естіртудің тұспал, жұмбақпен басталатын үлгілері орындалатыны айтылады. Онда қаһарман өміріне баға берілетіні; кейінгі ұрпағына егіліп жылаған халық т.б. көз жасымен қайырлы өмір тілейтіні; кейде оның күймен де айтылатыны ғалым М. Әуезов тарапынан алғаш рет қарастырылады [123, 27-28 б.]. Қоштасу, көңіл айту үлгілері де М. Әуезов тарапынан жан-жақты сараланған [123, 28-36 б.].

Ғалым дінмен байланысты өлеңдерді де салтпен байланыстыра отырып, оларды екі топқа бөліп қарастырған: «1) Ескі діннің сарқыты болған өлең; 2) Ісләм дініне байланысқан өлеңдер», - деп [123, 36-46 б.]. Міне, бұдан біз Мұхтар Әуезовтің діннің де қоғамда атқаратын әлеуметтік қызметіне назар аударғанын көреміз. Мәселен, ғалым наурызды, бақылардың сарынын ескі діннің сарқытына жатқызса, жарамазанды ісләм дініне байланысты қолданады. Мұндағы наурызды «дінмен» байланыстырғаннан гөрі қазір ұлыс жыры, елдің ертеден келе жатқан ұлы мейрамы деп т.б. қарастыру орындылығы сөз болады. Ал, бақсылық, бақсылық сарыны т.б. деген фольклор үлгілері де бұрынғы еңбектердің бірінде де айтылмайды. Ендеше М. Әуезов

кітабында бұл фольклор үлгілері тұңғыш рет қарастырылып отыр. Демек бұл да еңбек маңыздылығын арттырады күмәнсыз. Және бұлардың қай кезде, кімдер арқылы орындалатыны да жазылған. Онда мынадай тұңғыш анықтама бар: «Бақсылық – ескі діннің сарқыты. Бұрынғы кездегі бақсы көмескіні болжайтын сәуегейлігіне қарап, өз дінінің пайғамбар әулиесі сияқты құдайлармен жасырын елшілер арқылы жалғасады, тіл алады деген сенім болған», - делінген [123, 416.]. Дегенмен Ислам дінін нақты діттеген идея жоқтың қасы десек те, оны асыра мақтау үлгісі орын алмағанын ескерген жөн.

Кеңестік оқу жүйесінде оқулықтың жетіспеуіне байланысты ғалым М. Әуезов тарапынан дайындалған тұңғыш төл оқулықтарымыздың бірі «Әдебиет тарихы» еңбегі екені белгілі. Кезінде бұл монографиялық еңбек зиянды деп табылуы, еңбек атына сілтеме жасаудың өзіне рұқсат етілмеуі т.с.с. - бәрі де тұңғыш оқулықтағы: ұлттық тілдің, салт-сананың, тұрмыс-салттың, әдет-ғұрыптың ұлттық мүдде тұрғысынан жазылғаны себепті болды. Осы монографиялық еңбек арқылы ғалым М. Әуезов қазақ фольклорын, оның жанрлық түрлерін алғашқылардың бірі болып жан-жақты талдайды

Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдеріне келгенде, ғалым оның: жар-жар, қоштасу-танысу, бет ашар т.б. үлгілеріне арнайы көңіл бөлген [123, 46-55 б.]. Ғалым бұларды елдің ескіден келе жатқан салтымен байланыстырады және де қуаныш, қызық үстіндегі өлең деп дұрыс қарастырады. Одан әрі олардың әрқайсысын тудырған белгілі себептермен бірге, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына, көздейтін арнаулы мақсаты бар дегенді де ескертеді. Мәселен, жар-жарды екі жақтың айтысынан құралады десе, бір жағын күйеу, не еркектер тобы, екінші жағын қалыңдық, не әйел тобы құрайтыны айтылады: «Адам баласының екі ру болған қауымының бұл жерде екіге бөлінген жігі ашылады», - деуінен, біз ғалымның фольклор бойынан адамзат тарихының іздерін тарихи тұрғыдан қарастырғанын көреміз [123, 50 б.].

Ал, қоштасу-танысу үлгісіне зерттеуші мынадай анықтама береді: «Қыз ұзатқанда айтылатын өлеңнің бірі – қоштасу өлеңі. Ұзатылатын қыз көңіліндегі шын қайғыны білдіру керек. Туған ел, өскен жермен ақырғы айырылысу сағатында көздегі жасы, көңілдегі қайғымен арыздасқан, қоштасқан сөзін айтады», - дейді [123, 51 б.]. Демек, ғалым фольклорды халықты танудың құралы деп те қарағанын көреміз.

«Батырлар әңгімесі» деп ғалым ол кезде эпостық жырлады атаған. Эпостың ішінде батырлар жыры, ғашықтық пен тарихи жыр

қарастырылған [123, 56-106 б.]. Мұндағы ғашықтық жыр ұғымы тек Х. Досмұхамедұлы еңбегінде (Қазақ халық әдебиеті. 1928.) кейінірек тұрмыстық жыр үлгісінде берілген. Мұнда алдымен «Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікұлы Шора батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» тәрізді жырлардың қысқаша қарасөзбен мазмұны берілген. Одан әрі ғалым олардың әрқайсысының мән-маңызына жеке-жеке тоқталады. Мұндағы ғалымның қазіргі қолданыстағы батырлар жыры ұғымын «әңгіме» жанры ретінде қарастырады. Бұл зерттеушінің фольклорды әдебиеттану тұрғысынан қарастырғанын танытады. Сондай-ақ мұнда: «батырлар әңгімесі» ескі заманнан басталатыны, жалпы оның түрік жұртына ортақ мұра болып табылатыны дұрыс айтылған. Көшпелі елдердің шабынгерлік, жауынгерлік кезіндегі, яғни құба қалмақ заманындағы т.б. батырлар арқасында ол кездегі тыныштық, амандық ылғи найзаның ұшы, білектің күшімен алынатыны мәлім. Елдің сүйеніші қол бастаған батыры, ел бастаған ханы мен биі ел қиялында жоғары бағаланған. Болашақ батырдың дүниеге келуі әдеттегі адам тууынан өзгеше екені, олардың жаратылысына табиғаттың тылсым күш иелері, әулие, пері т.б. сияқтылар араласатын ерекшеліктері батырлар жырына тән екені жан-жақты қарастырылған. Жыр үлгілерін дәйектеуде ізденуші, көбінесе бұрыннан сақталған дәстүр үлгісі мен бергі заманда қосылған қосындының, яғни жамаудың аражігін ажырату үшін тарихи зерттеу әдісін көп қолданады. Кейбір жырларда, мәселен, «Едіге батыр» үлгісінде араб, парсы ертегілерінде кездесетін сюжет ұқсастықтары бар деуі [123, 6 б.] т.б. бәрі де ғалымның мәтіндердегі кездесетін сюжет сабақтастығын ажырату үшін типологиялық зерттеу әдісіне сүйенгені байқалады. Сонымен қатар жырда кездесетін басты қаһарман бейнелеріне, олардың сүйген жары, мінген аты – тұлпары, тіпті жыр оқиғасына, жер-су аттарына қатысты аңыз деректерді т.с.с. жан-жақты тарихи тұрғыдан сараптау жұмыстарын жүргізген.

Демек сол заманның өзінде фольклордан тарихтың ізін, тарихи оқиғаны, ондағы жер-су, қала аттарын, тарихи тұлғаларды көп іздегені аңғарылады. Бұл сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымына орыс тарихи мектептің әсері басым болғанын көрсетеді. Дегенмен қазіргі кездегі зерттеушілер фольклордан тарихи оқиғаны іздеу дұрыс еместігі сөз болғанда, негізінен, тарихи оқиғаның ізі тек тарихи жырда ғана сақталады деген қорытындыға келіп отыр.

Мұндағы Едіге батыр бейнесі талданғанда ғалым оларды әдеби образ деп қараған. Мәселен: «Едіге бұл әңгімеде түрік жұртының жақсысы, мінезді жақсы. Бұдан көрінеу жаулыққа, көрінеу қастыққа

тез көрсететін қарсылық жоқ. Қуаныш пен қорқыныш, сүйу мен жирену сияқты сезім билеген мінез жоқ. Ақылына билеткен, ішінде сыр сақтай білетін, кең сабырлы, қалталы батыр», - деген [123, 60 б.]. Әдеби бейнені талдаудағы тура мінездеу үлгісін қолданған. Бұдан кейінгі талданған жырлар («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» т.б.) кейіпкерлерін ұнамды, ұнамсыз деп бөліп қарастырғанда, көбінесе олардың жағымды сипаттарына ғана тоқталады.

М. Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» (Қызылорда, 1927) атты монографиясында «Ер Сайын» жырын «батырлар әңгімесі» ұғымында алып, негізгі қаһарманы – Ер Сайынның өзіндік ерекшеліктеріне: пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететініне т.б. баса назар аудартады. Одан әрі жырдың қысқаша қара сөзбен баяндалған мазмұны беріледі [123, 85-87 б.]. Жалпы мұнда қысқа да болсын (2 бет көлемінде) жырдың негізгі сюжеттері толық баяндалған. Ғалым кітабының «Ер Сайын әңгімесінің мәнісі» атты бөлімінде бас қаһарманның жеке өз басына, жырдың шамамен шығу тарихына, жырдың мезгілдік-мекендік ерекшеліктеріне т.б. тоқталады. Сонымен қатар М. Әуезов Сайын бейнесіне ерекше назар аударғаны: баласыздық зарынан бастап батырдың ерекше тууы, пірлердің араласуы, жебеуі, түске кіріп аян беруі, тіпті дүниеге әлі келе қоймаған қаһарман есімдерін де түс арқылы нақты белгілеп атауы т.б. Сайынның қиындық көру себептері де біршама сөз болған: бірі – қолдаушы ата пірін ұмытқандығы себепті деп талданса; екіншісі – көнеден келе жатқан салт-дәстүрді орындамауы, яғни жауырыншының айтқан ақылына тоқтамауы; үшіншісі – ел батыры Қобыланды сияқты ағасына қарсы шығуы деп қарастырылады. Мұнда Сайын батырдың бас кемшілігі – батырлығы, ерлігінде т.б. емес, керісінше, өзінің мінез, бітім болмысында екендігін ғалым М. Әуезов былай түсіндіреді: «...Батыр құр ғана қол батыры емес, ақылға шалымды, мінезге тартымды, тоқтаулы болсын дейді. Ақылға шолақ, мінезсіз болса, оның өрісі ұзақ болмайды. Сайынның әңгімесінде ел қиялы сондай шолақ батырды жазалағандай болады. Батырға қоятын үлкен шарттар бар екенін білдіреді» [123, 88-89 б.]. Демек халықтың солай болса деген арманы жыр негізінде жатқанына баса назар аударылады.

1953 жылы Алматыда, қазақ эпосы туралы пікірталас өткені белгілі (Қазақ эпосы жайындағы дискуссияның қорытындысы. // Әдебиет және искусство.-8.-1953.-Б.109-114; Об итогах дискуссии по вопросам казахского эпоса. Постановление Президиума АН Каз ССР и Президиума Союза писателей Казахстана. // Советский Казахстан.-8.-1953.-Б.113-115). Дискуссия қорытындысы бойынша: қазақтың

эпостық жырлары арасында «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазі», «Шора батыр», «Ер Есім» жырларымен бірге «Ер Сайын» атты жырдың да әрі атын атауға, әрі зерттеуге т.б. тыйым салынғаны белгілі. Мұның бәрі бір кездерде оқулықта тек қана «Қамбар батыр» жырының сақталуына ғана әкелгені тарихымыздан белгілі. Ал, бұл тыйым салынған қаулыларды: «тап тартысы», «кеңестік идеология», «әдебиеттің партиялылығы» т.б. тәрізді адамзат тарихындағы зиянды теорияларды тоталитарлық жүйеге қызмет еткен заман тудырғанын білеміз.

Белгілі эпостанушы ғалым Ш. Ыбыраев өзінің «Эпос әлемі» монографиясында (Алматы: Ғылым. 1993) қазақ эпосының зерттелу тарихы, қазақ эпосын жанрлық түрлерге жіктеуде, қазақ эпосының поэтикасы мен типологиясының мәселелерінде де т.с.с. бәрінде дерлік басқа да эпостық нұсқалармен қатар А. Байтұрсынов жазбасын да («Ер Сайын» жыры), әрі осы үлгідегі В. В. Радлов нұсқасын жан-жақты сараптағаны белгілі.

Мәселен, белгілі ғалым Т. Сыдықов өзінің «Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым» атты еңбегінде («Қазақ фольклорының тарихылығы» ішінде .-А:Ғылым.1993.-Б.130-177) «Ер Сайын» жырын ескі батырлық жырына жатқызады. Сонымен бірге ғалым осы еңбегінде «Ер Сайын» жырының XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орда тарихымен байланысты туған ноғайлы циклімен тектес дегенді де айтады.

Кітапта «Ел поэмалары» деп [123, 106-139 б.] зерттеуші лиро-эпикалық жырлар «Қозы Көрпеш-Баян», «Қыз Жібек» нұсқаларын атаған. Қазақ фольклортану ғылымында бұлардың лиро-эпостық, немесе ғашықтық эпос түріне жататыны белгілі. Ал, ғалымның бұл жырларды ел поэмалары үлгісінде қарастыруы т.с.с. Кеңес өкіметі заманында фольклорды, көбінесе әдебиеттану тұрғысынан қарастыру әдісі басым болғанын көрсетеді.

Зерттеуші ғашықтық жырларға да анықтама береді: «Батырлар әңгімесінен кейін қазақ ескілігіндегі әңгімелі өлеңдердің бір түрі - ел поэмасы болады. Бұған қосылатын «Қозы Көрпеш-Баян», «Қыз Жібек». Бұл өлеңдер алдыңғыларша батыр жорығын жырламайды, белгілі дәуірде қазақ елінің салт-санасы, кәсібі, елдігі қандай жайда болғанын білдіретін сөздер. Бұның екеуінде де көшпелі кәсіппен ру жігіне бөлінген, елдің ортасында өскен жастардың махаббат, достық бағасын түсінуі көрінеді. Екеуі де сол көшпелі елдің салт, ғұрпымен байланысқан махаббат жыры болады», - деп, тұңғыш рет шығарманың жанрлық ерекшелігіне тоқталады [123, 111 б.].

Ғалым бұл жырлардың әлі де толық жиналмағандығына да т.б. баса назар аудартады. Сонымен қатар зерттеуші әр үлгінің бірнеше

нұсқасы бар екеніне көңіл бөле отырып, олардың өзара мазмұндық ұқсастығымен қатар сюжетінде де кейбір сәйкестік, өзгешеліктердің кездесетінін ескертеді. Ал, көп нұскалылық себебі: көп айтушының аузынан өткен үлгі болғандықтан ара-тұра ұмытылып, жаңылып, байқалмай, ойсыз кіргізген өзгерістердің, яғни ықтиярсыз кірген жаңалық ықпалы десе, сондай-ақ тыңдаушының тілегін, ақынның ұнатқан ыңғайына қарай бейімделіп кеткен өзгерістердің, яғни ықтиярлы өзгерістердің әсері екенін дұрыс айқындап береді. Одан әрі мәтін ішінде кездесетін бейнелер фольклорлық үлгіде көтерілген тақырыпқа орай, яғни махаббат мәселесі тұрғысынан талданады. Мәселен, талдауға түскен «Қозы Көрпеш-Баян» жырының үш нұсқасын (бірі-Семей жерінен алынған туынды, екіншісі – В. Радлов нұсқасы, үшіншісі – Жетісу жерінен жиналған Колпаковский үлгісі) өзара салыстырады. Олардың сюжетінде, кейіпкерлерінде, кейіпкер іс-әрекетінде өзгерістердің бар екенін ғалым дұрыс анықтайды. Міне, мұнда зерттеуші нұсқаларды өзара ажыратудың әлемдік фольклортануда қалыптасқан талаптарын орындағанын танытады. Жырда кездесетін ұнамды бейнелермен қатар, ұнамсыз образ Қодар, Қарабай да әдеби талдауға түскен. Сөйтіп, ғалым М. Әуезов фольклорлық шығармаларды әдеби образдар жиынтығы деп қарастырғанын көреміз.

Тарихи жырларды ғалым М. Әуезов «тарихи өлең» деп атаған [123, 140-167 б.]. Мұндағы тарихи өлең деген атау орнына қазіргі фольклортану ғылымында не тарихи жыр, не тарихи эпос деген ұғымдарды пайдаланады.

Тарихи жырға ғалым: «Тарихи өлеңдер ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істеген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар жалпақ елге аты белгілі қадірлі, сүйікті адамдар. Сол адамдардың істеген ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне қозғау салған әсері, көптің аузында неше алуан әңгіме болып қалады. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі. Сондықтан сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусыз», - деген анықтама береді [123, 140-141 б.]. Тарихи жырлар қатарында «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр» үлгілері әдеби тұрғыдан талдауға түседі. Олардың барлығы әлі жиналып болмағаны; нағыз «тарихи өлеңдер» басталатын кезі Абылай заманынан бері қарай екендігі; бұларды ел тіршілігінің тарихы тарихта орын алған ұлы оқиғалар тудырғаны сөз болады. Сондай-ақ осында қарастырылған тарихи кезеңге байланысты: «Халел

Досмұхамбетовтың «Исатай-Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгеровтың «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарап өтсін дейміз», - деген [123, 143 б.] ғалым пікірі беріледі. Демек бұл кезеңдегі тарихтан көбірек мағлұмат алу үшін аталған еңбектерді қарап шығу қажеттілігі ескертілуі ғалым пікірінің маңыздылығын арттырады.

Еңбекте ертегі жанры да сарапталған [123, 168-171 б.]. Жанрлық ерекшелігі де т.б. неғұрлым аз сөз болған - осы ертегі жанры. Мұнда ғалым: дүниенің жасырын сырларын ашуды мақсат ете бермегендіктен, халық өзіне белгісіз заттың барлығының себепшісі құдай деп табынған түсініктің ертегілердің пайда болуына ықпал етті дегенді айтады. Оларды зерттеуші әңгіме жанры деп қарастырған. Одан әрі ғалым ертегілер ішіндегі адамдар ерекше істер істейтінін, олардың әр түрлі күйге түсіп құбылатынын сөз қылады. Ертегі оқиғасы өрістеген орын да, оның мезгілі де белгісіз болатыны, яғни әдеттегі жай өмірден бөлек, өзгеше болып жасалатын әрекеттер ертегі де дағдылы іс болып саналатыны, ертегі сөзін түгелімен ойдан шығарылған деп есептеуге келмейтіні, онда ескі заман ұғымының сақталып қалғаны ғалым тарапынан сөз етеді. М. Әуезов ертегілерді іштей әуез ертегі, салт, яки үлгі ертегі, мысқыл-мазақ ертегі, өтірік әңгімелер түріне ажыратқан. Мұндағы ертегілерді іштей жіктеу үлгісі қазіргі фольклортану ғылымында қолданыста жүрген қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер атауына мүлдем сәйкес келмейді. Демек ертегілерді бұлай ажырату себебін ғалымның арнаулы фольклортанушылық білімі болмауымен, әрі ертегі жанрының өзіндік ерекшеліктерін т.б. ескермеуімен түсіндіруге болады. Бұған сондай-ақ сол кездегі фольклортану ғылымының балаңдығы да, яғни бұған дейінгі еңбектерде тұщымды зерттеулердің т.б. болмауы да әсер етті.

Дегенмен, ғалым М. Әуезов ертегіге: «Кейбір ертегілер ескілікті дүниені түсінуін білдіретін болып сол ескі замандағы ұғымның белгісін сақтап қалғаны бар. Ондай ертегілерді ескілік әңгімесін әуезе дейді», - деген анықтама береді [123, 169 б.]. Ал, бұған қандай ертегілер жататыны турасында мысалдар берілмеген. Ал, келесі ертегі түрін: «... сол ескілікті ұғымды білдірумен бірге елдің ескі салт әдетін де білдіретін болады. Белгілі үлгі-өсиет шығаратын да ертегілер бар. Бұларды салт ертегісі, яки үлгілі ертегі дейді», - деп, ғалым дәлел ретінде «Құла мерген» ертегісін келтіреді. Демек мұндағы сөз болып тұрған ертегі түрі қиял-ғажайып ертегіге ұқсайды. Сондай-ақ бұл ертегінің қоғамда атқаратын тәрбиелік қызметіне де ғалым ерекше мән берген.

Еңбекте «Айтыс өлеңдеріне» де біраз көңіл бөлінген [123, 171-191 б.]. Мұнда ғалым: ауызша әдебиет ішінде айтыстың көп кездесетінін; айтыс болмаса, ойын-тойдың қызықсыз өтетінін; айтыстың әлі күнге шейін жазылмай, жиналмай жүргені толып жатқанын; қазақ дәстүрінде айтыстың өте жанды, өте қызулы, бағалы екенін сөз етеді. Сондай-ақ өзге жұрттың әдебиет тарихында айтыс туралы бөлімнің жоқтығын; суырып салма ақындар ерекшелігін; айтыста білім таласы, жұмбақ пен ой тартысы болатынын т.с.с. жан-жақты талдайды. Мысал ретінде, «Біржан мен Сара», «Мұрат пен Жантолы», «Кемпірбай мен Шөже», «Сабырбай мен Тасыбай» т.с.с. айтыстарынан үзінділер келтірілген. Одан әрі «Билер айтысы» [123, 188-191 б.] және «Зар заман ақындары» жөнінде сөз қозғады [123, 192-234 б.]. Бұлар өзінің тегі мен табиғатына қарай қазақ халық ауыз әдебиетінен гөрі ауыз әдебиет пен жазба әдебиетке жақын болғандықтан кеңірек тоқталуды жөн көрмедік.

Қорыта айтқанда, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты монографиясы XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа ғана қалыптасып келе жатқан қазақ фольклортану ғылымында қазақ фольклорын зерттеудің т.б. бастау көзі болғаны анық. Бұл кітап ғалымның қазақ фольклоры тарихын жасау жолындағы тұңғыш талпынысы, әрі осы салада жазылған күрделі еңбек екені сөзсіз. Кеңес өкіметі орнасымен-ақ Қазақстанда ана тілінде оқылатын сан түрлі оқу орындары қаптай ашылып, қазақ тілі мен әдебиеті арнайы пән ретінде тұңғыш рет оқыла бастауы - осы салада жазылатын оқулықтарға деген талап-тілекті күшейткені анық. Бұл еңбекте алғаш рет қазақ фольклорының жанрлық ерекшеліктері, түрлері, оларға берілген тұңғыш анықтамалары т.б. қамтылған. Зерттеу нысанасына алынған белгілі бір фольклорлық шығарма әрі тарихи, әрі типологиялық принцип тұрғысынан саралануы - сол кез үшін айта қаларлықтай сонылық, жетістік еді. Демек бұл еңбекті жазу барысында автор ұстанған бұл әдіс - тәсілдер әлі күнге дейін әрі практикалық, әрі методологиялық маңызын жойған жоқ және кейінгі зерттеу жұмыстарына үлгі болғаны күмәнсыз.

Белгілі қоғам қайраткері Х. Досмұхамедұлының қазақ фольклортану саласындағы еңбектері назар аударарлық [124]. Зерттеуші Р.Т.Әлмұханова диссертациясында, Х. Досмұхамедұлының әдебиет зерттеушісі ретінде: өмірбаяндық деректеріне қатысты Қазақ білім комиссиясындағы, «Сана» журналы мен «Талап» қауымындағы қызметтері: Абай, Махамбет, Шернияз, Нысанбай, Мұрат, Базар ақындар туралы білдірген пікірлерімен қатар, аталып отырған ғалымның фольклортанушылық қызметі де арнайы сөз болған. Яғни

онда: «Қазақ халық әдебиеті» баяндамасы мен «Аламан» жинағына жазған алғысөзінің мән-маңызы, қазақ фольклорының жүйе кестесін жасаушы ретіндегі т.б. еңбегі сараланған.

Х. Досмұхамедұлы Батыс Қазақстанның фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алумен шұғылданған. Ташкент қаласында шығып тұрған баспасөз беттерінен ол жинаған халық әдебиеті үлгілерін басылып отырған.

Х. Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы оқшау тұратын еңбегі - «Қазақ халық әдебиеті» атты (1928) очеркі. Бұл очерк іспетті баяндама көлемі жағынан басқа зерттеу кітаптарына қарағанда аз көрінгенмен, маңыздылығы жағынан көтеретін жүгі мол болғандықтан, монография бөлімінде қарастыруды жөн көрдік.

Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» атты баяндамасы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары Ташкенттен Қазақ жоғары педагогика институтының қазақ тілі кабинетінде оқылғаны белгілі [126,14-34 б.]. Мұнда ол халық ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен. Ғалымның белгілі зерттеушілер В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б. еңбектерімен жақын таныс болуы фольклордың жанрларын топтап, саралауына көмегін тигізді, Мәселен, өз баяндамасының алғысөзінде: «Орыс әдебиетінде қазақ халық әдебиеті туралы сан жағынан недәуір мақалалар болғанымен бүкіл халық әдебиетін түгел қамтитын жүйелі де толық очерк жоқ», - деуінен [126,14 б.], біз сол кездің өзінде-ақ қозғалған осы тақырыптың көкейкестілігін танумен қатар, соған қатысты біраз еңбектерді Х. Досмұхамедұлының өзінше қарастырғанын көреміз. Яғни ғылыми еңбек жазудың алғышарты өзіне дейінгі еңбектерді міндетті түрде қарастыру болса, ол шарт орындалған. Демек ХХ ғасырдың басында қазақ фольклортану ғылымының өз алдына жеке қалыптаса бастағандығы осы еңбектердің өзінен байқалады. Сондай-ақ: «Ал жекелеген мақалалар арнаулы журналдар мен басқа да мерзімді басылымдарда шашырап жатыр, сондықтан маман емес адамға (тіпті кейде мамандардың өздері де) олармен танысу мүмкін емес», - деген пікір де назар аударарлық [126, 14 б.]. Міне, бұл үзіндіден фольклорды кең таратып, фольклортануды кеңейту үшін бір мерзімді баспасөздің жетімсіздігін, шығарылған үлгілердің таралымы аздығын, ал сатып алу үшін халықтың (әл-ауқатының төмендігінен) шамасы келмеуімен қатар, сондай-ақ жалпы бұхаралық кітапханалардың жоқтың-қасы болуы т.б. –бәрі ХХ ғасыр басында қазақ фольклортану ғылымының кенжелеу себептерін танытса, сондай-ақ фольклортанушылық білімі бар арнайы маманданған ғалымдардың аздығы да осы мешеулікті негіздегенін аңдаймыз.

Осындай кедергілерге қарамастан Х. Досмұхамедұлы өзінің алғысөзінде қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған басты мақсат пен міндеттерін айқындап берерлік, қазақ фольклортану ғылымының бай тарихын жүйелі зерттейтін т.б. жоба-үлгісін де ұсынады:

- қазақ тілінде де халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын шолу жасау;

- мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндау, жіктеп, жіліктеу;

- үлгілердің бұлақ көздерін ашу;

- халық әдебиетінің даму тарихын анықтау;

- әдебиеттің жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға көңіл бөлу;

- сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттері мен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне тоқталу;

- халық әдебиетінің негізінде қазіргі еуропаланған қазақ көркем әдебиетінің дамуын дәйектеу;

- бұл жаңа алғышарттардың жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне тигізген ықпалын саралау;

- халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін қалыптастырудағы мәнін сараптау;

- қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тіршілігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын (мінез-құлқын танып білудегі орны т.б. [126,14 б.] тәрізді өзекті мәселелердің қазіргі таңда фольклортану ғылымында зерттеліп жатқандығын діттеу т.б. – бәрі ғалым Х. Досмұхамедұлының XX ғасыр басында айтқан пікірлерінің өміршеңдігін, сол арқылы қазақ фольклортану ғылымына қосқан өлшеусіз еңбегін танытады. Міне, бұдан ғалымның фольклорды іштей жіктеуді мақсат етумен қатар бұл салада да түрлі кемшіліктердің боларын алдын-ала есепке алып, оларды түзету жолдары мен кейінгі ізденістердің ауқымды екеніне де баса назар аудартқаны көрінеді. Дегенмен фольклорды 46 жанрға іштей жіктегенде [126,35 б.], ғалымның ұстанғаны, әйтеуір, фольклорлық терминдерді көбейте беру емес, қазақ фольклорының жанр жағынан қаншалықты бай екендігін таныту мақсатынан туындаса керек. Оған дәлел – аталған қайраткеріміздің мына бір пікірі: «Біз бұл очеркімізде тек қазақ халық әдебиетінің болмыс-бітімін хатқа түсірдік, қолдан келгенше жүйелі де айқын классификациялап, әрбір бөлімнің мазмұнын ашып, бастау-бұлақтарын анықтап және оның қазақ, орыс тілдеріндегі бар үлгілерін көрсетуді мақсат тұтып отырмыз. Халық әдебиетін жүйелеудің тырнақалды тәжірибесі болғандықтан біздің очеркіміз тұтастай,

әсіресе классификациялау бөлімі кемшіліктерден құр алақан болмаса керек, ал оларды түзету кейінгі ізденіс-зерттеулердің міндеті болмақ» [126, 14–15 б.].

Сонымен қатар: «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қауымының тұрмыс тіршілігі өзгеріске ұшырай бастады, ал бұл өзгерістер халық әдебиетінің даму жолына да ықпал тигізді» [126, 15 б.] –дейді. Демек, халықтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуының әсерінен фольклор үлгілерінің із-түзсіз жойылып кетпеуі үшін, халық әдебиетінің барлық үлгілерін жинау мен хатқа түсіру керектігіне ғалым баса назар аудартқан.

Зерттеуші сонымен бірге: «Қазақ әдебиетінің негізін халық әдебиеті құрайды. Қазақтың халық әдебиеті саны жағынан аса бай, мазмұны жағынан өте алуан түрлі. Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері –туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады» [126, 15 б.], – дейді. Демек ғалым халық әдебиетін жалаң сөз өнері деп қана танып қоймай, оны халықты танудың қайнар көзі ретінде әдет-ғұрып, наным-сеніммен байланыстыра, яғни этнографиялық мәлімет пен қатар ел тарихының дерек көздері есебінде қарастырған. Сонымен қатар шілдехана, бесік жырынан үзінді келтіре отырып, олардың қай кезде айтылатынын, тәрбиелік қызметін, бала тілінің дамуы мен жеке адамның қалыптасуындағы рөлін дұрыс ажыратады [126, 15–16 б.]. Демек Х. Досмұхамедұлы фольклорды-халықтық педагогиканың (этнопедагогиканың) бір қайнар көзі ретінде қарастырғанын көреміз.

Осы орайда аталған баяндама ішінде мұндай үлгілердің жалпы саны 14 болса да, олардың қайдан, кімнен алынғандығы т.б. жөнінде мәліметтер берілмеген. Алайда баяндама соңында «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» деген [126, 35–37 б.] атпен белгілі фольклортанушы ғалымдар: В. В. Радлов, Я. Я. Лютш, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, А. Е. Алекторов, Н. И. Ильминский, Г. Н. Потаниннің т.б. жинаған фольклор үлгілерінің жарық көрген тізімі берілуінен, баяндама ішінде келтірілген мәтін үзінділері осы аты аталған қайраткерлер еңбектерінен алынған деп санауға болады. Х. Досмұхамедұлы қазақ фольклортанушы ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып қазақ фольклорының басылым көрген мәтіндерінің библиографиялық көрсеткішін жасауға да тырысып, яғни үлгінің қай баспадан, қай жылы, қай жерде және кімнің атынан басылым көрген тәрізді т.б. мағлұматтарды бір арнаға жинап, жүйелеуді мақсат еткенін көреміз.

Х. Досмұхамедұлының фольклорды жіктеген кестесінде эпостық шығармалардың батырлық жырлар, тарихи жырлар және тұрмыстық жырлар түрлері дұрыс ажыратылған. Соңғысына, лиро-эпикалық шығармаларға: «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» т.б. жырлары тұңғыш рет жатқызылып отыр.

Мәселен, Х. Досмұхамедұлы «ғашықтық әдебиет» дегенде: «... негізінен жастар өміріне қатысты және мазмұны жағынан өте бай, лиризмге толы,- дей отырып [126,16 б.],- ғашықтық әндерде махаббат, сүйіктісінің көрікті келбеті, онымен қосылам ба деген үміт , ол жоқ сәттегі сағыныш т.б. тақырыптар жырланады», - дейді. Бұл анықтама халық ауыз әдебиетінен гөрі, көбінесе жазба әдебиетке, оның ішінде махаббат лирикасына жақынырақ келеді. Ал, өз пікірлерінің дұрыстығына дәлел көзі ретінде «Ер Тарғын» жырынан үзінді келтіруі, шамасы, эпостық жырлар негізінде осындай ғашықтық жырлар жатыр деген ойды жеткізу үшін алынса керек.

Одан әрі ғалым үйлену той жырларына тоқтала отырып, оны іштей айтылу ерекшелігіне қарай жар-жар, тойбастар, беташар деп үшке бөледі. Баяндамада фольклор үлгілері сондай-ақ: қоштасу, сыңсу, көрісу, сәлем, сәлемдеме, жерлеу, мақтау т.б. жырлары болып, түрленіп, әрқайсысы 5-20 шақты сөйлем көлемінде сипатталып, олардың ішкі өзіндік ерекшеліктері анықтама түрінде беріледі [126,17-20 б.].

Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетінде сатира мен иронияның да көрнекті орын алатынын діттейді: «...Сатира жеке адамға, тұтас ру мен атаға, белгілі бір уақиғаға, болмаса қарсыласының не жауының мақтаған затына қарсы бағытталады. Сатира жеке бір адамның, тұтас ру мен атаның мінез-қасиетіндегі жаман жақтары (сарандық, паракорлық, әділетсіздік, қорқақтық, озбырлық, кемістік т.б.) мен өткенін, тіптен семьяның ішкі мәселелерін де тізбелеп, көпке әшкере етеді. Қандай да бір тауып айтылған бір шумақ әжуа өлең кейде бүкіл Қазақ даласына тез таралып, мәтелге айналып та кетеді» [126,20 б.], - дейді. Біздіңше, бұларды Х. Досмұхамедұлы фольклор жанрына жатқызудан гөрі фольклорда қолданылатын бейнелеу құралы ретінде қарастырған [127] тәрізді.

Ғалым саралаған ырым, түс жору, дем салу, бал ашу, үшкіру тәрізді емшілік әдебиетке қатысты жақтары т.б. ұзақ уақыт фольклорды зерттеушілердің, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан тыс қалып келді. Ал, ғалым баяндамасында аңыз, шежіре, батырлық жырлар, ғашықтық жырлар мен айтыс ұғымдарына қатысты толыққанды анықтамалар берілмесе де, сол жанрларға мысал ретінде келтірген фольклор үлгілері [126,26-28 б.] қазіргі фольклортану

ғылымы талабымен қарастырғанда, сол фольклорлық жанрларға дәлме-дәл келуі т.б. – бәрі Х. Досмұхамедұлының өз алдына қойған мақсаты мен түпкі ойының дұрыс екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ ғалым: «қазақтың боғауыз мақалдарының кейбірін Ә. Диваев жинап, тұңғыш рет 1900 жылы Ташкент қаласында қолжазба күйінде жариялап таратты» [126, 29 б.],- деуінен, біз ХХ ғасырдың басында қазақ мақалдарының жариялану тарихына қатысты құнды мағлұматтарды да табамыз.

Баяндама соңында зерттеуші: «Халық әдебиетінің тілінің формасы негізінен өлең сөз түрінде болып келеді. Ал қара сөзбен көбінше ертегілер мен түрлі хикаялар айтылғанымен, өлең формалы ертегі де мол ұшырасады» [126, 31 б.],-дейді. Ендеше ғалым фольклордың қара сөзбен жазылған прозалық үлгілерімен қатар, поэзиялық үлгілері де көп кездесетіне мән бергенін көреміз. Х. Досмұхамедұлы: «Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері» [126,32 б.],-дей отырып, фольклор үлгілерінің өмір сүру жағдайына да мән беріп, оны орындаушыларға алғашқылардың бірі болып көңіл аударады:

- фольклорды тудыратын адамдар;
- жер-жерде тарататындар;
- тіл тазалығы үшін күресетіндер;
- ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетіндер;
- халық әдебиетін жасаушылардың есімдерінің сақталмай қалу себептері;
- үлгілердің белгілі бір себептермен авторы белгісіз, халықтық шығармалар қатарына қосылуы, т.б. сөз болады.

Одан әрі зерттеуші түйіні фольклорлық нұсқалардың өмір сүру формалары, ауызекі дамуы, көп вариантты болуы т.б. [126,32 б.] – бәрі халықтың өткен тарихымен, айтушылардың есте сақтау қабілетімен, ең бастысы, мәдени мұраға деген елдің сүйіспеншілігі, өткенге құрметі, рухани күш - қуатымен т.б. байланысты дегенге әкеледі.

Сондай-ақ ғалым ел арасында кең тараған нұсқалардың көп нұсқалы болу себептерінің тегі мен табиғатына да тоқтала кетеді [126,33 б.]. Нұсқа неғұрлым көне болған сайын нұсқалары да көбейе түсетіндігін дәлелдеуге тырысқан ол, сол үлгілердің бойында коллективтік шығармашылықтың белгілері кездессе, олардың сөз жоқ, халық әдебиетіне жататынын дәлелдейді.

Одан әрі ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорын әрі жинаған, әрі жариялаған, әрі зерттеген ғалым Ә. Диваевқа қатысты

құнды деректерді де келтіреді: «Қазақ халық әдебиетінің нағыз жинаушысы этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев болды. Қырық жылдан астам уақыт бойы, ол шаршамай-талмай қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинады, жүйеледі және орыс тіліне аударды. Диваевтің жинаған материалдары, негізінен Сырдария облысынан, 200 баспа табаққа жуықтайды; олардың толық тізімі 1922 жылы Ташкент қаласында шыққан «Наука и просвещение» журналында берілген. Олардың 86 баспа табағын Диваев революцияға дейін орыстың түрлі журналында бастырған» [126,33 б.], - дейді.

Түйіп айтқанда, XX ғасырдың алғашқы жартысында Халел Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» атты очеркісінде алғаш рет қазақ фольклортану ғылымының бай тарихын жүйелі зерттейтін жоба-үлгісін жасады. Ғалым өз туындысында өзіне дейінгі еңбектерді міндетті түрде қарастырған. Сол арқылы ғылыми еңбек жазудың алғышартын орындаған. Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетін сөз өнері деп қана қоймай, сондай-ақ халықты танудың әрі этнографиялық, әрі тарихи дерек көзі ретінде дұрыс бағалаған. Сөйтіп, ол қазақ фольклортанушы ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып қазақ фольклорының библиографиялық көрсеткішін даярлады. Фольклорды зерттеумен қатар Х. Досмұхамедұлы олардың орындаушыларына да алғаш назар аударды, жүйеледі.

Ғалым саралаған ырым, дем салу, үшкіру, бал ашу, түс көру, қарғыс сияқты фольклор түрлері ұзақ уақыт фольклортанушылардың, фольклор үлгілерін жинаушылардың тарапынан назардан тыс қалып келуі, - бәрі ғалым Х. Досмұхамедұлы еңбегінің маңыздылығын арттырады сөзсіз.

Сондай-ақ ғалым Х. Досмұхамедұлы еңбегінде қазақ халық әдебиеті жіктелмесінде берілген: ырым сөз, әпсана, хикая, космогониялық әңгімелер, бақсының жын шақыруы, арбау, құмалақ ашу, жауырын қарау, боғауыз өлең тәрізді т.с.с. түрлері алғаш рет зерттеушілер назарына ұсынылғаны, сөз жоқ, XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ фольклортану ғылымы жеткен жетістігі болды.

XX ғасырдың басында М. Әуезов қазақ халық ауыз әдебиетін: сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдер, айтыс-тақпақ, ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ деген жанрларға бөлгені белгілі. 1930 жылдары С. Сейфуллин де қазақтың халық поэзиясын осы тектес жанрларға бөліп қарайды. Тек С. Сейфуллиннің принципі, көзқарасы М. Әуезовтен бөлек болды. Ол фольклорды таптық тұрғыда қарастырады, ал бұл сол кездегі М. Әуезов еңбегінде жоқ. Олардың ұқсастығы - жанрлық жіктеуде ғана, ал талдау шарттары, методикасы әр басқа. Кей тұста, фольклордың өмір сүру жағдайын айқындауда

С. Сейфуллин үлкен білгірлік көрсетіп, М. Әуезовтен асып түсіп жататын жерлері бар. Мәселен, С. Сейфуллин халық ауыз әдебиетінің жасалуы феодализм дәуірі - «билер дәуірі» деп меңзейді. Қазақстанның Ресейге қосылғанына дейінгі қазақ халқының өсіп-өркендеуін ол жазба әдебиетіміздің тууымен, ақындар творчествосымен байланыстырады. С. Сейфуллиннің пікірінше, феодализм дәуірінде әңгіме-ертегілер, салт жырлары, төрт түлік мал туралы, түрлі хайуандар туралы жырлар, өлеңдер, билер сөзі, мақалдар, жастық ойын, тақпақтар, күлкілі өлеңдер пайда болған [128]. С. Сейфуллин өзінің кітабында қазақ эпосы тым ертерек кезеңде ноғайлы мен қалмақ руларының жауласуы тұсында шыға бастағандығын айтады [128, 8-31, 163-225 б.]. Ал мұнан былайғы жердегі эпостың тағдырын, ол XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы мен жоңғарлар арасында болған тарихи күреспен, «Ақтабан шұбырынды» оқиғасымен байланыстырады [128, 28 б.].

Халық ауыз әдебиетін зерттеуде 1920 жылдар мен 1930 жылдардың басында М. Әуезов пен С. Сейфуллин еңбектерінің дүниеге келуі үлкен жаңалық болды. Дегенмен сол тұста халық поэзиясының әлеуметтік-таптық мазмұны жайындағы мәселелер бұл еңбектерде қарастырылмады деген сыңаржақ пікірлер де айтылады. Жанрларды сипаттау үшін пайдаланған текстерінің ішінде қалай болса солай кеткендері де кездеседі дей отырып, М. Әуезов пен С. Сейфуллин де қазақ халық ауыз әдебиетінің тәуір үлгілерінің қатарына сол кезде зиянды деп табылған «Кенесары-Наурызбай» тәрізді жырларды, зар заман жайындағы өлеңдерді т.б. қосқан деп айыпталды. Міне, сол уақыттағы ғалымдарға тағылған сын-пікірлердің орынсыз екені қазір анықталды. Демек бұлар кезең ерекшелігі болып табылады.

Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі дәуірінде 1932 жылы «Қазақстан» баспасынан Сейфолла ұлы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті» атты бірінші кітабы (Билер дәуірінің әдебиеті) шыққаны мәлім [129]. Кітап латын әрпінде 10 000 дана болып, оның ішінде: сөз басы; қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат; қазақ атанған рулардың ескіліктегі тұрмыс күйі, санасы, тіл өнері туралы деректерді шолу; ауыз әдебиеті және оның дәуірлері; билер заманынан қалған әдебиет нұсқаларына т.с.с. арналған тақырыпшалармен бірге [129,3-42 б.] үлкен екі бөлім орын алған. Бірінші бөлім іштей: ертектер; салт өлең-жырлары; ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар; мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, күй жырлары; айтыс өлеңдері; билер сөздері т.с.с. берілген [129, 143-153 б.]. Екінші бөлімде: ертедегі жырлы-әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған

әдебиет нұсқалары; батырлар әңгімесі (Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын, Нәрікұлы Шора, Қамбар, Алпамыс, Ер Көкше, Ер Қосай т.б. жырларының қысқаша әңгіме мазмұны); ескіліктен қалған әңгімелердегі көп кездесетін, үйреншікті сөздер, ауысқақ тақырып, ауысқақ жәйіттер; ертедегі жыр әңгімелер (Қозы Көрпеш-Баян, Қыз Жібек жырларының қысқаша мазмұны) т.б. сөз болады [129, 220-234 б.].

Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталуды осы орайда орынды деп таптық. Еңбек «Қазақ әдебиеті» деп аталса да, онда негізінен, қарастырылатын мәселелер қазақ халық ауыз әдебиеті. Еңбек М. Жолдыбайұлының (1931 жыл, 22 ноябрь, Алматы қаласы) алғысөзімен басталған [129, 3-5 б.]. Мұнда: Коммунист партиясы мен Кеңес үкіметінің ұлт саясатын дұрыс жүргізу жөнінде шешкен ірі мәселесінің бірі – тіл мәселесі екендігіне назар аудара отырып, байтақ еңбекшілер бұқарасы, жұмысшылар табы кеңес жұмысын, газет-журналын, бүкіл өнер, ғылым, әдебиетін өз ұлты тілінде, ұлттық тұрпатта т.б. жүргізу үшін, алдымен олардың мектептегі оқуының ана тілінде жүруі қажеттігі сөз етіледі. Сондай-ақ Маркс-Ленин жолымен қазақ халқы сырт пішіні-түрі ұлттық, ішкі маңызы пролетариаттық мәдениет орнатып отырғанын; әр ұлттың өз тілінде оқу құралдары, кітаптары т.б. жеткілікті болу қажеттігін ескертеді.

Демек XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Кеңес үкіметі тұсында әр халықтың ұлттық тілінде оқу кітаптары т.б. –бәрі де басылым көруі үшін, ең алдымен Маркс-Ленин жолына сәйкестігі ескерілу қажеттігіне көңіл бөлінген. Одан әрі Қазан төңкерісіне дейін басылып шыққан қазақ әдебиеті болмаған дей отырып, тек байлар табының әдебиеті болған т.б. деген тәрізді сыңаржақ, таптық тұрғыдан жазылған пікірлер де кездеседі. Сондай-ақ қазақтың жазба тарихы болған жоқ дей отырып, М. Жолдыбайұлы ауыздан-ауызға, буыннан-буынға көшіп, қирап, бұзылып, жамалып, тотығып жүрген әдебиет жұрнақтарын Маркс-Ленин жолымен қайта құрау қажеттігін ескертеді. Осы себепті де фольклорды әлеуметтік, жіктік, таптық, т.б. тұрғыда қарастыру, анықтау қажеттігін айқындайды.

Міне, осы қиыншылықты жеңу жолында зерттеуші Сейфолла ұлы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабы шықты дей отырып, М.Жолдыбайұлы оның ерекшелігі, маңыздылығы: сирек ұшырасатын халық ауыз әдебиеті үлгілерін тауып алып, осы еңбегіне кіргізгендігін атап өтеді. Кітапқа жазған «Сөз басында» (16 март, 1931 жыл) [129, 6-7 б.] С. Сейфуллин журнал, газет бетінде жазылған кейбір мақалалар болмаса, сол кезге дейін қазақ әдебиеті туралы, оның ішінде «ел әдебиеті» жөнінде жазылған ештеңе болмағанын

жазады. Тіпті ел әдебиеті жинақтарының жоқтығын ескертеді. Сондай-ақ автор мектептерде қазақ әдебиеті пәндері жүргізілгенде ешбір оқу құралдарының болмай келгенін де сөз етеді. Сол себепті қазақ әдебиеті туралы бірдеңе жазу үшін, автор ең алдымен «ескі ел әдебиетін» іздеп, құрастырып, жинастыру өте қажет екендігіне, оның соңғы жылдарда тым қатты сезілгеніне көңіл бөледі. Ендеше С. Сейфуллин фольклорды зерттеудегі мақсаты – қазақ атанған елдің тарихын зерттеу, сондай-ақ оқулық жазу болатын. Міне, мұнда С. Сейфуллин фольклорды ескі ел әдебиеті деп түсінген.

С. Сейфуллиннің қазақ фольклорын жинаудағы, әрі жариялаудағы, әрі зерттеудегі фольклортанушылық қызметтері ешбір дайындықсыз біршама асығыс жүргізілгені байқалады. Жалпы С. Сейфуллин бұл кітабында ел басқарған хандар, сұлтандар, билер, байлар, батырларды сол дәуірде көсемдік қылған үстем таптың өкілдері ретінде қарастырды. Сондай-ақ бұл дәуір тудырған деген нұсқаларды билер дәуірінің әдебиеті деп те атайды. Сонымен қатар дайындамақ болған келесі кітабын С. Сейфуллиннің «Қазақ елінің Ресей патшалығына бағынған дәуірден қалған «әдебиет» нұсқаларына арнамақ болған. Дегенмен, бірінші кітабында келтірілген тарихи деректерді тексеруге С. Сейфуллиннің мүмкіндігі болмады. Бұл еңбектің жазылуы әрі қиын, әрі асығыс болғанын С. Сейфуллин өзі ескертуі, әрі ел әдебиеті туралы ешбір із болмағандықтан кітаптың көңілдегідей шықпағанын дәлелдеуі - бәрі Қазан төңкерісінен кейінгі оқу құралдарын т.б. жазуда асығыстықтың да болғанын көрсетеді. С. Сейфуллиннің: «Ескіліктегі үстем тап, қысқасынан айтқанда, билер табы болғандықтан, барлық әдебиет сол әкімшілік жүргізген үстем таптың санасымен шығып, үстем тап өз дәуірінің тұрмыс қаймағын бұздырмау іретінде мықты құрал болған. Бұл жәйітті бұл кітапта келтірілген әдебиет нұсқалары айқын суреттейді», - деген пікірі [129, 7 б.], сол кезеңде ғылымға, мәдениетке т.б. тек таптық тұрғыда қараудың толық орныққанын дәлелдейді.

Кітап басында [129, 8-31 б.] Сәкен Сейфуллин алдымен белгілі тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев еңбегіне тоқталады, талдау жасайды. Мұнда ол: қазақ деген сөздің өзіне; қазақ атанып отырған елдің руларына; Шыңғыс хан тұлғасына, заманына; Ноғай хан дәуіріне; Едіге батыр заманына; «алаш» т.б. тәрізді сөздердің түпкі мағыналарына, Абылқайыр хан, Жәнібек хан, Керей хан, Қасым хан, Ормамбет би т.б. тұлғаларына; Алтын Орда дәуіріне т.с.с. жан-жақты тоқталады. Демек Сәкен Сейфуллин қазақ тарихына шолу жасау арқылы, қазақ батырлар жырында кездесетін Едіге батыр, Нәрікұлы

Шора, Сайын батыр т.б. бейнелерінің тарихи прототипін табуға тырысқанын көреміз.

Ал, «Қазақ атанған рулардың ескіліктегі тұрмыс-күйі, санасы, тіл өнері туралы қысқаша шолуында» [129, 31-40 б.] Сәкен Сейфуллин қазақтың басынан кешірген дәуірлеріне, орын тепкен жерлеріне, шаруашылық тұрмысына, батырларына, билеріне, дініне, үстем табына, әдебиетіне т.с.с. қысқаша тоқталуды жөн санаған. Осы арқылы С. Сейфуллиннің қазақтың тұрмыс, мәдениет, мінез-құлық өзгешелігін т.б. айқындауда фольклордың да өзіндік орны бар екеніне назар аударуы құптарлық іс десек те, оның бәрін таптық тұрғыда қарастыруы заман қысымынан туған кемшілік екені анық.

Сәкен Сейфуллин тұрмыс тәжірибелерінің қорытынды ережелерін, өнеге, үлгі, нақыл үшін айтылған сөздердің қолайлы, жатқа айтуға жеңіл, жинақталып, ықшамдалып шығарылғандығына ерекше көңіл бөледі. Ал, керекті мәтінді жатқа айту үшін, Сәкен Сейфуллин сөздерді жинақты қылып, ырғақ, күй, ән өлшеуіне салып шығару халық арасында кең етек алғандығын да ескертеді. Демек Сәкен Сейфуллинді фольклордың көркемдік ерекшеліктері де қызықтырған тәрізді. Мұндай сөз түрлеріне ол: ереже, өнегелі сөзді, тапқакты, мақал мен мәтелді, толғаулы жырды, жырлы әңгімені, әнді, күйлі өлеңдерді де т.б. жатқызған.

Одан әрі халық ауыз әдебиеті әрбір сөзді тоқыған адамның жадында сақталатыны, бұрынғылардың айтқан сөздерін кейінгілердің жаттап алатыны сөз болады. Сондай-ақ, үстем санада бағыттаушы болған бұрынғы көсемдердің көркемдеген сөздерін, шежіресін, салт, дәстүр, заң ережелерін, өнегелі сөздерін үйреніп, жадына алып сақтаған билер өз заманына керек деген сөздерін ғана әдемілеп, ықшамдап, ұйкастырып шығаратынына да көңіл бөледі. Ал, әңгімелерді жыр, өлең қылып айта алатын адамдарды Сәкен Сейфуллин өлеші, жыршы, жырау, ақын деп атаған. Демек фольклордың ел арасында өмір сүру жағдайы – С.Сейфуллиннің негізгі зерттеу концепциясы екені көрінеді.

Сонымен қатар ел тұрмысы біртіндеп өзгере келе, халық жадында, аузында жүрген сұлулаған сөздер өзгеріп, біртіндеп ұмытылып қала беретінін; сондықтан әрірек замандардың халық ауыз әдебиетінің көбі бізге жетпей ұмытылғанын; біздің өмірге жетіп отырған халық ауыз әдебиеті нұскаларының көбі берірек дәуірлерден келген жұрнақтар сияқты дегенге сайған пікірлері - бәрі С. Сейфуллиннің фольклордың ауызекі даму ерекшелігін дұрыс айқындағанын танытады.

Сәкен Сейфуллин халық ауыз әдебиетінің өз әлінше бай болғандығын; көшпелі елдің аңшылық, бақташылық, жаугершілік өмірінен неше түрлі ертегі әңгімелер, жырлар шыққанын; халық ауыз әдебиеті сол заманда үстем таптың қызметінде мықты үгіт құралы болғандығын; ескі әдебиеттің түрі де, сарын күйі де билеуші таптың әсерімен құрылғандығын сөз етеді. Демек фольклорға қоғам әсері болатыны дұрыс ескерілген.

Сәкен Сейфуллин [129, 40-41 б.] жазып тарату үстем болмаған кездегі ел арасына жайылған күйлі, сарынды, жыр, тақпақ, мақал, нақыл, өлең, әңгіме аталған сөздердің халық ауыз әдебиеті, яки ел әдебиеті деп атанғанын да дұрыс дәйектеген. Бұл көркем сұлу сөздерді ел ішінде шығарушысының нағыз кім екені белгісіз болуын; белгілі бір сөздің тек бүкіл елдікі болғанын; біреуден-біреу жадына алып жүрген сөз ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге жайылып, бұрынғылардан кейінгілерге мұра болып қалып келгенін, ел аузында жүрген сөзді келесі ұрпақтың үстем санаттың ықпалымен өзгеше өңдеп, дәмдендіріп жырлағанын (артық деген жерлерін тастап, кейбір ұмытылған жерлеріне сөз қосуы, жаңартуы т.б.); бұрынғы шыққан үлгінің баз қалпынан көп өзгеріске ұшырап, екшелініп, екінші бір нұсқаға айналатынын жан-жақты сараптауы т.б. - бәрі де ғалымның фольклорға тән басты өзгешеліктерін, яғни авторсыздықты, авторы халық екендігін, ауызба-ауыз даму ерекшелігін, көп нұсқалылықтың пайда болуы себептерін т.с.с. дұрыс ашып, айқындап бергенін танытады.

Сәкен Сейфуллин халық ауыз әдебиетін екі үлкен дәуірге бөледі. Біріншісін, билер дәуірі, яғни жөңкілген, шабыншылық, шабуыл дәуірі десе, екіншісін Сәкен Сейфуллин орыс патшалығына бағынған дәуірін – қамалған, тоқыраған дәуір деп сипаттайды. Жалпы Сәкен Сейфуллин фольклорды: эпос, ертегі, тұрмыс-салт жырлары т.б. деп жүйелеген.

Егер қазақтың тұрмыс-салт жырларын М. Әуезов сыршылдық салт өлеңдері деп қарастырса, С. Сейфуллин салт өлең-жырлар ұғымында алған. Мұндағы қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдеріне М. Әуезов (Әдебиет тарихы. 1927) жар-жар, қоштасу-танысу, беташар үлгілерін жатқызса, С. Сейфуллин зерттеуінде бұлардың қатары, сондай-ақ тойбастар, сыңсыма, жұбату-үгіт, айт келін түрлерімен толықтырылғаны көрініп тұр. Ал, дінмен байланысты өлеңдер деп М. Әуезов бақсы сарынын, жарапазанды атаса, ал С. Сейфуллин бұларды ескілікті дін салтынан туған дей отырып, олардың қатарына, сондай-ақ шақыру, арбау, байлау, күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру, бәдік т.с.с. түрлерін жатқызған. Ал, мұндағы фольклордың

шақыру, арбау, бәдік түрлері Х. Досмұхамедұлы еңбегінде (Қазақ халық әдебиеті. 1928) ғана кездесуі т.б. – бәрі де осы монографиялық еңбекті жазу барысында С. Сейфуллин жоғарыда аты аталған М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерін бірін-бірі толықтыру үшін алғанға ұқсайды. Дегенмен С. Сейфуллин еңбегінде фольклордың алғаш рет күн жайлату, бұлт пен жауын шақыру түрлерінің ажыратылуы, сөз жоқ, фольклортану ғылымының жетістігі болып табылады.

Сәкен Сейфуллин «билер дәуірінен» жеткен ел әдебиетін екі бөліп қарастырады. Біріншісіне: ескіліктен қалған, сол билер табының үстем санасының ықпалымен құрылған, көбінесе аңшылық, малшылық әңгіме-ертектерді, салт өлеңдерді, ескіліктің салтынан туған жырларды; төрт түлік мал туралы, түрлі хайуандар туралы жырлар, өлеңдерді; билер сөздерін, мақалдарды; жастық ойын-күлкі, өлең жырларды, айтысты кіргізді. Мұның бәрі С. Сейфуллиннің фольклорды жанрлық тұрғыдан іштей жіктеуден гөрі, жалпы фольклорға жатады-ау деген түрлеріне аздап шолу түрінде тоқталуды мақсат етуді көздегенін көрсетеді. Сондай-ақ фольклорды ел әдебиеті деп қарастыруы, ертегі жанрын әңгіме ұғымымен байланыстыруы- ол заманда фольклорды тек әдебиеттану тұрғысынан қарастыру көзқарасының ықпалы әлі де болса күшті болғандығын танытады.

Ал, еңбекте қолданылған фольклорлық ұғымдардың қазіргі уақыттағы фольклорлық терминдік атауларына сәйкес келмей жатуы т.б.- бәрі де, С. Сейфуллиннің фольклортану ғылымына қатысты терминдерді дамытып ойластыруды мақсат етпегендігімен, әрі сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының енді ғана қалыптасып келе жатқандығымен түсіндіріледі.

Мәселен, С. Сейфуллин қазақ руларының мал өсіру және аңшылықты кәсіп еткен тұрмысынан ертеке, әңгімелер туады десе, олардың аз еместігіне де көңіл бөледі. Ал, ертекедерді С. Сейфуллин, көбінесе жаратылыстағы жан-жануарлар, өсімдіктер, жын, шайтан, перілер, аруақтар, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, бұрынғы замандағы хандар, батырлар, хандардың балалары, байлар, байлардың балалары, малшылар, кедейлер, қой баққан қу тазша балалар, көсе, шешен (Жиренше шешен), ханның уәзірлері, ханның және жарлының қыздары, мырза адамдар, сараң жандар т.с.с. тақырыбы төңірегінде кездесетінін сөз етеді. Одан әрі ертегілер бойында тек үстем таптың ықпалы басым екендігіне етпеттей беруі - бәрі С. Сейфуллиннің ертегінің жанрлық сипатына назар аударудан гөрі, тек оның әлеуметтік жағына, яғни таптық сипатына көңіл бөлумен қатар, көбінесе оның тақырыптық жағына т.б. үңілумен

шектелгенін де анықтайды. Дегенмен ертегілерде М. Әуезов кітабында (Әдебиет тарихы. 1927) аз орын берілсе, С. Сейфуллин еңбегінде бұларға біршама кең тоқталады. Енді бірде С. Сейфуллиннің: «Жаратылыстың кейбір түрлерін, кейбір құбылыстарын адамнан жоғары, «кереметті» деп біліп, тілегенше әрекет қылатын «аруақты», «биік құс» деп «иман келтірген». Сөйтіп жаратылыс түрлерінің, жырларының көбін «тәңір иелер» деп, наным қылатын. Сөйтіп «тәңірлерді» күштілер тобына ұқсатып жасап алған», - дейді [129, 44 б.]. Демек С. Сейфуллин ертегілер бойынан бағзы замандағы халықтың өмірге деген көзқарасын тануға болатынын дұрыс айқындағанын көреміз.

Сондай-ақ еңбекте: «Күштілер табының ықпалындағы надан, бағы мал баққан аңшы көшпелі адам ол заманда түрлі хайуандар туралы, жаратылыстың түрлі заттары, құбылыстары туралы әңгіме қылғанда, өздерінің түсінулеріне шындап нанып әңгіме қылатын. Және оларды неше түрлі «керемет», «сиқыр» істеуге, неше түрлі құбылуға қолдарынан келеді деп те сенген. Солардың бірін әңгіме қылған өзінің қиялын шын тәрізді қылып айтатын. Білімі жетпей, жаратылыстың кейбір заттарынан, құбылыстарынан қорқып, тағылық тұрмыстағы надан адам, ондай заттардың, ондай құбылыстардың кейбірін адамға зияндас, кейбірін адамға дос «иелер» деп сенетін», - деуінен [129, 44 б.], біз ғалымның фольклорды тарихи тұрғыда қарастырғанын танимыз.

Одан әрі С. Сейфуллин: «Хайуандармен, аңдармен алысып, адамнан болған жаулармен алысып жөнінде істелген істері, қайраттары, батырлықтары, жеңгендері туралы ертеңкілердің берірек заманда шыққан бір түрлері ертедегі батырлар әңгіме, жырлары. Бұлардың неғұрлым ескірек заманда шыққандары соғұрлым нағыз ертеңкі бола береді. Ал неғұрлым берірек заманда болған адамдардың батырлықтарын әңгіме қылса, соғұрлым шындыққа жақындай береді», - дейді [129, 44 б.]. Міне, мұнда С. Сейфуллиннің ертегі бойында кездесетін қиял мен шындықтың арақатынасын дұрыс ажыратуы, сөз жоқ, еңбектің ұтымды жағы болады.

Ал, ел арасында фольклордың өмір сүру жағдайын Сәкен Сейфуллин халықтың тұрмыс-тіршілігімен т.б. байланыстырады. Мәселен: «Бұрынғы заманнан, күздің, қыстың ұзақ кештерінде, тыстағы қара түнді жамылған қоңыр желдің құбылған күйінің әуені мен ұйлыққан от басында әңгімелер, ертеңкілер айтысып, тыңдасып отырысады... Сөйтіп, барлық ауыл әңгіме, өлең, жыр, ән айтысып, тыңдасуды әдет қылатыны. Қысты күні келген қонаққа ауылдың сақа жігіт, сақа әйелдері бастаған жігіт-желең, қыз-қырқыны жиылып,

ауыл болып жабылып «қонақ кәде» айтқызуды әдет, дәстүр қылып алған. «Қонақ кәдесі» әңгіме айтумен, өлең, жыр айтумен болатын. Ештеңе айта алмаған қонаққа, ойнап қысым қылатын. Ойнап істеген қысым шынға бергісіз болатын. Қонақ қысым көргенше, ойынан шығарса да, бірдеме айтып құтылуға тырысатын. Қонақ «қонақ кәде» айтудан бұрын, ауыл адамдары өз мойындарындағы «кәделерін» айтатын. Оны «ауылдың алты ауызы» дейтін. Үлкендердің әңгіме қылған, көрген білгендері, тыңдаған жастарға, балаларға оқу тәрізді болатын»,- деген пікірінен [129, 44, 46 б.], біз С. Сефуллиннің фольклорды кейінгі жастарға әрі тәрбие, әрі үлгі, әрі оқу құралы т.б. түрінде ұсынғанын көреміз. Сондай-ақ ғалым фольклорды этнография көзі деп те дұрыс ұйғарған.

Одан әрі ғалым қазақ ертегілері ішінен: «Түйе, арыстан, қасқыр, түлкі, бөдене», «Түлкі, қойшы, аю», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», «Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе», «Алдар көсе мен тазша қойшы», «Алдар көсе мен егінші», «Хан мен өтірікші тазша бала» үлгілерінің мәтіндерін береді [129, 47-54 б.].

Еңбектің «Салт өлең- жырлары» деген бөлімінде [129, 57-85 б.] С. Сефуллин: «той бастар», «жар-жар», «сыңсыма», «жұбату мен үгіт», «бет ашар», «айт келін», «бесік жыры», «қоштасу мен өсиет жырлары», «естірту», «көңіл айту», «жоқтау» т.с.с. үлгілеріне қысқаша ғана сипаттама түрінде тоқталып, мәтіндерді де қоса келтіріп отырған. Мәселен, Сәкен Сейфуллин: «той бастар» өлеңінде, жыршы той қылушының әдетте «сәрсенбі сәтті күні» өтетін тойға көптің атынан құтты болсын айтылатынын баяндаса; «жар-жарды» мереке үстінде жігіт пен қыз екі жақ болып отырып айтысатынын дұрыс ажыратқан. Сондай-ақ «бет ашардың» келін түсіру үстінде орындалатынын да т.б. сөз қылады. Тек халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, фольклорлық мұрасы- бәрі де тап айнасы тұрғысынан қарастырылады. Сәкен Сейфуллин тұрмыс – салт жырлары болып табылатын салт өлең-жырларына мынадай анықтама береді: «Бұл салада- қазақтың билер, хандар, батырлар, байлар үстемдік қылған ескілік тұрмыс салтындағы, сол үстем таптың салт санасымен құрылған «мереке» сауық сер үстінде айтылатын өлең жырлары кіреді»- дейді [129, 57 б.]. Міне, мұндағы таптық ұғымдағы ойлары болмаса, жалпы тұрмыс-салт жырларына берген Сәкен Сейфуллин анықтамасы өте сәтті шыққан. Ал, той бастарға келгенде автор: «Той бастар өлеңінде, жыршы той қылушының «сәрсенбі сәтті күні» істеген тойына көптің атынан «құтты болсын» айтады. Той иесінің қуанышын көтермелеп «тойының тойға ұласқанын» тілеп, той істеуші- мал иесін «ақ пейіл» «шүлен» деп, оның «ақ пейілдігі»,

«шүлендігі» үшін, мал басына «қыдыр даруын» тілейді. Және тойды «тәңір қазынасы»- деп, тойға шығарған шығынды «Тәңірдің өзі төлейді» дейді. Ақырында той бастаушы өзінің «жолын» той иесі толымды қылып істеуін тілейтінінде сендіреді», -дейді [129, 57 б.]. Бұл этнографиялық сипатта жазылған анықтама да қазіргі таңда өз маңызын жойған жоқ.

Келесі тұрмыс-салт жыры «Жар-жар» турасында Сәкен Сейфуллин былай дейді: «...Бұл қыз ұзатарда, той басталғаннан кейін айтылатын, билер табы үстемдік қылған тұрмыстық салт өлеңі. Бұл өлеңде ылғи белгілі бір тақырыпқа ғана айтыла бергендіктен, бірақ қалыпқа бекінген өлең» [129, 58 б.]. Демек Сәкен бұл фольклорлық үлгінің халық алдында орындалу ерекшелігіне де көңіл бөлген. Одан әрі автордың жұбату мен үгіт туралы ой-пікірі бар: «Жұбату мен үгіттеу мазмұны үйреншілік, бірқалыпта болады: Бұрынғы-соңғының жолы осы... «Әуелі пайғамбар да» қызын ұзатқан, жылама! Өз еліңе барасың, тек өзің жаман болма! Жаман болмаймын десең, - үлкендерге кісілік қыласың. Құлша, күнше жұмыс істейсің. Байыңды күтесің, ұрса да, - бетіне қарсы келмейсің. Қайын атаң мен қайын анаңды күтесің. Өз алдыңа үй тігіп мал-малданысың. Әсіресе, әлдилеп бала сүйесің», - дегендей. Көңіл көтеру үшін, сөздерінің арасына қалжың да кіргізіп қояды», - дейді [129, 63-64 б.].

Демек С. Сейфуллиннің тұрмыс-салт жырларын іштей тойбастар, жар-жар, ау-жар, сыңсыма, жұбату, беташар, айт келін, бесік жыры, қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау деген жанрларға бөлуі дұрыс болды. Ал, оларға автордың берген атаулары, анықтамалары әлі де өз маңызын жоймағаны, сөз жоқ, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болып табылады.

«Ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар» дегенде [129, 86-102 б.] Сәкен Сейфуллин: бақсының өлеңдеріне, яғни шақыру, арбау, байлау жырларына, күн жайлату, бұлт шақыру, бәдік, жарапазан үлгілеріне т.с.с. шолу жасайды. С. Сейфуллин бұларды қазақ руларының мұсылман болмай тұрғандағы ескілікте аруақ, тәңірлер т.б. бар деп, соларға құлшылық қылу негізінде, жоғарыда айтылғандай өлең-жыр үлгілері дүниеге келгенін дұрыс сараптайды. Бұларды автор жеке жанр деп бөліп қарастырғанмен, қазіргі таңда олар тұрмыс-салт жырлары қатарында қарастырылады.

Ал, С. Сейфуллиннің «Мал туралы, қадірлі жануарлар туралы әңгіме, өлең, күй жырлары» дегенде [129, 102-130 б.]: бес түлік малдың иелері: Шопан атаға, Жылқышы атаға, Ойсыл қараға, Зеңгі бабаға, Сексек атаға т.с.с. қазақ фольклортану ғылымында алғаш

түсініктеме беріп тоқталуы, өз алдына жеке жанр ретінде бөліп алып қарастыруы т.б. бәрі де сол тұстағы фольклорды зерттеудегі ғалымның жетістігі екені даусыз. Дегенмен Сәкен Сейфуллин бұларды фольклордың нақты қай жанрына жататынын анықтай алмаған, бәрін бір жерге топтай салған. Мұндағы Шопан атаға, Жылқышы атаға, Ойсыл қараға Зеңгі бабаға, Сексек атаға арналған жануарлар турасындағы жыр үлгілері қазіргі таңда тұрмыс-салт жырлары ішінде қарастырылады. Ал, осы бес түлік мал иелері турасында С. Сейфуллиннің мынадай түсініктемесі бар: «Жоғарыда айтылған билер табы әкімшілік қылған тұрмыспен, және сол кездегі біліммен билер табының үстем санасымен өмір сүрген замандарда, қазақ болған ел әр түлік малдың өз алдына бөлек-бөлек «бақташы иелері» бар деп сенетін. Қойдың «Шопан ата» деген иесі «бар», түйенің «Ойсыл қара» деген, сиырдың «Зеңгі баба» деген, жылқының «Жылқышы ата» деген «иелері» бар деп нанатын», - дейді [129, 103 б.].

Сондай-ақ мұнда автор айтыс жанрына жататын жануарлармен айтысу түріне, одан әрі ертегі жанрына қатысты хайуанаттар туралы әңгімелерге де тоқталады: «Шаруасының негізі мал бағу, мал өсіру болған, бар тіршілігі малмен аралас болған... мал бағу шаруашылығы қосымша кәсібінің зоры аңшылық, аушылық болып, аңдармен, құстармен тоғайласу болған. Билер табының үстем санасының ықпалындағы көшпелі жаратылыстың түрлерін, құбылыстарын жанды зат деп таныған жаратылыстың барлық жан-жануарларының сезімдерін, ақылдарын адаммен бірдей көріп, өзінің араласа өсіп баққан бес түлік малы туралы және тағы дала жануарлары туралы неше түрлі әңгімелермен бірге, жырлар да, күйлер де шығарған. Жануарлар адамша әңгіме айта алады, күй күйлей алады деп сеніп, жануарлар туралы айтылған әңгіме-жырларымен адам туралы айтылған әңгіме-жырларының айырмасы жоқ болған. Жануарлармен өлең айтысу - сол нанымнан әдет болып қалған. Қазақ атанған көшпелі елдің ауыз әдебиетінде мал туралы, түрлі хайуандар туралы ел аузында неше түрлі әңгімелермен қатар, жырлар да, өлеңдер де бар», - дейді [129, 106 б.].

Демек Сәкен Сейфуллин фольклорды жанр жағынан жіктеуден гөрі, тақырып ұқсастығы жағынан топтастырғанға ұқсайды. Яғни, тұрмыс-салт жырларына жататын жан-жануарлар туралы өлең-жырды, айтысқа кіретін хайуанаттармен айтысу үлгісін, ертегі жанрына тән хайуанаттар туралы ертегінің жанрлық ерекшелігін ескермей, тек тақырып ұқсастығы бойынша оларды бір жерде топтап қарастырғанын көреміз. Сонымен қатар мұнда: «Жалайыр Қабан ақын мен қоянның айтысқаны», «Иесінің сиырмен айтысқаны», «Тарғын

батырдың жапанда жалғыз қысылғанда боз Тарлан атына айтқаны», «Алпамыс батырдың Байшұбары», «Қобыланды батырдың Тайбурылы», «Көбікті батырдың Ақмоншақ аты», «Көкжендет», «Аққу құс туралы» т.с.с. мәтіндерден үзінділер берілген.

Айтыс жанры дегенде, [129, 130-132 б.] Сәкен Сейфуллин: жігіт пен қыз айтысы, жұмбақ айтысына т.б. тоқталады. Айтыстың бізге жеткен ескі үлгілері: «аужар», «бәдік», «жұмбақ айтысы» түрлері де сөз болады. Үлкендер жиналған көпшілікті жиын-тойларда, ойын-күлкілі мерекелі орындарда айтыстар орындалатынына, және онда жеңілген жақ жеңген жаққа жол беретініне Сәкен Сейфуллин дұрыс назар аударған. Ал, жұмбақ айтысы дегенде, автор жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойын-күлкі сөзі - жұмбақ айтысу екендігін; жұмбақ айтысу хат, жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп, тәрбиелейтін, тілін ұштайтын, сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді екендігін паш етеді. Мәселен, айтыс турасында Сәкен Сейфуллин былай дейді: «Қазақ болған түркі-монғол руларының ескіден келе жатқан ауыз әдебиетінің бір саласы – айтыс сөздер. Ел әдебиетіндегі кезектесіп, екі жақ болып айтысқан сөздің бізге жеткенінің ескісі – «ау-жар», «бәдік», «жұмбақ айтысу» [129,130 б.]. Міне, мұндағы Сәкен Сейфуллиннің айтысты осылай жіктеуі қазақ фольклортану ғылымында құптарлық іс болып табылады. Ал, жұмбақ айтысында автор оның мынадай ерекшеліктеріне көңіл бөледі: «Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтысу білмейтін жасы болмаған. Сөзді үйлестіріп, ұйқастырып, айтуда төселген жастар жұмбақты ойынан шығаратын болған. Жоғарыда айтылған белгілі тұрмысында, қиялында бар нәрсенің бәрін-ақ өзінше шеберлеп жұмбақ қылған. Жұмбақты, көбінесе өлшенген, ұйқастырылған, тапқасты сөзбен айтып шығаратын болған. Және қара өлеңнің өлшемімен ұйқастырылуымен де шығаратын болған», - дейді [129, 131 б.].

Одан әрі кітапта жұмбақ жанры беріледі де, онда [129, 132-133 б.] 20 жұмбақ үлгісі жауабымен қоса алынған. Жаңылтпаш дегенде автор: жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі дүкенін құрған орында тілді ұстарту, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп, еркін сөйлеуге төселулері үшін, өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе қызметін атқаратын ойын түрінде жүретінін қарастырған [129, 133 б.].

Ал, кітап соңында С. Сейфуллин «Билер сөздеріне», яғни шешендік сөздерге тоқталады [129, 137-153 б.]. Мұнда: хандар, батырлар, билер, байлар табынан және олардың ықпалындағы елдің

жаугершілік кезінде жастарға соларды үлгі қылатыны, ру болып басқа елмен жауласқанда, соғыс майданында жауды мұқататын батыр болғанын тілеп, жайшылықта үлгі қылатыны сөз болады. Сондай-ақ басқа елмен сөз сайысы жүргенде, тіл майданында бөтенге есе жібермеген шешен би болатыны; ондай билер, шешендер, және топта жыр жырлап, жұртты аузына қаратқан сыншы, болжаушы, шежіре жыраулар т.с.с. ел арасында қасиетті, өнерлі деп саналатыны Сәкен Сейфуллин тарапынан жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ Арғын руынан, Қуандық: Алтай – Байдалы би, Қыпшақ руынан Айтқожа шешен, Арғын: Алшынбай би, Арғын: Айдабол – Торайғыр би, Жалайыр руынан – Бөлтірік би, Үйсін: Төле би, Жарылғасын шешен, Қаратоқал, Беріш: Есет би, Жағалбайлы руынан батыр Боран би, Орманбет би, Шекті Мөңке би т.с.с. айтты деген сөздердің мәтіндерінен үзінділер келтірілген.

Бұл билер сөзі: ру атынан айтылатын, заңның төрелігін іздеп, заңға жүгінетін, тіл күшімен теңескенде заң ережелерін жұртқа жүйелі қылып жақсылап айта білетін шешен билер болатын. Тұрмыс тәжірибесінен екшеліп, ереже, заң болып шыққан қорытындыларды билер айырым-айырым қылып, жинақтап көркем сөзбен жатқа жеңіл, айтуға оңай, ыңғайлы қылып, ұйқастырып, үйлестіріп шығарады. Демек бұлардың тура үлгі-насихат, өнеге үшін қолданылатынын т.б. Сәкен Сейфуллин жан-жақты дұрыс сараптаған.

С. Сейфуллиннің жан-жақты қарастырған фольклор жанры – ол эпос: «...Ертедегі батырлар жырлары мен сол замандағы үстем таптың салт-санасы бойынша әйел-еркек байланысын, көшпелі тұрмысты толығырақ суреттейтін жырлы әңгімелер кірді», - делінген [129, 41 б.]. Мұндағы С. Сейфуллиннің «жырлы әңгімелер» дегені («Қозы Көрпеш-Баян», «Қыз Жібек») қазақтың лиро-эпостық жырларын, яғни ғашықтық эпосты сөз етіп отырғаны белгілі. Ал, батырлар жыры қатарында: «Едіге батыр», «Алпамыс», «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын» т.б. үлгілері қарастырылған. Сәкен Сейфуллин ел аузындағы эпос үлгілерінің көп екендігіне назар аударып, олардың біразы баспа бетінде кітап болып шықты деуі – автордың бұл салада көп ізденгенін танытады. Ал, кітапта «Қозы Көрпеш- Баян» жыры тұсында В. В. Радлов, М. Ж. Көпеев, «Қамбар батыр» жыры тұсында Ә. Диваев есімдерін атауы С. Сейфуллиннің үлгіні қайдан алғанын көрсетуді мақсат еткенін дәлелдейді. Демек мұндай ғылыми шарттың орындалуы Сәкен Сейфуллин еңбегінің ұтымды жағы болады.

Батырлар жырын ұлы батыр әңгімесі мен кіші батырлар әңгімесі деп екі бөліп саралаған: «...Бүйтіп, батырлар әңгімелерін екіге

жіктеуді қазақ әдебиетшілері орыс әдебиетшілерінен көрісіп айтып жүрген сияқты... Өйткені: орыстың ел әдебиетіндегі батырлар әңгімесін,- «Ұлы батырлар», «Кіші батырлар» деп, екіге жіктейтін»,- деген пікірден [129, 180 б.], біріншіден, фольклордың, көбінесе әдебиетшілер тарапынан қарастырылғанын; екіншіден, фольклорды зерттеу жұмыстары орыс ғалымдары еңбектеріне т.б. жалтақтау нәтижесінде іске асқандығын танытады. Сондай-ақ сол кездегі батырлар жырын Сәкен батырлар әңгімесі деп қабылдағанын көрсетеді. Ал, батырлар жырын дәл бұлай екіге бөлу үлгісі кезінде алғаш рет М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабында (1928) іске асқаны белгілі. (Алматы:Ана тілі. 1991.-Б.57). Демек XX ғасырдың алғашқы жартысындағы фольклорды әрі жинауда, әрі жариялауда, әсіресе зерттеу барысында туындаған артықшылық пен кемшілік атаулылар тек бір ғана қазақ фольклортану ғылымына тән болып қана қоймай, сондай-ақ Кеңестік жүйедегі басқа да елдердің ғылымында қайталанатынын да т.б. ескерген жөн. Жалпы Мәскеу ғалымдарының фольклортану ғылымында жеткен жетістіктерінің, сөз жоқ, жаңа ғана қалыптасып келе жатқан қазақ фольклортану ғылымына игі ықпалы ерекше десек те, ал кейбір жіберген кемшіліктерінің кері әсері болғандығы да сөзсіз.

Сәкен Сейфуллин эпостық жырларды қарастырғанда, олардың бойынан тарих іздерін іздейді. Мәселен: «Ел аузында жыр болған, ертедегі батырлардың рулары айтылғандарының көбі қазіргі қазақ атанып отырған елдің белгілі негізгі руларынан шыққан. Мысалы: белгілі Қобыланды батыр – қазіргі қазақ атанып отырған елдің ірі руының бірі – Қыпшақ руынан шыққан. Атақты Шора батыр Нәрікүлі қазақтың белгілі Тама руынан шыққан. Ер Көкше, Ер Қосай-қазақ болған елдің белгілі Уақ деген руынан шыққан. Атақты Едіге батыр мен Алпамыс батыр - қазақ атанған елдің белгілі Қоңырат руынан шыққан. Міне, өзі Ноғайлы болып жүргендегі Ноғайлының батырлар жырына қазақ та ортақ. Оның үстіне сол ертедегі жыр болған батырлардың бірсыпырасы қазір қазақ болған рулардан шыққан болғандықтан да, оларды қазақ біздікі дей алады»,- дейді [129,155 б.]. Ендеше фольклорлық бейнелерге тарихи прототип іздеу арқылы, олардың қазақ еліне де ортақ екенін дәлелдеуге тырысуы- Сәкен Сейфуллин зерттеушілігінің бір қыры ғана. Және де сол кездегі эпостық жырларды зерттеушілерге де ортақ ерекшелік болды.

Одан әрі «Едіге батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікүлы Шора», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» т.б. жырларының қысқаша мазмұны мен сипаттамасы берілген.

«Едіге батыр» нұсқасы дегенде, Сәкен Сейфуллин оның басқа да түркі тілдес елдердің халық ауыз әдебиетінде кездесетінін; қазақ үлгісінің басқаларға қарағанда неғұрлым көлемдірек, толығырақ екенін ескертеді. Сондай-ақ жырда кездесетін бейнелер топтамасы сөз болғанда да т.б. оның бәрі де тап мүддесі тұрғысынан сипатталады.

Сонымен қатар Сәкен Сейфуллин жырдың екі нұсқасы бар дей отырып, бірі – Ә. Диваевтікі, екіншісі – Қаныштікі десе, олардың ішінен осы Қаныш нұсқасы ең толығы дейді. Одан әрі Сәкен Сейфуллин батырлар жыры туралы былай дейді: «Әңгіме неғұрлым ескі-шикі надан заманда шыққан болса, соғұрлым оның шындыққа үйлеспейтін жайттары көп болады деген...», - дейді [129, 183 б.]. Демек Сәкен Сейфуллин сол заманда батырлар жырын әңгіме ұғымында қабылдаған, және ондағы тарихи шындық пен көркем қиялдың шығу себептерін дұрыс анықтаған.

Сәкен Сейфуллинді жырдың көркемдік жағы да қызықтырған тәрізді: «Сөйткенмен әңгіменің тілі бай. Сөз жүйелері әдемі құрылған. Жырлары тізбектелген, жүгірген, екпінді жыр өлшемімен құрылған. Жырын оқығанда - қиялына ескіліктегі шабыншылық-жаугершілік дәуірлердің шабысқан екпінді сейілгендей болып отырады. Бұл батырлар жырларының жалпы сарын күйі. Жырларының ішінде әдемі-сұлу құрылған суретті кезектері де бар», - дейді [129, 186 б.]. Бұл ғалымның фольклорды сөз өнері деп бағалағанын көрсетеді.

«Қобыланды батыр» жырын талдау барысында да, Сәкен Сейфуллин оның тарихта болған адам екенін дәлелдеуге тырысады: Қобыланды батыр тарихта болған адам. Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша Елек қорғаннан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде «Қобыланды» деген бекет бар. Соның жанында «Қобыландының бекеті» деген бейіт бар дейді, - деген ой-пікірін келтіреді [129, 189 б.].

Міне, осы тұрғыда әдеби талдаулар: «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікұлы Шора», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырлары турасында да жасалған. Одан әрі Сәкен Сейфуллин осы жырлар бойында кездесетін ортақ ерекшеліктерді тізбектейді, яғни оған бұлардың бәрінде дерлік Орманбет, Бабай түкті шашты Әзіз, Қаныкей мен Тынікей, Қараман тәрізді есімдер кездесетіні айтылса, сондай-ақ батырлар астындағы аттың, көбінесе қара қасқа болатыны да т.с.с. көрсетілген.

Еңбекте одан әрі «Қозы Көрпеш-Баян» мен «Қыз Жібек» жырлары арнайы сөз болады. Тек бұл лиро-эпикалық, яғни ғашықтық жырларды ғалым «жырлы әңгіме» ұғымында талдайды. Алдымен

жырлардың қысқаша мазмұны берілген де, ізінше мәтінінің таптық тұрғыда талдауы жүзеге асып отырған [129, 220-234 б.].

Мұнда Сәкен Сейфуллин «Қозы Көрпеш-Баян» жырының қазақ атаулы елден басқа да түрік елдерінің ел әдебиетінде кездесетінін ескертеді. Бұл нұсқа ерекшелігі басқа елдің үлгілерінен көлемінің толықтығы мен өлеңмен айтылатындығында деп көрсетілген. Сондай-ақ автор мәтіндегі өлең жолдарындағы сөз құрылымы, сөз тізімі, сарыны т.б. үлгінің ескі заманнан келе жатқанын дәлелдейтінін дұрыс анықтаған. Міне, осындай ғашықтық жырларға ғалым мынадай анықтама береді: «Көбінесе батырлықты суреттеген батырлар әңгімелеріндей емес. Мұндай әңгімелер сол замандағы әйел-еркек, қыз бен жігіт араларында көбірек айтылған. Қыз бен жігіттің бірін-бірі іздеп тауып, бір-біріне ынтық болып, талай бөгеттерден, талай қиындықпен өтіп, қосылып, айырылып, және қосылып жүргендеріндегі уақиғалар, және сол замандағы жұртты қызықтырған байлар тұрмысын суреттеген әңгімелер», - дейді [129, 224 б.].

Демек Сәкен Сейфуллин батырлар жыры мен ғашықтық жырларды өзара салыстыра отырып, олардың басты ерекшелігі – тақырыбында, яғни бірінде батырлар жырында ел қорғау, жер қорғау, батырлықты дәріптеу болса, ал ғашықтық жырларда- қыз бен жігіт арасында туындаған махаббат мәселесі екенін дұрыс анықтауы, сөз жоқ, сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болады.

Сондай-ақ «Қыз Жібек» жыры да осы үлгіде талданады: «Хандар, билер, байлар, батырлар үстемдігі жүрген заманда, жаугершілік, жауынгершілік, шабыншылық кездерінде тұрмыстың алдыңғы қатарында, темір құрсанып ақ алмасын ысқыртқан батырлар шықса, шабыншылықтан саябырлау кездерде ел арасында қыз іздеп жүріп, қылышын қарқылдатқан бай балалары тұрмыстың алдыңғы қатарында көрінген», - дейді [129, 231 б.]. Міне, осы арқылы Сәкен Сейфуллин ел арасында әрі батырлық жырлардың, әрі ғашықтық жырлардың шығу себептерін дұрыс ажыратқан.

Сөз соңында, белгілі ақын, жазушы, әрі фольклортанушы ғалым С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабының (1932 ж.) қазақ фольклортану ғылымының біртұтас жүйеге келтірілмеген заманында алғашқылардың бірі болып фольклор жөніндегі күрделі ізденістерді әрі тарихи, әрі әдеби жағынан қарастырып, бір жүйеге келтіруге тырысқан еңбектердің бірі екендігі күмәнсыз. Ендеше ХХ ғасырдың отызыншы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының негізін камтуда С. Сейфуллин еңбегінің өзіндік орны елеулі екені даусыз.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорын іштей сала-салаға бөле отырып, жанрлық ерекшеліктеріне қарай тұңғыш зерттеу істері осы М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллиндер тарапынан жазылған монографиялық еңбектерде (Әдебиет тарихы. 1927; Қазақ халық әдебиеті. 1928; Қазақ әдебиеті. 1932) алғаш сөз болады. Бұл еңбектерде халық ауыз әдебиетін жанрға бөлу жөніндегі мәселені алғаш рет қазақ халқының тарихымен байланыстырды. Сондай-ақ сол тұста балаларға арналып жазылған оқулықтардың жетіспеуі де аталған кітаптардың мақсат-бағдарын айқындап бергені анық.

Аталған зерттеулерде алғаш рет қазақ фольклорының жанрлық түрлері толықтай ажыратылып, олардың әрқайсысына анықтамалар, сипаттамалар берілді, шамасынша өзіндік ерекшеліктері де сөз болды. Бұларда берілген фольклорлық мәтіндер, негізінен, әдебиеттану ғылымы талабы бойынша қарастырылды. Талдау барысында мәтіннің мазмұнына, кейіпкерлеріне, оқиғасына, көркемдік ерекшеліктеріне назар аударылды. Әсіресе, эпостық жырлар сөз болғанда, көбінесе олардың бойынан жер-су, қала аттарын, тарихи кейіпкерлерді, тарихи оқиғалардың іздерін жалпы тарихтан іздестіру басым болды. Демек бұл еңбектерде орыс тарихи мектебінің әсері басым болғаны анықталады. Ал, бұлай фольклордан тарихи оқиғаның ізін іздеу дұрыс еместігі, тек оның іздері тарихи жырда ғана сақталатыны кейінгі зерттеулерде ғана айқындалатыны белгілі.

Сондай-ақ бұл еңбектерде қазақ фольклортану ғылымы алдында тұрған басты мақсат пен міндеттері айқындалып беріледі. Сонымен қатар фольклор үлгілерінің өмір сүру жағдайына да мән беріліп, оларды орындаушыларға да тұңғыш рет арнайы тоқталады. Дегенмен XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы еңбектерде фольклорды таптық тұрғыда қарастыру да белең алғандығы белгілі. Жалпы бұл монографиялық еңбектерде фольклорды қазақ әдебиетінің бір ажырамас бөлімі ретінде қарастыру басым болды, фольклорды, көбінесе сөз өнері деп бағалады.

3.3 Ұжымдық еңбектер

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы дегенде, 1948 жылы Алматыда Қазақ ССР Ғылым академиясы баспаханасында жарық көрген Тіл және әдебиет институты даярлаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1 том, Фольклор) атты ұжымдық еңбекке [130] алдымен назар аудартқымыз келеді.

«Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы отызыншы-қырқыншы жылдарда халық ауыз әдебиетін жинау, зерттеу саласында істелген жұмыстардың қорытындысы есепті болды. Бұл еңбек осыған дейін жазылған жеке зерттеулерді жинақтай отырып, халық ауыз әдебиетінің көптеген мәселелерін көтеріп, тың пікірлер айтты. Мәселен, бұл кітапта жаңадан историографиялық бөлім жазылды. Көптеген тарауларға библиографиялық көрсеткіштер берілді. Онда маңызды деген қолжазбалар, зерттеу еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институтының қолжазба фондысы барынша қамтылды.

Авторлар коллективі бұрын жазылған зерттеу еңбектердің кем-кетігін еркін түрде еске алып, белгілі бір жырдың нұсқаларына сипаттама беріп (батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары жайындағы тараулар), халық ауыз әдебиетінің әрбір жанрындағы шығармалардың тақырыбын, кейіпкерлер тобын белгілеп, басты-басты образдарына талдау жасаған. Кітаптағы тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, айтыс (М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев) жұмбақтар (Ә. Марғұлан), кеңес фольклоры (Е. Ысмайылов) атты тараулар жаңадан зерттеу нәтижелері еді. Ал, шешендік сөздер (Ә. Мәметова) мен қазақтың халық ауыз әдебиетіне қысқаша историографиялық шолу деген бөлімдер жаңадан жазылды.

Жалпы көлемі 400 беттен тұратын қазақ фольклоры жөніндегі ғылыми еңбек іштей 8 жанрға бөлініп жіктелген. Тұрмыс-салт өлеңдерін, Абылай, Сырым туралы тарихи жырларды белгілі ғалым Б. Кенжебаев әзірлесе; ертегілерді, «Қозы Көрпеш- Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын, айтысты және осы томның жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі М. Әуезов жазған. Сонымен қатар: батырлар жырын белгілі ғалым Қ. Жұмалиев жазса; «Айман-Шолпан», «Наурызбай-Қаншайым» жырларын белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев талдаған. Шешендік сөздерді Ә. Мәметова; мақал-мәтелдерді де Б. Шалабаев; жұмбақты белгілі ғалым Ә. Марғұлан; өтірік өлеңдерді Б. Шалабаев қарастырған. Кенесары, Наурызбайды және қазақ совет фольклорын белгілі зерттеуші Е. Смаилов, Жанқожа, Бекет, Досан туралы ғалым Б. Шалабаев жазғаны белгілі.

Сөз басына келетін болсақ [130, 5-13 б.] мұнда қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы қысқа екендігі ескеріле отырып, белгілі жетістіктер Қазан төңкерісінің жемісі ретінде қарастырылған. Ал, Қазан төңкерісіне дейін мардымды зерттеу мұраларының болмаған деуі т.б. – бәрі белгілі бір кезеңдегі ғылым өрісін танытарлық шектеу белгісі екені даусыз. Демек бұл кезде қазақ

фольклорын зерттеушілер халықтық мұраны, көбінесе әдебиеттану ғылымы талабы бойынша қарастырған.

Кіріспеде Б. Кенжебаевтың фольклор туралы ой-пікірлер берілген: «Фольклор ағылшын сөзі. Оның дәл мағынасы – халық даналығы, халық білімі деген сөз, ауызша шығарылған асыл, аталы, көркем сөздер», - дейді [130, 14 б.].

Бұл іспетті анықтама кезінде 1941 жылы басылған «Қазақ әдебиеті» (Фольклор. Орта мектепке арналған оқу құралы. Құрастырушы. Қ. Жұмалиев пен Ә. Марғұлан.-Алматы. 1941.-159 б.) атты кітапта берілгені белгілі. Одан әрі ғалым фольклорды зерттейтін ғылым саласын фольклористика деп атап көрсеткен. Ғалым Бейсембай Кенжебаевтың фольклорды әдебиеттің бір саласы деп, сондықтан оны көркем әдебиет жүйесімен зерттеледі деуі қазақ фольклортану ғылымының балаңдығымен түсіндіріледі. Дегенмен ғалым фольклордың өзіндік ерекшеліктерін де ажыратады: «Алдымен фольклор, көбінесе ерте замандарда жасалған әдебиет, сондықтан онда көркем өнердің бірқатар түрі араласып жатады. Синкретизм бар, яғни фольклорда көркем өнердің бірсыпыра түрінің өзі, элементі бірігіп қосылып, қатар жүреді. Онда сөзбен, жырмен қатар сахна-театр өнерінің, би өнерінің, әуез-музыка өнерінің белгісі, элементі қатар жүретін кездер болған. Қазақ халқының қыз ұзату, келін түсіру жөніндегі өлеңдері мен тақпақтары және айтыс, бәдік өлеңдері мен жырлары бұған толық дәлел бола алады», - дейді [130, 14-15 б.]. Демек ғалымның халықтық шығармаларға фольклор ұғымын дұрыс қолдануы, оның синкретті жанрға жататынын дәл анықтауы – бәрі қазіргі таңда өз маңызын жойған жоқ.

Сондай-ақ ғалым Бейсембай Кенжебаев сол заманның өзінде фольклордың ауызша шығарылып, ауызша сақталатынын, оны жаттап айтатындар жыршы, ертекшілер екенін, олардың шеберліктері де әр түрлі болатынын, ал оның фольклорлық үлгінің бірнеше варианты болуына себепші екендігін т.б. бәрін жан-жақты талдаған. Және әлем халықтары фольклорында мотив, сюжет ұқсастықтары болады деуі ғалымның жан-жақты ізденгенін танытады. Ал, фольклорда сөз қисыны, өлең құрылысы қонымды, жатық келеді дей отырып, ғалым онда салыстырулар, теңеулер көркем, күшті болады дейді. Одан әрі ғалым фольклорды жинау, жариялау, зерттеу, әрі одан үйрену қажеттігіне көңіл бөлгізеді. Демек Бейсембай Кенжебаев фольклордың сөз өнері екенін дұрыс анықтаған. Сонымен қатар фольклор әр заманның айнасы, тілек-мақсатының құралы екенін де дұрыс байқаған.

Бейсембай Кенжебаев қазақ фольклортану ғылымының өзінен-өзі тумайтынын, дербес, оқшау өркендей қоймағандығын т.б. ескерте отырып, осы ғылымның қалыптасуына орыс халқы мәдениетінің зор әсері болғанына көңіл бөлгізеді.

Ал, Қазан төңкерісі қазақтың кеңестік социалистік мәдениетінің негізін қалады дей отырып, ғалым Б. Кенжебаев қазақ әдебиет тарихшылары да «ұлы революция» бағытындағы ғылымды жасауда біраз жұмыстар атқарғанын жазады. Бұл бағытты іске асыру жолында туындаған олқылықтар, жетіспеген шалалықтар, зиянды теріс саяси бағыттар өз әсерін тигізгенмен, ғалым жалпы қазақ әдебиет тарихы ғылымдық қалыптану жағынан қарағанда, орыс мәдениетінің ғылымдық әдебиет тарихын жасау тәжірибесінен үлгі алып, үйреніп өскенін діттеген.

Бұл кезде қазақ фольклортану ғылымында методологиялық негіз ретінде марксизм-ленинизм ілімі алынды. Фольклорды тек таптық тұрғыда қарастыру, буржуазиялық ғалымдар әдістерінің тек қателіктерін сараптау, фольклористиканың басты міндеті фольклорды тап тартысы құралы ретінде зерттеу екендігі т.с.с. сол тұстағы коммунистік партия үстемдігімен, кезең ерекшелігімен түсіндіріледі. Осы орайда еңбектің кіріспесінде фольклорға қатысты терминдердің, олардың өзіндік ерекшеліктерін т.с.с. жан-жақты саралауы, оның туу себептерін түсіндіруі т.с.с. бәрі де сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар Кеңестік жүйедегі ғалымдар фольклорды әр замандағы, әр кездегі тап тартысының әрі айнасы, әрі мықты құралы ретінде қарастырды. Фольклорға әр заманның жыршысы, ертекшісі, ақыны т.б. өз табының көзқарасын енгізіп отыратыны сөз болады. Фольклорды әр заманда әр тап өзіне құрал етуге тырысатыны, сол арқылы халыққа өзінің салт-санасын жайып, ықпал үстемдігін жүргізіп отыруға әрекеттенетіні – бәрі сөз болды. Одан әрі қазақ фольклорын жазып алу, жинау, зерттеу тарихы ХІХ ғасырдың орта кезінен басталады дей отырып, ол кезде Россияның қазақ даласын өзіне отар ел есебінде қосып алуды аяқтағанын да сөз етіпті. Сондай-ақ қазақ даласының табиғатын, байлығын, қазақ халқының тарихын, шаруашылық, әлеуметтік тұрмысын, тілін тексеруге т.б. түрлі экспедициялар, талай жиһанкездер, ғалымдар т.б. ат салысқаны; жер-жерде Россияның географиялық қоғамдары ұйымдастырылғаны, ол қоғамдар түрлі газет, журнал, жинақ шығарып тұрғаны; сол басылымдарда ғалымдардың өздерінің жинаған, тапқан, жазған материалдарын жариялап отырғаны т.с.с. бәрі шолу түрінде сипатталады [130, 23-24 б.].

Ал, қазақ фольклорын әрі жинап, әрі жариялап, әрі зерттеген белгілі ғалымдар ретінде Ш. Ш. Уәлиханов есімі аталғанда: туған жылы, ортасы мектепте қалай дәріс алғаны, ол жөнінде орыс жолдастарының пікірі, қазақтың ескі мұраларын жинаумен, жазумен шұғылданғанда кімнен жинағаны көрсетіледі. Олардың өз кезегінде орыс тіліне аударылуы, кіммен хат алысқаны, қай жерлерге саяхат жасағаны, жинаған фольклор үлгілерінің көбі жоғалып кеткені, бізге қандай еңбектер жеткені, қырғыз жыры «Манасты» зерттеуі т.с.с.-бәрі де Ш. Ш. Уәлихановтың фольклортанушылық қызметінен құнды ақпарат береді [130, 24-26 б.].

Академик В. В. Радлов есімі аталғанда, еңбекте ол шығысты зерттеуші ғалым, түрік тілдері мен түрік әдебиетінің маманы ретінде дәріптеледі [130, 26-28 б.]. Сондай-ақ ғалымның: ондаған жылдар бойы Сібірге, Алтайға, Орта Азияға экспедициямен шыққаны; ол жерлердің этнографиясын, антропологиясын, археологиясын, фольклорын зерттегені сөз болады. Осының негізінде өзінің әйгілі «Түрік рулары ауыз әдебиетінің нұсқалары» аталатын үлкен-үлкен он бір том тұратын кітаптарын шығарғаны; жинақтың түгелдей үшінші томы тек қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын құрайтыны жазылған. Сондай-ақ бұл жинақта қазақ фольклорының барлық жанрлары қамтылғаны, халық жырлары бөліміне – ескі өлеңдер, бата, қыз тойы үстінде айтылатын өлеңдер, жоқтаулар, айтыс, бақсылар сарыны, батырлар жыры, тарихи жырлар, ертектер еңсе; кітап сөздері бөліміне – дастандар, аңыз әңгімелер, діни ғұрып-әдет өлеңдері т.б. кірістірілгені назар аудартады. Ал, айтыс бөліміне – 5 нұсқа, батырлар жыры бөліміне – 4 нұсқа, тарихы жырлар бөліміне- 2 нұсқа т.с.с. қамтылғаны – бәрі де ғалым В. В. Радлов жинағының маңызын арттыратыны сөзсіз.

Сондай-ақ белгілі ғалымдар: Г. Потанин [130, 28-29 б.], Ә. Диваев [130, 29-30 б.], Мәшһүр Жүсіп Көпеев [130, 30 б.] еңбектері сөз болғанда, көбінесе олардың қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы, зерттеудегі фольклортанушылық қызметтеріне көңіл аудартады. Демек қазақ фольклортану ғылымы негізін қалауда аталған ғалымдар еңбектері зор екені біраз қамтылған.

Кітаптағы материалдар халық ауыз әдебиетінің жанрлық принципі бойынша құрастырылып, жанрлардың шығу мерзімімен байланысты (әдет-ғұрып өлеңдері, ертегілер, эпос, айтыс, тарихи жырлар) ретімен берілген. Демек жанрларды шығу мерзіміне қарай қарастыру үлгісі тұңғыш рет осы еңбекте іске асуы, сөз жоқ, қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болды. Кітаптың соңғы

тарауы кеңес фольклорына арналған. Ал, С. Сейфуллиннің халық ауыз әдебиетіне арналған кітабында мұндай тарау атымен жоқ.

Демек Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының «әдебиет өрнектерін» жинауда, оларды баспа жүзінде жариялауда, онан соң, ең алғаш ғылыми түсініктер беруде орыс ғалымдарымен қатар қазақ ғалымдары, немесе қазаққа қатысты тарих, тілді зерттеушілер: Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев т.б. еңбектерінің сарапталуы т.с.с. құптарлық іс. Бұлардың әрқайсысының қысқаша өмірбаяндық деректері, қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы, зерттеудегі еңбектері т.б. бәрі алғаш историография деп қарастырылды.

Кітапта салтпен байланысты өлеңдерді, яғни тұрмыс-салт жырларды [130, 35-57 б.] фольклордың ұсақ түрлері дей отырып, Б. Кенжебаев оны іштей төртке жіктеді. 1) мал шаруашылық туралы өлеңдер; 2) дін салт өлеңдері (наурыз, бақсы сарыны, бәдік, арбау, жалбарыну, жарапазан); 3) үйлену салт өлеңдері (әдет, салт, тойбастар, жар-жар, сыңсу-жұбату, бет ашар); 4) мұң, шер өлеңдері (қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау) т.б.

Міне, мұндағы дін салты өлеңдері, үйлену салт өлеңдері, мұң-шер өлеңдері алғаш рет М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) кітабында қарастырылса, ал мал шаруашылық туралы өлеңдер С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) кітабында тұңғыз сөз болғаны белгілі. Ендеше фольклордың осы тұрмыс-салт жырларын жазу барысында Б. Кенжебаев аталған еңбектерді қарастырған. Сөйтіп, ғалым Б. Кенжебаев жоғарыдағы М. Әуезов пен С. Сейфуллин еңбектерінің ұтымды жақтарын ала отырып, бірін-бірі толықтыру мақсатында біріктірген тәрізді.

Салт өлеңдері дегенде зерттеуші: а) мұнда әңгімеге, оқиғаға өріс ашар ұзақ сөздер болмайды десе; ә) арнаулы бір салттың шартын орындау ретінде ғана айтылатынын, оның кез-келген елдің фольклорында болатынын т.б. сөз етеді. Ал, дін салтынан туған өлеңдерде тек үстем ортаның, дін басылардың халық санасына таратып сіңіретін ұғым, нанымдары, дін нанымдары т.б. орын алған дегенге келтіреді.

Міне, осы тұста Бейсембай Кенжебаев салт өлеңдеріне мынадай анықтама береді: «Бұның көбі арнаулы салтты орындау ретінде айтылатын фольклор үлгілері болады. Салттардың бірі шаруа кәсіпті айтса, бірі діндік нанымды айтса, бірі қуаныш, сауық кездерінде айтылады. Тағы біреулері қайғы, қаза, мұң-уайым үстінде айтылады», - дейді [130, 35 б.]. Демек ғалымның тұрмыс-салт жырларына берген сипаттама түріндегі анықтамасы да, оларды іштей жіктеу үлгісі де

қазіргі таңда өз маңызын жоймай келгені т.б. зерттеушінің мақсат-бағдарының дұрыстығын дәлелдейді. Ал, Бейсембай Кенжебаевтың мына бір ой-пікірлері: «Қазақ қызының бұрынғы теңсіз тірлікте үй ішінде, қоғам ортасында мал есепті қорлықта болғанын білдіретін «сыңсу» өлең көп зарды танытады. Немесе бұрынғы ақсақалдық, рушылдық салттары әйелге міндетті шарт ететін «жоқтау» сияқты өлеңдерден көп замандардың көп ауыр шындықтарын, жас әйел жүрегіндегі қалың тұман қайғы-шерді тануға болады», - дегені [130, 35 б.], оның тұрмыс-салт жырларының қоғамдық мәнін ашып айтуда тек таптық тұрғыда келгенін анықтайды.

Мал, шаруашылық туралы өлеңдерге ғалым мынадай түсініктеме – анықтама береді: «Ерте заманда қазақ халқының негізгі кәсібі мал өсіру болды. Ол талай ғасыр бойы мал бағып, сол малдың жүн, терісін киім-кешек, керек-жарақ етіп, етін, сүтін ауқат, тамақ етіп, өзін күш-көлік етіп күн көрді. Мал қазақ халқының тіршілік тірегі болды.

Бұған қосымша қазақ халқы ерте уақытта аң аулаған. Аңды ол ермек, қызық үшін ауламай, тірлік үшін аулаған. Сондықтан қазақтың ертедегі ауыз әдебиетіндегі мал, аң, құс туралы өлең, жырларды халықтың шаруашылығы туралы өлең, жырлар деуге болады», - дейді [130, 36 б.]. Және олардың жаратушысы, тәңірі, иесі, пірі болады деп, оларды Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Ойсыл қара, Сексек ата деп дұрыс анықтаған.

Мал шаруашылық туралы өлеңдер дегенде: «Өзінің тірлік серігі мал жөніндегі өлеңдерінде бақташы адам өз мұңын малға мұңдатады. Өзінің аталық-аналық мейірімін мал тілімен айтқызады, өмір тартысындағы төзімділіктің қажетін де әр малдың анық еңбекшіге сүйенетінін мал тілімен аңғартады», - делінген [130, 37 б.] пікірлер де орын алған.

Бұлар, көбінесе сипаттау үлгісінде жазылып, мәтіндерден азды-көпті үзінділер дерек көзі ретінде берілген. Жалпы мұнда мал туралы өлең, жырларға қатысты берілген сипаттаулар дұрыс қамтылған. Мәселен: «Қазақ халқы жалпы мал атаулыны қадірлеген. Оның үстіне төрт түлік малдың қай-қайсысының болсын, кейбір түсін өте-мөте қадірлеген. Мысалы: жылқыны қылаң, боз, шұбар, сары түсін, түйенің ақ, боз, ақсары түсін, қойдың бозқасқа түсін қасиетті деп білген», - деген тәрізді ой- пікірлер бар [128, 38 б.].

Дін салт өлеңдері дегенде ғалым: қазақтың ертеден келе жатқан халық ауыз әдебиетіндегі салт өлең-жырларының бірсыпырасы халықтың дін салты, әдет-ғұрпы жайында десе, қазақтың ертеде шаман дінінде болғаны; шаман діні бойынша адам бір жағынан

табиғатқа, табиғат көріністеріне; көкке, айға, күнге, жұлдызға, отқа; екінші жағынан, аруаққа, көк тәңірге, иеге бағынғаны т.с.с. сөз болады [130, 39-40 б.].

Мәселен: «Тәңірі», «Көк тәңірі» аспан құдайының аты болған. Бұрынғы адамдар жақсылық-жамандық, адам дерті, мал індеті, алғыс-қарғыс, ырыс, сор, берекелі-берекесіздік тәңірден болады деп білген», - деген тәрізді [130, 39 б.] ғалым сипаттаулары ғылыми сипатын әлі жойған жоқ. Ал, бұл дін салты өлеңдеріне Бейсембай Кенжебаев дұрыс анықтама берген: «Қазақтың ертеден келе жатқан ауыз әдебиетіндегі салт өлең, жырларының бірсыпырасы халықтың дін салты, дін ғұрып-әдеттері жайында. Наурыз туралы жырлар, бақсы сарындары, түрлі бата, жалбарынулар, жарамазан жырлары, бәдік айту, арбау, дұға оқу, тағысын-тағылар осы дін салты жайындағы өлең, жырлар болады», - дейді [130, 39 б.].

Міне, мұнда дін салт өлеңдерінің іштей бөліну классификациясы қазіргі таңда да осы бірізділікті сақтайды, тек мұндағы наурыз туралы жырлар қазір дін салты емес, ұлыс жыры боп өз алдына жеке қарастырылады.

Наурыз жырларына келгенде ғалым: оның марттың 22-і күні болатынын; сол күні күн мен түннің теңеліп, қыс қаһары қайтып, жаз лебі сезілетінін; төрт түлік мал төлдеп, ақ шығып халық тойына бастайтынын; осы күнді жаңа жылдың басы, алғашқы күні деп есептегенін; оны халықтың «ұлыстың ұлы күні» деп атап, үлкен мейрам етіп өткізіп келгенін; ұлыстың ұлы күні не істелсе, барлығы да арнаулы өлеңмен, жыр, тақпақ, мақал үлгісімен айтылатын арнаулы тілекпен, ерекше ырыммен істелгенін; бұл күнде ерекше амандасу, ерекше көрісу, ерекше бата беру әдет болғанын т.с.с. сөз етеді [130, 41-42 б.]. Міне, мұнда берілген анықтамалар да, сипаттаулар да ғылыми талапқа сай жазылған, яғни жанрлық ерекшеліктері ескерілген.

Фольклордың келесі жанры бақсы сарынына келгенде, ғалым ол турасында мынадай сипаттама береді: «Монғол тілінде бақсы – оқытушы, ұстаз деген сөз. Былай болатын реті бар. Өйткені, шаман дінінде бақсы оқытушы, ұстаз қызметін атқарған. Шаман діні бойынша бақсы тәңірдің сүйетін, жарылқайтын, аруақтың жарататын, қолдайтын адамы. Ол әрі жыршы, әрі күйші, ол әрі дәрігер, әрі сәуегей. Қысқасы, шаманистердің нануы бойынша оның білмейтіні (оның қолынан келмейтіні) жоқ - деген наным болған», - дейді [130, 42 б.]. Сөйтіп, ғалым фольклорда кездесетін бақсы бейнесін жан-жақты дұрыс талдаған. Сондай-ақ зерттеуші сарын айтуда бақсы өзінің жынын айтып шақырады, және әр бақсының өз жыр жыны бар дегенді

айтады. Сонымен қатар бақсы сарынында сөз екпінді, көптірме келеді десе, оның сөздерінің ішкі мәні, сөз шумақтары бір-біріне үйлесіп, тығыз байланысып отырмайтыны сөз болған. Сөйтіп, ғалым бақсы сарынының өзіндік ерекшеліктерін де дұрыс байқаған.

Фольклордың келесі жанрлары бәдік, арбау сөз болғанда [130, 43-44 б.], қазақ халқының ерте заманда ескі дін бойынша әрбір жан-жануардың әр түрлі жақсылық-жамандықтың «иесі бар» деп сенгені айтылады. Ол «иелерді» қызыл тілмен алуан-алуан әсерлі, сырлы сөзбен көндіруге, зиянсыз етуге, мейірімді, пайдалы етуге болады деп халық сенген десе, ғалым бұлардың кейбіреуін ойын-күлкімен, әзіл, тәлкек сөзбен, кейбіреуін зеку, күш айту жөнімен, енді біреулерін жалыну, тілену жөнімен көндіруге болады деп те санау т.с.с. әдеттер болғанын дұрыс ескерген. Сондай-ақ ғалым бәдіктің ауру адамға, ауру малға арналатынын; кешке ауылдың қыз-келіншегі, бозбала жігіттері жиналып, ауруды ортаға ала отырып бәдікті айтатынын; бәдік өлеңнің адамның, малдың бойынан кеселді бездіру, көшіру, сөйтіп ауруды жазып алу мақсатында қолданатынын; арбау,оқу, байлау сөздер мен тақпақ өлеңдер адамды, малды- жылан, қарақұрт, шаян т.б. тәрізді улы жәндіктер шаққанда оқылатынын дұрыс ажыратқан. Міне, бұл бәдік арбауға қатысты жазылған сипаттамалардың ғылыми сипатқа сай келуі, яғни мәтіннің қай кезде, не үшін, не мақсатта және қалай орындалатыны нақты көрсетілуі – бәрі де еңбек маңыздылығын арттыратыны сөзсіз.

Салт бойынша жарапазан ораза айында түнде айтылатынын; оны не әуесқой жастар, не арнаулы жарапазаншылар ел қыдырып, әр үйдің тұсына келіп орындайтынын; жарапазан айту салты қазақ арасына Ислам дінімен, мұсылманшылдықпен бірге таралғанын; Ислам дінін, мұсылмандықты дәріптейтін, діншіл мазмұнды мақтау өлең екендігін т.б. дұрыс баяндаған [130, 44 б.] ғалым Бейсембай Кенжебаев ой-пікірлері де қазірде өз маңызын жойған жоқ. Одан әрі үйлену салт өлеңдерін іштей ғалым: жар-жар, сыңсу, жұбату, бет ашар деп дұрыс бөлді. Қазақтың ертедегі халық ауыз әдебиетінде тұрмыс-салтынан туған ұсақ өлең-жырлары болғаны анық [130, 44-50 б.].

Қыз ұзату тойында тойбастар айтылса, әдетте оны жыршы-ақын, ең болмаса өлеңге аузының ебі бар кісі айтатынын, жиналған көптің атынан құттықтау іске асатынын, той иесінің қуанышын көтермелеп, тойдың тойға ұласуын тілейтінін т.б. бәрін ғалым дұрыс байқаған [130, 45-46 б.].

Қыз ұзату тойында, сонымен бірге жар-жардың айтылатыны анық [383, 46-47 б.]. Жар-жар екі жақтың айтысына құралатынын, бір жағы күйеу, екінші жағы қалыңдық, не бір жағы еркек тобы, екінші

жағы әйел тобы болып айтысатынын, қыз жағы, көбінесе арман, күдік, мұң қозғайтынын да ғалым дұрыс белгілеген.

Қыз тойында, сондай-ақ қыз танысу, сыңсу, жұбату өлеңдері орындалады [130, 47-48 б.]. Мұны да дұрыс анықтаған ғалым сыңсуды қыздар тобы, не қалыңдық өзі әндетіп жылап айтады десе, онда қыздың кетерде ата-анасына, туған-туысқанына, жалпы ел-жұртына арнаған ақырғы сөзі, ақырғы зары, мұңы, арманы, ата-анасымен, ел жұртымен қоштасуы қамтылады дейді. Ал, керісінше, қыздың сыңсуына жауап ретінде ауылдың бір кісісі жұбату, үгіт-насихат қосатыны мәлім.

Беташарға келсек, ол келін түскенде айтылатын өсиет өлеңнен тұрады [130, 48-50 б.] дей отырып ғалым, онда: басы бос қыздың енді келін екені; жаңа қауымның есігін ашып, соның мүшесі болғаны; қауымның заңын, дәстүрін бұзбауы керектігі; үлкендердің алдында иіліп тәжім етуі, бұл қауымның заңдарына көну, бұл қауымның үлкен-кішісін құрметтеуді міндет, борыш тұту керектігі т.б. сөз болады. Бұл берілген анықтама түріндегі сипаттамалар да ғылыми сипатта жазылған. Сондай-ақ беташардың өзіндік ерекшеліктері де берілген. Мәселен, ғалым: «Беташар өлеңінде қайғы, шер, мұң, зар болмайды. Беташарда ескі қоғам заңдарын сол тұрған қалпын бұзбай сақтау жайын айтады. Бұрынғы ру басылар ақсақалдық жолды осындай жырлармен де заң етіп жастардың құлағына сіңірген. Өз жорасы мен жолына, жас буынның санасын осылайша бағындырып өсірген», - дейді [130, 50 б.]. Демек ғалым фольклордың жастар тәрбиесінде үлгі-насихат, тәрбие көзі болғанын дұрыс мәлімдеген.

Кітапта одан әрі қазақ халқының ертеден келе жатқан тұрмыс-салт өлең-жырларының бір түрі – мұң, шер өлеңдерінің: қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау деп аталатын жанрлары қарастырылған [130, 50-57 б.]. Мұнда адамның жеке тірлігінде шаттық, ойын-күлкі қандай керек болса, күйік, қайғы-қасірет те дәл сондай орын алатыны; жеке адамға, жеке үй-ішіне, тіпті бүкіл бір ел-жұрттың басына түсетін күйік, қайғы-қасірет болатыны сөз болады. Бұрынғы салтта жер ауған, не өлім шағына жеткен адамдар артында қалып бара жатқан ата-анасымен, жанашыр адамдарымен дос-жаран, ел-жұртымен қоштасатыны; соларға өзінің ішіндегі күйік, арманын, ендігі тілегін, өсиетін, сәлемін айтатыны; кейін ол адамды артында қалған жақын, жанашыр адамдары, ел-жұрты жоқтатпайтыны т.б. бәрі де сипаттау, шолу түрінде дұрыс берілген.

Еңбекте фольклордың келесі жанры – ертегілер қарастырылған [130, 58-101 б.]. Оның фольклордың қара сөзбен айтылатын ерекше мол түрінің бірі, халықтың ауызша айтылатын көркем әңгімесі

екендігі, ертегіні айтушыны ертекші дейтіні; «ерте, ерте, ертеде» деген тәрізді көпке ортақ, ерекше өлеңше бастауымен келетіні; ертегіні жұрт қолы боста, қыстың ұзақ кештерінде тыңдағыш болатыны; ертегінің фольклордың ішіндегі қоғамдық, тарихтық маңызы мол халық шығармасының бір түрі екендігі; ертегіні туғызатын халықтық өмір, тірлігі үшін әрекет етуін бейнелейтін өнімді ойы екендігі М. Әуезов тарапынан дұрыс қамтылған. Сонымен бірге ертегіде тегін жайдың айтылмайтыны, оның қоғамдық, өмірлік мағыналы сырларды танытатыны; еліміздің бұрынғы тарихынан, ежелгі қоғамдық тірлік шындығынан, халықтың арман, мүддесінен көп дерек беретіні, ертедегіден бай фольклор жоқтығы, бірақ бұл байлықты ғылым жолымен жинап, зерттеу ісінің аса кенже қалғаны; деректер жиналып болмай ғылымдық байлау, қорытынды жасау мүмкін еместігі; Қазан төңкерісіне дейінгі ертегілерді жинаушылардың ертегі мен өзге фольклор түрінің бәрін аралас жиғаны, оларды жіктемей әйтеуір тізе бергені т.с.с. баяндалып, бәрі де ғалым М. Әуезов тарапынан ғылыми сипаттама тұрғысынан біршама сараланған.

Сондай-ақ ел ішінде хат білген оқыған адмдардың да бұл іске араласып, ертегінің көбін өз бетінше не әңгіме етіп, не өлең-жырға айналдырып жазғаны; ертегіні жинап, әрі зерттеудегі негізгі шарты қара сөз күйіндегі мәтінді әр айтушының өз сөздерімен ауыстырмай, айнытпай, өзгертпей қағаз бетіне түсіру қажеттігі мәселесі көтерілуі т.б. сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымының фольклорды жинауға қойылатын әлемдік талаптарды орындай бастағанын айқындайды. Ал, бұл өз кезегінде жеке өлең айтушы ақын, жыршы болсын, олардың өзіндік нақышын, машығын, тіл өнерін, сөз өрнегін бағамдауға, әрі көпшілік болып айтылып келген үлгінің толығырақ сақталып жетуіне ықпал еткені анық. Сонымен қатар фольклорды айтушыға ерекше көңіл бөлу қажеттігі; оның өмірбаяны, кәсіп, тұрмыс-салты, ұғым-нанымы, білімі, жеке орындаушылық стиль өзгешелігі жиналып ескерілуі қажеттігі т.б. бәрі де М. Әуезов пікірінше ертегі жанрын зерттеп, талдап ұғынудың ең зор міндеті.

Демек XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымында қазақ тілінде жиналған ертегілердің көбінде ертекші орны еленбей, ескерілмей келуі, сол себепті ертегінің мазмұнына, әңгімесіне ғана қарап, тіл, түр өзгешелігінің көбін елемеушілік орын алғаны, ертегіні хатқа түсірушілердің ертекшіден ауызба-ауыз жазып алмауы т.с.с. тәрізді келеңсіздік, олқылықтардың орнын жою қажеттілігі мәселесі көтерілгені белгілі. Еңбекте М. Әуезов ғылымдық жолмен сөзбе-сөз жазып алу үлгісі ретінде белгілі ғалым В. Радловтың

жинау тәсілі ұсынылып, ал ғалым Г. Потанин жинаған ертегілерінің айтушыларының аттары түгелге жуық аталып, мәтін паспорты толық толтырылса да, мәтіннің тек орыс тілінде ғана аудармасы сақталып, ертекшінің өз тілінде айтқан үлгі өрнегінің аудармада білінбей, бұлдыр қалғанын қынжыла ескертуін де орынды деп білеміз.

Сондай-ақ бір елдің фольклорлық мұраларын өзге елдің фольклорымен салыстырып тексергенде, көп ұқсастықтар туатынына; оның тек тілдері жақын, тарихы аралас, тегі бір елдер фольклорында ғана болмайтынына; сонымен қатар шаруашылық, қоғамдық, салт-саналық жағдайлары бір дәрежеде болғанда да үйлес, үндес шығармалар туатынына; фольклор мотивтерінің бір елден екінші елге қыдырып келіп, тарауы орын алатынына М. Әуезов дұрыс көңіл бөлген.

Сонымен қатар фольклорды жіктеуде ғалым М.Әуезов дүние жүзінің фольклористері қолданып отырған бір классификацияны фин фольклортанушысы Антти Аарне жасағанын; бұл сияқты ғылымдық әдіс, ертегіні салыстырып тексеру, талдау жөніндегі өнімді әдіс-әлемдік фольклортану ғылымына ортақ әдіс болып табылатынын; бұл әдістің елеулі кемшіліктері де бар екендігін, әсіресе, ертегі сюжеттерін белгілі жанрларға қосудың даулы пікірлер туғызатынын; сюжет мотивтерінің тек құрылыс ұқсастығы, сыртқы пішіні ғана ескеріліп, ал ішкі мазмұнына бойламау, баға бермеу жағы болатынын дұрыс ескерткен. Бұл қазақ фольклористикасы үшін бірінші рет айтылған үлкен жаңалық болды.

Сондай-ақ қазақ фольклортану ғылымында бұл әдістің тек техникалық жақтары ғана мақұлданатыны; қазақ ертегілерінің ол дәуірде көбі жиналып жазылмағандықтан, бұл әдістің қолданылмай келгені де т.б. сөзге тиек етілді.

Қазақ фольклортану ғылымында қазақ ертегілерін іштей үш жанрға жіктеу дұрыс болған. Бұл XX ғасырдың бірінші жартысында осы еңбектен бастау алады. Ал, әр жанрдың өзіндік атауына келгенде түрлі дау туғаны анық. Мәселен, қиял-ғажайып, хайуанаттар жайлы ертегілерді талдау әлі де сол қалпында өзгеріссіз келе жатқанымен, еңбектегі «шыншыл ертегілер» деп талдаулары қазір қате саналып, оны «тұрмыс-салт ертегілер» деп талдау орныққаны т.б. белгілі.

Қиял-ғажайып ертегілер баяғы заманнан келе жатқан көне болғандықтан да, көп дәуірді көміп өткендіктен, аса көп өзгеріс көрген ертегілер екендігі, ерте күндегі қалпын бұзып, қоспалар жамауларды көп қабылдаған, өзі тектес өзге ертегілермен қосылып, араласып өзгеріске мол ұшырағандығы, бұл ертегілердің айтылуында

да әдетінше өзінше басталу, аяқталу болатыны т.б. бәрі М. Әуезов тарапынан дұрыс талданған [130, 64-70 б.].

Сондай-ақ бұл ертегілердегі аңшы, мергендер, ер, батырлар жайындағы т.с.с. ғажайып бейнелермен бірге ондағы мифологиялық образдар да М. Әуезов тарапынан әрі әдебиеттану, әрі фольклортану тұрғысынан жан-жақты талдауға түсті. Мәселен, ғалым: «Қиял ертегілерінің адамға дос күштерін аңғарып қарасақ, онда да көп мағына, көп сыр бар. Жанды, жансыз жақсы заттың бәрі де адамзаттың алыстан келе жатқан асыл арманын танытады. Ертегінің ерін қиянға апаратын алып қара құс, өзі ұшатын кілем, тұлпар ат та қиял пырағы», - деп дұрыс айқындаған [130, 68 б.].

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің де көне заманнан келе жатқанын; ескі заманнан бері қарай адамдардың сол жануар дүниесімен әр кезеңде ойласу барысы арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мерзім-машығы, тірлік- тәсілі, өзгешеліктері туралы көп нәрсені білу, тану жүргенін; мұнда мифтік, төтемдік наным бар екендігін; ертегілерде хайуандардың бір-бірімен тілдесуі, әңгімелесуі көп болатынын; олардың өз мінездеріне лайық әр алуан сөзі болатынын; мәселен, түлкілердің мәтелдеп, мақалдап сөйлейтінін т.с.с. бәрін М. Әуезов дұрыс талдаған. Мәселен, М. Әуезов: «Бұл ертегілер де секі заманнан келе жатқан ең көне түрдің бірі. Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде, ерте күннен ең көп араласатын ортасы осы жан-жануар, неше алуан дос-қас хайуанат ортасы», - деп [130, 70-75 б.] дұрыс анықтама береді. Сондай-ақ ғалымды бұл ертегілер бойында кездесетін аңдар бейнесі де қызықтырған: «Киелі аңнан қазақ ертегісінде қасқырдан басқа да ерекше орын алғандар бар. Ол, көбінесе, құстан шығады. Аққу, байғыз, кептер, бүркіт болып келеді. Кейде киелі зат болып жылан жүреді. Солардан басқа адамның үй серігі- иттен, аттан да киелі күштер шығады», - деген [130, 72 б.] сипаттаулары да бар.

М. Әуезов тұрмыс-салт ертегілерін шыншыл ертегілер деп қарастырып, оған мынадай анықтама береді. «Шыншыл ертегілер-қазақ ертегісінің ең мол түрі. Топталып аталған атынан-ақ бұл ертегілердің тегі, мәні мәлім болғандай. Қиял ертегілері мен хайуанат жайындағы ертегілерден бұл топ бөлекше, ерекше келеді. Шыншыл ертегіге халық өзінің дүние тануындағы, қоғам тіршілігінде, үй тұрмысындағы, бас тірліктегі барлық мұң-мүддесін, тартыс-талабын жыйып түйген», - дейді [130, 75 б.].

Сондай-ақ бұл үлгілерде ғалым қоғамдық тартыс, тап қайшылығы, қанау, зорлық, соған қарсы халық сыны, наразылығы, алыс-тартысы, ұзақ арманы көрінуін талдаулары т.с.с. сол кездегі

ғылым жүйесінде фольклорды тап тартысының айнасы ретінде көрсетудің бірден-бір әдіс-тәсілі болғанын байқалады. Сөйтіп, ертегіні талдау барысында қоғам талабын, халық мүддесі, қанау, зорлық, озбырлықтың үлкен сырын, негізін т.б. бәрін де таптық тұрғыда түсіндіру [130, 75-101 б.] кезең ерекшелігі болып табылады. Ал, «шыншыл ертегілерді», яғни тұрмыс-салт ертегілерін іштей: салт ертегі, күлдіргі ертегі, аңыз ертегі, күй аңызы деп төртке бөліп талдауы т.б. бәрі қазіргі фольклортану ғылымы талаптарына сай келмейтіні анық. Дегенмен жалпы ертегілерге берілген М. Әуезов анықтамалары, сипаттаулары, талдаулары, олардың классификациялары т.б. ғылыми талапқа сай жазылған.

Кітапта қаралатын келесі фольклор жанры – ол батырлар жыры. Онда: «Қобыланды батыр», «Қарасай-Қазі», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Сайын» жырларындағы басты-басты бейнелер топтамасы ғалым Қ. Жұмалиев тарапынан таптық тұрғыда жан-жақты талқыға түсті [130, 102-169 б.].

Ғалым Қ. Жұмалиев қазақ халқының ауыз әдебиеті еліміздегі бай әдебиеттің бірі десе, оның ішіндегі ең көбі де, көлемдісі де мол мазмұнды, көркемінің бірі батырлар жыры деп атап көрсетеді. Мәселен ғалымның: «Қай елдің болсын ауыз әдебиеті ең ескі өмірден қалған мұрасы ғана емес, бір кездердегі сол халықтың білім, өнері, тарихы, діні, наным, тәлім-тәрбие құралы болып, толып жатқан сипаттары өз бойына сыйғызып, көп жұмысты бір өзі атқарған дәуір кезеңдері болды. Көп елдерде батырлар жыры тек әдебиеттік мұра ғана емес, тарихтан да елес береді. Өйткені, батырлар жырының, көбінің негізінде тарихи оқиғаға жататыны да болады», -деген ой-пікірі, батырлар жырына берілген дұрыс сипаттама болды [130, 103 б.]. Ал, бұл айтылғандарға қарап, батырлар жырын тарих деп қарауға болмайтыны, онда тарихпен бірге халық қиялы тудырған көп жайлар қосылатыны, мұнда көріктеу әдістерінде ақиқат шындықтан гөрі ертегілік әсірелеу, үлгі өрнектер басымырақ болатыны т.б. Қажым Жұмалиев тарапынан дұрыс айқындалған.

Еңбекте қазақ халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең көбі де, көлемдісі де, мол мазмұнды, көркемдігі жоғарысы да батырлар жыры екені; онда ескі наным, ертегі, мифологиялық көзқарастар араласа жүретіні; елдің өзі қадірлейтін азаматтық қасиеттерді кең түрде көрсете алған мұра да батырлар жырында екені; жырлардың қоғамдық, халықтық идеялық мазмұны да бүгінгі күннің тілек-мақсатымен үндес келетіні; батырлар жырының бір құндылық жағы, ерлердің ішкі сырын терең алып, қайтпас ер, жауына қатал, еліне мейірімді, сөзіне ісі сай, ар-намысқа берік ерекше мінез, өнегелі ісі

бар адамдар етіп көрсететіні; батырға адал жар, ақылгөй серік болу мотивтерінің негізі, тілегі отаншылдық идеяда жататыны т.с.с. ғалым Қ. Жұмалиев еңбегінде дұрыс бағаланған.

Сондай-ақ жас буынды елдік, ерлік идеясына бөлеп, тербететін де; ескіден қалған мұра неғұрлым қымбат болса, зерттеу де оп-оңай болмайтыны да; бір кітап, не бірен-саран зерттеу еңбектерімен үзілді-кесілді қорытындыға келе қою мүмкін еместігі де; жырды зерттеушілердің алдында толып жатқан қиыншылықтар бар екендігі де; алдымен жырдың ең алғашқы варианттары жазылып қалған ескі жазба деректердің жоқтығы да; олардың кеш жазылып, кейінгі кезде ғана басылып шыққандығы да; түрлі нұсқаларды салыстыра тексерулер арқылы олардың түп нұсқасын тауып, кейінгі түр-варианттардың қаншалық қоспа екенін айыру қажеттігі де т.с.с. сол тұстағы эпостанушы ғалымдар назарынан тыс қалмағаны қазақ фольклортану ғылымының жеткен жетістігі болды.

Сонымен қатар жалпы халық ауыз әдебиетін, оның ішінде батырлар жырын басқа елдердің фольклорының дамуларымен байланыстырмай, жалаң, тек өз әдебиетіміздің шеңберінде тексерудің аздық ететіні, оның нақтылы ғылымдық зерттеу әдісі болмайтыны; сондықтан салыстыра зерттеу әдісі негізгі әдіс болу қажеттігі, әсіресе, көршілес, туыстас елдердің әдебиетінде кездесетін варианттармен біздегі нұсқаларды салыстыра зерттеу мезгілі жеткен мәселенің бірі екендігі т.б. ғалым назарында болған.

Сөйтіп, салыстыра зерттеудің мақсаты: әр жырды, үлгіні таңбалап, мынау мынаныкі, анау ананыкі еді деу ғана болмау керек; қай нұсқа қай елде толық сақталғанын; түпнұсқасы кімде; қай елдегі нұсқасы неғұрлым көркем екенін, т.с.с. ерекшеліктері қайсы; қалай сақталынып келгенін т.б. ажыратумен қатар, қанаттас елдерде барын ортаға салып, салыстырғанда ғана толық нәтижеге жету мүмкіндігі т.с.с. сөз болады.

Ендеше әр жырдың түрлі варианттарын өзара салыстырып, олардың басқа да көршілес елдердегі нұсқаларымен қатар қойып, мазмұнын, сюжетін, кейіпкерлерін, олардың іс-әрекеттерін, тілін, стилін т.б. кең түрде, терең түрде зерттей келіп, түр, мазмұн т.с.с. жақтарындағы әр алуан ерекшеліктердің тарихи-әлеуметтік сырларын ашу арқылы, қазақ фольклортану ғылымының өрістеп дамуына ат салысу т.с.с. сол тұстағы фольклортанушы ғалымдардың алдында тұрған басты міндеттерінің бірі болды.

«Қобыланды батыр» жыры дегенде, еңбекте оның алты нұсқасы беріліп, олардың сюжеті, кейіпкерлері, іс-әрекеттері т.б. өзара салыстырылады [128, 106-129 б.]. Сондай-ақ жырда кездесетін жауға

бірнеше батырдың бірігіп аттану мотиві орыстың батырлар жырында да жиі кездесетіні т.б. ғалым Қ. Жұмалиев тарапынан ескеріледі.

Еңбекте жырдың: Марабай; Мергенбай жыраудың; Ақтөбе облысы Қобда ауданының тұрғыны Айса Байтабынұылының; халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің, ғалым В. В. Радловтың нұсқалары т.б. жеке-жеке қарастырылған. Олардың ішінде: «Қобыланды жырының» бір үзіндісін Ы. Алтынсарин жариялағанын; Марабай нұсқасы 1913 жылы, Ә. Диваевтың нұсқалары т.с.с. 1922 жылы басылым көргенін ескеруі т.б. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымында фольклорлық мәтіннің жазылынып алыну және жарияланым көру паспортын толтыруға келгенде, оған немқұрайды карамай, оны ғылыми түрде іске асыра бастау жетістігін дәлелдейді.

Жырдың Қобыланды, Қараман, Құртқа, Қарлыға, Тайбурыл т.б. тәрізді бейнелері талданғанда, өзі тектес образдармен, өзі тектес нұсқалармен т.б. салыстырыла қарастырылған. Одан әрі жырдың құрылысы, тілі, т.б. әдебиеттану тұрғысынан дұрыс сарапталған.

Мәселен, Қобыланды бейнесі дегенде ғалым: оның халықтың сүйікті батырларының бірі деумен бірге, батыр ерлігін, мықтылығын айқындау үшін, оны басқа батырмен салыстыру, сонымен шендестіру тәсілін қолданғаны дұрыс нәтиже берген. Одан әрі батырдың ерлігі, соғыс әдісін жақсы білетін айлакерлігі, жауынгерлік жағы да сөз болады. Сондай-ақ Қобыландының алған бетінен қайтпайтыны, ақкөңілділігі, аңқаулығы, әрі үй-ішін, әрі елін сүйетін адам ретінде суреттелуі діттелуі т.б. ғалым Қ. Жұмалиевтің фольклорлық образдарды талдау барысында әдебиеттану шарттарын орындағанын дәлелдейді.

Міне, осы жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілмен «Қарасай-Қази», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Сайын» тәрізді батырлар жырлары өзара салыстырыла, өзіндік ерекшеліктері ескеріле, азды-көпті паспорттық деректерімен бірге т.б. сараланады. Тек «Ер Сайын» жырының 1923 жылы Мәскеуден шыққан нұсқасы сөз болғанда, жырды шығарушы белгілі ғалым А. Байтұрсынов есімі көрсетілмеуі т.б. кезең ерекшелігін, сол тұстағы ғылымдағы қиындықты көрсетеді.

Ал, осы төртінші бөлімге қатысты берілген материалдар тізімінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының қолжазбалары ішінде сақталған 24 жыр нұсқасының аттарымен, қай папкада орналасқандығымен қатар, кімдердің қай жылдары жинап тапсырғандары т.б. тәрізді деректердің бір жерде жинақталып берілуі – бәрі де ғалымдар, жас зерттеушілер үшін баға жетпес қазына, дерек, ақпарат көзі болғаны сөзсіз. Кітаптың әр бөлім соңынан осындай анықтамалық дерек көздерінің бірге берілуі, сөз

жоқ, қазақ фольклортану ғылымында тұңғыш рет іске асты. Ал, бұл қазақ халық ауыз әдебиетінің толыққанды мазмұндалған ғылыми библиографиялық көрсеткішін дайындауға негіз болғаны анық.

Сондай-ақ бұл берілген тізімде қазақ фольклорын жинаушылар қатарында, белгілі ғалымдар: Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев, А. Васильев, Ғ. Мұстафин т.б. есімдерімен бірге Марабай, Мергембай жыраулар, Н. Байғанин, Мұрын Сеңгірбаев, А. Байтабынов, А. Хангелдин т.с.с. тәрізді ақындардың да аты-жөндері қамтылуын да қазақ фольклортану ғылымының даму үстінде екенін айқындаған көрсеткіш ретінде бағалауға болады.

Кітаптың бір бөлімі фольклордың келесі жанры – «Ғашықтық жырларға» арналған [130,170-288 б.]. Ғашықтық тақырыбына құрылған қазақ жырлары сюжеттері көптігіне; бірқатары ерте заманнан бері жасалып, халық аузында сақталып келе жатқанына ғалым М. Әуезов көңіл бөледі. Олардың қазақ елінің шаруашылық, қоғамдық тұрмысының әр дәуірдегі өзгешелігінен туғандығын ескертеді.

Сонымен қатар қазақтың халық әдебиетінде сюжеті шығыстан келген сүйіспеншілік хикаяларының аз еместігі, шығыстан келген сюжеттердің бір қатары «Мың бір түн» сияқты үлгілерден алынғаны да т.с.с. сөз болады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры сөз болғанда, алдымен үлгінің қазақтың ғашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан, әрі халық арасына кең жайылған түрі екені, бұл нұсқаның бір түрі башқұрт тілінде 1812 жылы Қазанда басылғаны, жырдың 16 нұсқасы бар екендігі, жалпы жырдың жариялану тарихы т.б. ғалым М. Әуезов тарапынан жан-жақты сараланған [130, 171-192 б.].

Жырдың қысқаша мазмұны берілумен бірге олардың әр нұсқасы өзара салыстырылып, өзгешеліктері мен ұқсастықтары ескеріледі, ондағы бейнелер азды-көпті талдауға түседі, жыр бойында кездесетін халықтың әдет-салттары т.б. сарапталынады, үлгінің тақырыптық-идеялық жағы композициясы, көркемдік ерекшеліктері де т.б. сөз болады. Сондай-ақ жырда тұрмыс-салт өлеңдерінің қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу сияқты түрлерінің көп кездесетіні т.с.с. ескертілген.

Бұл бөлімде одан әрі сөз болатын «Қыз Жібек» [130, 193-206 б.], «Айман-Шолпан» [130, 207-217 б.], «Наурызбай-Қаншайым» [130, 217-227 б.] жырлары да жоғарыдай әдебиеттану тұрғысынан талдауға түседі. Атап айтқанда, тақырыбы, идеясы, сюжеті, композициялық құрылымы, тілі, көркемдік ерекшеліктері, бейнелер жүйесі әдебиеттану шарттарына сәйкес қаралған. Сондай-ақ әр нұсқада

кездесетін жер-су, оқиға, адам аттарының т.б. тарихи негізімен қатар, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы да сөз болды.

Жалпы еңбектің әр бетінде түрлі ғылыми сілтемелер орын алған. Онда сілтеме кімдікі, оның қай еңбегі екендігі, баспасы, нақты жылы мен беттерінің көрсетілуі т.б. сол тұстағы қазақ фольклортанушы ғалымдарының ғылыми еңбекке қойылатын талаптарды орындағанын танытады.

Сонымен бірге бұл жырлар таптық талаптар тұрғысынан біржақты мансұқталған. Мәселен, жырда кездесетін әмеңгерлік, жесірлік әдет-салттар әйел теңсіздігінің көзі болған қырсық заң саналып, Кеңес өкіметінің әміршілдік идеологиясы тұрғысынан орынсыз жазғыруға ұшыраған.

Фольклордың сөз болған келесі жанры – айтысқа келгенде ғалым М. Әуезов мынадай анықтама береді: «Айтыс өлеңдері – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атауы-айтысу, тартысу, дауласу, немесе жарысу, сынасу мағынасында қолданылады»-дейді [130, 229 б.]. Сондай-ақ айтысқа тән ерекшеліктер де берілген: ақындардың өлең түрінде айтысатыны, өнер жарысы есебінде қолданылатыны, тыңдаушы көпшілік алдында орындалатыны- бәрі дұрыс ажыратылған. Сонымен қатар айтысқа түскеннің арнаулы сарыны болатыны, өлеңнің не қобызға, не домбыраға, не гармонға қосылып айтылатыны, жарысқа түсушінің суырыпсалмалық, тапқырлық, өнерпаздық қасиеті т.б. әрі фольклортану, әрі әдебиеттану жағынан сарапталған.

Сонымен бірге қазақ фольклортануындағы айтыс жанрының ескі замандардан бері қарай келе жатқаны, мезгілінде жазылып қалмағандықтан, XVI-XVIII ғасырлардағы ақындар айтысының бізге жетпегені де сөз болады. Кеңес үкіметі тұсында айтысқа халықтық өнер ретінде мән берілгендіктен, оның ерекше дами түскені де айтылады. Ал, айтысты іштей: әдет-салт айтысы, ақындар айтысы деп жіктейді.

Бірінші томның материалдарын жанр бойынша беру авторлар коллективі үшін негізгі проблема болып табылады. Сондықтан жеке тарауларда ғана емес, барлық тарауларда да жанрлық принцип сақталған. Бұл тараулардың материалдары жанр өзгешеліктеріне байланысты, яғни ерте дәуірде шыққаны, бұрын, соңғы дәуірде пайда болғаны кейін берілген. Мәселен, айтыс жөніндегі тарауда алдымен «әдет-салт айтысы», сонан кейін айтыстың соңғы кезде анағұрлым өскен түрі «ақындар айтысы» талдауға алынады. Әдет-салт айтысына жар-жар, бәдік т.б. жатқызылса, ал ақындар айтысына түре мен сүре айтысы жатады деп т.б. іштей жіктеу жүзеге асырылған. Ақындар

айтысына мысал ретінде: Шөже мен Кемпірбай, Сүйімбай мен Күнбала қыз, Жанақ пен Түбек, Біржан мен Сара, Омарқұл мен Тәбия, Жамбыл мен Құлмамбет, Тоғжан мен Қожамбет, Әсет пен Ырысжанның айтыстарынан т.с.с. үзінділер келтірілген.

Сондай-ақ бұл айтыс бөлімінде «Совет ақындарының айтысы» да сөз болады [130, 257-265 б.]. Мұнда Қазан төңкерісінен кейінгі: Жамбыл, Шашубай, Нұрпейіс, Доскей т.б. тәрізді ақындардың айтысынан үзінділер келтіріліп, талданған. Бұл орайда айтыстарда көтерілген мәселелердің Кеңестік идеологияға сәйкестігі, қазақ мәдениетіне И. В. Сталиннің қамқорлығы; онда жаңа жұртшылық пен социалистік отан мүддесі жырланғаны; екпінді еңбек, қала мен колхоз, еңбекші жұртшылық, социалистік құрылыс т.с.с. тақырыптарының дәріптелгені т.с.с. жетістік ретінде марапатталған.

Қазақ фольклорының зерттеу жағынан кенже қалып келген жанры ретінде, еңбекте одан әрі шешендік сөздер сөз болады [130, 267-299 б.]. Ә. Мәметова пікірінше: «Әдеби мұраның қай түрінде болсын шешендік сөздер ұзақ ойдың қорытындысы, тұжырымы болып көрінеді. Халықтың ғасырлар бойы жасаған шешендік сөздері өмірдің талай асауларынан өтіп, бізге жеткен», - дейді [130, 267 б.].

Жалпы Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халық ауыз әдебиетінің кештеу қарастырыла бастаған саласы шешендік сөздер екендігі мәлім. Халықтың ғасырлар бойы жасаған шешендік сөздерін кім айтқанын, қай заманда пайда болғанын, ол үлгілердің де ауыздан-ауызға көшетінін, олардың халықтың өзімен бірге өмір сүретінін, көбінің ұмытылып жоғалатынын, бірқатары заманына сай жаңа мазмұн, жаңа пішін алып, құбылып өзгеретінін, т.б.-бәрін ғалым Ә. Мәметова дұрыс айтқан. Сондай-ақ шешендік сөзге әуес болған арнаулы жаттаушылар шығып, үйреніп, оны белгілі жағдайда таратып отыратыны, олардың белгілі адамдардың атына байланысты келетіндері де бар екендігі сөз болады. Ал, оларды айтушылардың өзгертіп айтулары арқасында алуан нұсқалы болып кездесетіні т.б. – бәрі де шешендік сөздердің өзіне тән ерекшеліктері екені дұрыс айқындалған.

Кітапта шешендік сөздер әрі шешендік толғау, әрі шешендік дау ретінде екіге жіктеліп қарастырылған. Шешендік толғауға жаратылыстағы қоғамдық қарым-қатынастардағы олған өзгеріс-құбылыстарға қарай көптеген тәжірибелерді қорытып толғаған сан алуан ақыл, нақыл сөздер, мақал, мәтелдермен қабысып жатқан көптеген тақпақ, тұспал сөздер жатқызылған. Сонымен бірге онда ойды көп сөзбен дәріптемей, қысқа тұжырым арқылы аңғарту. айту үстінде мәніне қанығып, өмір тәжірибесімен пысықтаған, қорытқан ұғымның нәтижесі есебінде ұсынылатыны ескеріледі. Одан әрі аз

сөздің ішіне көп мағына сыйғызу. жаратылыстың сыр, жұмбағын ашу, қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік қайшылықтарды, кедергілерді жеңу үшін айтылатыны сөз болады. Шешендік сөздердің дені адамға, сол адамның төңірегіне арналғаны; негізгі тақырыптары елін, елге еңбек еткен ерін-сүюшілік, басқаға тәуелді болмау, үлгілі іс етіп, өнеге көрсетумен бірге оның әділдік-әлсіздік, білімділік-надандық т.б. тартысы төңірегінде өрістейтіні, шешендік сөздердің мазмұн түкпірінде көпшілік қамы жататыны т.б. – бәрі де таптық мүдде тұрғысынан түсіндірілген [130, 268-272 б.].

Шешендік дау дегенде, оның әр түрлі дауға арналып айтылатыны, ел мен ел егестері, ел ішіндегі ұрыс, жанжалдар, жер дауы, жесір дауы, құн, барымта мәселелері қарастырылатыны, шешендікпен, шеберлікпен келістіру, бітістіру мақсатында айтылатыны т.б. дұрыс көрсетілген [130, 272-277 б.]. Ал, үстем тап өкілін жақтап, дауды соның пайдасына шешкен билерді халықтың әжуа, сықақ т.б. ететініне де ескертіледі.

Сондай-ақ шешендік сөзге тән нәрсе: көбінесе қара сөз бен тақпақ араласа жүруді, қара сөздің өзі белгілі ырғақпен айтылатынын, олардың нақыл сөз, мақал-мәтелдермен қабысып жататынын, жаратылыстағы заңдылықты әр түрлі әдіспен, қоғам өміріндегі құбылыстармен шебер байланыстыру жүретінін шешендер дәл табуы екендігі көрсетілген. Одан әрі шешендердің өз сөздерін ойда жоқ жерден тауып, қарсы адамның аузын ашырмай сөзден ұтуға тырысатыны айтылып, көлем жағынан да, сөйлем құрылыстары тұрғысынан да өте ол үлгілердің тұжырымды келетіні дәл анықталған. Ал, мазмұн жағынан олар, көбінесе ұзақ ойдың жиынтық қорытындысы болып келетіні; айтайын дегенін ұштап, ерекшелеп, айқындап көрсету үшін бір-біріне қайшы нәрселерді алыстан әкеліп жанастыратыны дұрыс тұжырымдалған.

Қазақтың мақал-мәтелдері де ғалым Б. Шалабаев тарапынан жеке қарастырылған [130, 282-288 б.]. Негізінен мұнда мақал-мәтелдерге қатысты анықтама берілмесе де, оның ел арасына көп таралғаны, халық даналығының ең құнды мұрасы екендігі тұңғыш айтылады.

Сонымен бірге бұл үлгілердің шаруашылық жағдайдың, қоғамдық құбылыстың, табиғат құбылыстарының, адам баласының әлеуметтік шындығынан туындағаны, онда қалың елдің тіршілігі, талабы да неғұрлым кең көрінетіні дұрыс сараланған.

Сондай-ақ ғалым Б. Шалабаев мақал-мәтелдердің мың жылдар бойы халық жасаған мұрасы десе, онда әр дәуірдің ұрпақтары өз түсінігіне сәйкес түрлі өмір құбылысына өзінше баға беретінін дұрыс

байқаған. Сондай-ақ бұл үлгілерде, қазақ елінің басынан кешкен тарихи кезеңдерінің ізі, сұрлеуі жатқанын дұрыс жазған.

Мақал мен мәтел арасындағы айырмашылық дегенде, ғалым ерекшелік олардың түрінде емес, мазмұны мен тақырыбында екендігін, әр елдің күн көрісі, тіршілігі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы мақал мен мәтел төркініне әсер ететіні дұрыс ажыратқан. Мақал-мәтелдерде ел қамы, береке, тірлік, батырлық т.б. мәселелері дәріптелетіні, мақалда тағлым берерлік, ырғағы бар, тәжірибеде көп қолданылатыны бейнелі, қысқа нақыл сөйлемдер жиі кездесетіні, олардың көлемі біркелкі болмайтыны ескеріледі. Сондай-ақ онда аз сөзбен терең ойды түсінікті түрде кесіп айту ерекшелігі дәл анықталған. Ал, мәтелде жанамалап айтылған көмескі ишара басым болып отыратыны сөз болады. Демек ғалым Б. Шалабаев мәтелдің мақалдан айырмашылығы мағынасы ашық болмай, ишарамен жеткізілетіндігінде, әрі сөйлемнің толымсыз болып келуінде екенін дұрыс байқаған.

Жұмбақ жанрын сараптаған ғалым Әлкей Марғұлан [130,289-297 б.]: «Жұмбақ әрқашан болжал түрінде айтылады. Жұмбақ мереке үстінде туып, көбінесе ойын-сауық, көңіл көтеру орнында қолданылады. Жұмбақ айтушы адамдар оның мазмұнын, көбінесе өзінің істейтін кәсібіне қарай үйлестіріліп, не көрсе, не істесе соны жұмбақ қылатын болған», - деп дұрыс анықтаған [130, 289 б.]. Сондай-ақ ғалым жұмбақтың адамның дүниетану жолындағы ой-өрісінің, қиялының белгілі бір сатысын көрсететін, ой тапқыштығының бір түрі екенін, тіл шеберлігіне ерекше ой бөлген алғыр халық жаратылыста, адам ойында болатын барлық пайдалы затты жұмбақтап айта білгенін дәйектеген.

Жалпы жұмбақтарды ғалым тақырыптың жағынан 5- ке жіктеп көрсеткен: біріншісін - жаратылыс, екіншісін-адам, үшіншісін-жасанды зат, төртіншісін - еңбек, бесіншісін - білім жайында деп белгілеген. Сонымен қатар жұмбақ қысқа түрде мереке, сауық үстінде ғана айтылатыны, бір кезде даналықты, кемеңгерлікті жұмбақпен сынау әр жұрттың салтында да болғаны сөз болады.

Одан әрі мысалдар рет-ретімен беріліп, олардың мазмұны әдебиеттану талаптары тұрғысынан талданған. Мәтін мазмұны көбінесе еңбекші халық тіршілігімен байланыстырылған. Сондай-ақ Қазан төңкерісінен кейінгі пайда болған жұмбақтардың жаңадан жасалып жатқан социалистік құрылыстың жаңалығын дәріптейтініне де назар аударылған.

Ғалым Б. Шалабаев өтірік өлеңдерді жеке жанр ретінде талдайды [130, 297-299 б.]: бұл үлгілердің қазақ халық әдебиетінде

едәуір орын алатыны; өтірік айтылды делінсе де, арғы жағында шындық жататыны, өмір құбылысы мен адамның әрекет, айналасын бейнелеу, көбінесе әсірелеу арқылы іске асатыны, әзіл, сықақ түріндегі өтірік өлеңдердің ескіліктің жағымсыз қылықтарын шенейтін шығармалар тобына да кіретіні, поэтикалық өзгешелігі бастан-аяқ әсірелеу, шендестіру әдісіне негізделетіні т.б.- бәрі әдебиеттану талабы тұрғысынан сөз болады.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында «Тарихи жырларға» арнайы бөлім берілген [130, 300-399 б.]. Бұл бөлімде қазақ халық ауыз әдебиетінің жеке-жеке маңызды жанрлары болып табылатын тарихи жырлар мен тарихи аңыз әңгімелерді жеке-жеке сараптаудың орнына, оларды бір арнада қарастыру Б. Кенжебаев тарапынан орын алған. Бұл сол уақыттағы қазақ фольклортану ғылымының баландығын танытады. Себебі бұл екі жанрдың да негізінде халықтың өмірінде бұрын-соңды болған, саяси-әлеуметтік мәні бар тарихи оқиғалар, тарихта болған көрнекті тұлғалар жөнінде ауызша шығарылған өлең-жырлар, аңыз, әңгімелер т.б. жатады.

Тек осы бір ерекшелігіне қарап, фольклорда өзіндік бір орны бар тарихи жырлар мен тарихи аңыз-әңгімелерді жеке-жеке қарастыру орнына, олардың бір жанр аясында талдануы қате болды. Дегенмен екі жанрдың ортақ ерекшеліктерін тізбектеп саралануы орынды болған. Сол себепті ғалымның халықтың тарих қорытындысы іспетті бұларға өзінің басынан өткен тарихи оқиғасының қай-қайсысы жөнінде болсын, халық өзінің ой-пікірін, көзқарасын білдіреді деуі дұрыс. Одан әрі тарих пен халық ауыз әдебиетінің бір-біріне жәрдемші, бірін-бірі толықтырушы болып келетіні, халық ауыз әдебиеті тарихи оқиғаны тарихи дәлелмен емес, көркем әдебиет тілімен беруде, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырып айту негіз болатыны т.б. бәрі ғалым тарапынан сөз болады.

Бұл бөлімде XVIII-XIX ғасырлардағы Абылай мен Кенесары, ұлт азаттық көтерілістерге, 1916 жылғы көтеріліс оқиғаларына т.б. қатысты туған жырлардың тарихи жырлар қатарына жататыны дұрыс ажыратылған.

Бұл тұста тарихи жырлар мен аңыз әңгімелерден: Абылай, Сырым, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай, Жанқожа, Бекет т.б. тәрізді тарихи тұлғалар қамтылған. Мәселен, Абылай туралы аңыздар дегенде, көбінесе оларды Шоқан Уәлиханов пен Мәшһүр-Жүсіптің жинағаны ескерілуі т.б. – бәрі де әр фольклорлық мәтінді талдағанда, жазылынып алынуға қатысты паспорттық деректері де ескерілгенін байқаймыз. Демек зерттеу жұмыстары барысында түпкі дерек көздерін көрсету тәрізді ғылыми талаптардың орындалуын т.б. сол

тұстағы қазақ фольклортану ғылымының жетістігі ретінде бағалауымыз керек. Сөйтіп бұл кітапта берілген фольклорлық мәтіндердің алдымен қысқаша мазмұны беріледі де, артынан жырда кездесетін тарихи оқиғалардың болған кезі, себебін, тарихи кісілердің аттарын, істерін, тарихи шындыққа жақындығын т.с.с. тарихи деректермен салыстырыла қарастыру жүзеге асқан. Сонымен қатар аңыздар бойында халық арманы, қалауы, тілегі т.б. бірге берілетініне де назар аударылған.

Дегенмен жырлар да, аңыздар да талданғанда, көбінесе әдебиеттану шарттары аясында қаралады. Яғни мәтіннің тақырыбы мен идеясы, қоғамдық қызметі, тілі, стилі, сюжеті, бейнелер жүйесі, көркемдік ерекшеліктері, ондағы көркемдік әдіс мәселелері т.б. әдебиеттану ғылымы талабы тұрғысынан жазылған. Мәселен, «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Наурызбай бейнесіне ғалым Е. Смаилов сипаттама береді: «Жырларда Қасым сотқар, Кенесарыны катал хан, ел басқарушы әмір иесі, биі деп таптық сырын ашып отырса, Наурызбайды бастан-аяқ батыр, жауынгер етіп көрсетеді», - дейді [130, 321 б.]. Демек XX ғасырдың алғашқы жартысында фольклорлық мәтіндерді талдағанда, көбінесе әдебиеттану шарттары орындалуының бірнеше себептері ажыратылды. Біріншісі – қазақ фольклорын, негізінен әдебиетші ғалымдар зерттеді. Екіншісі – олардың арнайы фольклортанушылық білімі болған жоқ. Үшіншісі – сол тұста қазақ фольклортану ғылымы балаң болатын.

Кітаптың соңғы бөлімі «Қазақ совет фольклоры» деп аталады [130, 381-436 б.]. Аты мен заты айтып тұрғандай, бұл көлемді бөлім Кеңес үкіметін дәріптеуге арналған. Соның әсерінен де бұл бөлімде: революциялық күрес, ауылды советтендіру, колхоз, өнеркәсіп өмірі, Кеңестік халық әдебиетіндегі Ленин, Сталин бейнелері, ерлік, Отан соғысы кезеңінің т.с.с. фольклоры деректері орын алған.

Ғалым Е. Смаилов Қазан төңкерісі жаңа дүниенің, жаңа өмірдің басы, оны жаңа қоғамдық өмір туғызған десе, адам баласының ғасырлар бойы арман еткені іс жүзіне асқаны, езілген жұмысшы табы мен шаруалар азат болып, үкімет билігін өз қолына алғаны т.б. – бәрі біржақты, үстірт, теріс бағалау тұрғысынан жазылған.

Осы себепті қазақ совет фольклорының барлық үлгілерінен осы жаңа тақырыпты, жаңа мазмұнды іздестіргені, қарастырғаны т.б. анық. Демек халық ауыз әдебиетінде жаңа тақырып, жаңа мазмұн, қандай жаңа форма, қандай көркемдік мәнерлер тудырғаны, жаңа өлең ырғағы, жаңа ән-күй т.б. мәселелесі көтерілгені сөз болады.

Жалпы бұрын зерттеліп, жазылып көрмеген бұл бөлімнің маркстік-лениндік әдебиеттану ғылымы тұрғысында талданып жазылуы да сол кезең шындығын танытарлық дерек көзі бола алады.

Сөз жоқ, қазіргі қазақ фольклортану ғылымы тұрғысынан қарағанда, фольклордың әрі жиналу, әрі жариялану, әрі зерттелу тарихына қатысты толып жатқан мәселелері толық шешімін тауып, қамтылмағанын атап өтеміз. Бұлай зерттеу ол заманда мүмкін де емес еді. Оның үш себебі бар: бірі – қазақ фольклортану ғылымының енді ғана қалыптаса бастауы; екіншісі – сол кездегі фольклорды зерттеген ғалымдардың арнайы фольклортанушылық білімі болмауы; үшіншісі – Кеңес үкіметі тұсында белең алған «кеңестік идеология» құралдарының, яғни «тап тартысы», «әдебиеттің партиялылығы», «маркстік- лениндік», не «лениндік-сталиндік» ұстанымдар бүкіл ғылым, мәдениет т.б. атаулыға тұсау болып, өзіндік дамуына кедергі жасағаны белгілі.

ҚК(б)П Орталық комитетінің 1947 жылғы 21 январында шыққан қаулысы (Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы) негізінде өзге де көп ғылымдық, саяси қателік, олқылықтармен қатар, Қазақстандағы әдебиеттану ғылымында кеткен идеялық, саясаттық қателіктер қатты сыналды. Әсіресе осы «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы негізсіз қараланды. Бұл өз кезінде сол тұстағы ғылым мен мәдениеттің т.б. дамуына кері әсерін тигізгені анық. Кеткен кемшіліктер қатарында еңбекте: арғы-бергі дәуірлердегі нұсқаларды; белгілі ақындар төңірегіндегі әдебиеттік деректерді бірыңғай мақтай беру, тамашалай, мадақтай сөйлеу, бұрынғының бәріне бас июшілік басымдылығы, жалған патриоттық, керексіз керітартпа романтика, сарыншылдық бар дегенге сайған теріс сыңаржақ сын өріс алды. Ал, бұған қарсы, керісінше, шығарманың қоғамдық-таптық, тарихтың шынын ашудың орнына, шаруашылық жағдайды т.б. Маркс-Ленин жүйесі бойынша айқындау ұсынылғаны белгілі.

Демек сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымы алдында фольклордың не ертегі жанры түрінде, не ол турасында мақала кітап бетінде т.б. талданғанда- бәрінде де Маркс-Ленин жүйесі бойынша: таптық, қоғамдық өнімді мағына туғызатын шығармаларды, керітартпа санасы бар шығармалардан бөліп, айырып, ұғыну міндеті жүктелгені мәлім.

Жалпы халық ауыз әдебиетінің жанры мен түрлерін айта отырып, авторлар ұжымы шығарманың негізгі тақырыптарына, сюжет жүйесі мен кейіпкерлеріне тоқталғанымен поэтикасына аз көңіл бөлген. Шығарманың сюжеті мен оның кейіпкерлерінің мінез-құлқын

талдау басым («Тарихи өлеңдер», «Қазақ совет фольклоры», және «Батырлар жыры»).

Бірінші томның материалдары орасан бай. Материалдарды осындай кең түрде пайдалану бұған дейін жазылған еңбектерде болған емес. Талдауға алынған мәтіндердің көпшілігі идеялық және көркемдігі жағынан жоғары. Оларды фольклордың тәуір үлгілері деп айтуға болады.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың алғашқы жартысының соңына қарай қазақ фольклорының барлық жанрлары жан-жақты, жеке-жеке салаларға бөлініп, әрі кең, әрі терең, әрі академиялық түрде талданды. Бұл еңбекте қазақ фольклорының барлық жанры қамтылған. Оларды авторлар тұңғыш рет тарихи шығу мезгіліне қарай орналастырған- бұл сол кездегі үлкен жаңалық еді. Ең көне деп тұрмыс-салтқа байланысты жанрлар есептеліп, мал шаруашылығына, діни нанымдарға қатыстылары қарастырылған. Басқа елдердің фольклорын зерттеу барысында тек бір әдебиетшілер емес, басқа да салалас ғылымдардың ат салысатыны тәрізді, яғни фольклорлық мәтінді лингвистика, этнография, тарих, географиялық т.б. тұрғыдан қарастыру орын алғаны анық. Әсіресе, қазақ фольклорының: ертегі, салт жырлары, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, тарихи жырлары, айтыс т.б. жанрлары бұл еңбекте тек әдебиеттану тұрғысынан емес, сондай-ақ алғаш рет фольклортану тұрғысынан сарапталуы қазақ фольклортану ғылымының түрлі қыспаққа қарамай даму үстінде болғанын дәлелдейді. Демек фольклорлық мәтіннің жиналу, жариялану тарихына қатысты ғылыми түсініктемелердің берілуі; әр тақырып төңірегінде қарастырылатын әдебиеттер тізімі көрсетілуі; мәтін нұсқаларының сюжеті, кейіпкерлері, олардың іс-әрекеттері, тілі, стилі т.б. жағынан салыстырыла қарастырылуы т.с.с. – бәрі де фольклордың фольклортану тұрғысынан қарастырылғанын танытса, ал әр нұсқаның тақырыптық-идеялық негізі, сюжеті, композициялық құрылысы, бейнелері, көркемдік ерекшеліктері т.б., көбінесе кеңестік жүйе талабына бағындырылып, маркстік-лениндік әдебиеттану талабы тұрғысынан сарапталу да орын алғанын көрсетеді. Ал, еңбектегі қолданылған зерттеу әдістеріне келсек, көбінесе салыстырмалы зерттеу әдісі мен тарихи зерттеу әдісі қатар қолданылғаны ажыратылады. Сондай-ақ фольклордың: әрі фольклортану ғылымының, әрі әдебиеттану ғылымының, әрі лингвистиканың, әрі этнографияның, әрі ономастиканың, әрі география т.б. ғылымдарының дерек көзі ретінде қарастырудың біршама орын алғанын да қазақ фольклортану ғылымының сол кезеңдегі елеулі жетістігі ретінде бағалауымыз керек.

Қорыта келгенде XIX ғасырдағы кейбір жинақтар мен зерттеулер ашық түрде таза отарлық-миссионерлік мақсатты көздеді. Сол үрдіс XX ғасырдың алғашқы ширегінде де байқалады (А. Алекторов, Н. Катанов, Н. Пантусов т.б.). Кеңес кезінде идеологиялық мақсатта болса да, фольклорды зерттеу ісі кең жолға қойылды. Зерттеу ең алдымен оқу-ағарту проблемасына бағынышты болды (мақалалар, оқулықтар мен хрестоматиялар т.б.). 1930-40 жылдары енді жаңағылармен қатар ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер пайда болды. Негізінен, Кеңес фольклористикасында қандай теория басым болғанын айқындағанда, қазақ фольклортану ғылымында, әсіресе, «тарихи мектептің» әсері күшті болғаны анықталады.

1920-1950 жылдар аралығында жазылып, жарыққа шыққан Ә. Диваевтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Әуезовтің, Х. Досмұхамедовтың, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Б. Кенжебаевтың, Ә. Марғұланның, Ә. Қоңыратбаевтың, т.б. еңбектерінде жасалған фольклористік талдаулары профессионалды болды. Олардың еңбектерінің ұтымды жақтары да, кемшіліктері де болды. Мәселен, фольклорлық шығарманы әдебиет деп ұғу, оны әдебиет талаптарымен талдау, фольклорлық кейіпкерді әдеби кейіпкер ретінде талдау, т.т. Жалпы алғанда, XX ғасырдың бірінші жартысында жазылған бұл еңбектер қазақ фольклортану ғылымының дамуына ерекше үлес қосқаны күмәнсіз.

Теориялық сұрақтар

1. Фольклортану ғылымы нені зерттейді?
2. «Фольклор» ұғымының «жазба әдебиеті», «ауыз әдебиеті» ұғымдарынан айырмашылығы неде?
3. Фольклордың ауызекі сипаты, халықтығы, көпнұсқалылығы, синкреттілігі, тарихилығы, дәстүрлілігі, ұлттық сипаты т.с.с. жайында не білесіз?
4. Әлемдік фольклортану ғылымында фольклорды жинаудың қалыптасқан қандай тәсілдері бар?
5. Фольклорды тікелей жинау дегеніміз не?
6. Фольклорды тұрғылықты жинаудың өзіндік ерекшелігі неде?
7. Фольклорды экспедициялық тәсіл арқылы жинаудың өзіндік артықшылығын анықта?
8. Фольклорды жинаудың: күнделік, жолжазба, конспект, қолжазбалар мен кітаптардан көшіру т.с.с. әдістердің ерекшелігі неде?
9. Кеңес үкіметі тұсында есімі аталуына тыйым салынған М. Ж. Көпеев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедовтардың еңбектерінің енді-енді ғылыми айналымға ене бастауының себебі неде?
10. Фольклортану ғылымының зертеу аспектілері жайында не білесіз?
11. Фольклорды жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарын қалай түсінесіз?
12. Қазақ фольклорын жинау ерекшеліктері.
13. Халық ауыз әдебиетінің түрлері (тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, ертегілер, эпостық жырлар, айтыс, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтар т.б.) жайында не білесіз?
14. Фольклор үлгілерін өзара ажыратудың талаптарын ата?
15. Фольклор үлгілерін жинаудың өзіндік талаптары қандай?
16. Мәтін паспорты дегеніміз не?
17. Фольклорлық мәтінді қағазға түсірудің алғышарттарын ата?
18. Мәтінді қағазға сөзбе-сөз түсірудің маңыздылығы неде?
19. Үлгіні ел арасынан жинағанда кімнен, қашан, қалай т.с.с. алғандығы турасында деректерді келтіру не үшін қажет?
20. Бір мәтіннің ел арасынан бірнеше нұсқасын жинаудың маңыздылығы неде?

21. Шығыс және қазақ фольклоры байланысы.
22. Фольклордың тарихилығы.
23. Фольклордың типологиясы.
24. Фольклор және фольклористика ғылымының мәні.
25. Фольклор және эстетика.
26. Фольклористиканың басқа да ғылымдар саласымен байланысы.
27. Фольклордағы көне көзқарастар.
28. Әдет-салттар және көркемдік ұғымдардың фольклордағы белгілері.

Тапсырмалар

1. Фольклортанушы ғалымдардың еңбектерін ата?
2. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымын дамытқан ғалымдарды ата?
3. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Алматы, 1948) атты ұжымдық еңбектің мәні неде?
4. «Қазақ фольклористикасының тарихы» (Алматы, 1988) атты ұжымдық монографияның маңызы неде?
5. Белгілі фольклортанушы ғалымдар: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеевтердің өмірі мен қызметіне шолу жаса?
6. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымының жай-жапсарына, оның салдарының даму барысына, фольклортану ғылымының қандай межелерге жеткеніне, нендей мақсаттар қойып, қандай проблемаларды қандай дәрежеде шешкеніне т.с.с. назар аудар?
7. Жарты ғасыр ішінде қазақ фольклоры қалай жиналды деген мәселеге көңіл бөліңіз?
8. Халықтық мұраларды кімдердің қашан, кімдерден, қалай т.с.с. алғандығын анықта?
9. Әр кезде, түрлі нұсқада жарияланған фольклорлық үлгілерді өзара салыстырып сипатта?
10. Белгілі ғалымдар: Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, С. Мұқановтардың ел арасынан жинаған фольклор үлгілерінің қашан, кімдерден алынып, қай мөлшерде екенін анықта?
11. Жиналған фольклорлық мәтіндердің қандай жиналу тәсілдері, әдістері т.с.с. арқылы қағаз бетіне түскенін анықта?

12. Фольклорлық мәтіндердегі паспорттық деректердің т.б. қаншалықты сақталғандығын сарапта?

13. XX ғасырдың бірінші жартысында жиналған халықтық мұраларды дәйектей келе, жалпы олардың қазақ фольклортану ғылымында алатын орнын айқында?

14. Қарастырып отырған кезеңдегі қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу, даму тарихын, жеткен белестері мен жіберген олқылықтарын, жалпы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықта?

15. Тарихи салыстырмалы және аналитикалық зерттеу әдістерінің ерекшеліктері неде?

16. Фольклорлық мәтіндері текстологиялық жағынан салыстырудың маңызы неде?

17. Көп уақытқа дейін «жабық» болып келген: М. Ж. Көпеев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы сияқты алыптарымыздың ұлттық фольклорды жинау әдістеріне тоқтал.

Реферат тақырыптары

1. Г. Н. Потанин – фольклортанушы ғалым.
2. Ә. Диваев – фольклортанушы ғалым.
3. Ш. Уәлиханов – фольклортанушы ғалым.
4. В. В. Радлов – фольклортанушы ғалым.
5. М. Ж. Көпейұлы – фольклортанушы ғалым.
6. Ә. Бөкейханов – фольклортанушы ғалым.
7. А. Байтұрсынов – фольклортанушы ғалым.
8. Х. Досмұхамедұлы – фольклортанушы ғалым.
9. М. Әуезов – фольклортанушы ғалым.
10. С. Сейфуллин – фольклортанушы ғалым.
11. С. Мұқанов – фольклортанушы ғалым.
12. Б. Кенжебаев – фольклортанушы ғалым.
13. Ә. Смайылов – фольклортанушы ғалым.
14. Ә. Марғұлан – фольклортанушы ғалым.
15. XIX-XX ғасыр басындағы қазақ фольклорының жиналу жағдайы.
16. Қазақ фольклорын жинаудың ерекшеліктері.
17. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ фольклорын жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттары.
18. Кеңес дәуірінде фольклорды жинаудың шарттары мен түрлері.

19. Фольклорды жинау тәсілдері.
20. Фольклорты тікелей жинау тәсілі.
21. Фольклорты тұрғылықты түрде жинау тәсілі.
22. А. Е. Алекторов – фольклортанушы ғалым.
23. А. Затаевич – фольклортанушы ғалым.
24. Н. Н. Пантусов – фольклортанушы ғалым.
25. Л. Соболев – фольклортанушы ғалым.
26. Ә. Қоңыратбаев – фольклортанушы ғалым.
27. Н. С. Смирнова – фольклортанушы ғалым.
28. Баспасөз бетіндегі қазақ фольклоры
29. Фольклорды экспедиция тәсілі арқылы жинау.
30. Фольклор (ерекшеліктері, жиналуы, жариялануы, зерттелуі).
31. «Фольклор», «ауыз әдебиеті», «жазба әдебиеті» ұғымдары, ерекшеліктері.
32. Фольклор мен жазба әдебиетінің байланысы.
33. Фольклор және фольклортану ғылымы.
34. Шығыс және қазақ фольклоры.
35. Фольклордың түрлері, ерекшеліктері.

Тест

1-нұсқа

1. 1864 жылы «Современник» журналында жарияланған К. Губаревтің «Қазақ даласы» мақаласы кімге арналған ?

- А) Ш. Уәлихановқа
- В) Ә. Диваевқа
- С) Н. Ф. Катановқа
- Д) М. П. Бекимовқа
- Е) М. Ж. Көпейұлына

2. Н. П. Рычковтың «Күнделіктерінде» халық ауыз әдебиетінің қай үлгілерінен мысал келтірілген?

- А) жоқтау өлендерінен
- В) ертегілерден
- С) аңыз-әпсаналардан
- Д) жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерден
- Е) айтыстардан

3. 1859 жылы Алматыдан Ыстықкөлге барған әскери саяхатшы А. Голубевтің жазбаларында кездесетін аңыздарды атаңыз.

- A) «Ақсақ құлан», «Жеті қарақшы»
- B) «Большая медведица», «Үркер»
- C) «Кірпік шешен », «Көртышқан»
- D) «Боғда тауы мен Басқұншақ көлі туралы аңыздар»
- E) «Нұх кемесі», «Лұхман хакім»

4. Орыс Географиялық қоғамының құрылуы патша үкіметінің отаршылдық саясатымен байланысты деген пікірді айтқан ғалым

- A) М. К. Азадовский
- B) Н. С. Смирнова
- C) А. В. Алекторов
- D) П. С. Паллас
- E) И. Георги

5. XX ғасырдың басында халық ауыз әдебиетін жазба әдебиеттен бөліп қарастырған ғалым

- A) А. Н. Белослюдов
- B) Ә. Марғұлан
- C) Ш. Шөкин
- D) М. Гумелев
- E) Қ. Яссауи

6. Н. Пантусовтың қазақ фольклоры туралы зерттеулеріне алғысөз жазып, бастырып шығаруға көмектескен ғалым:

- A) Н. Ф. Катанов
- B) М. Әуезов
- C) Ә. Бөкейханов
- D) С. Торайғыров
- E) Ә. Диваев

7. «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жырын қағаз бетіне түсірген кім?

- A) Махмұдсұлтан Тұяқбайұлы
- B) С. Торайғыров
- C) Қ. Жұмалиев
- D) В. Радлов
- E) Ж. Баласағұн

8. Ә. Бөкейхановтың «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты сыни-мақаласы неше бөлімнен тұрады?

- A) 7
- B) 6
- C) 5
- D) 4
- E) 3

9. Қазақтың белгілі тілтанушысы Қ. Жұбанов 1936 жылғы еңбегінде («Из истории порядка слов в казахском предложении») қазақ тілінің сөз тіркесін зерттеу үшін мысал ретінде фольклордың қай жанрын қолданған?

- A) айтысты
- B) мақал-мәтелдерді
- C) ертегіні
- D) аңызды
- E) батырлар жырын

10. Академик В. В. Радловтың 11 томнан тұратын кітабы қалай аталады?

- A) «Түрік рулары ауыз әдебиетінің нұсқалары»
- B) «Қазақ халық әдебиеті»
- C) «Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары»
- D) «Әдебиет танытқыш»
- E) «Әдебиет тарихы»

11. В. В. Радловтың «Түрік рулары ауыз әдебиетінің нұсқалары» атты кітабының нешінші томы қазақ фольклорына арналған?

- A) 3 (1870 ж.)
- B) 4 (1871 ж.)
- C) 5 (1872 ж.)
- D) 6 (1873 ж.)
- E) 7 (1874 ж.)

12. Б. Кенжебаев тұрмыс-салт жырларын қалай жіктейді?

- A) дін-салт, үйлену-салт, мұң-шер, мал шаруашылық туралы өлеңдер
- B) мұң-шер өлеңдер, тарихи жырлар, батырлар жыры
- C) тұрмыс-салт жырлары, халық жырлары, дін-салт өлеңдер

D) үйлену-салт, мал шаруашылық туралы өлеңдер, батырлар жыры

E) тарихи жырлар, батырлар жыры, махаббат жырлар

13. Дін салты өлеңдері, үйлену салт өлеңдері, мұң-шер өлеңдері алғаш рет М. Әуезовтің қай кітабында қарастырылды?

A) «Әдебиет тарихы»

B) «Әдебиет танытқыш»

C) «Тіл-құрал»

D) «Қазақ әдебиеті»

E) «Халық ауыз әдебиеті»

14. «Бұның көбі арнаулы салтты орындау ретінде айтылатын фольклор үлгілері болады. Салттардың біреуі шаруа кәсіпті айтса, бірі діндік нанымды айтса, бірі қуаныш, сауық кездерінде айтылады. Тағы біреулері қайғы, қаза, мұң-уайым үстінде айтылады». Бұл кімнің және қай өлең түріне берген анықтамасы?

A) Б. Кенжебаевтің салт өлеңдеріне

B) В. В. Радловтың қазақ халық ауыз әдебиетіне

C) М. Әуезовтің үйлену-салт өлеңдеріне

D) С. Сейфуллиннің мал шаруашылық туралы өлеңдеріне

E) Б. Шалабаевтің өтірік өлеңдеріне

15.Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» атты еңбегі қай жылы жарық көрді?

A) 1861жылы

B) 1858 жылы

C) 1873 жылы

D) 1864 жылы

E) 1859 жылы

16. 1900 жылы Қазан қаласында жарық көрген белгілі ғалым А. В. Алекторовтың еңбегін көрсетіңіз

A) «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах»

B) «Эпос и фольклор казахского народа»

C) «Материалы к изучению киргизского народнога эпоса»

D) «Устное поэтическое творчество казахского народа»

E) «Образцы киргизской народной словестности»

17. А. В. Алекторовтың көрсеткішінде фольклор жанрларының қай түріне көп мән берілген?

- A) аңыз бен ертегілерге
- B) тұрмыс – салт жырларына
- C) жыр – дастандар мен қиссаларға
- D) ұсақ жанрларға
- E) айтыстарға

18. П. П. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (1894) атты кітабы қай қалада жарық көрді?

- A) Санкт-Петербургта
- B) Орынборда
- C) Мәскеуде
- D) Қазанда
- E) Ташкентте

19. А. В. Васильевтің «Образцы киргизской народной словесности» атты жинағы халық ауыз әдебиеті үлгілерінің қай түріне арналған?

- A) жұмбақтарға
- B) ертегілерге
- C) жырларға
- D) тұрмыс-салт жырларына
- E) мақал-мәтелдерге

20. А. В. Васильев жинағына енген жұмбақтар қай жерде жиналған?

- A) Сыр елінен
- B) Жетісу өңірінен
- C) Батыс және Оңтүстік Қазақстаннан
- D) Торғай жерінен
- E) Бетпақдаладан

21. А. В. Васильев кітабында қазақ жұмбақтарын қандай топтарға жіктейді?

- A) физикалық өмір құбылыстарына; хайуанаттарға, адам мен оның тұрмыс-тіршілігі, қоршаған ортасына арналған жұмбақтар
- B) діни және адам мен оның тұрмысына арналған жұмбақтар
- C) қыз бен жігіт арасындағы жұмбақ, діни жұмбақ, әдет-ғұрыпқа байланысты жұмбақтар
- D) сыртқы пішіні қарапайым жұмбақ және шумақ түріндегі жұмбақ

Е) халықтық жұмбақтар және авторлық жұмбақтар

22. «Өзінің тірлік серігі мал жөніндегі өлеңдерінде бақташы адам өз мұңын малға мұңдатады. Өзінің аталық-аналық мейірімін мал тілімен айтқызады, өмір тартысындағы төзімділіктің қажетін де әр малдың анық еңбекшіге сүйенетінін мал тілімен аңғартады» - деген пікір қай ғалымдікі?

- А) Б. Кенжебаев
- В) Х. Досмұхамедов
- С) В. В. Радлов
- Д) Г. Н. Потанин
- Е) Ә. Диваев

23. Б. Кенжебаев діни-салт өлеңдерінің қандай ерекшеліктерін атап көрсетеді?

- А) айға, күнге, жұлдызға табыну
- В) Ұмай анаға табыну
- С) тұмарға табыну
- Д) отқа табыну
- Е) Аллаға табыну

24. Б. Кенжебаевтың пікірінше дін салты жайындағы өлең-жырларға қандай өлеңдер жатады?

- А) жарапазан жырлары, бақсы сарындары, бәдік айту, арбау
- В) тарихи жырлар, бата, жалбарынулар
- С) батырлар жыры, айтыс, дұға оқу, арбау
- Д) наурыз туралы жырлар, махаббат туралы жырлар
- Е) аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар, батырлар жыры

25. Наурыз туралы жырлар қай жыр түріне жатқызылып, қазір өз алдына жеке қарастырылады?

- А) ұлыс жыры
- В) тұрмыс-салт жыры
- С) батырлар жыры
- Д) жарапазан жыры
- Е) тарихи жырлар

26. Б. Кенжебаевтың пайымдауынша, монғол тілінде бақсы сөзі қандай мағынаны білдірген?

- А) оқытушы, ұстаз
- В) бала, оқушы

- C) балгер, мұғалім
- D) құмалақ салушы
- E) емші, дәрігер

27. М. П. Бекимовтың қазақ эпосы туралы зерттеуіне алғысөз жазып баспадан шығаруға көмектескен ғалым:

- A) Н. Ф. Катанов
- B) Ш. Сарыбаев
- C) С. Аманжолов
- D) Ә. Марғұлан
- E) Ә. Бөкейханов

28. М. Әуезов пен Л. Соболев халық ауыз әдебиетін неше жанрға бөлген?

- A) 6
- B) 5
- C) 4
- D) 3
- E) 2

29. М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ эпосын іштей қалай бөлген?

- A) батырлар жыры, ғашықтық жырлары, тарихи жырлар
- B) аңыз, ертегі, мақал-мәтел
- C) айтыс өлеңдері, поэзияның шағын түрлері, тарихи жырлар
- D) мұң-шер өлеңдері, үйлену-салт жырлары
- E) сыңсу, естірту, ғашықтық жырлары

30. Ә.Диваевтың қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу қызметі қай кезден басталады?

- A) XIX ғасырдың II жартысында
- B) XIX ғасырдың I жартысында
- C) XIX ғасырдың ортасында
- D) XX ғасырдың басында
- E) XX ғасырдың соңында

2-нұсқа

1. Б. Кенжебаевтың пайымдауынша, монғол тілінде бақсы сөзі қандай мағынаны білдірген?

- A) оқытушы, ұстаз

- В) бала, оқушы
- С) балгер, мұғалім
- Д) құмалақ салушы
- Е) емші, дәрігер

2. Бәдік өлеңі қандай мақсатта қолданылады?

А) адамның, малдың бойынан кеселді бездіру, ауруды жазып алу мақсатында

- В) мереке, той күндерінде айтылатын өлең
- С) Аллаға, тәңірге жалбарыну мақсатында
- Д) береке, бірлік, жаңбыр шақыру мақсатында
- Е) өсиет, өнеге, нақыл сөз мақсатында

3. Адамды, малды-жылан, қарақұрт, шаян т.б. тәрізді улы жәндіктер шаққанда айтылатын тақпақ өлеңдер қалай аталады?

- А) арбау, оқу, байлау сөздер
- В) бәдік өлеңі
- С) өтірік өлеңдер
- Д) жоқтау, естірту
- Е) тойбастар, жар-жар, беташар

4. Б. Кенжебаевтың пікірінше жарапазан салт бойынша қай кезде айтылады?

- А) ораза айында түнде
- В) қадір түні кезінде
- С) айт кезінде
- Д) намаз оқығанда
- Е) підір-садақа беру кезінде

5. Б. Кенжебаев үйлену салт өлеңдерін қалай бөлген?

- А) жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар
- В) әдет, салт, естірту
- С) қоштасу, көңіл айту, жоқтау, естірту
- Д) бақсы сарыны, бәдік, арбау, жарапазан
- Е) тойбастар, жоқтау, қоштасу, жалбарыну

6. Келін түскенде айтылатын өсиет өлең қалай аталады?

- А) беташар
- В) тойбастар
- С) жар-жар
- Д) сыңсу

Е) жұбату

7. « ... кешкі мезгілде киіз үйге жиналған көп адамның алдында орындайды. Сонан жыр айтуды таң атқанға дейін созып, жалғасын келесі кеште қайтадан бастайды»,- деп батырлар жырына анықтама берген қай ғалым:

- А) Ә. Диваев
- В) В. Радлов
- С) И. Чеканский
- Д) Ә. Бөкейханов
- Е) М. Әуезов

8. « Мақаланың авторы қазақ тұрмысын, мәдениетін, әсіресе фольклорын жетік білетін және орыс әдебиеті мен мәдениетін жақсы меңгерген адам ретінде «Қобыланды батырдағы» әйелдер тұлғасын өзінен бұрынғы авторлардан өзгеше талдаған,-деп Ә. Бөкейхановтың зерттеушілік қызметіне жоғары баға берген ғалым:

- А) С. Қасқабасов
- В) В. Сидельников
- С) Ә. Диваев
- Д) Д. Қамзабекұлы
- Е) Қ. Жұбанов

9. М. Әуезовтың «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегі орыстың қай ғалымымен бірлесе жазылған?

- А) Л. Соболевпен
- В) Н. Шебалинмен
- С) А. Фроловпен
- Д) Н. Катановпен

10. «Айқап» журналында жарияланған «Алпамыс» жырында кездесетін ертегіге тән мифтік белгілер, образдар жүйесі туралы мақала авторы:

- А) С. Торайғыров
- В) Ә. Диваев
- С) И. Чеканский
- Д) Д. Қамзабекұлы
- Е) М. Әуезов

11. «Айқап» журналындағы қай жырды С.Торайғыров ел аузынан жазып алған еді?

- A) «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр»
- B) «Ер Тарғын»
- C) «Алпамыс»
- D) «Едіге»
- E) «Қозы Көрпеш –Баян сұлу»

12. Н. Н. Пантусов жариялаған жинақтардың мақсаты

- A) қазақ тілінің ерекшеліктерін қарастыру
- B) халықтық шығармаларды жинақтау, жүйелеу
- C) қазақтар арасында орыстандыру саясатын жүргізу
- D) қазақ халқына орыс тілін үйрену жолын көрсету
- E) қазақ халқының әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, жалпы мәдениетін зерттеу

13. Н. Н. Пантусовтың 1909жылы жарық көрген хрестоматиясын атаңыз

- A) «Образцы киргизской народной литературы»
- B) «Несколько вопросов по сравнительному изучению животного и мифического эпоса у народов севера Сибири»
- C) «Образцы народной литературы северных тюркских племен»
- D) «Гора Богда и озера Васкунчакское»
- E) «Киргизская хрестоматия»

14. Н. Н. Пантусов жинағында қамтылған қазақ ертегілері

- A) «Шығайбай мен Алдар көсе», «Момынбай мен жеті қаракшы»
- B) «Айтыс », « Емші мен қасқыр »
- C) «Алдар көсе», «Қожанасыр»
- D) «Үш мерген», «Екі ағайынды »
- E) «Тазша», «Үркер»

15. А. Е. Алекторовтың 1907жылы басылым көрген «Қазақ хрестоматиясында» қанша мәтін жинақталған?

- A) 100
- B) 62
- C) 96
- D) 58
- E) 76

16. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын зерттеу қай жылдардан бастау алады?

- A) 1920-шы жылдардан
- B) 1930-шы жылдардан
- C) 1940-шы жылдардан
- D) 1950-шы жылдардан
- E) XIX ғ. II жартысы

17. Б. Кенжебаев мұң-шер өлеңдерін қалай жіктеген?

- A) қоштасу, естірту, көңіл айту, жоқтау
- B) жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар
- C) бақсы сарыны, бәдік, арбау, жарапазан
- D) өтірік өлеңдер, нақыл сөздер, өсиет сөздер
- E) жалбарыну, естірту, арбау

18. Дүние жүзінің фольклористері қолданып отырған бір классификацияны қай фольклортанушы жасады?

- A) Антти Аарне
- B) Г. Н. Потанин
- C) З. Фрейд
- D) В. В. Радлов
- E) Ж. Арнольд

19. Ғалым М. Әуезов тұрмыс-салт ертегілерін қандай ертегілер қатарына жатқызады?

- A) шыншыл ертегілер
- B) қиял-ғажайып ертегілер
- C) хайуанат жайындағы ертегілер
- D) аңыз ертегілер
- E) күлдіргі ертегілер

20. Батырлар жырын халық ауыз әдебиеті ішіндегі ең көбі, көлемдісі, мол мазмұнды, көркемінің бірі деп атап көрсеткен қай ғалым?

- A) Қ. Жұмалиев
- B) М. Әуезов
- C) Х. Досмұхамедов
- D) С. А. Қасқабасов
- E) Б. Уахатов

21. Қ. Жұмалиев қандай батырлар жырын жан-жақты зерттеген?

- A) «Алпамыс», «Қамбар», «Қарасай-Қази»
- B) «Қабанбай батыр», «Ер Тарғын»
- C) «Бекет батыр», «Мырза Едіге», «Қамбар»
- D) «Қаншайым», «Шора батыр», «Ер Көкше»
- E) «Орақ-Мамай», «Себен», «Кенесары-Наурызбай»

22. Қазақ, ұйғыр, монғол және Сібір, Алтайдағы түркі тілдес халықтардың поэзиясындағы жақындықты анықтаған ғалым

- A) Г. Н. Потанин
- B) В. В. Радлов
- C) П. М. Мелиоранский
- D) А. В. Васильев
- E) И. Н. Березин

23. Сәбит Мұқановтың «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай» деген мақаласы қай журналда жарияланды?

- A) «Қызыл Қазақстан»
- B) «Еңбекші қазақ»
- C) «Жұлдыз»
- D) «Социалистік Қазақстан»
- E) «Жалын»

24. Қазақ халық ауыз әдебиеті тарихын зерттеуге ерекше көңіл бөлген ғалым:

- A) М. Әуезов
- B) Ә. Диваев
- C) С. Мұқанов
- D) Н. Смирнова
- E) А. Байтұрсынов

25. М. Әуезовтің 1922 жылы жарық көрген зерттеу еңбегін атаңыз

- A) «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»
- B) «Қобыланды батыр»
- C) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- D) «Халық ауыз әдебиеті»
- E) «Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті»

26. М. Әуезов «Қобыланды батыр» жырын қай ғасыр туындысы деп есептейді?

- A) XVII ғ
- B) XVIII ғ
- C) XVI ғ
- D) XV ғ
- E) XIV ғ

27. М. Әуезовтың «Қобыланды батыр» деп аталатын көлемді зерттеу мақаласы қай журналда жарық көрген?

- A) «Таң»
- B) «Темірқазық»
- C) «Айқап»
- D) «Үміт»
- E) «Қазақ»

28. Қазақ фольклортану ғылымы өз алдына дербес ғылым ретінде қашан қалыптасты?

- A) Қазан төңкерісінен кейін
- B) Ақпан революциясынан кейін
- C) азаматтық соғыстан соң
- D) Ұлы Отан соғысынан кейін
- E) ұлт-азаттық көтерілістен соң

29. М. Әуезов пен Л. Соболев өз еңбектерінде фольклорлық кейіпкерлерді қалай атаған?

- A) әдеби образ
- B) лирикалық қаһарман
- C) көркем бейне
- D) прототип
- E) авторлық бейне

30. И. А. Чеканский өз зерттеуінде «Қозы Көрпешті» қай жырдың алғашқы негізі деп көрсетеді?

- A) «Алпамыстың»
- B) «Қобыландының»
- C) «Ер Тарғынның»
- D) «Ер Сайынның»
- E) «Едігенің»

3-нұсқа

1. Ә. Бөкейхановтың наурыз айы туралы жазған мақаласы қалай аталады?

- A) «Жаңа жыл»
- B) «Ұлыстың ұлы күні»
- C) «Әз Наурыз»
- D) «Ұлттық мейрам»
- E) «Армысың, Наурыз!»

2. «Қобыланды батыр» жыры неше буынды болып келеді?

- A) 7-8
- B) 5-6
- C) 11
- D) 12
- E) 10

3. Фольклорға тән емес ерекшелікті көрсетіңіз?

- A) авторы болуы
- B) ауызша таралуы
- C) көп нұсқалылық
- D) дәстүрлік синкреттілік
- E) ауызша формада тууы

4. Мұң-шер өлеңдерін көрсетіңіз?

- A) қоштасу, естірту, жоқтау
- B) сыңсу, жар-жар, беташар
- C) ғашықтың жыры, айтыс
- D) сыңсу, жарапазан
- E) жұмбақ, мақал-мәтел

5. М. Әуезовтың «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегін аударған белгілі қазақ сыншысы:

- A) А. Нұркатов
- B) Қ. Шаңғытбаев
- C) І. Ахметов
- D) Қ. Жұмалиев
- E) Б. Кенжебаев

6. «Халық тарихын, әдебиет тәтіріптен жазып шығаруға әдебиет тарихының деректері керек. Болған тиісті мағлұматтар,

біраз ескі мағлұматтар,біраз тарихи әдебиет деректері қазір қазақ университеті қармағында бар..» үзіндісі қай мақаладан алынған?

- A) С. Сейфуллин «Қазақ әдебиеті туралы хат»
- B) М. Әуезов «Халық ауыз әдебиеті туралы»
- C) Б. Кенжебаев «Абай өлеңдерінің 1923 жылғы басылуы туралы»
- D) С. Мұқанов «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай»
- E) А. Байтұрсынов «Салт өлеңдері»

7. 1930жылдары С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезов т.б. көтерген мәселелер:

- A) халықтың тіл байлығын, сөз саптау мәнерін; фольклордағы сюжеттер, фольклорлық образдарды пайдалану, т.б.
- B) қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихы, тегі, түркі халықтар әдебиетімен түбі бірлігіне, т.б.
- C) халық ауыз әдебиетінің халықтығына, партиялығына және таптығына
- D) халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жариялау
- E) фольклор үлгілерін жанрларға жіктеу

8. С. Мұқановтың 1931 жылы жариялаған «Қазақтың пролетариаттық әдебиеті туралы» зерттеуінде айтылатын ой

- A) Социалистік жаңа заманды, екпінді құрылыстар, адамдардың еңбегін шабыттана жырлау үшін қазақ ауыз әдебиетіндегі «жыр» өлшемін ұсынады
- B) Қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу, бағалау мәселелеріне көңіл бөлуді ұсынады
- C) Ескі мәдени мұраның бәрін «халықтық» деп жарияламай, тек олардың ішінен ең асылдарын, идеялық және көркемдік сапасы жоғарыларын тек еңбекші таптың мүддесіне сай келетіндерін ғана таңдап алу мәселесін ұсынады
- D) Идеология майданында таптық күрес, фольклордың тарихи және оның қоғамдағы рөлі жайында
- E) Қазақ фольклорының әртүрлі жанрларының өзіндік жеке ерекшеліктерін ажырату,саралау, сараптау т.б.

9. 1925 жылы жарық көрген «Қобыланды батыр» еңбегінің авторын атаңыз

- A) М. Әуезов
- B) С. Мұқанов
- C) А. Байтұрсынов

- D) X. Досмұхамедұлы
- E) С. Сейфуллин

10. Фольклорға «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиеті, яки анайы әдебиет деп аталады» деп анықтама берген ғалым

- A) А. Байтұрсынов
- B) М. Әуезов
- C) З. Ахметов
- D) X. Досмұхемедов
- E) Ә. Диваев

11. С. Сейфуллиннің қай еңбегінде «Қобыланды батыр» жырының 6 нұсқасы берілді?

- A) «Қазақ әдебиеті»
- B) «Әдебиет танытқыш»
- C) «Әдебиет тарихы»
- D) «Қазақ фольклорының тарихы»
- E) «Тіл тағылымы»

12. С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» деген еңбегінде қай жыраулардың нұсқалары берілген?

- A) Марабай, Мергенбай жыраулардың
- B) Бұхар, Сыпыра жыраулардың
- C) Жорықбай, Оңғар жыраулардың
- D) Жиенбай, Тұрымбет жыраулардың
- E) Төремұрат, Ақтамберді жыраулардың

13. С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» деген еңбегінде «Ер Сайын» жырының 1923 ж. Мәскеуден шыққан нұсқасы сөз болғанда қандай кемшілік байқалады?

- A) жырды шығарушы А. Байтұрсынов есімі көрсетілмейді
- B) жырдың сюжетіне мән берілмейді
- C) жырдың қызметтік мәні көрсетілмейді
- D) жырдың мазмұны дұрыс берілмейді
- E) жырдағы кейіпкерлер бейнелері дұрыс сараланбайды

14. Ғашықтық жырлардағы шығыстан келген сюжеттердің бір қатары қандай үлгілерден алынған?

- A) «Мың бір түннен»
- B) «Ләйлі-Мәжнүннен»
- C) «Тотынамадан»
- D) «Қыз Жібектен»
- E) «Қозы Көрпеш-Баян сұлудан»

15. 1812ж. Қазанда башқұрт тілінде басылған ғашықтық жыр қалай аталады?

- A) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»
- B) «Наурызбай-Қаншайым»
- C) «Айман-Шолпан»
- D) «Қыз Жібек»
- E) «Мың бір түн»

16. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінің нешінші тарауы ауыз әдебиетке арналған

- A) 15
- B) 3
- C) 5
- D) 7
- E) 9

17. А. Байтұрсынов теңеуді аңдату үшін дайын мәтін көзі есебінде қай жырдан үзінді келтірген?

- A) «Ер Тарғын»
- B) «Ер Сайын»
- C) «Қобыланды батыр»
- D) «Айман-Шолпан»
- E) «Алпамыс батыр»

18. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі қай жылы жарық көрді?

- A) 1926 жылы
- B) 1925 жылы
- C) 1924 жылы
- D) 1923 жылы
- E) 1922 жылы

19. «...өткеннен дерек беретін сөздің түрі» А. Байтұрсынов халық ауыз әдебиеті үлгілерінің қайсысына анықтама берген?

- A) шежіре

- В) тарихи жыр
- С) ертегі
- Д) әпсана
- Е) хикаят

20. Шежіредегі мифтік сипатты алғаш ашып берген фольклорист-ғалым

- А) С. Қасқабасов
- В) Е. Тұрсынов
- С) А. Байтұрсынов
- Д) Ә. Диваев
- Е) Ә. Марғұлан

21. Ә. Бөкейханов қай фольклортанушы ғалымға арнап 1913 жылы «Қазақ» газетінде мақала жариялаған?

- А) Г. Н. Потанин
- В) Ш. Ш. Уәлиханов
- С) В.В.Радлов
- Д) В. М. Сидельников
- Е) Ә. Диваев

22. Қазақ халқының батырлық эпосының ішіндегі ең көлемдісі:

- А) «Қобыланды батыр»
- В) «Алпамыс»
- С) «Едіге»
- Д) «Айман-Шолпан»
- Е) «Ер Сайын»

23. Орыс фольклортану ғылымы қай ғасырда пайда болды?

- А) ХҮІІІ ғ
- В) ХІХ ғ
- С) ХХ ғ
- Д) ХҮІІ ғ
- Е) ХҮІ ғ

24. «Тарихи мектеп» теориясының негізін қалаған кім?

- А) В. Ф. Миллер
- В) В. В. Радлов
- С) А. Е. Алекторов
- Д) Я. Лютш

Е) М. В. Готовицкий

25. «Қара Қыпшақ Қобыланды» атты Ә. Бөкейхановтың сыни-мақаласы Абайдың қай өлеңімен басталады?

- А) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»
- В) «Ғылым таппай мақтанба»
- С) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»
- Д) «Көзімнің қарасы»
- Е) «Айттым сәлем, қаламқас»

26. С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» деген еңбегінде ғашықтық жырларда тұрмыс-салт өлеңдерінің қандай түрлері кездесетіні туралы айтылады?

- А) қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу
- В) жар-жар, сыңсу, беташар, жұбату
- С) жарапазан, жалбарыну, арбау
- Д) бәдік айту, тойбастар, сыңсу
- Е) жоқтау, арбау, бәдік айту

27. «Айтыс өлеңдері, қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атауы - айтысу, тартысу, дауласу, сынасу мағынасында қолданылады» деп айтысқа анықтама берген қай ғалым?

- А) М. Әуезов
- В) С. Сейфуллин
- С) С. Мұқанов
- Д) Х. Досмұхамедов
- Е) Б. Уахатов

28. М. Әуезов «Қазақ әдебиеті тарихы» деген еңбегінде айтысты қалай жіктеген?

- А) әдет-салт айтысы, ақындар айтысы
- В) өлі мен тірінің айтысы
- С) қала мен дала айтысы
- Д) бәдік айтысы мен ақындар айтысы
- Е) түре мен сүре айтысы

29. Ақындар айтысына түре мен сүре айтысы жатқызылса, әдет-салт айтысына қандай айтыстар жатқызылады?

- А) жар-жар, бәдік айтысы
- В) жұмбақ, дін айтысы

- C) ғашықтық айтыс, өтірік айтыс
- D) жануар мен адам айтысы
- E) жануар мен жануар айтысы

30. М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбегінің айтыс бөлімінде «совет ақындарының айтысы» сөз болады. Бұнда қандай ақындардың айтысынан үзінділер келтірілген?

- A) Жамбыл, Шашубай, Нұрпейіс
- B) Шөже, Кемпірбай, Сүйімбай
- C) Омарқұл, Тәбия, Қожамбет
- D) Әсет, Ырысжан, Жанак
- E) Түбек, Тоғжан, Күнбала

4-нұсқа

1. Ахмет Байтұрсынов шешендік сөзді қалай атаған?

- A) шешен сөз
- B) көсем сөз
- C) әуезе сөз
- D) өсиет сөз
- E) жарлай арнау

2. А. Байтұрсынов шешен сөзді қандай 5 түрге бөлген?

- A) саясат шен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білімір шешен сөзі, уағыз
- B) мадақ сөз, сот сөзі, өнеге сөз, өсиет сөз, нақыл сөз
- C) билер сөзі, шешен сөзі, абыз-әулие сөзі, көсем сөзі, төре сөзі
- D) шалдыра айтқан сөз, нандыра айтқан сөз, алдыра айтқан сөзі, уағыз сөз, насихат сөз
- E) толғау сөз, арнау сөз, жарлау сөз, сұрау сөз, құрау сөз

3. «Жазу-сызу жоқ жұртта көсе сөзді шығармалар болмайды. Себебі жазу-сызу жоқ жұртта өнер-ғылым болмайды. Ғылым дегеніміз дүниені, яғни табиғатты дұрыс тану» қай ғалымның пікірінен үзінді берілген?

- A) А. Байтұрсынов
- B) С. Мұқанов
- C) С. Сейфуллин
- D) З. Қабдолов
- E) С. Қирабаев

4. С. Сейфуллиннің 1932 жылы жарық көріп, қазақ әдебиеті тарихына арналған еңбегін атаңыз

- A) «Билер дәуірінің әдебиеті»
- B) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- C) «Халық ауыз әдебиеті»
- D) «Қазақ фольклористикасының тарихы»
- E) «Қазан революциясына дейінгі қазақ әдебиеті»

5. 1920-1930жылдары қазақ фольклортану ғылымында қолға алынған басты мәселені атаңыз

- A) оқулық пен хрестоматия жазу
- B) қазақ фольклорының теориясын қалыптастыру
- C) қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау
- D) фольклорды оқу-ағарту мақсатында қолдану
- E) Кеңестік дәуірдегі халық шығармашылығын зерттеу

6. Ә. Бөкейханұлы өз еңбектерін жариялағанда қай бүркеншік есімді қолданған

- A) Қыр баласы
- B) Көкбай
- C) Дала қазағы
- D) Туземец
- E) Дон

7. М. Әуезов пен Л. Соболев қазақ ертегілерін шартты түрде неше топқа бөлген?

- A) 5
- B) 4
- C) 3
- D) 2
- E) 6

8. Маркстік фольклортану ғылымының басты ерекшелігі:
A) қоғам дамуын диалектикалық-материалистік тұрғыда қарастыру

- B) басқа салалармен байланыстыра зерттеу
- C) іштей жанрларға жіктеу арқылы бір ізді жүйеге түсіру
- D) индустриямен байланыстыра зерттеу
- E) діни танымдық аспектіде қарастыру

10. 1936 жылы «Бөгенбай батыр» жырын баспадан шығарған ғалым:

- A) С. Аманжолов
- B) Қ. Шаңғытбаев
- C) І. Ахметов
- D) Қ. Жұмалиев
- E) Б. Кенжебаев

11. «Әдеби мұраның қай түрінде болсын шешендік сөздер ұзақ ойдың қорытындысы, тұжырымы болып көрінеді» деген пікір қай ғалымдікі?

- A) Ә. Мәметованың
- B) Б. Шалабаевтың
- C) Ә. Марғұланның
- D) Б. Кенжебаевтың
- E) Е. Смаилов

12. М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихы» деген еңбегінде шешендік сөздер қалай жіктелген?

- A) шешендік толғау, шешендік дау
- B) мақал мен мәтелдер
- C) жұмбақтар мен жаңылтпаштар
- D) ақыл мен нақыл сөздер
- E) тақпақ пен тұспал сөздер

13. «Мәтелдің мақалдан айырмашылығы мағынасы ашық болмай, ишарамен жеткізілетіндігінде, әрі сөйлемнің толымсыз болып келуінде» деп атап көрсеткен қай ғалым?

- A) Б. Шалабаев
- B) Ә. Марғұлан
- C) Б. Абылқасымов
- D) С. Қасқабасов
- E) А. Байтұрсынов

14. Мына пікірді қай ғалым айтқан? «Жұмбақ әрқашан болжал түрінде айтылады. Жұмбақ мереке үстінде туып, көбінесе ойын-сауық, көңіл көтеру орнында қолданылады».

- A) Ә. Марғұлан
- B) Х. Досмұхамедов
- C) Ә. Диваев
- D) Ә. Мәметова

Е) Б. Кенжебаев

15. Ә. Марғұлан жұмбақтарды жаратылыс, адам, жасанды зат, еңбек, білім жайында деп қандай жағынан беске жіктеген?

- А) тақырыптық жағынан
- В) мазмұн жағынан
- С) бейнелігі жағынан
- Д) әлеуметтік жағынан
- Е) сөз саптау жағынан

16. М. Әуезовтің Л. Соболевпен бірлесе жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласы ең алғаш қай журналда жарық көрген?

- А) «Литературный критик»
- В) «Дала уаллаяты»
- С) «Таң»
- Д) «Қазақ»
- Е) «Айқап»

17. Ә. Диваев фольклорды қай тұрғыдан жинастырған?

- А) халықтың тұрмысын, мәдениетін, мінез-құлық ерекшелігін тану үшін
- В) халық бойындағы ұлттық сезімді еліне көрсету үшін
- С) тілді дерек көз ретінде пайдалану үшін
- Д) салт-сананы ояту үшін
- Е) халықпен тіл табысу үшін

18. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ фольклортанушы ғалымдары өздерінің фольклоршылдық еңбектерін неше бағытта жүргізген?

- А) 2
- В) 3
- С) 4
- Д) 5
- Е) 6

19. «Қазақ эпосын тудырған мотивтер» атты еңбектің авторы:

- А) Ә. Марғұлан
- В) Б. Кенжебаев
- С) А. Нұрқатов

- D) М. Әуезов
- E) Қ. Шаңғытбаев

20. Ә. Бөкейханов қай жылы ақталды?

- A) 1989
- B) 1988
- C) 1987
- D) 1990
- E) 1991

21. Ә. Диваевтың «Бекет батыр», «Мырза Едіге» жырлары туралы жазған мақалы қай журналда жарияланған?

- A) «Темірқазық»
- B) «Дала уаллаяты»
- C) «Айқап»
- D) «Үміт»
- E) «Қазақ»

22. Ә. Диваев өзінің зерттеу жұмыстарында неге сүйенді?

- A) дәйекті материалдарға
- B) кітап, қолжазбаларға
- C) ауызша айтылған үлгілерге
- D) аңыз-ертегілерге
- E) жыршы-ақындардан жазып алған үлгілерге

23. Халық әдебиетінің ең көрнекті өкілдері деп Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Шал, Біржан, Ақан, Ыбырай сияқты ақын, жыршы, әншілердің есімін атай отырып, олардың шығармаларын әрі жинау, әрі жарыққа шығару жайын сөз еткен ғалым

- A) С. Мұқанов
- B) Ш. Уәлиханов
- C) М. Ж. Көпейұлы
- D) А. Байтұрсынов
- E) Б. Кенжебаев

24. «...халық әдебиетінде жоғарғылардың кім айтып, кім шығарғандығы анық емесі мәлім болмайды. Ескі білетіндерден кім ұғып жаттап айтса, сол ие болып, бірден-бірге тапсырып жүре береді. Ондай белгілі иесі болмаған сөздер жалпы халыққа

ортақ мүлік есебінде қалып отырады» Қай ғалымның пікірінен үзінді берілген?

- A) М. Әуезов
- B) Ә. Диваев
- C) Т. Сыдықов
- D) Ш. Ыбыраев
- E) Р. Бердібаев

25. М. Әуезовтің 1924жылы «Жас қайрат (Ташкент)» журналының 4санында жарияланған мақаласы қалай аталды?

- A) «Халық ауыз әдебиеті туралы»
- B) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- C) «Қобыланды батыр»
- D) «Билер дәуірінің әдебиеті»
- E) «Қазақ әдебиеті туралы хат»

26. Белгілі орыс түркітанушылары А.В.Васильев, Н.Н.Пантусов жинақтары қашан жарияланды?

- A) XX ғасырдың басында
- B) XXғасырдың IIжартысында
- C) XIX ғасырдың басында
- D) XIX ғасырдың II жартысында
- E) XX ғасырдың 90-жылдары.

27. Ә. Марғұлан жұмбақтарды жаратылыс, адам, жасанды зат, еңбек, білім жайында деп қандай жағынан беске жіктеген?

- A) тақырыптық жағынан
- B) мазмұн жағынан
- C) бейнелігі жағынан
- D) әлеуметтік жағынан
- E) сөз саптау жағынан

28. Б. Шалабаевтың пікірінше, өтірік өлеңдер қандай әдіс арқылы негізделеді?

- A) әсірелеу, шендестіру
- B) эпитет, теңеу
- C) метафора, метонимия
- D) литота, синекдоха
- E) символ, теңеу

29. «Кенесары-Наурызбай» жырындағы Наурызбай бейнесіне қай ғалым сипаттама берген?

- A) Е. Смаилов
- B) М. Ғабдуллин
- C) Мәшһүр-Жүсіп Көпеев
- D) Ә. Қоңыратбаев
- E) Ж. Молдағалиев

30. М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихы» деген кітаптың соңғы бөлімі қалай аталады?

- A) «Қазақ совет фольклоры»
- B) «Қазақ совет фольклорының тарихы»
- C) «Қазақ фольклористикасының тарихы»
- D) «Қазақ фольклорының тұтастану құбылысы»
- E) «Қазақ фольклористикасы»

5-нұсқа

1. 1950 жылдары ертегілерді зерттеу барысында ғалымдардың алдына қойылған негізгі мәселені атаңыз.

- A) жанрлық тұрғыда тіркеу;
- B) шығарманың атқаратын қызметіне;
- C) авторын анықтау немесе паспортын дұрыс беру;
- D) мәтіннің композициялық құрылымының шынайы болуы;
- E) кейіпкерлерінің ісі мен сөзі Кеңестік саясатпен бағыттас болуы.

2. Қай кезеңде фольклорды жазба әдебиетті дамыту мақсатында қолдану белең алды?

- A) Қазан төңкерісінен кейін;
- B) Қазан төңкерісіне дейін;
- C) XVII ғасырдың аяғында;
- D) XIX ғасырдың басында;
- E) XVIII ғасырдың аяғында.

3. Кеңес үкіметі тұсындағы ғалымдар фольклордың табиғатын зерттеу үшін нені қарастырады?

- A) таптық қоғамдағы мен таптық қоғамға дейінгі фольклордың өмір сүру ерекшелігі;
- B) фольклордағы тап тартысы;

- С) фольклор үлгілерін әдебиеттің «төменгі» нұсқасы деп қарастырды;
D) фольклор халық «поэзиясының» «жоғары» үлгісі;
Е) фольклор ескінің қалдығы, Кеңес үкіменті жасайтын «жаңа» әдебиетке еш қатысы жоқ;

4. Кеңес үкіметі кезінде не жартылай, не толық жойылған фольклорлық үлгілерді атаңыз.

- A) дінмен байланысты тақырыптарды қамтитын үлгілер;
B) ұқсас жанрлық үлгілер;
C) эпос жанры;
D) ертегілер, аңыз-эпсаналар;
Е) тұрмыстық жырлар;

5. М. Әуезовтың Л. Соболевпен бірігіп жазған қазақ фольклорының мәселелеріне арналған мақаласын атаңыз.

- A) «Эпос и фольклор казахского народа»;
B) «Қобыланды батыр»;
C) «Сказание об Едиге и Токтамысе»;
D) «Казахский эпос и дореволюционный фольклор»;
Е) «Образцы киргизской народной словесности»;

6. Фольклортану ғылымында алғаш айтысты жеке жанр ретінде қарастырған қай зерттеуші?

- A) А. Байтұрсынұлы
B) X. Досмұхамедұлы
C) М. Ауезов
D) Ә. Бөкейханұлы
Е) С. Сейфуллин

7. Фольклортанушы А.Байтұрсынұлының қай еңбегінде фольклордың ішкі жанрлық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық - идеялық ерекшеліктері орын алған?

- A) «Әдебиет танытқыш»
B) «Әдебиет»
C) «23 жоктау»
D) «Ер Сайын»
Е) «Оқу құрал»

8. Ә. Диваев жинаған фольклор үлгілерін «Тарту» деген атпен құрастырған қазақтың ақыны (Ташкент, 1924 жыл).

- A) М. Жұмабаев
- B) М. Дулатов
- C) А. Байтұрсынов
- D) С. Сейфуллин
- E) І. Жансүгіров

9. А. Байтұрсынұлы фольклордың қай жанрын іштей «ертегі жыр» және «тарихи жыр» деп екі топқа жіктеген?

- A) Эпосты
- B) Тұрмыс-салт жырларын
- C) Айтысты
- D) Мақал-мәтелдерді
- E) Ертегілерді

10. 20 ғасырдың бас кезінде фольклорды іштей 47 жанрға жіктеп ажыратқан қай ғалым?

- A) Х. Досмұхамедов
- B) М.Ауезов
- C) Ә. Бөкейханов
- D) А. Байтұрсынов
- E) С. Сейфуллин

16. Б. Кенжебаевтың «Қазақтың ертегілері туралы» зерттеу мақаласында көтерілген негізгі мәселе.

- A) фольклорлық үлгілерді сұрыптау, зерттеу, оларға түсінік жазу жағынан артта қалуы;
- B) фольклор үлгілерінің жарық көруінің кенже дамуы;
- C) халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен жариялау үшін жүргізілетін шаралардың бір жүйеге келмеуі;
- D) халықтық ақындар, жыршы, жыраулар поэзиясының зерттелмеуі;
- E) қазақ ертегісіндегі басқа халықтардан енген сюжеттердің зерттелмеуі;

17. 1859 жылы үндістан халқынан басқа ешбір халықтың төлтума, байырғы ертегісі жоқ деген пікірдің авторын атаңыз.

- A) Федер Бенфей;
- B) Г. Н. Потанин;
- C) Ә. Диваев;
- D) Вильгельм Батист;
- E) В. Ф. Миллер;

18. Б. Кенжебаев «Қазақтың ертегілері туралы» мақаласында қазақтың қай ертегісін грек ертегісімен типологиялық жағынан салыстырады?

- A) «Қаңбақ шал»;
- B) «Алдар көсе»;
- C) «40 өтірік»;
- D) «Тазша»;
- E) «Үш ағайынды»;

19. А. М. Горькийдің халық ауыз әдебиетінің коллективтік ерекшелігін айқын көрсеткен баяндамасы қай жылы жасалды?

- A) 1934 жылы;
- B) 1935 жылы;
- C) 1936 жылы;
- D) 1937 жылы;
- E) 1940 жылы;

20. «Сөз өнері ауыз әдебиетінен басталады» деген тұжырымды айтқан кім?

- A) А. М. Горький;
- B) А. А. Васильев;
- C) А. Е. Алекторов;
- D) П. С. Паллас;
- E) Н. С. Смирнова;

21. А. Байтұрсынұлы «ауыз әдебиетін» атқаратын қызметіне қарай қандай екі салаға бөлген?

- A) Сауықтама мен сарнама
- B) Тарихи жыр мен ертегі жыр
- C) Батырлар жыры мен ғашықтық жырлар
- D) Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар
- E) Тұрмыс-салт жырлары мен тарихи жырлар

22. Айтыс жанрына Ахмет Байтұрсынұлы қандай анықтама берген?

- A) Екі ақын арасындағы бірін-бірі сөз жүзінде андып, қапысын тауып жеңу үшін айтылатын өлеңдер
- B) Өзіндік сөздердің топтасуынан туған, күлдіргі сипаты бар өлеңдер
- C) Ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға беймірек, тұрмысқа жақынырақ әңгіме

- D) Бұрынғы өткен батырлар турасында шығарылған өлеңдер
E) Зейін ұстартуға белгілі бір нәрсені жұлып , оны ұқсас нәрселерге сипаттау,ұқсастығы бойынша табудан туындаған шығарма

23. А. Байтұрсынұлының «Сарындаманы» іштей салт сөзі, ғұрып сөзі, қалып сөзі деп бөлгенін қай ғалым әлемде қалыптасқан фольклортанушылық ғылыми жүйеге сай келмейтінін айтқан?

- A) Б. Абылқасымов
B) С. Қасқабасов
C) Қ. Жумашев
D) Ә. Марғұлан
E) М. Бөжеев

25. Ғалым А.Байтұрсынұлы жарапазан жанрына қандай анықтама берген?

- A) Ораза уақытында бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып айтатын өлең
B) Біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз
C) Қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату өлеңі
D) Өлген кісіні жоқтап сөйлеу үшін айтылатын жыр
E) Келін бетін ашуға арналған ән

26. «Мәтел дегеніміз кезінде келгенде кесегімен айтылатын белгілі – белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады», - деп мәтелге сипаттама берген ғалым.

- A) А. Байтұрсынұлы
B) М. Дулатұлы
C) М. Әуезов
D) М. Ж. Көпейұлы
E) Х. Досмұхамедұлы

27. 1924 жылы шыққан «Тарту» кітабының алғысөзін кім жазған?

- A) М. Жұмабаев
B) М. Әуезов
C) Ә. Қоңыратбаев
D) Ә. Марғұлан
E) Ә. Диваев

28. М. Жұмабаевтың «Тарту» кітабына жазған алғысөзі қалай аталады?

- A) «Әбубәкір ақсақал Диваев»
- B) «Әбубәкір Диваев»
- C) «Әбубәкір ақсақал»
- D) «Әбубәкір Диваев еңбегінің тойына»
- E) «Әбубәкір ақсақалдың тойына»

29. М. Жұмабаевтың «Тарту» кітабының алғысөзі қай кезде жазылған?

- A) 1923 ж., 30 мамыр
- B) 1923 ж., 30 сәуір
- C) 1923 ж., 30 наурыз
- D) 1932 ж., 30 сәуір
- E) 1933 ж., 30 мамыр

30. Ә. Диваевтың «Батырлар» жинағына неше жыр енген?

- A) 7
- B) 4
- C) 6
- D) 3
- E) 5

6-нұсқа

1. А. Байтұрсынұлы тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді қалай атаған?

- A) Қалып сөздер
- B) Дін салт өлеңдер
- C) Жоқтау
- D) Жұбату
- E) Жарапазан

2. Ғалым С. Сейфуллин қалып сөздерін қалай атаған?

- A) «Ескілікті дін салтынан туған өлең-жырлар»
- B) «Дінмен байланысты өлеңдер»
- C) «Діни ұғымдарға байланысты салт өлеңдер»
- D) «Емдік өлеңдер»
- E) «Діни салт өлеңдер»

3. Жын шақыруда бақсының сарнап, өлеңше ұйқастырып, түрлі сөздер айтатынын, Алладан, әулиеден, аруқтан жәрдем телейтінін, жындардың атын айтатынын қай ғалым алғашқылардың бірі болып дұрыс анықтаған?

- A) А. Байтұрсынов
- B) М. Дулатов
- C) М. Жумабаев
- D) С. Сейфуллин
- E) І. Жансүгіров

4. 1920 жылдары қазақ фольклортану ғылымында кең етек алған мәселе.

- A) социалистік мазмұнды қалыптастыруда Қазан төңкерісіне дейінгі мұраны қолдану;
- B) социалистік қоғам дамуын беруге «жаңа» форма құрастыру;
- C) халық шығармаларын сұрыптау мәселесі;
- D) қоғамның жаңа жағдайына фольклор үлгілері қажет емес;
- E) фольклор «жабайы» заманның «анайы» әдебиеті;

5. Мақалаларында қазақ фольклоры жайында мәнді пікірлер айтқан белгілі орыс фольклористері.

- A) Ю. Соколов, М. Азадовский;
- B) М. Қойгельдиев, Ә. Бөкейханов;
- C) Е. Смайылов, М. Ғабдуллин;
- D) Ә. Қоңыратбаев, Е. Смайылов;
- E) М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев;

6. Б.Кенжебаевтың қазақ ертегілерінің жанрлық ерекшелігін, сюжеттерін фольклортану тұрғысынан талдаған мақаласы

- A) «Қазақ ертегілері туралы»;
- B) «Қазақ ертегісі»;
- C) «Қазақ ертегісінің жанрлық және сюжеттік ерекшелігі»;
- D) «Қазақ фольклористикасы»;
- E) «Қазақ ертегілеріндегі кірме сюжеттер»;

7. Ә. Мәметова халық ауыз әдебиетінің қай үлгісін зерттеді?

- A) шешендік сөздер;
- B) тұрмыс-салт жырлары;
- C) аңыз, әпсаналарды;
- D) ертегілерді;

Е) эпостық жырларды;

8. 1940 жылдары, яғни соғыс жылдарында жазылған мақалалар, зерттеулер қандай тақырыпқа арналды?

- А) халықтың ерлік дәстүрін паш етуге;
- В) еңбексүйгіштікке арналған;
- С) жастар арасындағы махаббатты дәріптеуге;
- Д) тарихи тұрғылардың бейнесін ашуға;
- Е) қиял-ғажайып, жарқын өмір болады;

9. А. Байтұрсыновтың жар- жарға берген анықтамасы.

А) Жұбату үшін айтылады, оны екі жақ болып бастайды: бір жағында жігіттер, екінші жағында қыздар тұрады

В) Ораза уақытында бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып айтатын өлең

С) Өлген кісіні жоқтап сөйлеу үшін айтылатын жыр

Д) Келін бетін ашуға арналған жыр

Е) Тіс ауырған адамның тісінен құртты түсіру үшін емшілер айтылатын сөз

10. Зертеуші А. Байтұрсынұлы тісі ауырған адамның тісінен құртты түсіру үшін емшілер айтатын сөзді қалай атаған?

- А) Құрт шақыру
- В) Жын шақыру
- С) Дерт көшіру
- Д) Жұбату
- Е) Жоқтау

16. XXғасырдың 40-жылдары жазылған «Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі» атты мақаланың авторын атаңыз.

- А) Ә. М. Марғұлан;
- В) М. Әуезов;
- С) Ш. Уәлиханов;
- Д) Х. Досмұхамедұлы;
- Е) Б. Кежебаев;

17. Ә. Марғұланның пікірінше геройлық жыр шығарудың бірінші дәуірі қай кезеңнен басталады?

- А) Үйсін-Қаңлы заманынан яғни VII-XIIғғ;
- В) Түрік кезеңінен яғни VI-VIII;
- С) Сақ-ғұндар заманынан;

- D) Жыраулар заманынан яғни XIII—XVғғ;
- E) XVIIIғасырдан;

18. Үйсін-Қаңлы дәуіріне жататын геройлық жырларды атаңыз.

- A) «Ер төстік», «Хан мерген»;
- B) «Ер Сайын», «Едіге»;
- C) «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр»;
- D) «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр»;
- E) «Кер құла атты Кендебай», «Қара Көбек»;

19. Ә. Марғұлан қазақтың қай жырын бақташылық жыры деп атаған?

- A) «Ер Төстік»;
- B) «Ақ Көбек»;
- C) «Хан Бодай»;
- D) «Оғыз нама»;
- E) «Қамбар батыр»;

20. Ә. Мағұланның «О характере и исторической обусловленности казахского эпоса» атты зерттеу еңбегінде эпостық жырларды шағу дәрежесіне қарай неше топқа жіктейді?

- A) 5
- B) 4
- C) 3
- D) 6
- E) 7

21. Белгілі ғалым М. Әуезовтың 1927 жылы жарық көрген еңбегі.

- A) «Әдебиет тарихы»
- B) «Қазақ халық әдебиеті»
- C) «Әдебиет танытқыш»
- D) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- E) «Ауыз әдебиеті туралы түсінік»

22. 1941 жылы қазақ ауыз әдебиеті туралы орта мектепке арналып басылған оқу құралын құрастырған ғалымдар.

- A) Қ. Жұалиев, Ә. Марғұлан
- B) М. Бөжеев, Б. Шалабаев
- C) Б. Бисенбин, Қ. Бекхожин

- D) М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев
- E) Ә. Тұрманжанов, М. Қаратаев

23. 1928 жылы белгілі ғалым Х. Досмұхамедұлының жарық көрген еңбегі ?

- A) «Қазақ халық әдебиеті.Қысқаша очерк»
- B) «Әдебиет тарихы»
- C) «Қазақ әдебиеті»
- D) «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклористикасының тарихы»
- E) «Қазақ фольклористикасының тарихы»

24. 1941 жылы басылған «Қазақ әдебиеті» оқу құралының «Легендалар» туралы бөлімін жазған қай ғалым?

- A) Б. Бисенбин
- B) М. Бөжеев
- C) Б. Шалабаев
- D) Қ. Жұмалиев
- E) Ә. Марғұлан

25. «Ауыз әдебиеті дегеніміз- жаза-сыза білмейтін кезінде пайда болған халықтық көркем шығарма» - деп ауыз әдебиетіне анықтама берген ғалым.

- A) М. Бөжеев
- B) Б. Шалабаев
- C) Б. Бисенбин
- D) Қ. Жұмалиев
- E) Ә. Марғұлан

7-нұсқа

1. М. Бөжеев халық ауыз әдебиетін қандай екі үлкен салаға бөледі?

- A) Проза мен поэзия жанры
- B) Сауықтама мен сарнама
- C) Ертегі жыр мен тарихи жыр
- D) Салт сөзі мен ғұрып сөз
- E) Проза мен драматургия

2. 1941 жылы орта мектепке арналып басылған «Қазақ әдебиеті» оқу құралының «Ауыз әдебиеті туралы түсінік» бөлімін жазған қай ғалым?

- A) М. Бөжеев
- B) Қ. Жұмашев
- C) Ә. Марғұлан
- D) Б. Шалабаев
- E) Б. Бисенбин

3. М. Әуезов 1928 жылғы «Әдебиет тарихы» еңбегінде жоқтауға қандай анықтама береді?

- A) «Жоқтау өлеңі көпке бірдей жайылған көп қазақтың қолданған салтынан туатын шер өлеңі»
- B) «Жоқтау өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылды»
- C) «Жоқтау болса қандай да бір жеке басының немесе қоғам алдында еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады»
- D) «Жоқтау лирикалы салт жырдың бір түрі. Бұл жырдың тақырыбы бұрын, көбінесе, өлген адамға жоқтау айту болатын »
- E) «Жұбату үшін айтылатын өлең»

4. «Жазба әдебиет шықпастан әлде қайда бұрын шығып, көркемдік сананың үлкен сатысына жеткен халық творчествосы жазба әдебиетінің дамуына, ұлы-ұлы көркем шығармалардың жазылуына негіз болады», - деген пікірдің авторы кім?

- A) М. Бөжеев
- B) Қ. Жұмалиев
- C) Ә. Марғұлан
- D) Б. Шалабаев
- E) Б. Бисенбин

5. «Жоқтау қандай да бір жеке басының немесе қоғам алдында еңбегі сіңген адам қайтыс болған кезде айтылады», - деп жоқтауға анықтама берген қай ғалым?

- A) Х. Досмұхамедұлы
- B) А. Байтұрсынұлы
- C) М. Әуезов
- D) С. Сейфуллин
- E) Ә. Бөкейханұлы

6. Ә. Марғұлан жіктемесі бойынша «Қорқыт», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпостары қай топқа жатады?

- A) Оғыз-Қыпшақ заманында пайда болған эпостар;
- B) Ең көне замандағы эпостық жырлар;
- C) Тарихи дәуірдегі эпос;
- D) Жоғары феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығын және оған қарсы күресті сипаттайтын жырлар;
- E) Феодалдық қайшылыққа қарсы күреске байланысты туған эпос;

7. Ғалым М. Досмұхамедұлы: «Ертедегі адамның тәтті қиялынан туып, халық ауызында қара сөзбен айтылған, ауыз әдебиетінің бір саласы», - деп қай жанрға жалпы анықтама берген?

- A) Ертегіге
- B) Өтірік өлеңге
- C) Жұмбаққа
- D) Жаңылтпашқа
- E) Мақал – мәтелге

8. «Хан, билердің, байлардың қорлығынан, зорлығынан құтылуды арман қылған шаруалар қиянатшыл хан, би, бай, манаптарды аузына қарата білетін алғыр ақылды «Аяз би», «Тазша», «Алдаркөсе» секілді халықтың қаһармандардың образдарын жасайды», - деген пікірдің авторы кім?

- A) М. Бөжеев
- B) Б. Шалабаев
- C) Б.Бисенбин
- D) Қ. Жұмашев
- E) Ә. Марғұлан

9. «Жоқтау өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау, көбінесе белгілі адамдарға айтылады», - деп жоқтауға анықтама берген ғалым?

- A) А. Байтұрсынұлы
- B) М. Әуезов
- C) Х. Досмұхамедұлы
- D) Ә. Бөкейханұлы
- E) С. Сейфуллин

10. 1924 жыл Ташкентте Ә. Диваев жинаған фольклор үлгілерінен құрастырылған қандай оқу кітабы жарық көрді?

- A) «Тарту»
- B) «Қазақ әдебиеті тарихы »
- C) «23 жоқтау»
- D) «Батырлар»
- E) «Қазақ фольклористикасы »

11. «Жыршылар өздерінің жаттап алуына қарай, ақындық күшіне, дүние танушылығына, ой – өрісіне қарай, кей жырларға өзінше өзгерістер кіргізген»,- деп жырларға тән көп нұсқалықтың себебін дұрыс ажыратқан қай ғалым?

- A) Қ. Жұмашев
- B) М. Бөжеев
- C) Б. Шалабаев
- D) Б. Бисенбин
- E) Ә. Марғұлан

12. Лиро – эпос жанрына қандай жырлар жатады?

- A) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман Шолпан», т.б.
- B) «Орақ-Мамай», «Қарсай, қазы», «Бекет батыр», т.б.
- C) «Қобыланды», «Алпамыс», «Едіге», т.б.
- D) «Алдаркөсе», «Ер Төстік », «Аяз би», т.б.
- E) «Жар – жар», «Той бастар», т.б.

13. «Әбубәкір ақсақалдың еңбегі бір адамның өміріне татарлық,Әбубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ – қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол – жорасын жинаған», – деген пікірдің авторы кім?

- A) М. Жұмабаев
- B) М. Дулатов
- C) А. Байтұрсынов
- D) С. Сейфуллин
- E) І. Жансүгіров

14. «Қобыланды», «Алпамыс», «Едіге » жырлары қандай жанрға жатады?

- A) Эпос жанрына (батырлар жырына)
- B) Лиро-эпос жырларына
- C) Ертегі жанрына

- D) Тұрмыс салт жырларына
- E) Тарихи жырларға

15. Қай ғалым эпос жанрына батырлар жырын жатқызудың себептерін әдебиеттану талабы тұрғысынан дұрыс түсіндірген?

- A) Қ. Жұмашев
- B) М. Бөжеев
- C) Б. Шалабаев
- D) Б. Бисенбин
- E) Ә. Марғұлан

16. 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Аламан» жинағына енген үлгілер.

- A) «Қармыс батыр», «Байзоқ-Жанбоз»;
- B) «Қамбар батыр», «Ер Сайын»;
- C) «Едіге», «Ер Тарғын»;
- D) «Ер Төстік», «Қерқұла атты Кендебай»;
- E) «Құла мерген», «Шолпан мерген»;

17. 1923 жылы жарық көрген «Мың бір мақал» жинағын бастырған кім?

- A) Ахмет Баржақсыұлы;
- B) Нәзір Төрекұлов;
- C) Ахмет Байтұрсынов;
- D) Әлкей Марғұлан;
- E) Халел Досмұхамедұлы;

18. «Біздің Бөкейлікте «Тарғын қысымы» деген айлақ бар. Бұлардың жерінде «Үш Тарғын» деген жерлер бар. Бұл жерлер сырттан келген далалар» деген ойдың авторын атаңыз.

- A) Ә. Бөкейханов;
- B) Х. Досмұхамедов;
- C) С. Сейфуллин;
- D) М. Дулатов;
- E) Б. Уахатов;

19. «23 жоқтау» жинағы қай жылы жарық көрді?

- A) 1926 жылы;
- B) 1925 жылы;
- C) 1927 жылы;
- D) 1929 жылы;

Е) 1930 жылы;

20. Ә. Бөкейхановтың, Г. Н. Потаниннің қазақ фольклорын орыс тілді елдерге насихаттаушы қызметінің маңыздылығын атап көрсеткен еңбегін атаңыз.

- А) «Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе»;
- В) «Әдебиет тарихы»;
- С) «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы»;
- Д) «История казахской фольклористики»;
- Е) «Очерки историй казахской литературы»;

21. «Ертегі: құсқа қарап адам ұшуды қиял етеді, балыққа қарап жүзуді қиял етеді, алысқа қарап сөйлесуді қиял етеді, осы сықылды қиялдардан «кілеммен ұші», «су астына отау тігу», «сиқырлы тіл-сыммен алыстан сөйлесу» тәрізді ертегілер туады» деген үзінді кімнің еңбегінен алынған?

- А) С. Мұқанов;
- В) С. Қасқабасов;
- С) Е. Ысмайылов;
- Д) М. Әуезов;
- Е) А. Байтұрсынов;

22. С. Мұқанов қазақ батырлары туралы шығарылған жырларды қазақ елінің әлеуметтік өміріндегі тарихи кезеңдердің негізінде нешеге жіктейді?

- А) 4;
- В) 3;
- С) 5;
- Д) 6;
- Е) 2;

23. С.Мұқанов жіктемесі бойынша «Едіге батыр» жыры қай кезеңге жатады?

- А) Алтын Орда кезеңі;
- В) Түрік кезеңі;
- С) Оғыз-Қыпшақ кезеңі;
- Д) қалмақтармен жауласу кезеңі;
- Е) Қазақстан Ресей құрамында болған кезең;

24. Ғалым Қ. Жұмашев қай батырдың бейнесін былайша талдайды: «Батыр бұл жерде үлкен аңғалдық жасайды. Алды – артын ойламай Құртқаны шауып тастай жаздайды. Батыр кейін ғана өзінің оғаш кеткенін біліп, кешілмес күнә жасадым деп, өзін – өзі шенейді»?

- A) «Қобыланды»
- B) «Алпамыс»
- C) «Едіге »
- D) «Қожанасыр»
- E) «Жириенше»

25. Ә. Марғұлан тұжырымы бойынша тарихи дәуірдегі эпостардың қатарына төмендегі эпостардың қайсысы жатады?

- A) «Қобыланды»;
- B) «Қабанбай»;
- C) «Олжабай»;
- D) «Құламерген»;
- E) «Шолпан мерген»;

26. Қай кезден бастап фольклорды комплексті түрде зерттеу нышандары байқала бастады?

- A) XXғасырдың I жартысының соңы;
- B) XIXғасырдың басы;
- C) XIXғасырдың II жартысы;
- D) XVIIIғасырдың соңында;
- E) XXғасырдың II жартысының соңы;

27. «Ер Сайын» жырын «Ертегі жырлар» тобына жатқызған ғалым.

- A) А. Байтұрсынов;
- B) Ә. Марғұлан;
- C) Б. Кенжебаев;
- D) Е. Ысмайылов;
- E) М. Ғабдуллин;

28. А.Байтұрсынов жіктемесі бойынша қазақ эпос іштей қандай топтарға бөлінеді?

- A) ертегі жырлар, тарихи жырлар;
- B) тарихи жырлар, мифтік жырлар;
- C) ғашықтық жырлар, батырлық жырлар;

- D) Ең көне замандағы эпостық жырлар, Оғыз-Қыпшақ заманындағы пайда болған эпостар;
E) авторлық жырлар, халқтық ырлар;

29. Ғалым М. Әуезов қай шығарманы талдау арқылы шешендікті, шапшандықты, тапқырлықты адам бойындағы арамдыққа қарсы құрал етіп қолдануды мақсат еткен ?

- A) «Жиренше»
B) «Алдаркөсе»
C) «Қожанасыр»
D) «Бекет батыр»
E) «Қаншайым»

30. «Адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қам болу борышым деп білу керек», - деген пікірдің авторы кім?

- A) А. Байтұрсынұлы
B) М. Әуезов
C) Л. Соболев
D) Х. Досмұхамедұлы
E) М. Ж.Көпейұлы

Әдебиеттер

Негізгі

- 1 ХХ ғасыр басылымындағы кітаптар туралы // ПМУ Хабарлары .– 2004. – № 2. – Б. 14 –18
- 2 Фольклортану бастаулары // ПМУ Хабарлары. – 2004. – № 2. - Б. 162 – 167
- 3 ХХ ғасырдағы Ресей баспаларынан шыққан қазақ фольклоры // ПМУ Хабарлары. – 2004. – № 2. – Б. 168 – 174.
- 4 ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ фольклортану ғылымы // ПМУ Хабарлары. – 2004. – № 2. – Б. 180 – 188
- 5 ХХғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы мәселелері // Өлкетану. – 2004. № 1. – Б. 96 – 117.
- 6 « Еңбекші қазақ» газеті және фольклор // Өлкетану. – 2004. № 2. – Б. 71-78
- 7 Фольклортанудағы алғашқы қадамдар // Өлкетану. –2004 . № 4. – Б. 131 – 147
- 8 Қазақ фольклортануындағы жаңа белес // Өлкетану. –2004. № 4. – Б. 108 – 130
- 9 М. Әуезов және қазақ фольклортану мәселелері // «Мәшһүр - Жүсіп оқулары» атты респуб. ғыл. - практ. конф. матер. – Павлодар, 2004. – Б. 8 – 18.
- 10 С. Сейфуллиннің фольклортанушылық еңбегі // «Мәшһүр - Жүсіп оқулары» атты респуб. ғыл. – практ. конф. матер. – Павлодар, 2004. – Б. 18 – 29.
- 11 Фольклортану белестері // «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» атты респуб. ғыл. -практ. конф. матер. – Павлодар, 2004. – Б. 29 – 41
- 12 ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі фольклор мәселелері // Ұлт тағылымы. – 2005. № 1. – Б. 185 – 190
- 13 Фольклортанудағы игі қадамдар // Ізденіс. – 2005. № 1. – Б. 225 – 230
- 14 Фольклортанудағы алғашқы қадамдар // Ізденіс. – 2005. № 2. – Б.100 – 106
- 15 Киттары М. Я. Гора Богда и озеро Баскунчакское // Журнал Министерства внутренних дел. – 1848. 24 т. – Б. 9 – 14.
- 16 Голубев А. Н. Отрывок из путешествия в Среднюю Азию, Заилийский край // Записки РГО . – 1861. Кн. 3. – Б. 77 – 130.
- 17 Рычков Н. П. Журнал и дневные записки путешествия капитана Рычкова по разным провинциям государства Российского государства. – Спб. 1772. – С. 32 – 33, 72 – 73 ; Киргиз – кайсаки Большой, Средней, Малой Орды // Северный вестик. Ч. 9. – СПб. 1820. – С. 159, 167 – 169 ; Паллас П. С. Путешествие по разным

провинциям Российского государства. ч.1. – Спб. 1773. – С. 567, 577; Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч.1. – Спб.1799. – С. 139 т.б.

18 Губарев К. Қазақ даласы. // Современник. – 1864. № 5 – 6. – С. 364, 371 – 374.

19 Азадовский М. К. История русской фольклористики: В 2 т. – Москва : 1963.Т.2. – С.3.

20 Смирнова Н. С. О роли РГО в развитии казахской фольклористики. // Вопросы казахской филологии. – Алматы: 1964. – Б.68.

21 Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалары. – Спб. 1904. – Б.23, 52, 71, 230; Дневник поездки на Иссык-Куль. – Архив АН СССР (Ленинград): Ф.23. – п.2. л. 9.

22 Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалары. – Спб. 1904. – Б.52.

23 Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах.- Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1900.- 970 с. (ескерту: әрі соңынан жеке нөмірленіп берілген 23 беттей қосымшасы бар–Н.Ж.)

24 Васильев А. А. Образцы киргизской народной словесности.- Оренбург: 1900, 1905; Пантусов Н.Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. –Казан. –Вып. 1–7. 1900, 1901, 1902, 1904.

25 Васильев А. А. Образцы киргизской народной словесности. – Вып. II (Киргизские загадки). –Орынбор. 1900. – 60 б.

26 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. В. III. (Киргизская сказка о Кара мерген). –Казан. 1901. – 35 б.; В. IV. (Киргизская сказка об искусном воре, сделавшемся в последствии ханом. – Қазан . 1901. –30 б.; В. VI. О хороших и дурных биях, киргизская песня. –Казан. 1903. – 15 б.; В. VII. Стихотворения о хороших и дурных женщинах. – Қазан. 1904. – 16 б.

27 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. В. III. (Киргизская сказка о Кара мерген). – Қазан. 1901. – Б.1–2.

28 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. ВВ. IV. (Киргизская сказка об искусном воре, сделавшемся в последствии ханом. – Қазан . – 1901. – Б.1–2.

29 Пантусов Н. Н. Образцы киргизской народной литературы.- Қазан: Университет, 1909. – 110 б.

30 Алекторов А. Е. Киргизская хрестоматия. –Омбы. 1907. –158 б.

31 Потанин Г. Ерке, сын неба.// Средняя Азия.-1916; Греческий эпос и ординский фольклор. // Этнографическое обозрение. – 1904. – № 2. –С.65. т.б.

32 Диваев Ә. Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинский области.- Қазан: 1900. – 19 б. ; Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинский области. – 1905. –Вып. 12 ; Предание о хазрети Исмаил-ата. // Туркестанские ведомости. – 1901. – № 20, 24, 25. т.б.

33 Сейфуллин С. Шығар. –4-т. –Алматы : 1962. –Б.338–344.

34 Әуезов М. Халық әдебиеті туралы хат. // Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 т. –Алматы : Жазушы, 1984. –Б.42–45.

35 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті туралы хат. //Бес томдық шығармалар жинағы. 5т. –Алматы : Жазушы, 1988. –Б.107–108.

36 Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. –Алматы : 1960. –Б.122.

37 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда –Ташкент : 1926. – 280 б.; Досмұхамедов Х. Аламан. –Ташкент: 1926. – 188 б.; Бөкейханов Ә. Шығар. –Алматы : Қазақстан, 1994. – 384 б.; Әуезов М. Әдебиет тарихы.- Қызылорда-Ташкент, 1927. – 184 б.; Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1- кітап. – Қызылорда: 1932. – 234 б.; Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда: 1932. 1-бөлім. – 458 б.

38 Алекторов Е. А. Указатель книг, журнальных, газетных статей и заметок. – Казань: 1900. – 970 с.; Бартольд В. История турецко-монгольских народов. – Ленинград: 1928. – 30 с.; Бичурин Н.Я. Собрания сведений о народах, обитавших в средней и древние времена.- Москва-Ленинград: Т.1. 1950. – 382 с.; Мелиоранский П.М. Сказание текст рукописи Едиге (Киргизский текст рукописи, принадлежавший Ч.Ч.Валиханову). – Спб. 1905. – 67 б.; Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. – Оренбург, 1900. – 60 б.; Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940. – 646 с.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области.- Ташкент, Т.1. 1901. – 280 с.

39 Сейфуллин С. Шығар. 4-т.-Алматы : 1962. –Б.389

40 Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген. // Абай.-№ 3. 1988. – В.1–4; Қирабаев С. Ахметтің ақындығы. // Қазақ ССР ҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. –№ 1. 1991. –Б.3–10; Қазақтың тұңғыш революцияшыл- демократы. // Мұрагер. –№ 1.1992. – Б.12–19; Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп- биі. // «Қазақ әдебиеті» жинағының ішінде. – Алматы: 1993. –Б.3-8; Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов. // «Ахмет Байтұрсынов» кітабы ішінде. –Алматы : Жазушы, 1989.-Б.3-20; Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. // А.Байтұрсыновтың «Ақ жол» кітабы ішінде. – Алматы : Жалын, 1991.

–Б.3 –14; Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған. // «Әуезов және алаш» кітабы ішінде.- Алматы: Санат,1997. – Б.6–34; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі.- Алматы, 1993. – 296 б.; Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993. – 176 б. т.б.

41 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш.// Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1989.-Б.137-298.

42 Ломоносов М. В. Древняя Российская история от начала российского народа до кончины великого князя Ярослава Первого...// Полн. собр.соч. Т.6. – Москва –Ленинград : 1952. – С. 252–253.

43 Морохин В. Н. А.И.Герцен. // Хрестоматия по истории русской фольклористики.- Москва : 1973. – С. 104–110.

44 Тредиаковский В. К. Новый и краткий способ к сложению российских стихов с определениями до сего надлежащих званий. // Избр. Произв. – Изд–2. –Москва–Ленинград : 1963. – С. 383–384.

45 Қасқабасов С. А. Эпос пен ертектің сюжеттік типологиясы. // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы:Ғылым, 1981. – Б. 249–250.

46 Қасқабасов С. А. Қазақтың халық прозасы. –Алматы : 1984. – Б.94.

47 Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы : 1993. –Б.10.

48 Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы : 1991. – Б.35.; Әуезов М. Әдебиет тарихы. // Шығар. – Алматы: 1985. – Б.39-64.; Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. // Шығар. –Алматы: 1964. –Б. 92–197.; Кенжебаев Б.Салт өлеңдері. // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. –Алматы: 1–т. 1948. – Б. 41– 44 ; Сильченко М. С.Тұрмыс-салт жырлары. // Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы : 1960. – Б. 91–143.; Уақатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы : 1974. –Б.35–75; Қасқабасов С. А. Қазақ фольклорының тарихы. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 4. 1988. –Б.30 т.б.

49 Жұмалиев Қ., Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті. Орта мектепке арналған оқу құралы. I бөлім. –Алматы : 1941. – 159 б.; Жұмалиев Х. Қазақ әдебиеті. 8 класқа арналған оқу кітабы. – Алматы: 1942. – 287 б.; 1943. – 286 б. т.б.

50 Қазақ әдебиеті. Фольклор. Орта мектепке арналған оқу құралы (Құраст. Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан). I бөлім.- Алматы:Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы.1941. –159 б.

51 Әуезов М. Әдебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 6- класына арналған. –Алматы : Қазақтың мемлекеттік баспасы, 1937. – 43 б.

52 Әуезов М. Әдебиет хрестоматиясы.// Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17 т. – Алматы : Жазушы. 1985– 92–135 б.

53 Белослюдов А. Н. О киргизской поэзии // Сибирский вестник –1915. № 3–4.

54 Седельников А. П. Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура. // Россия. Полное географическое описание нашего отечества. – Спб. 1903. Т.8. – С. 199–222.

55 Бекимов М. Н. Материалы к изучению киргизского народного эпоса (предисловие Н.Ф. Катанова) // Известия Общества Археологии, Истории и Этнографии при Импер. Казанском Университете. Том. 20. В. 4–5. – Казань : 1904. –С. 220–232; Диваев Ә. О свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинский. –Қазан : 1900. –Б.29; Пантусов Н. Киргизские пословицы, записанные в Копальском уезде Семиреченской области (Вступит. Статья Н.Ф. Катанова) // Ученые записки имп. Казанск. Ун-та. –1900. Т.67. Кн. 4. – Б. 1–33.

56 Торайғыров қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан. // Айқап. – 1913. № 19, 20, 22 24.

57 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1960. Т.1, 1–кіт. – Б. 44, 45, 47.

58 Сыдықов Т. Оразаева Ф. Әбубәкір Диваев // Қазақ фольклористикасының тарихы. –Алматы : Ғылым, 1988. – Б.351.

59 Ғылыми кітапхана қоры. –№ 1162. –332, 335 (Ә.Диваевтың материалдары).

60 Ғылыми кітапхана қоры. –№ 1163. – 3–5 дәптерлер. – Б.30–33.

61 Записки Семипалатинского отдела общества изучения Казахстана. Т.1. – Семипалатинск : 1929. – Б.52.

62 Социалистік Қазақстан. –1989. 7 маусым.

63 Дулатов М. Саналы Алаш азаматына. // «Сарыарқа» газеті. – 9 наурыз. – № 33; 1918; Озғанбаев Ә. Ресей Мемлекеттік Думасындағы қазақ депутаттары. // Қазақ тарихы. № 6. – 1997. – Б. 47; Сыдықов Е. Проблемы идейной эволюции национально-освободительного движения в Казахстане. // Отан тарихы. № 2. – 1998. – Б. 47; Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы. – // Отан тарихы. № 4-5. – 1997. – Б. 4 б; Омарбекұлы С. «Алаш» шаңырағын бір көтеріскен. // Ақиқат. № 4. – 2001. –Б. 55 ; Әшкеева Н. Әлихан Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құруда ұстанған негізгі принциптері. // Ақиқат. № 3. – 2002. – Б.50–55.

64 Түрк, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі (резензия) // Қазақ.- №12.- 1933; Қалқаман-Мамыр (Шәкәрім). Сын. // Қазақ. № 121. – 1915; Қара Қыпшақ Қобыланды (Сын). // Қазақ. № 126–129, 1915 т.б.

65 Қамзабекұлы Д. Әлихан Бөкейханның әдебиетшілігі. // Таң-Шолпан. № 5. –2002. –Б. 68–79 .

66 Туземец (Бөкейханов Ә.) Женщина по киргизской былине Кобланды. // Туркестанские ведомости. – 1899. –№ 5, 15. – Б. 208–209; № 38. – Б. 228–229.; № 42. –Б. 254–255.

67 Қасқабасов С. А. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. –Алматы : Ғылым, 1988. –Б. 138.

68 Сидельников В. М. Устное поэтическое творчество казахского народа. –Алматы : Наука, 1969. –Б. 72.

69 Қойгелдиев М., Әлихан Бөкейханов // Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Қазақстан.–1994.– Б. 5-39 ; Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 2–том. – Алматы: 1999. – Б.401– 404; Волкова Т.П. Материалы к биографии Алихана Букейханова (Казахский лидер-исследователь своей родословной). // Отан тарихы. – № 1. – 1998. – Б.95–100.

70 Григорий Николаевич Потанин // Қазақ. – № 15. – 1913 ; Григорий Николаевич Потанин // «Ер Сайын» кітабы ішінде (Жыршылар айтуынан жазып алып, өңдеп өткеруші- Байтұрсынұлы Ахмет). – Мәскеу : Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. – Б.86–91.

71 (Бөкейханов Ә.) Қыр баласы. Жаңа жыл. // Қазақ. – № 53. –9 март. – 1914.

72 (Бөкейханов Ә.) Қыр баласы. Қара Қыпшақ Қобыланды. // Қазақ. –№ 126–129. – 1915.

73 Бөкейханов Ә. Ер Тарғын. (Марабай ақын жазып алған, өңдеп бастырған– Қыр баласы). – Мәскеу: Кіндік баспа, 1923. – 12 б; Қозы Көрпеш-Баян сұлу (Радловтан жазып алған– Қыр баласы). – Мәскеу: Кіндік баспа. – 1924.

74 Бөкейханов Ә. Ер Сайын. (Жыршылар айтуынан жазып алып, өңдеп өткеруші Байтұрсынұлы Ахмет). – Мәскеу: Ұлттар комиссариаты қарауындағы Күншығыс баспасы, 1923. – 96 б.; 23 жоқтау. (Жинастырған, түзеткен Байтұрсынұлы Ахмет). Алғысөзін түсіндіріп жазған – Қыр баласы». – Мәскеу: Кіндік баспа, 1926. – 156 б.

75 (Бөкейханов Ә.) Қыр баласы. Григорий Николаевич Потанин. // Қазақ (Құраст. Ү.Сүбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. –Б. 37.

76 Қара Қыпшақ Қобыланды. // Қазақ. –№ 89. 10 декабрь. – 1914 (Троицкіде басылып шыққан «Қобыланды батыр» жыры туралы хабар).

77 Айқап (Құраст. Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов). – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1995. –Б. 352.

78 (Бөкейханов Ә.) Қыр баласы. Қазақ (Құраст. Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов). –Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1998. – Б. 173.

79 Қаскабасов С. Қазақ фольклорының тұтастану құбылысы. // Жұлдыз. –1992, № 11. –Б.181–198.

80 Әуезов М. Қобыланды батыр. // Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 т. –Алматы: Жазушы, 1984. –Б.45–53.

81 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы. 1932. 234 б.; Мұқанов С. Қазақ әдебиеті (орта мектепке арналған оқу құралы және хрестоматия). Алматы. 1938. – 183 б.; 1939. – 176 б.; Орлов А.С. Казахский героический эпос. Москва. 1945; Кенжебаев Б. Қобыланды батыр туралы. // Әдебиет және искусство. –№ 12. 1940. – Б.70–72; Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы. 1938– 1942. – 175 б.; Қазақ әдебиеті (орта мектепке арналған оқу құралы). Алматы. 1941. – 159 б.; Ғабдуллин М. Қобыланды батыр. // Әдебиет және искусство – № 3. 1940. –Б.131–147.

82 Уахатов Б., Молдағалиев Ж. В.В.Радлов. // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы : Ғылым, 1988. –Б.203–223.

83 Қаскабасов С., Сикымбаева С. Г.Н.Потанин. // Қазақ фольклористикасының тарихы. –Алматы : Ғылым, 1988. –Б.224–271.

84 Садықов Т., Сүбханбердина Ү. Әбубәкір Диваев.// Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы : Ғылым, 1988. –Б.317–352.

85 Әуезов М., Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17 т.- Алматы:Жазушы. 1985. –Б.156–205.

86 Қазақ фольклористикасының тарихы..-Алматы: Ғылым, 1988.- 432 б.

87 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы : 1966. –Б.41–42.

88 Зуева Т. В. Кирдан Б. П. Русский фольклор. –Москва: Наука, 2002. –Б.15.

89 Горький А. М. О советской литературе. Речь на I Всесоюзном съезде Советских писателей. // Правда.-1934. –19 авг.; Заключительная речь на I Всесоюзном съезде писателей. // Правда. – 1934. 25 авг. т.с.с.

90 Русский фольклор. Библиографический указатель. 1917–1944 гг.(Сост. М. Я. Мельц. Под ред. А. М. Астаховой и С. П. Луппова).-Ленинград:Изд. АН СССР. – 1966. –Б.41.; Қазақ ауыз әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (Құраст. Б. Қанарбаева, Г. Жамансарина). –Алматы : Ғылым, 1988. –Б.28–65.

91 Азадовский М. К. Новый фольклор. // Советский фольклор. – 1937. Кн. 6. – С.57–62.; Соколов Ю. М. Русский фольклор. –Москва: Учпедиз, 1941. – С.9, 14.

92 Соколов Ю. М. Русский фольклор. –Москва: Учпедиз, 1938 ; Аникин В.П. О специфических особенностях народного творчества. // Советская этнография. –№ 4. –1953. т.б.

93 Чичеров В. И. Традиция и авторское начало в фольклоре. // Советская этнография. –№ 2. – 1946. т.б.

94 Акимова Т. М. Семинарии по народному поэтическому творчеству. – Саратов: Изд. Саратовского госуниверситета, 1959. – С.265.

95 Әуезов М., Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа.// Литературный критик. –№ 1. – 1940 ; Марғұлан Ә. Эпос жырын туғызудағы тарихи мұралар. // Халық мұғалімі. –1940. – № 4; О характере и исторической обусловленности казахского эпоса. // Известия Казфилиала АН СССР. Серия историческая. Вып. 2. 1946; Кенжебаев Б. «Қобыланды батыр» туралы. – // Әдебиет және искусство. –1940. – № 12; Орлов А.С. Казахский героический эпос. – Москва, 1945.

96 Айтыс. Т. I. – Алматы: 1942.– 248 б. (Сөзбасын жазған С.Мұқанов).

97 Ысмайылов Е. Қазақ ертегілері. // Әдебиет майданы. – 1939. – № 1; Кенжебаев Б. Қазақ ертегілері туралы. // Әдебиет және искусство. – 1940. –№ 1.

98 Брусиловский Е. Заметки о казахской народной музыке. // Литературный Казахстан. –1939. – № 1; Ысмайылов Е. Аманкелді халық әдебиетінде. // Социалистік Қазақстан. –1939. – № 112; Шалабаев Б. Еңбек өлеңдері. // Халық мұғалімі– 1941. –№ 5.

99 Қазақ совет фольклоры. –Алматы: 1935. – 175 б.; Ысмайылов Е. Қазіргі қазақ ақындарының творчестволық міндеті.// Әдебиет және искусство. –1940. – № 2.

100 Смирнова Н.С. Песни Абая.// Известия Казфилиала Ан СССР. Серия языка и литературы.-1946.- №2; Сильченко М. Абай и басни Крылова (то же издание); Нурушев С. Казахские фольклорные басни. Творческое наследие Крылова.- Алма-Ата. -1951.

101 Ауэзов М. Джамбул и народные акыны. // Литературный Казахстан. –1938. – № 6; Ысмайылов Е. Жамбыл (кіріспе мақала). Жамбыл Жабаев шығармаларының жинағы. –Алматы : 1946 ; Бегалин С., Тажибаев А., Фетисов М.И. Джамбул. –Алма-Ата: 1946. – Б. 9-20; Ритман-Фетисов М. Джамбул Жабаев. – Алма-Ата. – 1946. – 62 с.;

Смирнова Н. Сильченко М. К вопросу о Джамбуле- импровизаторе. // Вестник АН КазССР. – 1946. – № 7–8.

102 Ауезов М. И Соболев Л. Очерки истории казахской литературы.// Литература и искусство Казахстана. –1939. – № 8–9; Эпос и фольклор казахского народа. // Литературный критик. – 1939. – № 10–11; 1940. – № 1

103 Горький М. Әдебиет туралы. –Алматы : 1943. –Б.179.

104 Соколов Ю. М. Песни Джамбула. // Литературный критик. – 1938. – № 5. – С.123–137; Русский фольклор. – Москва : Учпедиз, 1938. – С. 539–550.

105 Азадовский М.К. Новый фольклор. // Советский фольклор.- Ленинград: 1939.-С.16-17.

106 Стихи и проза. –Москва : 1938. –С.242–243.

107 Советский стиль художественного перевода.// Правда. – 1940. –15 март.

108 Азадовский М. Новый фольклор. // Советский фольклор.- Ленинград: 1939. С. 16–17; Бахтин В. О некоторых проблемах фольклористики. // Советская этнография. –№ 2. –1952 ; Чичеров В.И. Проблемы изучения советского народного поэтического творчества. // Новый мир. –№ 8. – 1954. т.с.с.

109 Париков И.Г. Русский фольклор Нарыма. –Новосибирск: 1948. – 280 с.; Крупянская В.Ю., Минц С.И. Русское советское народно – поэтическое творчество. Под ред. П.Г.Богатырева. – Москва: Учпедиз, 1956. – 211 с.

110 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. –Қызылорда–Ташкент: 1926. // Таңд. ішінде. –Алматы: Жазушы, 1989. –Б. 137–304.

111 Қасқабасов С. А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // «Қазақ фольклористикасының тарихы» монографиясының ішінде. –Алматы: Ғылым, 1988. –Б.113– 115.

112 Стасов В. В. Происхождение русских блин. –Москва : 1968.

113 Азадовский М.К. История русской фольклористики. Т.2. –Москва: 1963.-С.161; Гусев В.Е. Проблемы фольклора в истории эстетики. Т.1.-1963.-С. 170.

114 Ер Сайын (құрастырушы– А.Байтұрсынұлы). –Мәскеу: Күншығыс баспасы, 1923. – 96 б.

115 Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Қызылорда: 1927. – 184 б.; Досмұхамедов Х. Қазақ халық әдебиеті. // Аламан. –Алматы: 1991. – 176 б.; // Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті.// Шығар. –А: 1964. – Б. 189-195; Кенжебаев Б. Салт өлеңдер.// «Қазақ әдебиетінің тарихы» ішінде. 1-т.-Алматы, 1948; Сильченко М.С. Тұрмыс–салт жырлары. // Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы, 1960. – Б. 91–145; Уахатов Б. Қазақтың

- халық өлеңдері.-Алматы, 1974. – 286 б.; Қасқабасов С.А. Қазақ фольклорының тарихы (жоба-проект) // Қаз. ССР. ҒА. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – № 4. – 1988; Колыбель искусства. –Алматы : Өнер, 1992. – 368 с.; Абылқасымов Б. Телқоңыр. –Алматы, 1993. – 176 б. т.б.
- 116 23 жоқтау (жинаған, түзеткен – А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов). – Мәскеу: Күншығыс баспасы, 1926. –156 б.
- 117 Ер Тарғын (түзетіп бастырған – Ә.Бөкейханов). – Мәскеу: Күншығыс баспасы, 1923. –73 б.
- 118 Мың бір мақал (жинаушы– А.Баржақсыұлы). – Мәскеу: Күншығыс баспасы, 1923. – 59 б.
- 119 Аламан (құрастырушы – Х. Досмұхамедұлы). – Ташкент:Қазақстан мемлекет баспасының Күншығыс бөлімі, 1926. – 188 б.
- 120 Батырлар жыры (Құраст. С.Мұқанов). 1 том. – Алматы:Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1939.-601 б.
- 121 Әуезов М.Әдебиет тарихы.-Қызылорда–Ташкент: 1927. – 184 б.; Досмұхамедұлы Х. Қазақ халық әдебиеті. – Ташкент. 1928.
- 122 Қазақ әдебиеті. Бірінші кітап. – Қызылорда: 1932. – 234 б.
- 123 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 124 Досмұхамедұлы Х. Тамыр дәрі хақында. // Қазақ. 1913. - №13, 8 май «Алаш» не сөз? // Қазақ. 1913. 23 май. №15; Табиғаттану. 1–бөлім. – Ташкент: 1922; Қазақ тіліндегі сингарманизм заңы. // Шолпан. 1922. №1. – Б.35-38 б; Түзетушіден. // Кенесары–Наурызбай. – Ташкент: 1923; Басқарма сөзі (Жұмбақтар). // Сана. 1923. № 1. – Б.122; Мұрат ақынның сөздері. 1-бөлім. –Ташкент, 1924. – 158 б.; Исатай–Махамбет. 1-бөлім. – Ташкент, 1925. – 162 б.; Аламан. Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер. – Ташкент, 1926. – 188 б. т.б
- 125 Әлмұханова Р. Т. Халел Досмұхамедұлы – әдебиет зерттеушісі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1998. – 22 б.
- 126 Досмұхамедұлы Халел. Аламан. (Құраст. Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 260 б.
127. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 8 том. 1985. – Б.201
- 128 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Қызылорда: 1932. – Б.41-153.
- 129 Сейфолла ұлы Сәкен. Қазақ әдебиеті. 1-ші кітап (Билер дәуірінің әдебиеті). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932. – 234 б.

130 Қазақ әдебиеті тарихы. 1 том. Фольклор (редакт. Басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор М.Әуезов). – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1948. – 439 б.

Қосымша әдебиеттер

1 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1948. – 439 б. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том // Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап (жалпы ред. Басқарған Қазақ ССР ҒА академигі М.О.Әуезов). – Алматы: Қазақ ССР ҒА, 1960. – 740 б.

2 Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 288 б.

3 Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 289 б.

4 Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.

5 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы, 1971.

6 Батырлар жыры (құраст.-Ә.Диваев). – Ташкент, 1922.

7 Батырлар жыры (құраст.- С.Сейфуллин). – Алматы, 1933.

8 Батырлар жыры (құраст. – С.Мұқанов). – Алматы, 1939.

9 Казахская народная поэзия (Из образцов, собранных и записанных А. А. Диваевым). – Алма-Ата: Наука, 1964. – 264 с.

10 Уәлиханов Ш. Ш. 5 томдық таңд. шығар., 1-т. – Алматы, 1961.

Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. – А: Наука, 1972. – 382 с.

11 Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары: I-жинақ (жинаған- С. Сейфуллин). – Қызылорда, 1931.

12 Көпеев М. Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. – Қазан, 1907. – 21 б.

13 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (құраст.-Ғ.Әнес). – Алматы: Ана тілі, 1998.

14 Абылай хан (құраст.–С.Дәуітов). – Алматы: Жазушы. – 324 б.

15 Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы, 1940.

16 Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – 970 с.

17 Соколов Ю. М. Русский фольклор. – Москва: Учпедиз, 1941. – С.34–121.

18 Азадовский М. К. История русской фольклористики в 2-х томах. – Москва: Учпедиз, 1958 (479 с.) – 1963 (363 с.).

19 Березовский И. П. Украинская советская фольклористика. – Киев; Народово думка, 1963. – 343 с.

20 Землянова Л. М. Современная американская фольклористика. – Москва: Наука, 1975. – 312 с.

- 21 Марғұлан Ә. Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі. // Шоқан Уәлиханов.-Алматы. –1985. –Б.22.
- 22 Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Т.3. Киргизское наречие. СПб.1870
- 23 Потанин Г. Н. О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов. // Дала уалаты газеті. –1894, № 29, 30-31.
- 24 Затаевич А. 1000 песен казахского народа. –Оренбург, 1925.
- 25 Төрекұлов Н. Қазақтың би-шешендері. –Алматы: Жалын, 1993.
- 26 Кирдан Б. П. Собиратели народной поэзии.–Москва: Наука.-1974.
- 27 Досмұхамедұлы Х. Кенесары-Наурызбай. –Ташкент, 1923.
- 28 Досмұхамедұлы Х. Мұрат ақын сөздері. 1–бөлім. –Ташкент, 1924.
- 29 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. 1–бөлім. –Ташкент, 1925.
- 30 Досмұхамедұлы Х. Аламан. Қазақтың ел әдебиетінен алынған сөздер. –Ташкент, 1926.
- 31 Рыбникова М. А. Русские пословицы и поговорки. –Москва, 1961.
- 32 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. Вып. 4. –Казан: Университет, 1901. – 30 с.; Материалы к изучению казак-киргизского наречия. Вып. 3.-Казан: Университет, 1903. –15 с.
- 33 Пантусов Н. Н. Образцы киргизской народной литературы. – Казан: Университет. 1909. – 109 с.
- 34 Потанин Г. Н. Живая старина. Вып. II. 1916.
- 35 Адамбаев Б. Шешендік өнер. –Алматы: Жазушы, 1969.
- 36 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы.- Алматы: Ана тілі, 1991.
- 37 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. –Алматы: Ғылым, 1982.
- 38 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.- Алматы: Жазушы, 1958.
- 39 Дүйсенбаев Ы. Т. Қазақтың лиро-эпосы. –Алматы: Ғылым, 1973.
- 40 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976.
- 41 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. –Алматы. 1958.

- 42 Қасқабасов С. А. Казахская волшебная сказка. – Алматы: Ғылым, 1972.
- 43 Қасқабасов С. А. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1985.
- 44 Қасқабасов С. А. Колыбель искусства. –Алматы: Өнер, 1993.
- 45 Қазақ фольклорының типологиясы. –Алматы: Ғылым, 1981.
- 45 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы: Ғылым, 1993.
- 46 Тұрсынов Е. Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. –Алматы, 1976.
- 47 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1979.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Отарлау мақсатындағы зерттеулер.....	17
2 Оқу-ағарту мақсаттағы еңбектер.....	25
2.1 Мақалалар.....	25
2.2 Оқулықтар мен хрестоматиялар.....	31
3 Ғылыми және ғылыми- көпшілік зерттеулер.....	55
3.1 Мақалалар мен кіріспелер, алғысөздер.....	55
3.2 Монографиялар.....	101
3.3 Ұжымдық еңбектер.....	133
Теориялық сұрақтар.....	159
Тапсырмалар.....	160
Реферат тақырыптары.....	161
Тест сауалдары.....	162
Әдебиеттер.....	204